## ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

**Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы) Балауса –Балғын бөбекжайы» КМҚК**

**Топ/сынып : Ерте жас тобы**

**Балалардың жасы : 1 жастағы балалар**

**Жоспардың құрылу кезені (апта күндерін, айды, жылды көрсету) 01.09-02.09.2022 ж.**

| Апта күндері | *Дүйсенбі* | *Сейсенбі* | *Сәрсенбі* | *Бейсенбі* | *Жұма* |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Әңгімелесу: "Балалардың балабақшаға қалыптасу ерекшеліктері", "Балалардың ең сүйікті ойыншығы мен заты", "Баланың қандай тағамға аллергиясы бар". | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | | | | "Еңбекке баулу"<br>Мақсат-міндеттері: қолдағы ойыншықтың атауын сұрап, ойын бұрышына апартқызып қойғызу. | "Еңбекке баулу"<br>Мақсат-міндеттері: табиғат бұрышындағы өсімдіктерге көңіл аудару, фикус жапырақтарының жалпақ, үлкен және жапырағының беті тегіс болуын байқату, қолмен сипату. |
| | | | | **Арба ойыншығымен ойнау. (сенсорика, көркем сөз, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері: арбалардың тұтқаларын, көлік | **Пирамиданы жинау ойыны. (сенсорика, көркем сөз, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері: балалардың жағымды көңіл күйлерінің пайда болуына мүмкіндіктер жасау, ойлау, қабылдау қабілеттерін, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | байланған арқаннан ұстап үйрету; заттың қозғалысын оның жылдамдығы мен бағытын өзгерту арқылы басқаруға үйрету.<br>Арба ойыншық:<br>Көлік, күшік, мысық -<br>Бір орында тұрмайды,<br>Жібінен тартсаң -<br>жорғалайды,<br>Дөңгелектері<br>домалайды.<br>Жіпті тартып жүрейік,<br>Көп жерлерге жетейік. | қолдың моторикасын дамыту.<br>Кім пирамиданы шашқан,<br>Сақинаны ойнап басқан,<br>Өткір тырнақтарын бүріп,<br>Домалатып, айдап қашқан? |
| **Таңертеңгі жаттығу** | Жаттығулар кешені.<br>1."Қанаттарымызды қағамыз" жаттығуы.<br>Бастапқы қалып: аяқты иық деңгейіне қоямыз. Қол белде.<br>Алға қарай еңкейеміз. Бастапқы қалыпқа келеміз. Демді ішке тартамыз.<br>Қолымызды төмен түсіреміз. Демді сыртқа шығарамыз.<br>Құстардың қанаттарының қимылына еліктей отырып, қолдарымызды жоғары және төмен сермейміз. (3 рет қайталау)<br>2."Шапалақтаймыз"<br>Бастапқы қалып: аяқты иық деңгейіне қоямыз. Қол төменде.<br>Бір дегенде қолымызды көтереміз. Екі дегенде шапалақтаймыз. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Бір. (Балалар қолдарын көтереді)<br>Екі. (Балалар шапалақтайды) (3 рет қайталау)<br>3. "Көңілді баламыз".<br>Бастапқы қалып: аяқты иық деңгейінде, қолдар белде.<br>Бір орында секіру. 8 рет.<br>Бір орында жүру, тыныс алу жаттығуы.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңғы ас** | Тамақтану рәсіміне деген қызығушылықты қалыптастыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, көркем сөз, сөйлеуді дамыту)**<br>Алақай! Алақай!<br>Барамыз дастарқанға қарай,<br>Ботқамыз дәмді, аппақ,<br>Болмаймыз сатпақ.<br>Қасықпен алайық,<br>Асықпай асайық.<br>Д. Ахметова | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балалардың жағымды көңіл-күйлерін қамтамасыз ету үшін әлдилеу әуендерін бәсеңдеу дыбыста қосып қою.<br>Ойыншықтарды өздері ұстап, қолмен сипап көруі.<br>"Сәлем!" мультфильмін көру. Мақсат-міндеттері: балалардың эмоцияларын жетілдіру; ересек пен топтастардың жанында жүріп, ортақ жағымды көңіл күйге бөленуіне мүмкіндік жасау. **(музыка, сенсорика, сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | | | | **"Балабақшаға саяхат" (сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығулар)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға балабақша туралы түсінік бере отырып, онда не | **Дене шынықтыру**<br>"Қуыршақ дене шынықтырады".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың белсенді қозғалуы үшін жағдай жасау, қимыл-қозғалыс дағдыларын жақсартуға бағытталған әрекеттерге ынталандыру; балаларды тепе- |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | істейтіндерін үйрету, сурет арқылы тілдерін, ой-өрістерін, еске сақтау қабілеттерін дамыту; ұйымдастырылған іс-әрекетке белсенділіктері мен қызығушылықтарын арттыру; үлкеннің сөзі мен іс-қимылына қызығушылық тудыру, құрметтеуге тәрбиелеу.<br>**Доппен ойын.**<br>Мақсат-міндеттер: Допты алдыға лақтыру және қағып алуды үйрету.<br>Ойын барысы: педагог балаларға допты лақтырады. Балалар допты қағып алуға тырысады. Қағып алған допты педагогке кері лақтырады. Ойын кезекпен ойналады.<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | теңдікті сақтай отырып, белгі бойынша жүруді үйрету, екі жағынан шектеу қойылған жердің үстімен жүру (екі сызықтың арасында).<br>Қимылды ойын. **«Маған қарай жүгіріңдер»**<br>**(дене шынықтыру)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | | | | **Аспанды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру)**<br>Мақсат-міндеттері: Балаларды аспанның жоғарыда шатырдай болғанын, түсін атап айта білу, аспанның таза немесе бұлтты болғанын байқау қабілеттерін бекіту; зейінін, түйсігін дамыту.<br>Тап-таза көгілдір алаң,<br>Бұл жердің шатыры аспан.<br>Аспан - күннің мекені,<br>Жұлдыздар мекені.<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды ағаштан түсіп қалған жапырақтарды жинауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттері: балаларды ересектің үлгісіне еріп, | **Желді бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру)**<br>Мақсат-міндеттері: Балаларды жапырақтардың желге жайқалғанын көріп, құбылыстың болғанын байқауға үйрету; зеректікке, байқағыштыққа тәрбиелеу.<br>Жел бізбен ойнамақ,<br>Оңға, солға жасырынбақ.<br>Жапырақтар да ойнайды,<br>Күннің көзіне жылпыңдайды.<br>Д. Ахметова<br>- Қанекей, балалар, жапырақтарға қарайықшы, жел қайда жасырынып жүр?<br>- Жел жапырақтарды тербетіп, бізбен ойнап жүр.<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ, құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттері: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу.<br>**"Қоңырауым қайда?" қимылды** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу.<br>**"Саппен жүру жаттығуы". (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері: балалардың сапта түзу бағытпен жүріп, екі аяқпен секіріп, алға жылжу қабілеттерін жетілдіру, тепе-теңдікті сақтау қабілеттерін дамыту, бұлшық еттерін шымыр ету.<br>Педагог балаларды көркем сөзбен қимылдарға ынталандырады.<br>Алдымызда ұзынша<br>Жайылып тұр жолақша.<br>Топ-топ етіп басайық,<br>Қадам басып барайық.<br>Секіреміз оп-оп!<br>Біз жүреміз топ боп.<br>Д. Ахметова | **ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсаты. Балаларды белгілі бағытта сигнал бойынша жүгіруде жаттықтыру.<br>Педагог балаларға ойынның бастамасын көрсетеді.<br>Қоңырауым қайда?<br>Сыңғырлайды сайда.<br>Кім адапсай тауып алады,<br>Қоңырырауды қолға алады.<br>Балалар жасырынған қоңырауды тауып алып, қолға алып сыңғырлайды.<br>Педагог келесіде қоңыраудың орнын ауыстырып жасырады.<br>**"Шашылған бұршақтарды (доптарды) жинайық" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері: балаларды шапшаңдыққа, дәлдікке, қоршаған кеңістікті бағдарлауға баулу, топтастармен тату ойнауға, достыққа тәрбиелеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | **"Допты қағып ал" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері: балаларды допты екі қолмен ұстауға жаттықтыру; тепе-теңдікті сақтауға, ептілікке баулу. | |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Түскі ас** | Алдына қойған асқа назар аудару; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз, сөйлеуді дамыту)**<br>- Аспазымыз не дайындапты?<br>Балалардың жауаптары.<br>Ас ішерде күнде біз<br>Сөйлемейміз күлмейміз<br>Астан басқа өзгені<br>Елемейміз, білмейміз.<br>Балалардың назарын тағамға аудару, мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс, әдеп ережесі. | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай туғызу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз, сөйлеуді дамыту)**<br>"Ұйықташы, қозым".<br>Д. Ахметова.<br>Ұйықташы, қозым,<br>Жұмылсын көзің.<br>Ұйқың тәтті болсын,<br>Денең қуатқа толсын. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары** | Ауа ванналары. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз, сөйлеуді дамыту)**<br>Алғашқы мәдени-гигиеналық әрекеттерді жасауға деген қызықтыру.<br>"Қолдарымыз қайда?<br>Шығарайық алға.<br>Жеңімізді түрейік,<br>Жуынып көрейік.<br>Су астына салайық,<br>Уқалайық, сипалайық.<br>Қандай тамаша!<br>Қолдарымыз тап-таза. | | | | |
| **Бесін ас** | Ас ішерде күнде біз<br>Сөйлемейміз күлмейміз<br>Астан басқа өзгені<br>Елемейміз, білмейміз.<br>Балалардың назарын тағамға аудару, мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс, әдеп ережесі. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз, сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | | | | **Сенсорикадан ойын-жаттығу.**<br>"Түрлі түсті шарларды домалату".<br>Мақсат-міндеттері: балалардың сенсорлық тәжірибесін байыту. 1. Балаларға бір ойыншықпен ойнауды үйрету, іс-әрекеттерді орындау, педагогтің көрсеткен қимылдарын: | **"Ойыншықты тап" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері: кеңістікті бағдарлай білуге дағдыландыру.<br>Құрал: топтағы ойыншық.<br>Ойынның мазмұны. Тәрбиеші ойыншықты тығып қойып, бір баланы тақтаға шақырады. Тәрбиеші нұсқауымен, мысалы: 1 адым алдыға оңға бұрыл, 2 адым алдыға тура жүр деп ойыншыққа дейінгі жолды айтып отырады. Бала |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | шарларды домалату, шардың домалап бара жатқанын түсіну. 2 . Қолдың ұсақ моторикасын; сөйлеуді, зейінін, логикалық ойлауын, есте сақтауын, қиялын дамыту. 3. Эмоционалдықты тәрбиелеу және ойнауға қызығушылықты арттыру. **(сенсорика, дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** **"Себеттегі шарлар".** Мақсат-міндеттері: себеттегі шарларды көру және зерттеу. **(сенсорика, дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)**<br><br>**«Керемет бөтелкелер» визуалды тренажеры.** Мақсат-міндеттері: бейімделу кезеңіндегі психо-эмоционалды | айтылған нұскаумен дұрыс жүріп отырса, тығулы тұрған ойыншықты табады. **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)**<br><br>**Күшік ойыншығымен ойнату.** Мақсат-міндеттері: балаларды ойыншықтың бейнесіне, оны жіптен тартып қозғалтуға қызығушылықтарын қалыптастыру. Педагог күшік ойыншығын ортаға отырғызады.<br>- Күшігім-ай, күшік-ай!<br>Неге жалғыз қалдың ай?<br>- Мен ешқайда кетпедім,<br>Үлкен үйді күзеттім!<br>- Қайтіп екен?<br>- Ап-ап-ап! Абайлаңдар! Ап-ап-ап!<br>Д. Ахметова<br>**(сенсорика)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | стресстен арылуға, визуалды қабылдауды және қолдың ұсақ моторикасын дамытуға ықпал ету. Балалар бөтелкені сілкілеген кезде моншақтар мен гүлдердің суда бірқалыпты қозғалатынын қуана бақылайды. **(сенсорика, дене шынықтыру)** **Музыка** Музыка жетекшісінің жоспары бойынша | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | | | | **«Балық аулау» ойыны.** Мақсат-міндеттері: қолдың ұсақ моторикасын дамыту, әртүрлі заттардың көмегімен ойыншықтарды алуды үйрету. Пластиктен жасалған ойыншық балықты сумен | **"Топ болайық" қимыл жаттығуы.** Мақсат-міндеттері: Топта және сапта жүруге бейімдеу арқылы тақпақ жаттау. - Алдымызда ұзынша, Жайылып тұр жолақша. Топ-топ басайық, Бірге жылдам барайық. Секіреміз оп-оп! Біз жүреміз топ боп. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | толтырылған мөлдір құмыраға салу. Балаға соңында магниті бар қармақты беріп (балықтарда темір құлақшалар болса), оны қалай жасағанын көрсете отырып, балықты қармақпен аулауды ұсыну. **(сөйлеуді дамыту, сенсорика, қоршаған ортамен танысу)** | Д. Ахметова **(дене шынықтыру, көркем сөз, сөйлеуді дамыту)** |
| **Кешкі ас** | Тағамның атауын есте сақтауға, тағамды ішу рәсімін жақсы ниетпен қабылдауға бейімдеу. "Кешкі асты таза ішуге, әдепті бала болуды үйренеміз". **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз, сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. **(дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | | | | **"Допты қағып ал" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттері: балаларды допты екі қолмен ұстауға жаттықтыру, тепе-теңдікті сақтауға, ептілікке баулу. | **"Шашылған бүршіктерді (доптарды) жинайық" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттері: балаларды шапшаңдыққа, дәлдікке, қоршаған кеңістікті бағдарлауға баулу, топтастармен тату ойнауға, достыққа тәрбиелеу. |
| **Серуеннен оралу** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуға, өз киімін өздігімен шешуге, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Балалардың дербес** | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау, ертегілерді есте жаңғырту, | | | | |

| | |
|---|---|
| **әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | кейіпкерлердің сөздерін кайталау. **(көркем сөз, көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)**<br>Кесілген суреттерді бір тұтаска жинау ойындары (2-4 бөлік).<br>Ұяшықтарға пішіндерді салу ойындары. **(сенсорика)**<br>Бауды байлау ойыншықтармен ойындар. **(сенсорика)**<br>Мақсаты: балалардің қолдың ұсақ моторикасын, ойлау, зейін қабілеттерін дамыту.<br>Музыкалық аспаптармен (сылдырмақтармен) ойындар: 1/2 мөлшері әуеннің ырғағына сай сылдырлатуға бейімдеу. **(музыка)**<br>**Мүсіндеу**: дөңгелек<br>Мақсат-міндеттері: ермексазбен дұрыс жұмыс істей білуге және алақан ортасымен дөңгелектеуге үйрету. **(мүсіндеу)**<br>**«Қоңырауым кайда?» қимылды ойыны. (дене шынықтыру, көркем сөз, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері: Балаларды сигнал бойынша белгілі бағытта жүгіруге жаттықтыру.<br>Педагог балаларға ойынның бастамасын көрсетеді.<br>Қоңырауым қайда?<br>Сыңғырлайды сайда.<br>Кім адапсай тауып алады,<br>Қоңырырауды қолға алады.<br>Балалар жасырынған қоңырауды тауып алып, қолға алып сыңғырлайды.<br>Педагог келесі реттерде қоңыраудың орнын ауыстырып жасырады. |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Әңгімелесу: "Балалардың балабақшаға қалыптасу ерекшеліктері", "Балалардың ең сүйікті ойыншығы мен заты", "Баланың қандай тағамға аллергиясы бар". |

Тексерілді
Әдіскер : Сабитова З.А. 01.09.24
Тәрбиешілер: Байноллаева Б.Т.
Амирбекова А.С.

**Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)**
**Топ/сынып: «Шуақ» ерте жас тобы**
**Балалардың жасы:1 жастағы балалар**
**Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету) 12.09 - 16.09.2022 ж.**

| Апта күндері | *Дүйсенбі* | *Сейсенбі* | *Сәрсенбі* | *Бейсенбі* | *Жұма* |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Әңгімелесу: "Балалардың балабақшаға қалыптасу ерекшеліктері", "1-2 жасар балалардың жас ерекшеліктері", "Ата-ананың баланы балабақшаға апару және балабақшадан алу кезіндегі әрекеттері". | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | "Ойын бұрышы" Мақсат-міндеттері. Ойын бұрыштарында тұрған ойыншықтарға көңіл аудару, мысық ойыншығын атауға ынталандыру, қолға ұстату, сипату, шығаратын дыбыстарға көңіл аудару. **(сөйлеуді дамыту, сенсорика, қоршаған ортамен танысу)** | "Жуыну әдебі" Мақсат-міндеттері. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебінің үлгісін көрсету; қолдарын сабындауға көмектесу, су ағымы астына қоюды қадағалау; қолды сүлгімен сүртуді көрсету; тазалықты сақтау қажеттілігі туралы түсіндіру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, сенсорика, қоршаған ортамен** | "Жуыну әдебі" Мақсат-міндеттері. Жуыну бөлмесінде тамшылаған суды сүртуді көрсету, тазалықты сақтау қажеттілігі туралы түсіндіру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, сенсорика, қоршаған ортамен танысу)** | "Ойын бұрышы" Мақсат-міндеттері. Ойын бұрыштарында тұрған ойыншықтарға көңіл аудару, мысық ойыншығын атауға ынталандыру, қолға ұстату, сипату, шығаратын дыбыстарға көңіл аудару. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, сенсорика)** | "Табиғат бұрышы" Мақсат-міндеттері. Табиғат бұрышындағы өсімдіктерге көңіл аудару, топырақтың құрғақ болғанына көңіл аудару, фикусті су құйғыш арқылы суаруды көрсету. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, сенсорика)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **танысу)** | | | |
| | **«Қайсы үлкен және кіші?» дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттері. Балаларға ойыншықтарды үлкенді-кішілі өлшемдері бойынша ажыратуға және топтастыруға үйрету; үлкенді-кішілі заттар туралы түсініктерін қалыптастыру. Шарты: үлкен және кішкентай ойыншықтарды екі топқа бөлу арқылы жинау. Құрал-жабдықтар: үлкенді-кішілі өлшемді ойыншықтар. **(сенсорика, сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | **Мысық ойыншығымен ойнату.** Мақсат-міндеттері. Көркем сөз арқылы мысықтың сыртқы сипаты мен қылықтары жөніндегі ұғымдарды қалыптастыру; мәнерлеп қайталауға, жағымды эмоцияларға бөленуге ынталандыру. "Біздің Мияу" (орыс тілінен аударма). Біздің мияу, Тоны қандай тамаша! таң қаласың, Талдап мұртын тараса. Көзі шақпақ, Тісі аппақ. Х. Ерғалиев, М. Әлімбаев **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен** | **Саусақ жаттығуы «Тоқ, тоқ».** Мақсат-міндеттері. Жағымды көңіл күйге ие болуына мүмкіндік жасау. Тоқ-тоқ-тоқ! (бір-бірін үш рет жұдырықпен ұру) Ия- ия- ия! (Үш рет қол шапалақтау) Мен сізге келсем бола ма? (Тағы үш соққы) Әрдайым қуаныштымын! (Біз қолымызды екі жаққа жайдық) **(сөйлеуді дамыту, сенсорика, қоршаған ортамен танысу, көркем сөз)** | **«Біз мұнараларды текшелерден жасаймыз» ойыны** Мақсат-міндеттері. Балаларды бір жерге жиналып ойнауға, текшені текшеге қоюға, «істе», «мұнара» сөздерін түсінуге үйрету. Ойыншығым құрастырғыш, Көрсетеді көмегін. Кімге көлік, кімге үй, Құрастырам керегін. **(сөйлеуді дамыту, сенсорика, қоршаған ортамен танысу)** | **«Жапырақтардың ұшуы» ойыны.** Мақсат-міндеттері. Ауаны тереңірек және ұзақ шығаруды дамыту. Жабдық: жұқа қағаз парақтар. Жұқа түсті қағаздан жапырақтарды кесіп алып, баланы «жапырақтың түсуін ұйымдастыру», алақаннан жапырақтарды үрлеуді үйрету. **(сөйлеуді дамыту, сенсорика, қоршаған ортамен танысу)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | танысу, көркем сөз) | | | | |
| Таңертеңгі жаттығу | Әр жаттығу 3-4 рет қайталанады.<br>1. Қанаттарын көрсетейік, «Мінекей!» сөзін айтайық. Жарайсыңдар, балалар! Мінекей! Екі қолымызда түзу созамыз. Жарайсыңдар!<br>2. Жаңбыр жауғанда құстардың қанаттары суланып қалды. Қане, қанатымызды құрғатайық! Қолымызды түзу созайық. Міне, осылай құрғатамыз. Жарайсыңдар! Қанатымызды қалай құрғатамыз? Тағы бір рет көрсетейік. Жарайсың, Дана!<br>3. Жел тұрды, ағаштар тербелді «ш-ш-ш».<br>- Жаттығуды менімен бірге көрсетейік. Жарайсыңдар, балалар! Жел басылды.<br>- Ой, тағы да жел тұрды «ш-ш-ш». Қолды жоғары көтереміз. Жарайсыңдар!<br>4. Құстар шаршап, ұйқыға кетті.<br>- Шалқамыздан жатамыз, қолымыз бен аяғымызды созамыз. Тыныш, құстар ұйықтайды. Олар оянып, қанаттарын қағады. Жарайсыңдар! Тыныштық орнады. Құстар ұйықтап қалды. Бәрі ұйықтап қалды, көздері жабық. Құстар оянды. Қанаттарын қағады. Жарайсыңдар!<br>5. Біз оянамыз, күнге қолымызды созамыз. Қолымызды жоғары көтереміз. Керіліп-созыламыз. Жақсы! Жарайсыңдар! Тағы да керілеміз. Міне, құстарымыз қандай тамаша! Қанат қағамыз!<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)** | | | | |
| Таңғы ас | Балалардың тамақтануға деген тұрақты қызығушылығын қалыптастыру.<br>Ас ішуге тұрайық,<br>Қолымызды жуайық.<br>Сабын, суды аямай,<br>Тазалықты ұғайық.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)** | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық | Балалардың жағымды көңіл күйлерін қалыптастыру. Ұйымдастырылған іс-әрекетінде жағымды эмоциялық ахуалда ауысу үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу.<br>Сәлем, көздер, оянындар,<br>Сәлем, құлақтар, оянындар.<br>Сәлем, қолдар, оянындар,<br>Сәлем, аяқтар, оянындар. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Қайырлы таң, достар! **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Музыка**<br>"Қанекей, билейік!"<br>Мақсат- міндететрі. Музыкаға деген қызығушылықтарын тәрбиелеу, көңілді сипаттағы музыканы түсіну және эмоцияларын шығарып қабылдау; ересек адамға еліктеп, қайталап әндету, көрсетілген қимыл қазғалыстарды қабылдау және қайталау; дауылпаз бен қоңырау музыкалық аспаптар дыбыстарын тану, төмен және биік дыбыстары жақсы көретін ойыншықтар арқылы ажырата білу.<br>**Музыкалық-дидактикалық ойын."Сылдырмақ".** | **Дене шынықтыру**<br>"Күшік"<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға жүруді сигнал бойынша бастауды, белгілі бір сигналға бойынша бағытты өзгерте отырып жүруге және жүгіруге үйрету, еңбектей білу қабілетін дамыту, шектеулі жерде жүру қабілетін шоғырландыру, педагог пен балалар арасындағы ізгілікті және сенімді қарым-қатынасты дамыту.<br>**Қимылды ойын: "Мені қуып жет!"**<br>Мақсаты: қимыл шапшандығын дамыту, сөздік нұсқау бойынша қимылдауды үйрету. Ойын барысы. Педагог орындықта отырған балаларға | **Дене шынықтыру**<br>"Дана мен Ая қуыршақтарға жаттығуды үйрету"<br>Мақсат-міндететері. Балаларды жүру және жүгіру кезінде көрсетілген бағытты ұстануға үйрету, бір-біріне кедергі келтірмей әртүрлі бағытта жүгіруге үйрету, зейінін дамыту.<br>**Қимылды ойын: "Қуыршақтарға қонаққа барамыз".**<br>Мақсат-міндеттері: белгілі затқа дейін жүгіріп баруды және кері қайтуды үйрету. Балалар орындықтарға отырады. Оларға қарама-қарсы қабырғада қуыршақ немесе басқа ойыншықтар бар. Педагогтің белгісі | **"Ғажайып қап" (сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығулар)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды табиғаттағы тіршілік иелерімен таныстырып, оларды атауды үйрету; балалардың сөздік қорын, тілдің грамматикалық құрылымын, дыбыстық мәдениетін, сөздік қорларын дамыту; ересектердің сөзін тыңдай білуге, жеңіл тапсырмаларды орындай білуге, дұрыс әрекет жасай білуге үйрету; ұйымдастырылған іс-әрекетке, бір-бірімен қатынас жасай білуге, достыққа тәрбиелеу.<br>**Дидактикалық** | Дене шынықтыру<br>"Бізде қонақта орман бағбаны"<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды жүру және жүгіру кезінде көрсетілген бағытты ұстануды үйрету, бір-біріне кедергі келтірмей әр түрлі бағытта жүгіруге үйрету, зейінін дамыту.<br>Музыкалық ойын. "Орындыққа кім бірінші отырады".<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды кеңістікте еркін (жүгіріп, жүріп, билеп) қозғалуға үйрету; кеңістікті бағдарлауға дағдыландыру, белгі бойынша орындыққа келіп отыруға машықтандыру. Балалар әнге байланысты қимыл-қозғалыстарды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Педагог:<br>- Керемет билединдер! Жарайсыңдар, балалар! Даңғырамыз көңілді ойналды. Сендер сәл шаршап қалдыңдар ғой деймін? Олай болса, балалар, кілемге отырыңдар. Қораптың ішінде тағы не бар?(қораптан сылдырмақты алып шығады)<br>- Балалар, бұл қандай аспап?<br>- Сылдырмақ!<br>- Дұрыс. Қарандаршы, балалар, сылдырмақпен қалай ойнауға болады?(педагог сылдырмақта ойнап көрсетеді, қалай ұстау керектігін түсіндіреді) Барлық балаларға бір-бірден | залдың бір жағынан барып: «Әмір, Сабина, Миша, мені қуып жет!» - деп айтады. Есімдері аталған балалар орындарынан тұрып педагогті қуалайды. Педагог біраз жүгіріп барып, балаларға өзін қуып жетуге мүмкіндік береді. Қайталап ойнаған сайын, ойыншылар саны көбейеді. Ойынның аяғында барлық балалар педагогті қуып жетеді. (**дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту**) | бойынша барлығы қуыршақтарға қарай жүгіреді, олармен сәлемдеседі. Басқа белгі берілгенде олар өз орындарына қайта жүгіреді. Ойын қайталанады. **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | **ойын. "Ғажайып қап".**<br>Мақсат-міндеттері: қаптан шығарылған ойыншыққа (суреттерге) қарап, олардың атауын атауға талпындыру. Шарты: педагог заттарды кезегімен шығарып жатады, атауын атайды. Балалар затқа қарағанда қызығушылықтары оянады, педагогтің соңынан заттың атауын атауға тырысады. **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту )**<br>**Дене шынықтыру**<br>"Бізде қонақта орман бағбаны"<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды жүру және жүгіру кезінде көрсетілген бағытты ұстануды үйрету, бір-біріне кедергі | орындайды. Педагог балалардың бір-бірін итермей жүруін қадағалайды. (дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту) |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | сылдырмақтарды таратып береді.<br>Қолымызда сылдырмақ,<br>Қоңырауы сылдырлап.<br>Сылдыр-сылдыр, сылдырмақ,<br>Сөйлейтіндей былдырлап.<br>Педагог сылдырмақта ойнау тәсілін көрсетеді. Биік көтеріп ойнауға, аяқтың тізесіне ұрып, алақандарына соғып ойнау. Қазақ халық әні "Қамажай" әуенін қосып, балаларға қарапайым би элементтерін көрсетіп билейді. **(музыка, сөйлеуді дамыту)** | | | келтірмей әр түрлі бағытта жүгіруге үйрету, зейінін дамыту.<br>**Музыкалық ойын. "Орындыққа кім бірінші отырады".**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды кеңістікте еркін (жүгіріп, жүріп, билеп) қозғалуға үйрету; кеңістікті бағдарлауға дағдыландыру, белгі бойынша орындыққа келіп отыруға машықтандыру. Балалар әнге байланысты қимыл-қозғалыстарды орындайды. Педагог балалардың бір-бірін итермей жүруін қадағалайды. **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. **(сөйлеуді дамыту, сенсорика)** | | | | | |
| **Серуен** | **Күнді бақылау.**<br>Мақсат-міндеттері. | **Аспанды бақылау.**<br>Мақсат-міндететтері. | **Жапырақтарды бақылау.** | **Қоян ойыншығын бақылау.** | **Бұлтты аспанды бақылау.** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Педагог:<br>- Керемет билединдер! Жарайсындар, балалар! Дангырамыз конілді ойналды. Сендер сәл шаршап калдындар ғой деймін? Олай болса, балалар, кілемге отырындар.<br>Қораптың ішінде тағы не бар?(кораптан сылдырмакты алып шығады)<br>- Балалар, бұл кандай аспап?<br>- Сылдырмақ!<br>- Дұрыс. Карандаршы, балалар, сылдырмақпен қалай ойнауға болады?(педагог сылдырмақта ойнап көрсетеді, калай ұстау керектігін түсіндіреді) Барлық балаларға бір-бірден | залдың бір жағынан барып: «Әмір, Сабина, Миша, мені куып жет!» - деп айтады. Есімдері аталған балалар орындарынан тұрып педагогті қуалайды. Педагог біраз жүгіріп барып, балаларға өзін куып жетуге мүмкіндік береді. Қайталап ойнаған сайын, ойыншылар саны көбейеді. Ойынның аяғында барлық балалар педагогті куып жетеді. (**дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту**) | бойынша барлығы куыршақтарға карай жүгіреді, олармен сәлемдеседі. Баска белгі берілгенде олар өз орындарына кайта жүгіреді. Ойын қайталанады. **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | **ойын. "Ғажайып қап".**<br>Мақсат-міндеттері: қаптан шығарылған ойыншыкка (суреттерге) карап, олардың атауын атауға талпындыру.<br>Шарты: педагог заттарды кезегімен шығарып жатады, атауын атайды. Балалар затка қарағанда қызығушылықтары оянады, педагогтің соңынан заттың атауын атауға тырысады. **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту )**<br>**Дене шынықтыру**<br>"Бізде қонақта орман бағбаны"<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды жүру және жүгіру кезінде көрсетілген бағытты ұстануды үйрету, бір-біріне кедергі | орындайды.<br>Педагог балалардың бір-бірін итермей жүруін қадағалайды. (дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту) |

| | | | |
|---|---|---|---|
| аспанда жаркырап,<br>барлык жерге **жарык**<br>**сыйлайтынын**<br>түсіндіру,<br>балалардың **жағымды**<br>эмоцияларға бөлену<br>кабілеттерін **дамыту**.<br>Күн **жарыкты**<br>**сыйлайды.**<br>Сәулелері көп,<br>Бір аулаға **сыймайды,**<br>Барлык жерге **тиеді**,<br>Барлығына жетеді.<br>**(сөйлеуді дамыту,**<br>**коршаған ортамен**<br>**танысу)**<br><br>**"Сары күнге ұқсап"**<br>**кимылды**<br>**жаттығуы.**<br>Максат-міндеттері.<br>Балаларды айтылған<br>сөздердің ырғағына<br>сай кимылдауға,<br>педагогтің көрсетуіне<br>еліктеуге үйрету,<br>жағымды<br>эмоцияларға бөлену<br>кабілеттерін | жоғарыда шатырдай<br>болып тұрғанын,<br>оның түсін атап айта<br>білу, аспанның таза<br>немесе бұлтты<br>болғанын байкау<br>кабілеттерін бекіту;<br>зейінін, түйсігін<br>дамыту.<br>Тап-таза көгілдір<br>алаң,<br>**Бұл жердің шатыры**<br>аспан.<br>Аспан - күннің<br>мекені,<br>Жұлдыздар мекені.<br>(коршаған ортамен<br>танысу, сөйлеуді<br>дамыту)<br><br>**"Саппен жүру**<br>**жаттығуы".**<br>Максат-міндеттері.<br>Балалардың сапта<br>түзу бағытпен жүріп,<br>екі аякпен секіріп,<br>алға жылжу<br>кабілеттерін<br>жетілдіру, тепе- | [illegible]<br>күні түрлі түсті<br>жапырақтарға назар<br>аудару. Түсіп калған<br>жапырақтарды<br>аралап шығуды<br>ұсыну, олардың аяк<br>астында сыкырлап<br>жатканын тыңдату.<br>Жапырақтарды<br>жинатып, әр баламен<br>түстерді нактылау<br>(кызыл, сары),<br>жапырақтар дың<br>көлемін аныктау<br>(үлкен, кішкентай).<br>Жапырақтардан<br>гүлшоғын жинату.<br>**«Біз күні бойы**<br>**ойнаймыз»**<br>жаттығуы.<br>Балаларды<br>жаттығуларды<br>орындай білуге<br>баулу, оларды<br>жаттығудың оң<br>тәжірибесін алуға<br>талпындыру<br>Ойыншықпенен | коян ойыншығына<br>аудару, коянның<br>ұзын кұлағы,<br>кимылдары туралы<br>алғашкы ұғымдар<br>беру, педагогтің<br>соңынан еліктеуге<br>ынталандыру,<br>жасалған жаттығудан<br>жағымды әсер ала<br>білу кабілетін<br>калыптастыру.<br>Педагог коян<br>ойыншығын<br>көрсетіп, оның<br>сырткы сипатын<br>байкатады.<br>- Балалар, біздің<br>конағымызды<br>таныдыңдар ма? Бұл<br>не?<br>- **Жарайсыңдар**, бұл<br>коян.<br>- Коянның ұзын<br>кұлактары бар.<br>Коян кұлыктарымен<br>былай кимылдайды.<br>- Барлығымыз |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қалыптастыру.<br>Сары күнге ұқ-сап (қол белде, басты оңға-солға шайқау),<br>Біз жүреміз "сап-сап" (шапалақтау).<br>Бұлт келсе қап-тап (жұдырықты кеуденің алдында айналдыру),<br>Жаңбыр жауар "там-там" (алақанды саусақпен соғу).<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру, қоршаған ортамен танысу)** | теңдікті сақтау қабілеттерін дамыту, бұлшық еттерін шымыр ету.<br>Педагог балаларды көркемсөз арқылы қимылдарға ынталандырады.<br>Алдымызда ұзынша<br>Жайылып тұр жолақша.<br>Топ-топ етіп басайық,<br>Қадам басып барайық.<br>Секіреміз оп-оп!<br>Біз жүреміз топ боп.<br>Д. Ахметова<br>**(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | денеміз,<br>Шынығамыз өсеміз.<br>Жылдан жылға бір жылға,<br>Үлкен болып өсеміз.<br>**(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, сенсорика)** | көрсетейікші.<br>Жарайсыңдар!<br>- Қарандаршы, балалар, қоян қуанып қалды. Сендерді бірге ойнауға шақырады.<br>**(қоршаған ортамен танысу, сенсорика, сөйлеуді дамыту)**<br><br>**"Бері шыға ғой, қоян!" қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға шеңбер бойымен жүріп, барлығы топтасып, "Бері шыға ғой, қоян!" сөздерін айтып, көрсетілген қимылдарға еліктеу қабілеттерін жетілдіру.<br>Педагог балалардың бірін "Қоян" атап, барлығымен бірге оны шақырады.<br>Шақырылған қоян ортаға шығып, | туралы білімдерін қалыптастыру.<br>- Күн шықты - балалар ойнады.<br>- Күн тығылды - жаңбыр жауды.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | қимылдарды жасайды (педагог үлгіні көрсете алады), балалар қайталайды.<br>Бері шыға ғой, қоян!<br>Сұр құлақтармен ойна!<br>Былай көрсет,<br>Былай көрсет,<br>Сұр құлақтармен ойна! **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, сенсорика)** | |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімді жүйелі түрде шешуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | | |
| **Түскі ас** | Алдына қойған асқа назар аудару; дастархан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай туғызу. | | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары** | Ауа ванналары.<br>Алғашқы мәдени-гигиеналық әрекеттерді жасауға қызықтыру.<br>Денемді таза ұстап,<br>Шомыламын ағынмен.<br>Тамақ ішер алдында,<br>Қол жуамын сабынмен. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | | |
| **Бесін ас** | Алдына қойған асқа назар аудару; дастаркан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. | | | | | |
| **Балалардың дербес** | **"Қайсысы үлкен,** | **«Үйрекке жол»** | **"Күн ойынына** | **Ойын-имитация.** | **"Жануарлар қалай** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **қайсысы кішкентай?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды ойыншықтардың арасынан үлкен және кішкентай ойыншықтарды (заттарды) ажыратып, екіге топтастыруға жаттықтыру; үлкен және кішкентай көлемдері туралы ұғымдарды қалыптастыру.<br>Шарты: үлкен және кішкентай ойыншықтарды екі топтамаға жинау.<br>Құралдар: көлемі үлкен және кіштентай ойыншықтар.<br>**(сенсорика, қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** | **дидактикалық ойыны**<br>Мақсат-міндеттері. Ойлауды, есте сақтауды, зейінді дамыту, текешелерден қатар тізуді үйрету.<br>Тәрбиеші кез келген ойыншықты баланың алдына қойып (үйрек), оған апаратын жолды текшелердің көмегімен салуды ұсынады (тапсырманы қиындату үшін «жолды» белгілі бір түсті алып салуды ұсынады). Мысалы, сары текшелер.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, сенсорика)** | **ұқсап" қимылды жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды педагогтің соңынан ырғақты қимылдарды жасауға жаттықтыру; жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Құралдар: күннің суреті немесе нақпішіні.<br>Күн ойынына ұқсап (қол белде, басты оңға-солға шайқау), Біз жүреміз "сап-сап" (шапалақтау).<br>Бұлттар келсе қап-тап (жұдырықты кеуде алдында өзара айналдыру),<br>Жаңбыр жаусын "там-там" (алақанды саусақпен соғу, хормен екі-үш рет "сап-сап", "там-там" дегенді қайталату).<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен** | **"Қонжық".**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды қонжықты ойыншығымен таныстыру, қонжықтың қимылдарына еліктеу қабілеттерін дамыту.<br>Шарты: педагог көрсеткен қонжықтың жүрісіне еліктеу, тақпақтың сөздерін қайталау.<br>Қонжық, қонжық,<br>Сылбырсың, ыңжық.<br>Маң-маңдап басып,<br>Келесің жылжып.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)**<br>**Музыка**<br>Музыка жетекшісінің жоспары бойынша | **дыбыстайды?" атты мультфильмін көру.**<br>Мақсат-міндеттері. Бас кейіпкерлердің шығаратын дыбыстарына еліктеуге, әннің сөздерін қайталауға қызықтыру.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | **танысу)** | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **"Ермексаз"** Мақсат-міндеттері. Ермексаздан бір бөлшегін үзіп немесе жұлып алу жаттығулары. **(мүсіндеу, сөйлеуді дамыту)** | **"Бері шыға ғой, қоян!" жаттығуы.** Мақсат-міндеттері. Қимылды ойын жаттығу арқылы дыбысты дұрыс дыбыстауды үйрету. Бері шыға ғой, қоян! Сұр құлақтармен ойна! Былай көрсет, Былай көрсет, Сұр құлақтармен ойна! **(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | **Саусақ жаттығуы «Тоқ, тоқ».** Мақсат-міндеттері. Жағымды көңіл күйге ие болуына мүмкіндік жасау. Тоқ-тоқ-тоқ! (бір-бірін үш рет жұдырықпен ұру) Ия- ия- ия! (Үш рет қол шапалақтау) Мен сізге келсем бола ма? (Тағы үш соққы) Әрдайым қуаныштымын! (Біз қолымызды екі жаққа жайдық) **(сөйлеуді дамыту, сенсорика)** | **"Ойыншықтар әлемі"** Мақсат-міндеттері. Ойыншықтар әлемі тақпағын жаттатқызу арқылы заттың сын-сипатын анықтау. Мынау ойыншық әлемі, Ойыншықтары әлемі. Таңдап алып біреуін Бөпеме алғым келеді. Сынып қалса бір жері Жөндеп бергім келеді. Жылатпаймын бөпемді Үлкенмін ғой себебі. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | **«Жапырақтардың ұшуы» ойыны.** Мақсат-міндеттері. Ауаны тереңірек және ұзақ шығаруды дамыту. Жабдық: жұқа қағаз парақтары. Жұқа түсті қағаздан жапырақтарды қиып алып, баланы «жапырақтың түсуін» алақаннан жапырақтарды үрлеу арқылы үйрету. **(қоршаған ортамен танысу, сенсорика)** |
| **Кешкі ас** | Тағамның атауын есте сақтауға, тағамды ішу рәсімін жақсы ниетпен қабылдауға бейімдеу. "Кешкі асты таза ішуге, әдепті бала болуды үйренеміз". **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Серуен** | Апта тақырыбы бойынша ойындар, ауа райын бақылаулар. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | | | | |
| **Серуеннен оралу** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуға, өз киімін өзі шешуге, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Балалардың дербес** | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, | | | | |

| | |
|---|---|
| **әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | кейіпкерлердің сөздерін қайталау.<br>Кесілген суреттерді бір тұтасқа жинау ойындары (2-4 бөлік).<br>Ұяшықтарға пішіндерді салу ойындары.<br>Бауды байлау ойыншықтармен ойындар.<br>Мақсат-міндеттері: қолдың ұсақ моторикасын, ойлау, зейін қабілеттерін дамыту.<br>Музыкалық аспаптармен (сылдырмақтармен) ойындар: 1/2 мөлшері әуеннің ырғағына сай сылдырлатуға бейімдеу.<br>**Қуыршақ ойыншығымен ойнату.**<br>Мақсат-міндеттері. Баланың қуыршақ ойыншығының сыртқы бейнесі адамның дене мүшелеріне ұқсастығына көңіл аудару; эмоциялар сферасын дамыту. **(сөйлеуді дамыту, көркем сөз, музыка, сенсорика)**<br>Қуыршақтар күлімдейді:<br>"Кел, ойнайық!" - дейді.<br>Қуыршақты тербетейік:<br>"Ұйықташы",- дейік.<br>Д. Ахметова |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Әңгімелесу. "Балалардың балабақшаға қалыптасу ерекшеліктері", "1-2 жасар балалардың жас ерекшеліктері", "Ата-ананың баланы балабақшаға апару және балабақшадан алу кезіндегі әрекеттері". |

Тексерілді

Әдіскер : Сабитова З.А. 12.09.22ж

Тәрбиешілер: Байноллаева Б.Т.

Амирбекова А.С.

**ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ**

**Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы) Балауса-Балғын» бөбекжайы»**

**Топ/сынып «Шуақ» ерте жас тобы**

**Балалардың жасы 1 жастағы балалар**

**Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету) 05.09 - 09.09.2022 ж.**

| Апта күндері | *Дүйсенбі* | *Сейсенбі* | *Сәрсенбі* | *Бейсенбі* | *Жұма* |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Әңгімелесу: «Балаларды балабақшаға бейімдеу ерекшеліктері», «Балабақшада баланы күйзелістен қалай қорғауға болады?», "Баланың үйдегі күн тәртібі мен балабақшаның күн тәртібі". | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | "Ойыншықтарды жинақтау" Мақсат-міндеттері. Ойын бұрыштарындағы ойыншықтарды сұрап, әкелту. **(сөйлеуді дамыту)** | "Ойыншықтарды жинақтау" Мақсат-міндеттері. Ойын бұрыштарындағы ойыншықтарды қолға ұстап, қимылдар жасату ("тұрады", "қимылдайды", "жиналады", "дыбыс шығарады") **(сөйлеуді дамыту)** | "Өсімдіктермен танысу, күтім жасау". Мақсат-міндеттері. Табиғат бұрышындағы өсімдіктерге көңіл аудару, аспидистра жапырақтардың жалпақ, үлкен, ұстағанда жұқа және тегіс болуын бақылау. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** | "Жуыну әдебі" Мақсат-міндеттері. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебінің үлгісін көрсету; қолдарын сабындауға көмектесу, су ағымы астына қоюды қадағалау; қолды сүлгімен сүртуді көрсету; тазалықты сақтау қажеті туралы түсіндіру. **(мәдени-гигиеналық** | "Табиғат бұрышы" Мақсат-міндеттері. Табиғат бұрышындағы өсімдіктерге көңіл аудару, фикус жапырақтарының жалпақ, үлкен, бетінің тегіс болуын бақылау. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | **дағдылар, сөйлеуді дамыту)** | |
| | **Қуыршақ ойыншығымен ойнату.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Баланың қуыршақ ойыншығының сыртқы бейнесі адамның дене мүшелеріне ұқсастығына көңіл аудартуТ; эмоциялар сферасын дамыту.<br>Қуыршақтар күлімдейді:<br>"Кел, ойнайық!" - дейді.<br>Қуыршақты тербетейік:<br>"Ұйықташы",- дейік.<br>Д. Ахметова<br>**(сенсорика, көркем сөз, сөйлеуді дамыту)** | **Саусақ жаттығуы «Ормандағы кірпі»**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Саусақ жаттығуы арқылы, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>Орманға кірпі келеді (екі саусақты үстел үстінде жүргізу)<br>Саңырауқұлақ тереді. (саңырауқұлақ терген қимылды жасайды)<br>Кездесті, міне, керегі: (бір саусағын көрсетеді)<br>Саңырауқұлақтарды себетке салады.<br>(Себетке салғандай қимыл жасау)<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **Пішін салғыш ойыншықпен ойын.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың жағымды көңіл күйлерінің пайда болуына мүмкіндіктер жасау; ойлау қабілетін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>Пішіндер шашылып қалды,<br>Үйшіктеріне қонбады.<br>Қане, барлығын жинайық,<br>Ұяларға сай салайық.<br>Д. Ахметова<br>**(сенсорика, көркем сөз, сөйлеуді дамыту)** | **Байлау ойыншығымен ойнату.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың жағымды көңіл күйлерінің пайда болуына мүмкіндіктер жасау; бауды баулауды үйрету; ойлау қабілетін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>Құралдар: байлау ойыншықтары.<br>Бауларды ұштарынан алайық,<br>Көздерге өткізіп, байлайық.<br>**(сенсорика)** | **«Моншақтарды тізу» дидактикалық ойыны**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Негізгі түстерді ажыратуға және дұрыс атауға үйрету, қолдың ұсақ моторикасын дамыту, табандылыққа тәрбиелеу.<br>Бір-бір моншақ алайық,<br>Жіпке оны тізейік.<br>Әдемі моншағымызды,<br>Анамызға сыйлайық.<br>**(сенсорика, көркем сөз, сөйлеуді дамыту)** |
| **Таңертеңгі жаттығу** | Жаттығулар кешені.<br>1."Қанаттарымызды қағамыз" жаттығуы. | | | | |

| | |
|---|---|
| | Бастапқы қалып: аяқты иық деңгейіне қоямыз. Қол белде.<br>Алға қарай еңкейеміз. Бастапқы қалыпқа келеміз. Демді ішке тартамыз.<br>Қолымызды төмен түсіреміз. Демді шығарамыз.<br>Құстардың канаттарының қимылына еліктей отырып, қолдарымызды жоғары және төмен сермейміз. (3 рет қайталау)<br>2. "Шапалақтаймыз"<br>Бастапқы қалып: аяқты иық деңгейіне қоямыз. Қол төменде.<br>Бір дегенде қолымызды көтереміз. Екі дегенде шапалақтаймыз.<br>Бір. (Балалар қолдарын көтереді)<br>Екі. (Балалар шапалақтайды) (3 рет қайталау)<br>3. "Көңілді баламыз".<br>Бастапқы қалып: аяқты иық деңгейінде, қолдар белде.<br>Бір орында секіру. 8 ретү<br>Бір орында жүру, тыныс алу жаттығуы.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)** |
| **Таңғы ас** | Тамақтану рәсіміне деген қызығушылықты қалыптастыру.<br>- Алақай! Алақай!<br>Барамыз дастарқанға қарай:<br>Ботқамыз дәмді, аппақ,<br>Болмаймыз сатпақ<br>Қасықпен алайық,<br>Асықпай асайық.<br>Д. Ахметова<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз, сөйлеуді дамыту)** |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балалардың жағымды көңіл күйлерін қалыптастыру. Ұйымдастырылған іс-әрекетінде жағымды эмоциялық ахуалға ауысу үшін бәсеңдеу дыбыста баяу ырғақты әуенжазбасын қосу.<br>Қайырлы таң, балақайлар!<br>Қайырлы таң, мөлдір қайнар! |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Күніміз бізге күлімдейді:<br>Сәлем, сәлем! - дейді.<br>Д. Ахметова<br>**(көркем сөз, сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **"Балабақшаға саяхат" (сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығулар)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға балабақша туралы түсінік бере отырып, онда не істейтіндерін үйрету; сурет арқылы тілдерін, ой-өрістерін, еске сақтау қабілеттерін дамыту; ұйымдастырылған іс-әрекетке белсенділіктері мен қызығушылықтарын арттыру; үлкеннің сөзі мен іс-қимылына қызығушылық тудыру, құрметтеуге тәрбиелеу.<br>Доппен ойын.<br>Мақсат-міндеттер: | **Дене шынықтыру**<br>"Дана қуыршақпен бірге жаттығамыз".<br>Мақсат-міндеттері. Қимыл-қозғалыс дағдыларын жетілдіруге бағытталған қимылдар мен әрекеттерге баулу; балалардың тепе-теңдікті сақтауын дамыту үшін сигнал бойынша жүру қабілетін бекіту, шектеулі жерде жүру (екі сызық арасында).<br>**(дене шынықтыру)**<br>**Қимылды ойын. "Маған қарай жүгіріңдер".**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды белгі бойынша әрекет | **Дене шынықтыру**<br>"Құстар".<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың белсенді қозғалыстары үшін жағдай жасау, олардың қимыл-қозғалыс дағдыларын жетілдіруге бағытталған жаттығуларға баулу; балалардың тепе-теңдікті сақтауын дамыту үшін белгі бойынша жүруді үйрету, екі жағынан шектеу қойылған жерде жүру (екі сызықтың арасында), қимыл ептілігін үйлестіру; жердегі іздерді өздерінің аяқтарының іздерімен салыстыра | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу**<br>"Отбасы туралы санамақ".<br>Мақсат-міндеттері. Педагог баланың көркемсөзді тұтас қабылдауының бастапқы формаларын қалыптастырады: эмоционалды жауап беру, қарапайым мазмұнды түсіне алу. Шағын өнер түрінің қарапайым элементтерін қабылдау қабілетін дамыту. Оқылған мәтінді мұқият тыңдауға баулу.<br>**Дидактикалық ойын "Кімге не керек?"** | **Дене шынықтыру**<br>"Мысық".<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға жүруді сигнал бойынша бастауға, белгілі бір сигнал бойынша бағытты өзгерте отырып жүруге және жүгіруге үйрету, еңбектеу қабілетін дамыту, шектеулі жерде жүру қабілетін шоғырландыру, педагог пен балалар арасындағы ізгілікті және сенімді қарым-қатынасты дамыту.<br>Қимылды ойын: "Мысығым".<br>Мақсат-міндеттері: балаларға мәтінге байланысты қимыл-қозғалыстарды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Допты алдыға лақтыру және қағып алуды үйрету. Ойын барысы: педагог балаларға допты лақтырады. Балалар допты қағып алуға тырысады. Қағып алған допты педагогке кері лақтырады. Ойын кезекпен ойналады. (сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру) | етуге, бүкіл топпен бір уақытта алға қарай жүгіруге жаттықтыру. Ойын барысы: балалар бір-біріне кедергі келтірмеу үшін, барлығы залдың бір жағында тұрады. Педагог залдың қарама-қарсы жағында тұрады. Педагог балаларға: «Бәрің маған қарай жүгіріңдер!» Балалар құшағын ашып тұрған педагогке қарай жүгіреді. Педагог балаларды қуана құшақтайды. Балалардың бәрі педагогтің қасына жиналғаннан кейін, ол залдың қарама-қарсы жағына барып, тағы да «Бәрің маған қарай жүгіріңдер!» белгісін береді. Ойын | отырып, жол бойымен жүруді үйрету, қимылды ойындарға қызығушылықтарын арттыру. **Қимылды ойын. «Маған қарай жүгіріңдер».** Мақсат-міндеттері. Балаларды белгі бойынша әрекет етуге, бүкіл топпен бір уақытта алға қарай жүгіруге жаттықтыру. Ойын барысы: балалар бір-біріне кедергі келтірмеу үшін, барлығы залдың бір жағында тұрады. Педагог залдың қарама-қарсы жағында тұрады. Педагог балаларға: «Бәрің маған қарай жүгіріңдер!» Балалар құшағын ашып | Мақсат-міндеттері: көрсетілген фото және бейнематериалдарға сүйеніп, отбасы мүшелерінің әрқайсына керекті затты сәйкестендіреді. Бұл ойын лото түрінде немесе ламинатталған суреттерден құралған пазл түрінде де жасалады. Отбасы мүшелері мен оларға тиесілі затты жіппен байланыстыру арқылы ойнатылуы да мүмкін. **(көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)**<br><br>**Музыка**<br>музыка жетекшісінің жоспары бойынша | жасауды үйрету.<br>Тікірейіп құлағы<br>Менен бұрын тұрады.<br>Бойын жазып, керіліп,<br>Беті-қолын жуады.<br>**(дене шынықтыру, көркемсөз)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | басталмас бұрын педагог: «Маған қарай жүгір!» белгісін бергеннен кейін ғана жүгіруге болатынын ескертеді, бір-бірін итеруге, кедергі келтіруге болмайтынын түсіндіреді. **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | тұрған педагогке қарай жүгіреді. Педагог балаларды қуана құшақтайды. Балалардың бәрі педагогтің қасына жиналғаннан кейін, ол залдың қарама-қарсы жағына барып, тағы да «Бәрің маған қарай жүгіріңдер!» белгісін береді. Ойын басталмас бұрын педагог: «Маған қарай жүгір!» белгісін бергеннен кейін ғана жүгіруге болатынын ескертеді, бір-бірін итеруге, кедергі келтіруге болмайтынын түсіндіреді. **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | | |
| **Серуенге дайындық** | Мақсат-міндеттері: шкафтан көше аяқ киімін алу дағдысын қалыптастыру, көмек сұрауды ауызша айтуды, шешінетін бөлмеде өзін сабырлы ұстауға үйрету.<br>Жазда серуендеу ережелері:<br>- серуенде басына қалпақ немесе орамал кию; | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | - күн ыстықта көлеңкеде ойнау (верандада, көлеңке астында);<br>- ешқашан күн көзіне тура қарама, өйткені бұл сенің көру қабілетін нашарлатуы мүмкін;<br>- серуенде тек жеке ыдыстан қайнатылған су ішуге болады;<br>- серуендеу кезінде жемістерді (алма және т.б.) жеуге болмайды, өйткені қолдар лас және оларда ауру тудыратын микробтар көп. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **Сұқбатхананы бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, көркем сөз)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға сұхбатхана құрылысын көрсету, бұл ойынды көлеңкеде тұрып ойнауға болатынын түсіндіру; сұхбатхананы учаскенің белгілі орны екендігі туралы тұрақты ұғымды қалыптастыру.<br>Күннің көзі түспейді,<br>Күлкі жүзден кетпейді.<br>Көлеңке орын - сұхбатхана,<br>Бұнда ойнаймыз біз | **Күнді бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды күннің аспанда орналасуын және жарқырағанын байқап, жылу мен жарықты беруі туралы айтылып жатқанда қолдарын жайып, жоғары созып, жағымды эмоцияларға бөлінуге ынтыландыру; күн туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастастыру.<br>Педагог балаларға қимылдарды көрсетіп жатады, балалар соңынан қайталайды.<br>Алтын күнге | **Құмды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, көркем сөз, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға құмның құрғақ және дымқыл күйін көрсетіп, құрғақ құмның себелеп қол арасынан түскенін, дымқыл құмның белгілі денеге айланатынын көрсету, тәжірибе жасату.<br>Дымқыл құм сазбалшықтай.<br>Қолға алмайсың қалай?<br>Қолға алса, домалатса -<br>Болады құм | **Желді бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, көркем сөз, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды, жапырақтарға қарап, желдің болғанын байқауға үйрету; байқағыштыққа, зеректікке тәрбиелеу.<br>Саябаққа күз келсе,<br>Жел дамылсыз соғады.<br>Тыным бермей ешкімге,<br>Жұлқылайды бәрінде.<br>Үзіп жатыр,<br>Жұлып жатыр<br>Барлық сары жапырақты. | **Бұлттарды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, көркем сөз, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды көк аспанда ақ бұлттарды бақылауға машықтандыру; бұлттардың ақ мамықтай болғанына, бейнелерге ұқсағанына көңіл аудару.<br>"Аспанда".<br>Бір бұлт шықты бие болып,<br>Бір бұлт шықты түйе болып,<br>Бір бұлт шықты шошқа болып, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | гана.<br>- Балалар, сұхбатханада күнде жиналатын боламыз, бұл жерде ыстықта салқын, күн суықта жылы болады, жел мен жаңбыр өтпейді. Сұхбатханамыз қандай тамаша жер!<br>**"Біз көңілді баламыз" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру, көркем сөз)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды белгілі жаттығуларға еліктей білуге машықтандыру, жаттығулардан жағымды әсер алуға ынталандыру.<br>Біз көңілді балалармыз,<br>Қатар-қатармен тұрамыз,<br>Көтереміз иықты, | ұқсайық,<br>Қолдарды, кел, созайық.<br>Қолдарымыз - шуақтар,<br>Жайылады жан-жаққа.<br>**"Сары күнге ұқсап" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды айтылған сөздердің ырғағына сай қимылдауға, педагогтің көрсетуіне еліктеуге үйрету, жағымды эмоцияларға бөлену қабілеттерін қалыптастыру.<br>- Сары күнге ұқ-сап (қол белде, басты оңға-солға шайқау),<br>Біз жүреміз "сап-сап" (шапалақтау).<br>Бұлт келсе қап-тап (жұдырықты | бауырсақтай.<br>**"Құм қапшығын кім алыс лақтырады?" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды құм салынған қапшықтарды белгіленген орыннан өзінен алға, алысырақ лақтыруды үйрету; көзбен дәлдеу қабілетін, зейінді, қол мен дене бұлшық еттерін дамыту.<br>- Кім мерген болғысы келеді? Сызылып жатқан сызықтан аспай, алға, алысырақ лақтырып көрейік.<br>Құм қапшығын алайық,<br>Алысқа лақтырайық. | Д. Ахметова<br>**"Кім тыныш?" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды бір бағытта тыныш жүру әдебіне үйрету, аяқтың табанын толық басып және аяқ ұшымен жүріп қимылдау дағдыларын қалыптастыру; сигналға сай қозғалуға ынталандыру.<br>- Балалар, ал қазір, аяқтарымызды нық басып, менің соңымнан сайға қарай жүрейік.<br>Сайға қарай адымдаймыз,<br>Түрлі дыбысты тыңдаймыз.<br>Көрейік. Бұл қай бұрыш? | Бір бұлт шықты қошқар болып.<br>Қ. Мырзалиев.<br>**"Бұлттарға ұқсап ұшайық" қимыл ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Балаларға бір бағыттан екінші көрсетліген бағытқа қарай жүгіруді үйрету.<br>- Балалар, мен желмін, сендер бұлттарсыңдар.<br>- Мен: "Қатты жел соқты!" деген кезде, сендер мен көрсеткен жерге, бұлттарға ұқсап, "ұшасыңдар".<br>**"Бұлттарға ұқсап ұшайық" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға бір бағыттан екінші көрсетілген бағытқа |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Бақылаймыз жан-жақты.<br>Жүріп-жүріп асықпай,<br>Тез өсеміз, алақай! | кеуденің алдында айналдыру),<br>Жаңбыр жауар "там-там" (алақанды саусақпен соғу). | | Тыңдайық. Тыныш ... Тыныш ...<br>- Қанекей, аяғымыздың ұшымен тыныш жүрейік ...<br>- Бұл жақта не бар екен?<br>- Тамаша!<br>Педагог белгілі объектіні тапқандарын айтады, балаларды мақтайды.<br>Жаттығу бірнеше рет өткізіледі, жүру бағыттары ауысады. | қарай жүгіруді үйрету; ой-қиялын дамыту.<br>- Балалар, мен желмін, сендер бұлттарсыңдар.<br>- Мен сендерге "Қатты жел соқты!" деген кезде, мен көрсеткен жерге бұлттарға ұқсап, "ұшасыңдар".<br>Педагог көркем сөзді қайта оқиды.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Түскі ас** | Алдына қойған асқа назар аудару; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулу.<br>- Аспазымыз не дайындапты?<br>Балалардың жауаптары.<br>Ас ішерде күнде біз<br>Сөйлемейміз, күлмейміз.<br>Астан басқа өзгені<br>Елемейміз, білмейміз.<br>Балалардың назарын тағамға аудару, мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс, әдеп ережесі.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту)** | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Күндізгі ұйқы | Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай туғызу.<br>Халық ауыз әдебиетіндегі "Әлди-әлди, ақ бөпем" бесік жырынан үзінді.<br>Әлди-әлди, ақ бөпем,<br>Ақ бесікке жат, бөпем!<br>Астыңа терлік салайын,<br>Үстіңе тоқым жабайын.<br>**(көркем сөз, көркем әдебиет)** | | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары** | Ауа ванналары.<br>Алғашқы мәдени-гигиеналық әрекеттерді жасауға қызықтыру.<br>"Қолдарымыз қайда?<br>Шығарайық алға.<br>Жеңімізді түрейік,<br>Жуынып көрейік.<br>Су астына салайық,<br>Уқалайық, сипалайық.<br>Қандай тамаша!<br>Қолдарымыз тап-таза. **(көркем сөз, дербес әрекет)** | | | | | |
| **Бесін ас** | Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері.<br>Ас ішерде күнде біз<br>Сөйлемейміз, күлмейміз.<br>Астан басқа өзгені<br>Елемейміз, білмейміз.<br>Балалардың назарын тағамға аудару, мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс, әдеп ережесі.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, көркем сөз)** | | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, | **"Отбасы" (Қоршаған ортамен таныстырудың** | **«Ұяшықтарға ұсақ заттарды орналастыру»** | **"Отбасыда" ритмикалық жаттығуы.** | **"Жіптерді түстеріне сай ыдыстарға жина"** | **"Саусақтар" атты мультфильмін көру.** Мақсат-міндеттері. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **ойын-жаттығулары)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларда отбасы және отбасы мүшелері туралы түсінік қалыптастыру. Есте сақтауды, сөйлеуді, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>Отбасындағы жағымды қарым-қатынасты, өзара көмекке, барлық отбасы мүшелеріне деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.<br>Саусақ ойыны «Отбасы».<br>Бір үйде біз нешеуміз?<br>Кел, санайық екеуіміз.<br>Бас бармағым – Атам! | **дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Қолдың ұсақ моторикасын дамыту, әртүрлі ойыншықтар мен заттарды басқаруды үйрету.<br>Ойынға мүзды қалып немесе палитра алуға қолдануға болады. Балалар өздерінің ұяшықтарына ұсақ малтатастарды, түймелерді немесе кез келген басқа заттарды қояды (ойынға біркелкі затты алу керек, яғни тек түймелер немесе тек малтатастар).<br>**(сенсорика, сөйлеуді дамыту)** | Мақсат-міндеттері. Балаларды көркем сөздің ырғағына қимылдарды қайталап, орындауға жаттықтыру; отабсы мүшелері жөнінде ұғымдар қалыптастыру.<br>- Отбасымда атам бар, топ-топ-топ, аяқ басар (сап түзеп бір орында тұру).<br>Отбасымда әжем бар, ол тәп-тәтті нан жабар (алақандарды кеуде алдында ішке қарай айналдыру).<br>Отбасымда әкем бар, тоқ-тоқ-тоқ кілем қағар (жұдырықпен кеудені соққылау)<br>Отбасымда анам бар, тап-таза қылып еденді жуар (алдыға еңкею).<br>Отбасымда мен де бармын, тәртіпті бала | **дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың түстерді қабылдау және ажырату сенсорлық қабілеттерін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту, жасалған жаттығудан жағымды әсер алуға ынталандыру.<br>Құралдар: түрлі түсті жіптер орамдары; жіптердің әр түсі үштен кем емес болуы керек.<br>Шарты: жіптерді бірыңғай түстер бойынша төрт себетке топтастыру.<br>Көктем мерекесі – Аналар мерекесі.<br>Әже, әпке, қыздарға Сыйлыққа не дайын?<br>**(сенсорика, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)**<br>**Музыка** | Балаларды мультфильмді көріп, саусақтармен белгілі тәртіпте қимылдауға, әннің сөздерін қайталауға қызықтыру.<br><br>**"Шарлар дөңгелекте"**<br>Мақсат-міндеттері. Алақанның ортасымен ермексазды домалақтау. Түрлі түсті шарлар жасау.<br>**(мүсіндеу)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Балаң үйрек – Әжем!<br>Ортаң терек – Әкем!<br>Шылдыр шүмек – Шешем!<br>Титтей бөбек – Мен!<br>Бір үйде біз нешеуміз?<br>Бір үйде біз бесеуміз!<br>Балалар сергіту сәтін педагогпен бірге орындайды.<br>**(қоршаған ортамен танысу, көркемсөз, сөйлеуді дамыту)** | | боламын (алақандарды кеудеге қойып, оң-солға еңкею). **(дене шынықтыру, көркем сөз)** | Музыка жетекшісінің жоспары бойынша | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Қуыршақ ойыншығымен ойнату.**<br>Мақсат-міндеттері. Қуыршақ ойыншығымен дұрыс ойнау алу керектігін үйрету.<br>Ойыншығым қуыршақ,<br>Не берсем де жемейді.<br>Еркелігі соншама,<br>Көтермесем | **Саусақ жаттығуы «Саңырауқұлақ»**<br>Мақсат-міндеттері. Саусақ жаттығу арқылы қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>Орманға кірпі келеді (екі саусақты үстел үстінде жүргізу)<br>Саңырауқұлақ тереді. (саңырауқұлақ терген қимылды жасайды)<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **Пішін салғыш ойыншықпен ойын.**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың жағымды көңіл күйлерінің пайда болуына мүмкіндіктер жасау; ойлау қабілетін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>Пішіндер шашылып қалды, | **"Топ болайық" қимыл жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттері. Топта және сапта жүруге бейімдеу арқылы тақпақ жаттау.<br>Алдымызда ұзынша,<br>Жайылып тұр жолақша.<br>Топ-топ басайық,<br>Бірге жылдам барайық.<br>Секіреміз оп-оп! | **"Сары күнге ұқсап" қимыл жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттері. Қимыл жаттығуын орындау арқылы дыбыстарды дұрыс дыбыстауға және есте сақтау қабілетін дамыту.<br>Сары күнге ұқ-сап,<br>Біз жүреміз "сап-сап".<br>Бұлт келсе қап-тап,<br>Жаңбыр жауар "там- |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жүрмейді.<br>**(көркем сөз)** | | Үйшіктеріне қонбады.<br>Қане, барлығын жинайық,<br>Ұяларға сай салайық.<br>Д. Ахметова<br>**(сенсорика)** | Біз жүреміз топ боп.<br>Д. Ахметова<br>**(дене шынықтыру, көркем сөз)** | там". **(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру, көркем сөз)** |
| **Кешкі ас** | Тағамның атауын есте сақтауға, тағамды ішу рәсімін жақсы ниетпен қабылдауға бейімдеу. "Кешкі асты таза ішуге, әдепті бала болуды үйренеміз". **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Серуенге дайындық** | Мақсат-міндеттері: киімдерін танып, көрсетуге бейімдеу, түймелерді түймелеу дағдысын қалыптастыру.<br>Шұлықты дұрыс киюге үйрету, шұлықты аяқтың басынан бастап киюге дағдыландыру.<br>Көмек сұрауды сыпайы түрде білдіруге үйрету. **(дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **"Біз көңілді баламыз" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды белгілі жаттығуларға еліктей білуге машықтандыру, жаттығулардан жағымды әсер алуға ынталандыру.<br>Біз көңілді балалармыз,<br>Қатар-қатармен тұрамыз, | **"Сары күнге ұқсап" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды айтылған сөздердің ырғағына сай қимылдауға, педагогтің көрсетуіне еліктеуге үйрету, жағымды эмоцияларға бөлену қабілеттерін қалыптастыру.<br>- Сары күнге ұқ-сап (қол белде, басты | **Құмды бақылауды "Құм қапшығын кім алыс лақтырады?" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды құм салынған қапшықтарды белгіленген орыннан өзінен алға, алысырақ лақтыруды үйрету; көзбен дәлдеу қабілетін, | **"Кім тыныш?" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды бір бағытта тыныш жүру әдебіне үйрету, аяқтың табанын толық басып және аяқ ұшымен жүріп қимылдау дағдыларын қалыптастыру; сигналға сай қозғалуға ынталандыру. | **"Бұлттарға ұқсап ұшайық" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға бір бағыттан екінші көрсетілген бағытқа қарай жүгіруді үйрету; ой-қиялын дамыту.<br>- Балалар, мен желмін, сендер бұлттарсыңдар.<br>- Мен сендерге "Қатты жел соқты!" |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Көтереміз иықты,<br>Бақылаймыз жан-жақты.<br>Жүріп-жүріп асықпай,<br>Тез өсеміз, алақай! | оңға-солға шайқау),<br>Біз жүреміз "сап-сап" (шапалақтау).<br>Бұлт келсе қап-тап (жұдырықты кеуденің алдында айналдыру),<br>Жаңбыр жауар "там-там" (алақанды саусақпен соғу). | зейінді, қол мен дене бұлшық еттерін дамыту.<br>- Кім мерген болғысы келеді? Сызылып жатқан сызықтан аспай, алға, алысырақ лақтырып көрейік.<br>Құм қапшығын алайық,<br>Алысқа лақтырайық. | - Балалар, ал қазір, аяқтарымызды нық басып, менің соңымнан сайға қарай жүрейік.<br>Сайға қарай адымдаймыз,<br>Түрлі дыбысты тыңдаймыз.<br>Көрейік. Бұл қай бұрыш?<br>Тыңдайық. Тыныш ... Тыныш ...<br>- Қанекей, аяғымыздың ұшымен тыныш жүрейік ...<br>- Бұл жақта не бар екен?<br>- Тамаша!<br>Педагог белгілі объектіні тапқандарын айтады, балаларды мақтайды. Жаттығу бірнеше рет өткізіледі, жүру бағыттары ауысады. | деген кезде, мен көрсеткен жерге бұлттарға ұқсап, "ұшасыңдар".<br>Педагог көркем сөзді қайта оқиды.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** |
| **Серуеннен оралу** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуға, өз киімін өздігімен шешуге, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. **(дербес әрекет)** | | | | |

| | |
|---|---|
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)**<br>Кесілген суреттерді бір тұтасқа жинау ойындары (2-4 бөлік). **(сенсорика)**<br>Ұяшықтарға пішіндерді салу ойындары. **(сенсорика)**<br>Бауды байлау, ойыншықтармен ойындар. **(сенсорика)**<br>Мақсат-міндеттері: қолдың ұсақ моторикасын, ойлау, зейін қабілеттерін дамыту.<br>Музыкалық аспаптармен (сылдырмақтармен) ойындар: 1/2 мөлшері әуеннің ырғағына сай сылдырлатуға бейімдеу. Күзге байланысты ән жаттату. **(музыка)**<br>**«Көбелек» ойыны**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға жүгіруге, зейін қойып тыңдауға және сигнал бойынша әрекеттерді орындауға жаттықтыру.<br>Құрал-жабдықтар: ашық түсті 2-3 қағаз көбелектер (ұзындығы 50 см жіпті әр көбелекке байлап, сымға бір-бірінен 30 см қашықтықта бекітеді. Сымды көбелектер бір деңгейде ілулі болатындай етіп екі бағанның арасына тартады).<br>Бала орындыққа отырады, ал тәрбиеші: «Қарандаршы, көбелектер қандай әдемі: қызыл, сары, көк. Олардың саны өте көп. Олар тірі! Біздің көбелектеріміз қалай ұшатынын көрейік. (Көбелектерге үрлеу) Қарандаршы, балалар, енді ұшайық! Сен де үрлеп көр! Қай көбелек ұзаққа ұшып кетеді?» **(дене шынықтыру, сенсорика)** |
| **Балалардың үйге қайтаруы** (ата-аналарға кеңес) | Әңгімелесу: «Балаларды балабақшаға бейімдеу ерекшеліктері», «Балабақшада баланы күйзелістен қалай қорғауға болады?», "Баланың үйдегі күн тәртібі мен балабақшаның күн тәртібі". |

Тексерілді әдіскер : Сабитова З.А. 05.09.22ж
Тәрбиешілер : Байноллаева Б.Т.
Әмирбекова А.С.

| ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ<br>Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)<br>Топ/сынып: «Шуақ» ерте жас тобы<br>Балалардың жасы:1 жастағы балалар<br>Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)19.09 - 23.09.2022 ж. | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Әңгімелесу: "1-2 жасар балалардың жас ерекшеліктері", "Ата-ананың баланы балабақшаға апару және балабақшадан алу кезіндегі әрекеттері", "Ата-анасы баланы еркелетіп қалай атайды?" | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | "Ойын бұрышы" Мақсат-міндеттері. Балалардың назарын ойын бұрышында тұрған ойыншықтарға аудару, ойыншық атты атап, оны қолмен ұстау және сипау, аттың шығаратын дыбыстарына назар аудару. **(сенсорика, сөйлеуді дамыту, қоршаған** | "Арнаулы бұрыш" Мақсат-міндеттері. Арнаулы бұрышта тұрған Қазақстанның кәдесый түріндегі жалауының түсіне, құрылымына көңіл аудару. **(сөйлеуді дамыту, сенсорика, қоршаған ортамен танысу)** | "Жуыну әдебі" Мақсат-міндеттері. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебінің үлгісін көрсету; қолдарын сабындауға көмектесу, су ағымы астына қоюды қадағалау; қолды сүлгімен сүртуді көрсету; тазалықты сақтау қажеті туралы түсіндіру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар,** | "Ойын бұрышы" Мақсат-міндеттері. Ойыншық бұрышының шаңын сүрту әрекетіне көңіл аудару, қолмен шүберекті ұстап, сөрелердің үстімен жүргізуді көрсету, тазалықтың маңызы туралы түсіндіру. **(сөйлеуді дамыту, мәдени-гигиеналық дағдылар, сенсорика,** | "Табиғат бұрышы" Мақсат-міндеттері. Табиғат бұрышындағы өсімдіктерге көңіл аудару, топырақтың құрғақ болғанына көңіл аудару, фикусті, аспидистраны су құйғыш арқылы суаруды көрсету. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, сенсорика)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **ортамен танысу)** | | **сенсорика, қоршаған ортамен танысу)** | **қоршаған ортамен танысу)** | |
| | **Арба ойыншығымен ойын.** Мақсат-міндеттері. Арбаның жылдамдығын және бағытын өзгерту арқылы оның қозғалысын басқаруға үйрету. Арбаны қалай домалату керектігін көрсету. Кішкентай балаға ойыншықты мақсатсыз домалату жеткілікті, ол әрекеттің өзіне қызығады. Ересек балаға ойыншықты «үйге» апаруды ұсынуға болады. **(сенсорика, қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** | **«Түрлі түсті шарларды домалату» ойыны** Мақсат-міндеттері. Баланы бір ойыншықпен 3-5 минут ішінде ойнауға, қимылдар жасауға, «домалақ», «доп» немесе «сал», «себет» сөздерін түсінуге үйрету. Балаға 6-8 қызыл және көк доптар беріп (шарларды екі түстің басқа үйлесімінде беру: сары және көк, қызыл және жасыл және тағы басқа. Балаға доппен қалағанынша ойнауға мүмкіндік беру. Біраз уақыттан кейін үстелге немесе | **«Ойыншықтар» саусақ жаттығуы.** Мақсат-міндеттері. Қолдың ұсақ моторикасын дамытады, тәрбиеші көрсеткендей қимылдарды орындайды, өз іс-әрекеттерін дұрыс айта білу қабілетін қалыптастырады. Іші толған бөлменің, Ойыншығым мол менің. Босқа тізіп қоймайын, Келе ғой дос, ойнайық. **(сөйлеуді дамыту, көркем сөз, қоршаған ортамен танысу, сенсорика)** | **«Құпия» ойыны** Мақсат-міндеттері. Тактильді қабылдауды, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Кішкентай ойыншықтарды дәнді дақылдар салынған ыдысқа немесе балалардың ойыншығы киндерға жасырып, «құпияны» табуды ұсыну. **(сенсорика, қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** | **«Менің шарым» ойыны.** Мақсат-міндеттері. Терең дем алуды, күшті, ұзақ дем шығаруды дамыту; еріннің бұлшықеттерін белсендіру. Жабдық: шарлар. Балалар әуе шарларын мұрнымен жұтып, оны аузынан баяу шығарып үрлейді. Педагог балалардың іс-әрекеттерін тақпақпен сүйемелдейді: Менің шарым әдемі бір, екі, үш. Маса сияқты жеп-жеңіл, Мен мұрныммен дем аламын, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | еденге аласа ұяшық қойыңыз да, одан шарларды кезекпен айналдыру: «Доп осылай домалайды!». Содан кейін балаға ұсынып: «Допты айналдыр! Тағы бір айналдыр». **(сенсорика, сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | | | асықпаймын, Мен тыныс алуымды бақылап отырамын. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, сенсорика, көркем сөз)** |
| **Таңертеңгі жаттығу** | Әр жаттығу 3-4 рет қайталанады.<br>1. Қанаттарын көрсетейік, «Мінекей!» сөзін айтайық. Жарайсыңдар, балалар! Мінекей! Екі қолымызда түзу созамыз. Жарайсыңдар!<br>2. Жаңбыр жауғанда құстардың қанаттары суланып қалды. Қане, қанатымызды құрғатайық! Қолымызды түзу созайық. Міне, осылай құрғатамыз. Жарайсыңдар! Қанатымызды қалай құрғатамыз? Тағы бір рет көрсетейік. Жарайсың, Дана!<br>3. Жел тұрды, ағаштар тербелді «ш-ш-ш».<br>- Жаттығуды менімен бірге көрсетейік. Жарайсыңдар, балалар! Жел басылды.<br>- Ой, тағы да жел тұрды «ш-ш-ш». Қолды жоғары көтереміз. Жарайсыңдар!<br>4. Құстар шаршап, ұйқыға кетті.<br>- Шалқамыздан жатамыз, қолымыз бен аяғымызды созамыз. Тыныш, құстар ұйықтайды. Олар оянып, қанаттарын қағады. Жарайсыңдар! Тыныштық орнады. Құстар ұйықтап қалды. Бәрі ұйықтап қалды, көздері жабық. Құстар оянды. Қанаттарын қағады. Жарайсыңдар!<br>5. Біз оянамыз, күнге қолымызды созамыз. Қолымызды жоғары көтереміз. Керіліп-созыламыз. Жақсы! Жарайсыңдар! Тағы да керілеміз. Міне, құстарымыз қандай тамаша! Қанат қағамыз!<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Таңғы ас** | Балалардың тәбетін ашу. Өздігінен тамақтануға ынталандыру.<br>Дастарқанға барамыз,<br>Қасықты қолға аламыз.<br>Төкпей-шашпай тамақты,<br>Аузымызға саламыз. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балалардың жағымды көңіл күйін қалыптастыру. Ұйымдастырылған іс-әрекетте жағымды эмоциялық ахуалда ауысу үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу.<br>Күніміз қандай тамаша!<br>Көңіліміз де тамаша!<br>Қанекей, шеңберге жиналайық,<br>Шапалақтайық та айтайық:<br>- Тамаша!<br>Д. Ахметова **(сөйлеуді дамыту, көркем сөз, қоршаған ортамен танысу)** | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Музыка**<br>"Әлди-әлди "<br>Мақсат-міндеттері. Ұйымдастырылған іс-әрекетке қызығушылықтарын қалыптастыру, таныс әндерді білу; ересек адамға еліктеу, дағдыларды ары қарай үйрету жолдарын жалғастыру; көрсетілген қимыл-қазғалыстарды | **Дене шынықтыру**<br>"Орман бағбанына қонаққа барамыз"<br>Мақсат-міндеттері: Балалардың шектеулі зат үстімен жүру қабілетін бекіту; арқанның астынан өтуге, затты оң және сол қолмен қашықтыққа лақтыруды үйрету, шашыраңқы жүру және жүгіру, белгілі бір бағытта жүгіру | **Дене шынықтыру**<br>"Қуыршақ Дана мен күшікке қонаққа барамыз"<br>Мақсат-міндеттері. Белгіге әрекет етуге қабілеті мен зейінің дамыту; шашыраңқы жүру және жүгіру, белгілі бір бағытта жүгіру; төрттағандап еңбектеуді және арқанның астымен еңбектеп өтуді, жол бойымен бірінен соң | **Мүсіндеуден ойын-жаттығу.**<br>"Бәйтеректің шары"<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың қабылдауын қалыптастыру, алақанның айналма қозғалысымен ермексазды есуді білу, домалақ пішінді заттарды мүсіндеуді бекіту. Мүсіндеуге қызығушылық білдіруге тәрбиелеу. | **Дене шынықтыру**<br>"Алға Қазақстан!"<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды гимнастикалық тақтада ересек адамның көмегінсіз жүруге үйрету; тепе-теңдікті сақтауды үйрену; балаларда ептілік пен жылдамдықтарын дамыту; дененің, қолдың және аяқтың бұлшық еттерін |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қабылдау және қайталау.<br>Музыкалық-дидактикалық ойын "Сылдырмақ".<br>Мақсат-міндеттері: сылдырмақты белгі бойынша сылдырлатуды үйрету.<br>- Балалар, енді қуыршақ Айгеріммен тығылмақ ойнайық! Музыка ойнаған кезде бәріміз сылдырмақтарда қатты ойнаймыз, ал музыка тоқтаған кезде, сылдырмақатарды артқа жасырамыз. Айгерім іздеп көрсін. Келістік пе? Олай болса, балалар, бастайық! (ойын бір неше рет қайталанады)<br>Сылдырмақтарды | қабілеттерін дамыту.<br>**(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)**<br>Қимылды ойын: "Қоян мен қасқыр".<br>Мақсат-міндеттері: ереже бойынша бірлесіп ойын ойнауды үйрету, қимыл шапшаңдығын дамыту.<br>Педагог:<br>- Қарандаршы, балалар, біз ну орманға келдік. Мұндай орманда әртүрлі жануарлар тіршілік етеді. Олар: қасқыр, қоян, түлкі. Мен сендерге бір оқиғаны айтайын. Көңілді қояндар ну орманда өмір сүріпті. Олар таңертең қырыққабат жеуге шабындыққа шыққанды ұнататын. | бірі жүруді, қораптан үстіне көтерілу және төмен түсуді, затты оң және сол қолмен қашықтыққа лақтыруды үйретуді жалғастыру; сабаққа деген қызығушылықтарын және өз бетімен жаттыға білуге тәрбиелеу. **(дене шынықтыру, сенсорика)**<br>*Қимылды ойын.* «Үлкен ит».<br>Педагог:<br>- Балалар, қақпалармен қалай ойнау керегін көрсеткендеріңе Ақтөс қуанып тұр. Ақтөс күшік сендермен ойын ойнағысы келеді. (2 рет)<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың | **(мүсіндеу, сөйлеуді дамыту)**<br>Саусақ гимнастикасы "Отбасы".<br>Әр жолды айтқан сайын балалар саусағын бүгеді.<br>Мына саусағым - атам,<br>Мына саусағым - әжем,<br>Мына саусағым - әкем,<br>Мына саусағым - анам,<br>Мына саусағым - мен.<br>**(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту, мүсіндеу)** | дамыту; дене тәрбиесіне деген сүйіспеншілікті тәрбиелеу.<br>Жаттығу. "Тербеледі ағаштар".<br>Мақсат-міндеттері: табиғи құбылыстардың дыбыстарына еліктеуді, баяу қимылдарды асықпай орындауды үйрету.<br>Педагог интербелсенді тақтадан «Тербеледі ағаштар» бейнебаянын көрсетеді.<br>Балалармен бірге желге тербелген ағаштың кейпіне ену.<br>Жапырақтардың сыбдырлаған дыбысын келтіру.<br>- Балалар, жел соққанда ағаштар қайтеді? Ағаштар |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | дұрыс ұстауларын педагог қадағалап тұрады. **(музыка, сөйлеуді дамыту)** **Сенсорикадан ойын-жаттығу.** "Матрешка" Мақсат-міндеттері. Жиналмалы ойыншықпен (матрешкамен) әрекет жасауды үйрету, шамасына және жағдайына байланысты біріктіру; балалардың саусақтарын дамыту; "үлкен-кішкентай" ұғымдарын енгізу; матрешкалармен ойнауға қызығушылықтарын арттыру. Дидактикалық жаттығу. «Кімнің дыбысы?» Мақсат-міндеттері: ойыншықты | Қояндар секіріп ойнайды, дәмді жапырақтарды іздейді. Бұл орманда қу түлкі де өмір сүріпті. Ол осы шабындыққа келіп, бұталардың арасына тығылып, кішкентай қояндарды аңдиды. Балалар, қояндар сақкұлақ қой, олар түлкінің дыбысын естіп қалып, үйлеріне қарай қашады екен. Сендер осындай ойын ойнағыларың келе ме? **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | шашыраңқы жүгіру дағдыларын нығайту, балаларға мәтінді тыңдауды және белгіні естуді үйрету. Ойын шарты. Бір бала күшіктің рөлін орындайды. Ол ойын алаңының бір шетіндегі орындықта ұйықтап жатқандай болады. Қалған балалар бөлменің арғы жағында орналасқан үйде тұрады. Олар күшіктің қасына үнсіз келеді. Педагог: - Ақтөс күшікке барайық. Оны оятайық. Күшік оянады. Ол үре бастайды. Балалар үйге жүгіреді, сызықтан асып кетеді. Содан кейін күшіктің рөлін | | желге тербеледі. Жапырақтар сыбдыр қағады. Жарайсыңдар, балалар! - Балалар, бір-бірімізден шашыраңқы тұрайық! Бәріміз ағаштың желге тербетілгенін көрсетейік. Қолымызды жоғары көтереміз. Тамаша! Саусақтың арасын ашамыз. Екі қолды ары-бері тербейміз. Жапырақтардың дыбысын келтіреміз. Ш-ш-ш! Ш-ш-ш! Жарайсыңдар, балалар! Тербеледі ағаштар, Алдымен, жел еседі. Кіп-кішкентай балалар, Үп-үлкен боп өседі! **(дене шынықтыру,** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | дыбысынан тануды және оған еліктеп дыбыстауды үйрету.<br>- Мұқият тыңдаңдаршы, балалар, бұл ненің дауысы?<br>- Көліктің!<br>- Көлік «би-бип!» (Балалардың жауаптарын тыңдау.)<br>**(сенсорика, музыка, сөйлеуді дамыту)** | | баска бала ойнайды. Ойын қайталанады. **(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру, сенсорика)** | | **сөйлеуді дамыту, көркем сөз, қоршаған ортамен танысу)** |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. **(сөйлеуді дамыту, мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Серуен** | **Күнді бақылау.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды күннің аспанда орналасуын және жарқырағанын байқап, жылу мен жарықты беруі туралы айтылып жатқанда, қолдарын жайып, жоғары созып, жағымды эмоцияларға бөленуге | **Жапырақтарды бақылау.**<br>Мақсат-міндеттері. Жайдары, шуақты күні түрлі түсті жапырақтарға назар аудару. Түсіп қалған жапырақтарды аралап шығуды ұсыну, олардың аяқ астындағы сыбдырларын тыңдату. | **Ақшыл бұлтты бақылау.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға көгілдір ақшыл бұлттарды байқауды үйрету; бұлттардың ақ мамықтай түрлі бейнелерге ұқсайтыны туралы баяндап, түйсігін, ой-қиялын дамыту.<br>- Балалар, аспанға | **Топырақты бақылау.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға топырақтың дымқыл не құрғақ болғанын көрсету, құрғақ жермен жүруді ұсыну.<br>Педагог дымқыл топыраққа табанын басып, балаларға табанға балшықтың | **Ағаштарды бақылау.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды оларды қоршаған ағаштармен таныстыру, ағаштардың жасыл жапырақтары желпілдеп, жайқалып тұрғанын байқату; зейінін, ойлау қабілеттерін дамыту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ынтыландыру; күн туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастастыру.<br>Педагог балаларға қимылдарды көрсетіп жатады, балалар оның соңынан қайталайды.<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру, қоршаған ортамен танысу)**<br>Алтын күнге ұқсайық,<br>Қолдарды, кел, созайық.<br>Қолдарымыз - шуақтар,<br>Жайылады жан-жаққа.<br><br>**"Сары күнге ұқсап" қимылды жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды айтылған сөздердің ырғағына | Жапырақтарды жинатып, әр баламен түстерді нақтылау (қызыл, сары), жапырақтары үлкен, кішкентай.<br>Жапырақтардан шоғыр жинату.<br>**(сөйлеуді дамыту, сенсорика, қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру)**<br><br>**«Біз күні бойы ойнаймыз» жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды жаттығуларды орындай білуге баулу, оларды жаттығудың оң тәжірибесін алуға талпындыру.<br>Ойыншықпенен денеміз,<br>Шынығамыз өсеміз. | қараңдаршы.<br>- Бұл не?<br>- Иә, бұлар ақ бұлттар.<br>Ақшыл бұлттар,<br>Құстар ұқсап қанат жаясыңдар.<br>Ақшыл бұлттар,<br>Қайда ұшасыңдар?<br>Педагог балаларға "Бәйтеректің" суретін көрсетіп, оның биіктігін бұлттарға созылғанын байқатады.<br>Қараңдаршы, балалар!<br>Көшемізде мұнара бар.<br>Бойы биік, зор болып тұр,<br>Ақшыл бұлтты тіреп тұр. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, көркем сөз, дене шынықтыру)** | жабысқанын көрсетеді.<br>- Балалар, біз дымқыл жерді басып жүрсек, табанымыз кірлейді.<br>Абайландар! Құрғақ жермен жүрейік.<br>**(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру, сенсорика)**<br><br>**"Алдымызда ұзынша" қимылды жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға белгілі бағытпен бір-бірінен соң бір сапта жүру әдебін дамыту. **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру, сенсорика)**<br>Алдымызда ұзынша, | Жанымызда биік ағаштар,<br>Бұталарында жапырақтар.<br>Ағаштар тік тұрады, қозғалмайды,<br>Жапырақтарымен бізге бұлғайды. **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру, сенсорика, көркем сөз)**<br><br>**"Аулада өседі ағаштар" қимылды жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды жапырақтардың желдегі қимылдарына еліктеуге үйрету, жағымды эмоциялық әсерлерді алуға ынталандыру.<br>Педагог балаларға |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | сай қимылдауға, педагогтің көрсетуіне еліктеуге үйрету, жағымды эмоцияларға бөлену қабілеттерін қалыптастыру.<br>Сары күнге ұқ-сап (қол белде, басты оңға-солға шайқау),<br>Біз жүреміз "сап-сап" (шапалақтау).<br>Бұлт келсе қап-тап (жұдырықты кеуденің алдында айналдыру),<br>Жаңбыр жауар "там-там" (алақанды саусақпен соғу).<br>**(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | Жылдан жылға бір жылға,<br>Үлкен болып өсеміз.<br>**(сөйлеуді дамыту, сенсорика, қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру)** | **"Кім тыныш?" қимылды ойыны.**<br>Балаларды бір бағытта тыныш жүру әдебіне үйрету, аяқтың табанын толық басып және аяқ ұшымен жүріп қимылдау дағдыларын қалыптастыру; сигналға сай қозғалуға ынталандыру.<br>- Балалар, ал қазір, аяқтарымызды нық басып, менің соңымнан сайға қарай жүрейік.<br>Сайға қарай адымдаймыз,<br>Түрлі дыбысты тыңдаймыз.<br>Көрейік. Бұл қай бұрыш?<br>Тыңдайық. Тыныш ... Тыныш ...<br>- Қанекей, | Жайылып тұр жолакша.<br>Топ-топ басайық,<br>Бірге жылдам барайық.<br>Секіреміз оп-оп!<br>Біз жүреміз топ боп.<br>Д. Ахметова | қолдарымен жапырақтардың қимылдарын көрсетеді, көркем сөзбен сүйемелдейді.<br>Аулада өседі ағаштар,<br>Бау-бақшада тұрады қатар-қатар.<br>Созады көп бұтақтарын,<br>Желге желпілдеп, жайқалып. **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру, сенсорика, көркем сөз)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | **аяғымыздың ұшымен** тыныш жүрейік ...<br>- Бұл жақта не бар екен?<br>- Тамаша!<br>Педагог белгілі объектіні тапқандарын айтады, балаларды мақтайды.<br>Жаттығу бірнеше рет өткізіледі, жүру бағыттары ауысады.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, көркем сөз, дене шынықтыру)** | | |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімді жүйелі түрде шешуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Түскі ас** | Алдына қойған асқа назар аудару; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс, этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| Күндізгі ұйқы | Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай туғызу. | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары** | Ауа ванналары.<br>Алғашқы мәдени-гигиеналық әрекеттерді жасауға қызықтыру.<br>"Қолдарымыз қайда?"<br>Шығарайық алға.<br>Жеңімізді түрейік,<br>Жуынып көрейік.<br>Су астына салайық, | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Уқалайық, сипалайық.<br>Қандай тамаша!<br>Қолдарымыз тап-таза. **(сөйлеуді дамыту, көркем сөз, мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Бесін ас** | Алдына қойған асқа назар аудару, дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс, этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **«Түрлі-түсті шарларды домалату» ойыны**<br>Мақсат-міндеттері. Баланы бір ойыншықпен 3-5 минут ішінде ойнауға, қимылдар жасауға, «домалақ», «доп» немесе «сал», «себет» сөздерін түсінуге үйрету.<br>Балаға 6-8 қызыл және көк доптар беріп (шарларды екі түстің басқа үйлесімінде беру: сары және көк, қызыл және жасыл және тағы басқа<br>Балаға доппен қалағанынша ойнауға мүмкіндік беру. Біраз | **Текшелермен ойын.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға текшелер туралы тақпақты тыңдап отырып, оларды бір-бірінің үстіне қойып, мұнара тұрғызуға үйрету.<br>Қызыл, сары, көк текше,<br>Әрбіреуі ерекше.<br>Көлемдері бірдей,<br>Бір-бірінің үстіне.<br>**(қоршаған ортамен танысу, дербес әрекет, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)** | **Саусақ жаттығуы "Көңілді саусақтар"**<br>Мақсат-міндеттері. Қолдың ұсақ моторикасын, есте сақтау қабілетін дамыту; жағымды эмоциялармен бөлісу қабілетін қалыптастыру.<br>Мына саусақ орманға барды,<br>Мына саусақ саңырауқұлақ тапты,<br>Мына саусақ оны қуырды,<br>Мына саусақ қуырды,<br>Мына саусақ барлығын жеп қойды. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту,** | **«Сәлем!» мультфильмін қарау**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың эмоциясын жақсарту; жағымды көңіл күймен бөлісу мүмкіндігін жасау. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, дербес әрекет)**<br>**Музыка**<br>Музыка жетекшісінің жоспары бойынша | **«Ботқа пісіру» дидактикалық ойыны**<br>Мақсат-міндеттері. Баланы саусақтарымен заттарды ұстап, қасық ұстап, қолмен айналмалы қозғалыстар жасауға үйрету.<br>Құралдар: қуыршақ, аю, ағаш қасық (кішкентай), балаларға арналған тағамдар, бұршақ.<br>Тәрбиеші: «Айжан мен аю бізге қонаққа келді. Біз оларды ботқамен емдейміз».<br>Тәрбиеші бұршақты қасықпен жинап,қазанға |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | уақыттан кейін үстелге немесе еденге аласа ұяшық қойыңыз да, одан шарларды кезекпен айналдыру: «Доп осылай домалайды!». Содан кейін балаға ұсынып: «Допты айналдыр! Тағы бір айналдыр». **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, сенсорика)** | | **дербес әрекет, сөйлеуді дамыту, сенсорика)** | | салуды көрсетеді, бірақ бұршақтарды үстелге шашып алады. Балаларға бұршақ жинауды ұсынады (шымшу арқылы). Тәрбиеші бұршақты қалай дұрыс жинау керектігін көрсетеді (шымшу арқылы). Бала бұршақ жинайды. Содан кейін тәрбиеші «ботқаны» қасықпен араластыру қимылдарын көрсетеді (бала қайталайды). **(сөйлеуді дамыту, сенсорика, қоршаған ортамен танысу)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **«Құпия» ойыны** Мақсат-міндеттері. Тактильді қабылдауды, қолдың ұсақ моторикасын | **"Ермексаз"** Мақсат-міндеттері. Ермексаздан көлемі бірдей кесектерді жұлу амалын игерту. | **"Топ болайық" қимыл жаттығуы.** Мақсат-міндеттер. Топта және сапта жүруге бейімдеу | **«Менің шарым» ойыны.** Мақсат-міндеттері. Терең тыныс алуды, күшті, ұзақ дем | **«Әтеш» (жаттау)** Мақсат-міндеттері. Үлкендермен бірге ойнауға жағымды эмоционалды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | дамыту. Кішкентай ойыншықтарды дәнді дақылдар салынған ыдысқа немесе балалардың ойыншығы киндерге жасырып, «құпияны» табуды ұсыну. **(сенсорика, сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | "Жапырақтар". **(мүсіндеу, сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | арқылы тақпақ жаттау. **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, көркем сөз)** **Алдымызда ұзынша,** Жайылып тұр жолақша. Топ-топ басайық, Бірге жылдам барайық. Секіреміз оп-оп! Біз жүреміз топ боп. Д. Ахметова | шығаруды дамыту; еріннің бұлшықеттерін белсендіру. Жабдық: шарлар. Балалар әуе шарларын мұрнымен жұтып, оны аузынан баяу шығарып үрлейді. Педагог балалардың іс-әрекеттерін тақпақпен сүйемелдейді: Менің шарым әдемі бір, екі, үш. Маса сияқты жеп-жеңіл, Мен мұрныммен дем аламын, асықпаймын, Мен тыныс алуымды бақылап отырамын. **(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру, көркем сөз)** | қатынас қалыптастыру. **(сөйлеуді дамыту, көркем сөз, қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру)** Әдемі әтеш, Танатпай тұрыпты. Ойқастап жүріпті, Жан –жаққа қарапты. Айдарын тарапты. |
| **Кешкі ас** | Тағамның атауын есте сақтауға, тағамды ішу рәсімін жақсы ниетпен қабылдауға бейімдеу. "Кешкі асты таза ішуге, әдепті бала болуды үйренеміз". **(мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, дербес әрекет)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. **(сөйлеуді дамыту, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **"Сары күнге ұқсап" қимылды жаттығуы.** Мақсат-міндеттері. Балаларды айтылған сөздердің ырғағына сай қимылдауға, педагогтің көрсетуіне еліктеуге үйрету, жағымды эмоцияларға бөлену қабілеттерін қалыптастыру. Сары күнге ұқ-сап (қол белде, басты оңға-солға шайқау), Біз жүреміз "сап-сап" (шапалақтау). Бұлт келсе қап-тап (жұдырықты кеуденің алдында айналдыру), Жаңбыр жауар "там-там" (алақанды саусақпен соғу). **(дене шынықтыру,** | **«Біз күні бойы ойнаймыз» жаттығуы.** Мақсат-міндеттері. Балаларды жаттығуларды орындай білуге баулу, оларды жаттығудың оң тәжірибесін алуға талпындыру. Ойыншықпенен денеміз, Шынығамыз өсеміз. Жылдан жылға бір жылға, Үлкен болып өсеміз. **(сөйлеуді дамыту, сенсорика, қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру)** | **"Кім тыныш?" қимылды ойыны.** Балаларды бір бағытта тыныш жүру әдебіне үйрету, аяқтың табанын толық басып және аяқ ұшымен жүріп қимылдау дағдыларын қалыптастыру; сигналға сай қозғалуға ынталандыру. - Балалар, ал қазір, аяқтарымызды нық басып, менің соңымнан сайға қарай жүрейік. Сайға қарай адымдаймыз, Түрлі дыбысты тыңдаймыз. Көрейік. Бұл қай бұрыш? Тыңдайық. Тыныш ... | **"Алдымызда ұзынша" қимылды жаттығуы.** Мақсат-міндеттері. Балаларға белгілі бағытпен бір-бірінен соң бір сапта жүру әдебін дамыту. **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру, сенсорика)** Алдымызда ұзынша, Жайылып тұр жолақша. Топ-топ басайық, Бірге жылдам барайық. Секіреміз оп-оп! Біз жүреміз топ боп. Д. Ахметова | **"Аулада өседі ағаштар" қимылды жаттығуы.** Мақсат-міндеттері. Балаларды жапырақтардың желдегі қимылдарына еліктеуге үйрету, жағымды эмоциялық әсерлерді алуға ынталандыру. Педагог балаларға қолдарымен жапырақтардың қимылдарын көрсетеді, көркем сөзбен сүйемелдейді. Аулада өседі ағаштар, Бау-бақшада тұрады қатар-қатар. Созады көп бұтақтарын, Желге желпілдеп, жайқалып. **(дене** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **сөйлеуді дамыту)** | | Тыныш ...<br>- Қанекей, аяғымыздың ұшымен тыныш жүрейік ...<br>- Бұл жақта не бар екен?<br>- Тамаша!<br>Педагог белгілі объектіні тапқандарын айтады, балаларды мақтайды. Жаттығу бірнеше рет өткізіледі, жүру бағыттары ауысады. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, көркем сөз, дене шынықтыру)** | | **шынықтыру, сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру, сенсорика, көркем сөз)** |
| **Серуеннен оралу** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуға, өз киімін өздігімен шешуге, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. **(сөйлеуді дамыту, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)**<br>Қиылған суреттерді бір тұтасқа жинау ойындары (2-4 бөлік). **(сенсорика)**<br>Ұяшықтарға пішіндерді салу ойындары. **(сенсорика)**<br>Бауды байлау ойыншықтармен ойындар. **(сенсорика)**<br>Мақсат-міндеттері: қолдың ұсақ моторикасын, ойлау, зейін қабілеттерін дамыту.<br>Музыкалық аспаптармен (сылдырмақтармен) ойындар: 1/2 мөлшері әуеннің ырғағына сай сылдырлатуға бейімдеу. **(музыка, сөйлеуді дамыту)** | | | | |

| | |
|---|---|
| | **Доп ойыншығымен ойнау «Добым, добым, домала!»**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың жағымды көңіл күйге ие болуына мүмкіндік жасау; ойлауды, зейінді дамыту.<br>Допты алып, балаға: «Біздің доп бүгін зерігіп, көңілсіз күйде жатыр. Онымен ойнайық!». Баланың қарсы алдына отырып, допты оған қарай итеру: «Допты ұста!», бала допты ұстап алғаннан кейін, допты артқа итеруін сұрау. Іс-әрекеттерді әзілмен сүйемелдеу ұсынылады, мысалы: «Қандай көңілді доп, оған домалаған ұнайды».<br>**(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту, сенсорика)** |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Әңгімелесу: "1-2 жасар балалардың жас ерекшеліктері", "Ата-ананың баланы балабақшаға апару және балабақшадан алу кезіндегі әрекеттері", "Ата-анасы баланы еркелетіп қалай атайды?" |

Тексерілді

Әдіскер : Сабитова З.А. 19.09.22ж

Тәрбиешілер: Байноллаева Б.Т.

Амирбекова А.С.

**ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ**

**Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы) «Балауса-Балғын» бөбекжайы» КМҚК**

**Топ/сынып: «Шуақ» ерте жас тобы**

**Балалардың жасы 1 жастағы балалар**

**Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету) 26.09 - 30.09.2022 ж.**

| Апта күндері | *Дүйсенбі* | *Сейсенбі* | *Сәрсенбі* | *Бейсенбі* | *Жұма* |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Әңгімелесу: "Ата-ананың баланы балабақшаға апару және балабақшадан алу кезіндегі әрекеттері", "Балаға қоршаған ортадағы заттардың атауын атап айтқызу және оған сол заттар туралы сұрақтарды қою ерекшеліктері". | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | "Табиғат бұрышы" Мақсат-міндеттері. Табиғат бұрышындағы өсімдіктерге көңіл аудару, қурап, сарғайып қалған жапырақтарды үзіп, алып тастау әрекетіне көңіл аудару; өсімдіктердің жасыл жапырақты болуын байқату; су құйғыш арқылы | "Табиғат бұрышы" Мақсат-міндеттері. Табиғат бұрышындағы өсімдіктердің күннің көзінде тұрғанына көңіл аудару; күннің нұрына адам ғана емес, өсімдіктердің мұқтаж екенін байқату; өсімдіктердің жапырақтары күннің көзінде жылтырап | "Табиғат бұрышы" Мақсат-міндеттері. Табиғат бұрышындағы өсімдіктер тұрған ыдыстардағы топырақтың құрғақ болуына көңіл аудару; өсімдіктерді күту және суарудың маңызын іс-тәжірибеде көрсету. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен** | "Конструктор жинау" Мақсат-міндеттері. Конструктордың қорапта жиналғанына назар аудару; бөліктер шашыраңқы болса, қорапқа сыймайтынын ескеру. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, сенсорика)** | "Баулар" Мақсат-міндеттері. Үстел ойындарының сөресінде шашылған бауларға назар аудару; ойыншықтарға баулардың қаншалықты әдемі байланғанын іс жүзінде көрсету. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, сенсорика)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | суаруды көрсету. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, сенсорика)** | тұрғанын байқату. **(сөйлеуді дамыты, қоршаған ортамен танысу)** | **танысу, сенсорика)** | | |
| | | | | | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | 1. Бастапқы қалып: тік тұру, аяқтың арасы алшақ, жалаушалар төменде. Жалаушаларды жоғары көтеру, төмен түсіру (4-5 рет).<br>2. Бастапқы қалып: отыру, аяқтың арасы алшақ, иықтың бойында. Алға еңкею, жалаушалардың таяқшаларын еденге тигізу. Тік тұру, бастапқы қалыпқа оралу (4-5 рет).<br>3. Бастапқы қалып: тізерлеп тұру, жалаушалар екі қолда төменде. Жалаушаларды жоғары көтеріп, онымен оңға (солға) бұлғау, бастапқы қалыпқа оралу (5 рет).<br>4. Бастапқы қалып: тік тұру, аяқтың арасы алшақ, қолдарымыз бүгулі қалыпта, жалаушалар иықтарымыздың бойында. Отыру, жалаушаны алға созу. Тұру, бастапқы қалыпқа оралу (5 рет).<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңғы ас** | Тамақтану рәсімін ұстануға қызығушылық тудыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, дербес әрекет)**<br>Денемді таза ұстап,<br>Шомыламын ағынмен.<br>Тамақ ішер алдында,<br>Қол жуамын сабынмен. | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балалардың жағымды көңіл күйлерін қалыптастыру. Ұйымдастырылған іс-әрекетке жағымды эмоциялық ахуалда ауысу үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)**<br>Қош келдің, Алтын күз!<br>Алтын жапырақты күз!<br>Біздің қолдарымыз жапырақтардай.<br>Қолдарымызбен ойнаймыз былай, былай. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Музыка** "Шапалактайық та ойнайық" Мақсат-міндеттері. Ән айту тәсілдерін жетілдіру, қайталанатын сөздерді әндетіп айтуға үйрету ("мияу-мияу", "аф-аф"); көңілді сипаттағы музыканы түсіну және эмоцияларын шығарып қабылдау; ересек адамға еліктейтін, ән салатын нақыштарды қалыптастыру; балаларды жаңа ырғақтық қимыл-қозғалыспен таныстыру; таныс әндерге қосылып әндетуге қызығушылықтарын арттыру; "Күн мен бұлт" көңілді және | **Дене шынықтыру** "Жалауды жоғары көтереміз" Мақсат-міндеттері. Белгіге әрекет ету қабілеті мен зейінін дамыту; шашыраңқы жүру және жүгіру, белгілі бір бағытта жүгіру; төрттағандап еңбектеді және арқанның астымен еңбектеп өтуді, жол бойымен бірінен соң бірі жүруді, қораптан үстіне көтерілу және төмен түсуді, затты оң және сол қолмен қашықтыққа лақтыруды үйретуді жалғастыру; сабаққа қызығушылықтарын және өз бетімен жаттыға білуге тәрбиелеу. **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен** | **Дене шынықтыру** "Жалаушаны жоғарыға көтереміз" Мақсат-міндеттері. Гимнастикалық тақтада жүргенде тепе-теңдікті сақтай білуге жаттығу, қораптан жоғары және төмен түсу, төрт аяқтап еңбектеу және арқанның астымен жүруді үйретуді жалғастыру, затты оңға және сол қолмен қашықтыққа лақтыру, сабаққа деген қызығушылық және өз бетімен жаттығуға тәрбиелеу. **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** Жаттығу. "Тербеледі ағаштар". Мақсат-міндеттері. Табиғи құбылыстардың дыбыстарына | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу.** "Дана қуыршақ Қазақстан туралы әңгімелейді" Мақсат-міндеттері. Балалардың өздері тұратын ел туралы түсініктерін қалыптастыру; қызығушылықты, байқағыштықты, сөйлеуді, есте сақтау қабілетін дамыту; өз отанына деген патриоттық сезімдерін көтеру. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Қимылды ойын. "Арқан түю" Мақсат-міндеттері: ептілікті, зейінді дамыту. Ойын барысы: балалар шеңбер құрып тұрады. | **Дене шынықтыру** "Түлкінің сыйлықтары" Мақсат-міндеттері. Балаларды гимнастикалық қабырғаға көтерілуге, тепе-теңдікті сақтауға, белгілі бір бағытта жүгіруді жақсартуға және белгі берген кезде жауап беруге әрекет етуге үйрету, затты белгілі бір бағытта көлденең нысанаға лақтыра білуге жаттықтыру. **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** Қимылды ойын. "Қу түлкі". Мақсат-міндеттері: бірлесіп ойын ойнауды үйрету, қимыл |

көркем

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | баяу музыканы ажыратуды үйрету.<br>Қозғалмалы ойын. "Тығылмақ".<br>Мақсат-міндеттері. Музыкалық белгі бойынша қимылдау және тыныштану әрекетін үйрету.<br>Музыка естілгенде балалар алақандарын көтеріп, саусақтарымен билейді, ал музыка тоқтағанда алақандарын жасырады.<br>- Жарайсыңдар, балалар, жақсы ойнадыңдар! Қуыршағымыз шаршап қалды. Қуыршағымыз демін алсын. **(музыка, дене шынықтыру)**<br><br>**Сенсорикадан ойын-жаттығу.** | **танысу)**<br>Жаттығу. "Тербеледі ағаштар".<br>Мақсат-міндеттері. Табиғи құбылыстардың дыбыстарына еліктеуді үйрету, баяу қимылдарды асықпай орындауды дамыту.<br>Педагог интербелсенді тақтадан «Тербеледі ағаштар» бейнебаянын көрсетеді. **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)**<br>Балалармен бірге желге тербелген ағаштың кейпіне ену. Жапырақтардың сыбдырлаған дыбысын келтіру.<br>- Балалар, жел | еліктеуді үйрету, баяу қимылдарды асықпай орындауды дамыту.<br>Педагог интербелсенді тақтадан «Тербеледі ағаштар» бейнебаянын көрсетеді. **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)**<br>Балалармен бірге желге тербелген ағаштың кейпіне ену. Жапырақтардың сыбдырлаған дыбысын келтіру.<br>- Балалар, жел соққанда ағаштар қайтеді? Ағаштар желге тербеледі. Жапырақтар сыбдыр қағады. Жарайсыңдар, балалар! | Қолында арқаны бар педагог топтың ортасына шығып, балаларға ойынның басталғанын хабарлайды. Педагог арқанның түйілмеген басын ұстап, шеңбер бойымен айналады. Арқанды балалардың аяқтарының астынан жібереді. Балалар арқанның үстінен аттап тұрады. Кімнің аяғына арқан ілініп, секіре алмай қалатын болса, ол бала өз өнерін көрсетуі керек болады. Тақпақ, өлең айтады немесе билеп береді. Ойын осылай жалғаса береді. **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту, сенсорика, қоршаған ортамен танысу)** | шапшаңдығын дамыту.<br>Педагог:<br>- Әй, қу түлкі, көзіңді жұм. Біздің балаларды іздеп таба аласың ба?<br>Педагог түлкінің рөлін ойнайды. Балалар қаша жөнеледі. Балалар залдағы орындықтардың артына тығылады. Түлкі балаларды іздейді.<br>- Ау, ау! Қайдасыңдар? Қазір, мен бәріңді тауып аламын.<br>Балалар тығылған жерлерінен жүгіріп шығады. Балалар мен түлкі көңілді би билейді. **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | "Күзгі жолдың бойымен"<br>Мақсат-міндеттері. Саусақ қимылдарының үйлесімін дамыту, ойыққа төлкені алып-салуды үйрету; түсі бойынша заттарды топтастыруды бекіту; қолдың ұсақ моторикасын және ойлау қабілетін, зейінін дамыту; үлкен адамдарды тыңдап, өзіндік жұмысқа, заттармен әрекет етуге тәрбиелеу. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, сенсорика)**<br>Ойын жаттығуы "Саңырауқұлақтарды жина".<br>Мақсат-міндеттері. Аталған заттарды ғана себетке | соққанда ағаштар қайтеді? Ағаштар желге тербеледі. Жапырақтар сыбдыр қағады.<br>Жарайсыңдар, балалар!<br>- Балалар, бір-бірімізден шашыраңқы тұрайық! Бәріміз ағаштың желге тербетілгенін көрсетейік.<br>Қолымызды жоғары көтерміз. Тамаша!<br>Саусақтың арасын ашамыз. Екі қолды ары-бері тербейміз.<br>Жапырақтардың дыбысын келтіреміз.<br>Ш-ш-ш! Ш-ш-ш!<br>Жарайсыңдар, балалар!<br>Тербеледі ағаштар,<br>Алдымен, жел еседі.<br>Кіп-кішкентай балалар, | - Балалар, бір-бірімізден шашыраңқы тұрайық! Бәріміз ағаштың желге тербетілгенін көрсетейік.<br>Қолымызды жоғары көтерміз. Тамаша!<br>Саусақтың арасын ашамыз. Екі қолды ары-бері тербейміз.<br>Жапырақтардың дыбысын келтіреміз.<br>Ш-ш-ш! Ш-ш-ш!<br>Жарайсыңдар, балалар!<br>Тербеледі ағаштар,<br>Алдымен, жел еседі.<br>Кіп-кішкентай балалар,<br>Үп-үлкен боп өседі!<br><br>**Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу.**<br>"Жапырақтар" | | | **таныстыру, көркем әдебиет)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жинауды үйрету. Жаттығу үстел басында ұйымдастырылады. - Балалар, жаңбыр көп жауыпты, көп саңырауқұлақ өсіпті. Әрбір балаға қалташалар (екі себет кескіндерінің үстіңгі жақтары жапсырылмаған, шеттері мен ұстағыштары жапсырылған) және саңырауқұлақтардың кескіндері, гүлдер табақшада беріледі. - Балалар, алдарындағы саңырауқұлақтарды осы себет қалташаларына салып, жинайық. Гүлдерді салмаймыз (сұқ саусақты көрсету). **(сөйлеуді дамыту, қоршаған** | Үп-үлкен боп өседі! | Мақсат-міндеттері. Қоршаған ортамен қарым-қатынасты реттеуге және күз мезгілі туралы түсінік беріп, ондағы жаңа сөздерді дұрыс айтуды үйрету; белсенді сөздікті байыту, еліктеу сөздер мен дыбыстарды жалпы қолданатын тілдік формамен ауыстыру, заттар мен іс-әрекеттерді білдіретін жаңа сөздерді енгізу, пассивтік сөздік қордағы сөздерді айтуды үйрету; табиғатқа сүйіспеншілікке тәрбиелеу. **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, көркем сөз)** | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **ортамен танысу, сенсорика)** | | Сергіту сәті "Жаңбыр".<br>Жаңбыр, жаңбыр<br>там-там-там,<br>Жерге тырс-тырс тамады.<br>Сарғайған жапырақтар,<br>Жерге су боп түседі. | | |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Серуен** | **Жапырақтарды бақылау.**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың көңілін сары жапырақтарға аудару, жапырақтардың жерге түсуін бақылау; күзгі құбылыстар жөнінде ұғымдарды қалыптастыру; зейін, ойлау қабілетін дамыту.<br>Педагог:<br>- Балалар, мына ағаштардан нені көріп тұрсыңдар? | **Сары жапырақтарға толы ағаштарды бақылау.**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың назарын жапырақтардың сары түсіне аудару, жапырақтардың түскенін бақылату.<br>Саябаққа күз келсе,<br>Жел дамылсыз соғады.<br>Тыным бермей ешкімге,<br>Жұлқылайды бәрін де.<br>Үзіп жатыр, | **Желді бақылау.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды, жапырақтарға қарап, желдің болғанын байқауды үйрету; байқағыштыққа, зеректікке тәрбиелеу. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, көркем сөз)**<br><br>Саябаққа күз келсе,<br>Жел дамылсыз соғады.<br>Тыным бермей ешкімге,<br>Жұлқылайды | **Ақшыл бұлтты бақылау.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға көгілдір, ақшыл бұлттарды байқауды үйрету; бұлттардың ақ мамықтай әртүрлі бейнелерге ұқсайтыны туралы баяндап, түйсігін, ой-қиялын дамыту. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, көркем сөз)**<br>- Балалар, аспанға қараңдаршы.<br>- Бұлар не? | **Күзгі ауа райын бақылау.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға күз мезгілі жөнінде жалпы ұғымдар беру, күзгі ауа райы бұлтты, салқын болуына көңіл аудару, адамдардың жылы киінгенін байқату; зейін, ойлау қабілетін дамыту.<br>- Айналаға қараңдаршы, балалар, жапырақтар сарғайды. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | - Жапырақтарды көріп тұрмыз.<br>- Жапырақтар жасыл ма?<br>- Жапырақтар сары. Педагог жапырақтардың түсіп жатканына көңіл аударады.<br>- Қараңдаршы, балалар, жапырақтарға не болды?<br>- Жапырақтар түсіп жатыр.<br>М. Мақатаев "Сап-сары жапырақтар".<br>Сап-сары жапырактар ...<br>Сап-сары жапырактар ...<br>Саудырап құлап жатыр атырапка.<br>Біреудің жанарында,<br>Біреудің табанында,<br>Сап-сары жапырақтар жоғалуда. **(сөйлеуді** | Жұлып жатыр<br>Барлық сары жапырақты.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем сөз, қоршаған ортамен танысу)**<br><br>**"Саябаққа шығайық" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды тақпақ сөздерінің ырғағына сай (марш) адымдап басып, жүруді үйрету, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Саябаққа шығайық, жиналайық,<br>Сап-сары жапырақты, теріп алайық,<br>Құстарға қолмен бұлғап, шақырайық,<br>Шеңберде бірге билеп, айналайық.<br>- Мінеки, балалар, | бәрінде.<br><br>Үзіп жатыр,<br>Жұлып жатыр<br>Барлық сары жапырақты.<br><br>Түріп жатыр,<br>Бүріп жатыр<br>Солғын тартқан гүлдерді.<br><br>Бірақ сары жапырақ<br>Қалмады жерде қурап,<br>Желге көніп, амалсыз,<br>Ұшып жатыр, шыр айналып.<br><br>**"Жалауға жүгір" қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды көрсетілген белгіге (жалауға) қарай жүгіруді үйрету;<br>бұлшық еттерді, | - Иә, бұлар ақ бұлттар.<br>Ақшыл бұлттар,<br>Құстар ұқсап қанат жаясыңдар.<br>Ақшыл бұлттар,<br>Қайда ұшасыңдар?<br>(Д. Ахметова)<br><br>**"Қоңырауым қайда?" қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды белгілі бағытта сигнал бойынша жүгіруге жаттықтыру. Педагог балаларға ойынның бастамасын көрсетеді.<br>Қоңырауым қайда?<br>Сыңғырлайды сайда.<br>Кім адаспай тауып алады,<br>Қоңырырауды қолға алады.<br>Балалар жасырынған қоңырауды тауып | **ортамен танысу, көркем сөз)**<br>- Аспанды сұр бұлт каптады.<br>- Адамдар жылы киінді.<br>Күзім-күзім, күзім-ау,<br>Мінезің бұзық-ау.<br>Жанбырың сіркіреп<br>Келгенің кызық ау.<br>(Қ. Ыдырысов)<br><br>**"Біз көңілді баламыз" қимылды жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды белгілі жаттығуларға еліктей білуге машықтандыру, жаттығулардан жағымды әсер алуға ынталандыру.<br>Біз көңілді баламыз,<br>Қатар-қатар тұрамыз,<br>Көтереміз иықты,<br>Бақылаймыз жан- |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу, көркем сөз)**<br><br>**"Жапырақтар" қимылды жаттығуы.**<br>Педагог балаларды шеңберге жинап, балаларға бір жапырақтан ұстатып, өлеңнің мәтініне сай қимылдарды көрсетеді.<br>- Қанекей, балалар, жапырақтарды ұстап, менімен бірге қимылдайық.<br>Педагог шеңберде тұрған балаларға қолдарын жоғары көтеріп, оңға және солға тербелуді, орнында айналуды, жерге шоқайып отыруды, тұруды, қимылдарды | жапырақтар біздің бау-бақшада ұшып жүр, жерге қонып жатыр!<br>Балаларды үстелге ертіп әкеліп отырғызу. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру, көркем сөз)** | кеңістікті бағдарлау қабілетін дамыту.<br>- Балалар, жалаулармен ойнайықшы.<br>Педагог түсі үш түрлі жалауды алаңның үш бағытына қадап қояды.<br>- Балалар, мына жалаулардың түстерін атайықшы. (Қызыл, сары, көк.)<br>- Жарайсыңдар!<br>- Қазір мен атаған жалауға жүгірейік. Мұқият болыңдар!<br>Педагог үш жалаудың бір түсін кезекпен атап, балаларды сол жаққа бағыттайды.<br>- Қанекей, балалар, түзу тұр!<br>- Қызыл (сары, көк) жалауға жүгір!<br>Педагог балалардың бір-біріне соғылып | алып, қолға алып сыңғырлатады.<br>Педагог келесі жолы қоңырауды басқа жерге жасырып қояды. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру, сенсорика, көркем сөз)** | жақты.<br>Жүріп-жүріп асықпай,<br>Тез өсеміз, алақай!<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру, көркем сөз)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қайталауды көрсетеді. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру)** | | қалмауын ескертеді, балалардың қауіпсіздігін қадағалайды. **(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру, қоршаған ортамен танысу)** | | |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Түскі ас** | Алдына қойған асқа назар аудару; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, дербес әрекет)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай туғызу. | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары** | Ауа ванналары.<br>Алғашқы мәдени-гигиеналық әрекеттерді жасауға деген қызықтыру. **(мәдени-гигеналық дағдылар, дербес әрекет, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)**<br>"Қолдарымыз қайда?<br>Шығарайық алға.<br>Жеңімізді түрейік,<br>Жуынып көрейік.<br>Су астына салайық,<br>Уқалайық, сипалайық.<br>Қандай тамаша!<br>Қолдарымыз тап-таза. | | | | |
| **Бесін ас** | Алдына қойған асқа назар аудару; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, дербес әрекет)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **«Қоңырау» ойыны.** Мақсат-міндеттері. Балалар орындықтарға жартылай шеңбер құрып отырады. Тәрбиеші ортада қолына қоңырау ұстап тұрып: «Мен кімді шақырсам, сол қоңырау соғады». Бала тәрбиешінің орнын алады, қоңырау соғып, басқа баланы шақырады, оны атымен атайды (немесе қолымен көрсетеді). **(сөйлеуді дамыту, сенсорика, қоршаған ортамен танысу, дербес әрекет)** | **"Жапырақтарды жинайық" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттері. Балаларды жапырақтарды түстеріне қарап ажыратуға жаттықтыру; қызыл, сары жапырақтарды екіге бөліп, екі себетке салуды үйрету. Құралдар: сары және қызыл жапырақтар, екі себет (үлкен және кішкентай). **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, сенсорика, дене шынықтыру)** | **Саусақ жаттығуы «Құлып».** Мақсат-міндеттері. Қолдың ұсақ моторикасын дамыту, педагог көрсеткендей қимылдар жасау, өз іс-әрекеттерін дұрыс айта білу қабілетін қалыптастыру. Ілген есік сыртына, Ұқсайды ма құлпыға? (екі қолыңның саусақтарын құлпыға ұқсатып айқастыру.) Ашқың келсе аямай, Қатты тартып жұлқыла (екі қолды екі жаққа күшпен тартып, құлыпты ашуға тырысу) **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту, сенсорика, қоршаған ортамен танысу, көркем сөз)** | **«Киінуді үйрену» мультфильмін қарау.** Мақсат-міндеттері. Басты кейіпкерлердің қимылына еліктеу, әннің сөздерін қайталату; киіну тәртібін есте сақтау. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, сенсорика)** **Музыка** Музыка жетекшісінің жоспары бойынша | **"Сары күнге ұқсап" қимылды жаттығуы.** Мақсат-міндеттері. Балаларды айтылған сөздердің ырғағына сай қимылдауға, педагогтің көрсетуіне еліктеуге үйрету, жағымды эмоцияларға бөлену қабілеттерін қалыптастыру. Сары күнге ұқ-сап (қол белде, басты оңға-солға бұру), Біз жүреміз "сап-сап" (шапалақтау). Бұлт келсе қап-тап (жұдырықты кеуденің алдында айналдыру), Жаңбыр жауар "там-там" (алақанды саусақпен соғу). **(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру, қоршаған ортамен** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | **танысу, көркем сөз)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **«Балық аулау» ойыны.** Мақсат-міндеттері. Қолдың ұсақ моторикасын дамыту, әртүрлі заттардың көмегімен ойыншықтарды алуды үйрету. Пластик (ойыншық) балықты сумен толтырылған мөлдір құмыраға салу. Балаға соңында магниті бар қармақты (ойыншық) беру (егер балықтарда темір құлақшалар болса) және оны қалай жасағанын көрсете отырып, балықты қармақпен аулауды ұсыну. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, сенсорика)** | **Саусақ жаттығуы. "Жаңбыр жауса - тұрмайық".** Мақсат-міндеттері. Балаларды педагогтің қимылдарын бірге қайталап, саусақтармен қимылдарды жасауды, жаңбырдың сипатын қабылдауға ынталандыру. Жаңбыр жауса, біз тұрмайық жай ғана, (саусақтармен үстелге соққылау, сұқ саусақпен бұлғау) Қолшатырдық алайық қуана (шапалақтау) Там-там – соқса тамшылар, (саусақтармен үстелге соққылау) Қолшатырдың | **"Топ болайық" қимыл жаттығуы.** Мақсат-міндеттері. Топта және сапта жүруге бейімдеу арқылы тақпақ жаттау. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру)** Алдымызда ұзынша, Жайылып тұр жолақша. Топ-топ басайық, Бірге жылдам барайық. Секіреміз оп-оп! Біз жүреміз топ боп. (Д. Ахметова) | **«Жапырақтар».** Мақсат-міндеттері. Ермексаздың бір бөлігін тұтастай қысып алуды жаттықтыру. **(мүсіндеу, сөйлеуді дамыту, сенсорика, қоршаған ортамен танысу)** | **«Ұшты талдан жапырақ» ойыны.** Мақсат-міндеттері. Сөйлеу кезіндегі дұрыс тыныс алуын дамыту, негізгі түстер туралы ұғымдарын бекіту. Құрал-жабдықтар: Қызыл, сары және жасыл түсті үш қағаз. (ұзындығы 13-15 см таяқшалар үшін 6-7 жолақты жұқа түсті қағаздарды жабыстыру немесе байлау. Жолақтың ұзындығы 4-5 см, ені 0,5 см). Педагог желпуіш жапырақтарды үрлейді, үрлеу арқылы олардың қалай қозғалатынын көрсетеді, балаларға жапырақтарды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | астына отырайық (алақандарымен бастың төбесін жабу).<br>Д. Ахметова<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, көркем сөз, дене шынықтыру)** | | | үрлеуді ұсынады. («Жапырақтардан» баланың ерніне дейінгі арақашықтық шамамен 8-10 см болуы керек). Бала желпуіш жапырақтарға үрлейді, демалады және қайта үрлейді. Содан кейін педагог қызыл, сары және жасыл жапырақтардың «ағаштарда» сыбдыр қағанын тыңдауды ұсынады. Баланың ауаны тек аузынан шығаратындығына, ұзақ уақыт (бір секундтан артық) үрлегеніне, ауа алмайтындығына, иығын көтермей тыныс шығаратындығына көз жеткізеді. Егер бала шығарған |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | демінің күші әлсіз болса, ойын тағы бір рет қайталанады. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, сенсорика)** |
| **Кешкі ас** | Тағамның атауын есте сақтауға, тағамды ішу рәсімін жақсы ниетпен қабылдауға бейімдеу. "Кешкі асты таза ішуге, әдепті бала болуды үйренеміз". **(сөйлеуді дамыту, мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | | |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(дербес әрекет, сөйлеуді дамыту, мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | | |
| **Серуен** | **"Жапырақтар" қимылды жаттығуы.** Педагог балаларды шеңберге жинап, балаларға бір жапырақтан ұстатып, өлеңнің мәтініне сай қимылдарды көрсетеді. - Қанекей, балалар, жапырақтарды ұстап, менімен бірге қимылдайық. Педагог шеңберде тұрған балаларға | **"Саябаққа шығайық" ойыны.** Мақсат-міндеттері. Балаларды тақпақ сөздерінің ырғағына сай (марш) адымдап басып, жүруді үйрету, жағымды эмоцияларды дамыту. Саябаққа шығайық, жиналайық, Сап-сары жапырақты, теріп алайық, Құстарға қолмен | **"Жалауға жүгір" қимылды ойыны.** Мақсат-міндеттері. Балаларды көрсетілген белгіге (жалауға) қарай жүгіруді үйрету; бұлшық еттерді, кеңістікті бағдарлау қабілетін дамыту. - Балалар, жалаулармен ойнайықшы. түсі үш түрлі жалауды алаңның үш бағытына қадап | **"Қоңырауым қайда?" қимылды ойыны.** Мақсат-міндеттері. Балаларды белгілі бағытта сигнал бойынша жүгіруге жаттықтыру. Педагог балаларға ойынның бастамасын көрсетеді. Қоңырауым қайда? Сыңғырлайды сайда. Кім адаспай тауып алады, Қоңырырауды қолға | **"Біз көңілді баламыз" қимылды жаттығуы.** Мақсат-міндеттері. Балаларды белгілі жаттығуларға еліктей білуге машықтандыру, жаттығулардан жағымды әсер алуға ынталандыру. Біз көңілді баламыз, Қатар-қатар тұрамыз, Көтереміз иықты, Бақылаймыз жан-жақты. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қолдарын жоғары көтеріп, оңға және солға тербелуді, орнында айналуды, жерге шоқайып отыруды, тұруды, қимылдарды қайталауды көрсетеді. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру)** | бұлғап, шақырайық, Шеңберде бірге билеп, айналайық. - Мінеки, балалар, жапырақтар біздің бау-бақшада ұшып жүр, жерге қонып жатыр! Балаларды үстелге ертіп әкеліп отырғызу. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру, көркем сөз)** | қоямын. - Балалар, мына жалаулардың түстерін атайықшы. (Қызыл, сары, көк.) - Жарайсыңдар! - Қазір мен атаған жалауға жүгірейік. Мұқият болыңдар! Педагог үш жалаудың бір түсін кезекпен атап, балаларды сол жаққа бағыттайды. - Қанекей, балалар, түзу тұр! - Қызыл (сары, көк) жалауға жүгір! Педагог балалардың бір-біріне соғылып қалмауын ескертеді, балалардың қауіпсіздігін қадағалайды. **(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру, қоршаған ортамен танысу)** | алады. Балалар жасырынған қоңырауды тауып алып, қолға алып сыңғырлатады. Педагог келесі жолы қоңырауды басқа жерге жасырып қояды. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру, сенсорика, көркем сөз)** | Жүріп-жүріп асықпай, Тез өсеміз, алақай! **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру, көркем сөз)** |

| | |
|---|---|
| **Серуеннен оралу** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуға, өз киімін өздігімен шешуге, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. **(дербес әрекет, мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту)** |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу, сенсорика)**<br>Қиылған суреттерді бір тұтасқа жинау ойындары (2-4 бөлік). **(сенсорика)**<br>Ұяшықтарға пішіндерді салу ойындары. **(сенсорика)**<br>Бауды байлау ойыншықтармен ойындар. **(сенсорика)**<br>Мақсат-міндеттері: қолдың ұсақ моторикасын, ойлау, зейін қабілеттерін дамыту.<br>Музыкалық аспаптармен (сылдырмақтармен) ойындар: 1/2 мөлшері әуеннің ырғағына сай сылдырлатуға бейімдеу. **(музыка)**<br>**"Қайсысы үлкен, қайсысы кішкентай?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды ойыншықтардың арасынан үлкен және кішкентай ойыншықтарды (заттарды) ажыратып, екіге топтастыруға жаттықтыру; үлкен және кішкентай көлемдері туралы ұғымдарды қалыптастыру.<br>Шарты: үлкен және кішкентай ойыншықтарды екі топтамаға жинау.<br>Құралдар: көлемі үлкен және кішткентай ойыншықтар. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, сенсорика, музыка)** |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Әңгімелесу. «Ерте жастағы бүлдіршінге арналған ойыншықтар», «Балаға қоршаған ортадағы заттардың атын атап айтқызу және оған сол заттар туралы сұрақтарды қою ерекшеліктері». |

Тексерілді
Әдіскер : Сабитова З.А. 26.09.22ж
Тәрбиешілер: Байноллаева Б.Т.
Амирбекова А.С.

**ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ**

**Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы) «Балауса –Балғын» бөбекжайы» КМҚК**

**Топ/сынып: «Шуақ» ерте жас тобы**

**Балалардың жасы:1 жастағы балалар**

**Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету) 03.10 - 07.10.2022 ж.**

| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту, сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Әңгімелесу: "Ата-ананың баланың балабақшадағы өтетін тақырыптары туралы хабардар болуының маңызы", "Балаға күз туралы қарапайым тақпақтарды жаттату және жаттығуларды жасату", "Баланың қандай жеміске не көгөніске аллергиясы барын анықтау". | | | | |
| **Балалардың дербес әрекет (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | | | | | |
| | **«Үйде кім тұрады?» дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттері. Баланы әрекетке шақыру, оған оң нәтижелерге қол жеткізуге және көптеген жағымды эмоциялар алуға көмектесу. Жабдықтар мен | **Қияр нақпішіндерімен ойнату.** Мақсат-міндеттері. Балаларға тақпақты айтқызу арқылы қияр туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастыра бастау; жаттығуларды жасау арқылы жағымды эмоцияларға | **"Көгөністер" дамытушы ойыны.** Мақсат-міндеттері. Балаларға көгөністерді айтқызуға ынталандыру, нақ пішіндерін сипаттау арқылы түйсігін дамыту, есте сақтауға баулу. Құралдар: | **"Жемістер" дамытушы ойыны.** Мақсат-міндеттері. Балаларға жемістердің атауын айтуға ынталандыру, нақпішіндерін сипаттау арқылы түйсігін дамыту, есте сақтауға баулу. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді** | **«Пойыз» ойыны** Мақсат-міндеттері. Сөйлеу барысында тыныс алуын дамыту. Құрал-жабдықтар: ойыншық пойыз немесе оның суреті. Тәрбиеші балаға ойыншық пойызды немесе суретті көрсетеді, пойыздың қалай зырылдап |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | материалдар: қағаздан немесе картоннан жасалған үйлер (сары, қызыл, көк, жасыл), әр түске сәйкес келетін 16 карточка (әрқайсына 4 зат: мысалы, сары тауық, қызыл қызанақ, көк қоңырау, жасыл жапырақ). Баланың алдына екі үй қою, мысалы, қызыл және сары түстерге сәйкес келетін барлық карталар. Педагог: «Әр затты және оның түсін атайық, ол тұратын үйді көрсетейік». Үйлердің санын және сәйкесінше карталарды көбейтуге болады. **(қоршаған ортамен** | бөленуге ынталандыру. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)** Көктеп ерте шырмалып, Өсемін мен бұр жарып. Атым – қияр, теріп ал, Жиі - жиі суғарып. | көгөністердің нақ пішіндері. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем сөз, сенсорика)** Міне, дәмді көгөністер, Күзге дейін пісіп өскен: Картоп, пияз, қызанақ, Қияр, орамжапырақ. Педагог: -Тамаша! Жарайсыңдар! | **дамыту, сенсорика, көркем сөз)** Құралдар: жемістердің нақпішіндері. Ал бау-бақшада жемістер, Қызарып, толып піскен: Алхоры, өрік, алма, Алмұрт, апельсин, құрма. | жатқанын еске түсіртеді («У» дыбысын шығарады) және осы дыбысты балаларға ұзақ әрі қатты қайталауды ұсынады. Ойын соңында балалар мен тәрбиеші бөлмеде «пойыз» жасап жүреді. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем сөз, дене шынықтыру)** Пойыз: Ду-ду! Ду-ду! Мен жүремін, Мен жүремін! - деп шулайды, Ал вагондар зулайды. Тақ-тақ-тақ! Тақ-тақ-тақ! Тақ-тақ-тақ! Тақ-тақ-тақ! |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **танысу, сөйлеуді дамыту, сенсорика, көркем әдебиет)** | | | | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **(Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі)**<br>1. Бастапқы қалып: тік тұру, аяқтың арасы алшақ, жалаушалар төменде. Жалаушаларды жоғары көтеру, төмен түсіру (4-5 рет).<br>2. Бастапқы қалып: отыру, аяқтың арасы алшақ, иықтың бойында. Алға еңкею, жалаушалардың таяқшаларын еденге тигізу. Тік тұру, бастапқы қалыпқа оралу (4-5 рет).<br>3. Бастапқы қалып: тізерлеп тұру, жалаушалар екі қолда төменде. Жалаушаларды жоғары көтеріп, онымен оңға (солға) бұлғау, бастапқы қалыпқа оралу (5 рет).<br>4. Бастапқы қалып: тік тұру, аяқтың арасы алшақ, қолдарымыз бүгулі қалыпта, жалаушалар иықтарымыздың бойында. Отыру, жалаушаны алға созу. Тұру, бастапқы қалыпқа оралу (5 рет).<br>**(сөйлеуді дамыту, дербес әрекет, дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңғы ас** | Тамақтану рәсіміне қызығушылықты қалыптастыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем сөзді қайталау)**<br>Ыдыс толы тамағым,<br>Тамағыма қарадым.<br>Тауысып ап асымды,<br>Бүгінгі күн жарадым. | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балалардың жағымды көңіл күйлерін қалыптастыру. Ұйымдастырылған іс-әрекетіне жағымды эмоциялық ахуалда ауысу үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу. **(сөйлеуді дамыту, көркем сөзді қайталау)**<br>"Біз шалқандай өстік".<br>Балаларды шоқайтып отырғызып алып, жаттығуды бастауға болады.<br>Біз шалқандай өстік (орындарынан тұру),<br>Күнге қолды создық (жоғары созылу).<br>Желге қолды бұлғадық (қолдарды бұлғау), | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Қайта жерге отырдық (қайта отыру).<br>Д. Ахметова | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Музыка**<br>"Серуенге шығайық, жапырақтарды жинайық".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Бір ғана ойыншықпен ойнай білуді, қолдың ұсақ моторикасын дамыту, "ки", "шеш", "сақина" сөздерін түсіну, басқа заттармен әрекет етуге тәрбиелеу.<br>**(музыка, сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, сенсорика)** | **Дене шынықтыру**<br>"Аюға қонаққа барамыз"<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға шектеулі зат үстімен жүруді, педагогпен бірге ойын түрінде допты алға қарай итеруді (қол мен аяқтың қимылын алмастыра отырып, алға қарай еңбектеуді), жүргенде тепе-теңдікті сақтауды, ұялшақтықты жеңуге көмектесу, сигнал бойынша әрекет ету дағдыларын дамытуға ықпал ету, балалардың эмоционалды реакциясын және ойын әрекетіне қатысуға ұмтылысты тудырады. | **Дене шынықтыру**<br>"Шуақты шалғында".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға допты екі қолмен педагогке қарай домалатуды үйрету, балаларды төрттағандап (4 м қашықтықта) еңбектеуге жаттықтыру, балалардың бір-біріне соқтығыспай педагогтің соңынан үйір болып жүру және жүгіру дағдыларын бекіту, жаттығуға қызығушылықтарын арттыру және барлығымен біріге жаттығулар жасауға ынталандыру, ептілікке, зейінділікке, төзімділікке баулуға | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу**<br>"Күзгі бояулар"<br>Мақсат-міндеттері.<br>Күз туралы білімді бекіту; адамның жұмысын құрметтеу; бақыт, молшылық сөздерінің мағынасын түсіндіру, сөздік қорын байыту; тілдерін, шығармашылық талғамын, қимыл-қозғалыстарын дамыту.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, сенсорика)**<br>**Дидактикалық ойын**<br>**"Жапырақтарды жинайық"**<br>Мақсат-міндеттері:<br>үш түрлі ағаштың жапырақтарын | **Дене шынықтыру**<br>"Қақпаға дәл көзде"<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға допты домалатуды үйрету, гимнастикалық қабырғаға өрмелеуге жаттықтыру, допты домалату кезінде бағытты ұстануға дағдыландыру, бірге тату ойнауға үйрету.<br>**(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)**<br><br>**Қимылды ойын**<br>**"Мені қуып жет!"**<br>Мақсат-міндеттері:<br>балаларға бір-бірін итермей, топтасып жүгіруді үйрету.<br>Ойын барысы.<br>Педагог орындықта отырған балаларға залдың бір жағынан барып: «Әмір, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **Ойын жаттығуы. «Допты домалату». (сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттері. Балаларға допты жерде жатып домалатуды үйрету, ептілікке дағдыландыру. Балалар кілемге бір-бірінің қасына отырады. Педагог өз қолындағы добын жерде итеріп көрсетеді. Әр бала допты 2-3 рет домалатады. | талпындыру. **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу)** Қимылды ойын. «Аюмен ойнайық». Мақсат-міндеттері. Балаларды белгі бойынша әрекет етуге, бүкіл топпен бір уақытта алға қарай жүгіруге жаттықтыру. Ойын барысы: Педагог: - Қазір аюмен ойнаймыз. Бұл Аюдың үйі болады. Ол ұйықтап қалды. Біз құстар сияқты ұшайық. (көңілді аудиожазба) - Ой, аю оянып кетті! Құстар ұяларына қарай ұшыңдар! Аю тағы ұйықтап қалды, | сыртқы пішіндеріне қарай бөліп жинау. Балалар жапырақтарды үш түрге бөліп, үш себетке жинайды. Педагог: - Балалар, күз ханшайымының орманын жинастырып берейік. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру, сенсорика)** | Сәбирә, Миша мені қуып жет!»- деп айтады. Аттары аталған балалар орындарынан тұрып педагогті қуалайды. Педагог біраз жүгіріп өзін қуып жеткізеді. Қайталап ойнаған сайын, ойыншылар саны көбейеді. Ойынның соңында барлық балалар педагогті қуып жетеді. **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | ұшуға болады, абай болыңдар! Ол ешкімді ұстай алмады.<br>Педагогтің қалауы бойынша «Мен сені қазір қуып жетемін» музыкалық ойынын ойнауға болады.<br>**(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу)** | | |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **Құстарды бақылау (қарға, көгершіндер, торғайлар).**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға құстардың атауларын, дене көлемін дұрыс айтуды; құстардың қимылдарын сөзбен сипаттап айтуды және іс-әрекетпен | **Желді бақылау.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды жапырақтарға қарап, желдің болғанын байқауды үйрету; байқағыштыққа, зеректікке тәрбиелеу. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, сенсорика)**<br>**Саябаққа күз келсе,** | **Аула сыпырушыны бақылау**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға сыпырушы қызметі туралы түсініктер беру.<br>Оның іс-әрекетін сөзбен айтуды, еңбек құралдарын таныстыру.<br>Педагог:<br>- Не істейді: | **Гүлдерді бақылау**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Гүлзарлардағы гүлдерді бақылау.<br>Гүлдер әдемі, нәзік, иісі бар, түрлі түсті, үлкенді-кішілі.<br>Гүлдерден гүл шоқтарын жасауға болады. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** | **Ағаштарды бақылау.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды қоршаған ортадағы ағаштармен таныстыру, ағаштардың сары жапырақтары желпілдеп, жайқалып жатқанын байқату; зейінін, ойлау қабілеттерін дамыту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | көрсетуді үйрету.<br>Педагог:<br>- Құстар не істейді: ұшу, ағаш бұтақтарына отыру, секіру, түйіршіктер, ұсақ тастар. Құстарда не бар: тұмсық, қауырсын, қанат, көз, аяқ. Қарға үлкен, маңызды. Торғай кішкентай, жылдам. Көгершін үлкен, сабырлы. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру)**<br><br>**Қимылды ойын «Мені қуып жетіңдер!»**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалар бөлменің бір қабырғасын бойлай қойылған орындықтарды немесе алаңда отырады. Тәрбиеші: | Жел дамылсыз соғады.<br>Тыным бермей ешкімге,<br>Жұлқылайды бәрінде.<br><br>Үзіп жатыр,<br>Жұлып жатыр<br>Барлық сары жапырақты.<br>Д. Ахметова<br><br>**"Бау-бақшаға барайық" қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды бір бағытта жүріп, бағыт бойынша бұрылып, айтылған сөздерге сай еліктеу қимылдарды жасауға ынталандыру.<br>Педагог тақпақты бастайды, балаларды өзімен бірге бағыттайды. | жапырақтарды жинайды, жолдарды сыпырады, қоқыстарды жинайды.<br>Сыпырушының қолында не бар (сыпырғыш, тырма, қоқыс себеті).<br>**(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)**<br><br>**Қимылды ойын. «Күн мен жаңбыр».**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың сигнал бойынша қозғалу қабілетін дамыту.<br>- Күн жарқырап тұр, балалар серуендеп бара жатыр.<br>- Күн жасырынды, жаңбыр жауа бастады, балалар үйлеріне кіріп жатыр (қолдарын төбеге | **Аз қимылды ойын. «Көкөністер мен жемістер».**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Көкөністер мен жемістер (еңкею, еденге қолды тигізу (бақша)<br>Дәмді тағам. (іштерін оң қолымен, содан кейін сол қолымен сипау)<br>Бақта (еңкею, еденге қолды тигізу (жинау)<br>Бақшада (тұру, қолдарын созу (жинау)<br>Мен оларды табамын. (іштерін оң қолымен, содан кейін сол қолымен сипау)<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру, қоршаған ортамен танысу, көркем әдебиет)** | Жанымызда биік ағаштар,<br>Бұталарында жапырақтар.<br>Ағаштар тік тұрады, қозғалмайды,<br>Жапырақтарымен бізге бұлғайды.<br>- Балалар, ал қазір ағаштардың жапырақтарына не болды?<br>- Иә, жапырақтар сарғайды, жерге түсті.<br>- Күзде біз жеміс ағаштарынан піскен алманы жинаймыз.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру, көркем сөз)**<br><br>**"Алмалар шашылды" қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | «Мені қуып жетіңдер!» - дейді де алаңның қарсы жағына жүгіреді. Балалар тәрбиешінің соңынан жүгіріп, оны ұстауға тырысады. Одан кейін тәрбиеші тағы да: «Мені қуып жетіңдер!» - дейді де қарсы жаққа қарай жүгіреді, балалар оны қайтадан қуалайды. Екі рет жүгіргеннен кейін балалар орындықтарға отырып демалады. Одан кейін ойын қайта басталады. Ойынды шағын топпен өткізген дұрыс. Балалардың бір тобы ойнап жатқан кезде екінші тобы қарап тұрады, одан кейін балалар рөлдерімен ауысады. | **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру)** Бау-бақшаға барайық (сап түзеп, әндету), Жан-жаққа қарайық (қолды белге қойып, екі жаққа денемен бұрылу). Жұлып алып алманы (екі қолды жоғары созу, аяқ ұшына тұру), Қорапшаға салайық (отыру, қайта тұру). Д. Ахметова | қояды). **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыруғ көркем әдебиет)** | | Балаларды көркем сөзге жағымды эмоцияналды жауап беруге және белгілі сөздерден кейін (сигнал тәрізді) жан-жаққа жүгіруге талпындыру; алманың жеміске жататынын, күзде пісетіні туралы ұғымдар қалыптастыру. - Балалар, күзде жеміс ағаштарында, бау-бақшада алмалар да піседі. - Қанекей, піскен алмаларды жинайық. Педагог балаларды өзімен бірге ертіп жүріп, бір бағытта жүргізіп, белгілі сигнал сөздерінен кейін балаларға жан-жаққа жүгіруді ұсынады, алманы тергенді көрсетеді, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру)** | | | | балалар еліктейді, тоқтап, шоқайып отырып, қайта тұрып, ары қарай бағыттайды. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру)** Алма бақта көп алма, Қызыл алма, көк алма. Күз келді, тез жинаңдар, Кеш қалып қалмаңдар. Д. Ахметова |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйемен шешуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. **(дербес қимыл әрекеті)** | | | | |
| **Түскі ас** | Алдына қойған асқа назар аудартy; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай туғызу. | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары** | Ауа ванналары. **(дене жаттығулары мен дене белсенділігі)**<br>Алғашқы мәдени-гигиеналық әрекеттерді жасауға қызықтыру.<br>"Мөлдір су" (орыс тілінен аударма).<br>Мөлдір су, мөлдір су!<br>Сен менің бетім жу. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Отты көзім ойнасын,<br>екі бетім жайнасын.<br>Күлкі кетпей ернімнен,<br>Тісім тастан таймасын!<br>Х. Ерғалиев, М. Әлімбаев | | | | |
| **Бесін ас** | Алдына қойған асқа назар аудару; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **«Ашу - жабу» жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың эмоциясын жақсарту; жағымды көңіл күймен бөлісу мүмкіндігін жасау.<br>Жабдықтар мен материалдар: әртүрлі типтегі бекіткіштері бар тұрмыстық заттар жиынтығы (әмиян, қол сөмкелер, қораптар).<br>Кішкентай ойыншықтарды қораптарға салу, оларды бекіту (жабу), содан кейін балаға қорапты ашып, | **"Көгөністер" дамытушы ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға көгөністердің атауларын атауға ынталандыру, нақпішіндерін сипату арқылы түйсігін дамыту, есте сақтауға баулу.<br>Құралдар: көгөністердің нақпішіндері.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, сенсорика, көркем сөз)**<br>Міне, дәмді көгөністер,<br>Күзге дейін пісіп | **«Себеміз, құямыз» дамытушы жаттығуын жасау.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Сусымалы материалдарды әртүрлі құрылғылардың көмегімен құюды, қазуды, араластыруды үйрету. Баланы шелектегі құмды қасықпен жинауға, оны шелектен қалыптарға құюға, жарманы ыдыстан саптаяққа қасықпен немесе шөмішпен салуды жаттықтыру.<br>Балаға қолындағы | **«Пойыз» ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Сөйлеу кезінде дұрыс тыныс алуын дамыту.<br>Құрал-жабдықтар: ойыншық пойызы немесе суреті.<br>Тәрбиеші балаға ойыншық пойызды немесе суретті көрсетеді, пойыздың қалай зырылдап бара жатқанын еске түсіртеді («У» дыбысын шығарады) және осы дыбысты балаларға ұзақ әрі қатты қайталауды ұсынады. Ойын соңында балалар мен | **"Жемістер" дамытушы ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға жемістерді айтқызуға ынталандыру, нақпішіндерін қолмен сипату арқылы түйсігін дамыту, есте сақтауға баулу.<br>Құралдар: жемістердің нақпішіндері.<br>Ал бау-бақшада жемістер,<br>Қызарып, толып піскен:<br>Алхоры, өрік, алма,<br>Алмұрт, апельсин, құрма. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ойыншықтарды алуғды үйрету. **(сөйлеуді дамыту, қоршагн ортамен танысу, сенсорика, дербес әрекет)** | өскен: Картоп, пияз, қызанақ, Қияр, орамжапырақ. - Тамаша! Жарайсыңдар! | қасықты ұстауға көмектесу, құм баланың көзіне де, аузына да кіріп кетпеуін қадағалау. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, сенсорика)** | тәрбиеші бөлмеде «пойыз» жасап жүреді. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру, көркем сөз)** **Музыка** Музыка жетекшісінің жоспары бойынша | **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, сенсорика)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **"Көгөністер" дамытушы ойыны.** Мақсат-міндеттері. Балаларға көгөністерді айтқызуға ынталандыру, нақпішіндерін қолмен сипату арқылы түйсігін дамыту, есте сақтауға баулу. Құралдар: көгөністердің нақпішіндері. **(сөйлеуді дамыту,** | **«Бақшада сәбіз өсті» аз қимылды ойын** Мақсат-міндеттері. Балаларды мәтінге сәйкес қимылдар жасауды үйрету, жағымды эмоцияларды дамыту. **(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру, көркем сөз)** Өсіретін бойыңды, Дамытатын ойыңды, Қоянға да азықпыз – | **Тақпақты мәнерлеп оқу. (сөйлеуді дамыту, көркем сөз, қоршаған ортамен танысу)** Ұшты талдан жапырақ Сары көбелек секілді. Аспанда жай шатырлап, Тамшы жерде секірді. М. Әлімбаев | **"Жемістер" дамытушы ойыны.** Мақсат-міндеттері. Балаларға жемістерді айтқызуға ынталандыру, нақпішіндерін сипату арқылы түйсігін дамыту, есте сақтауға баулу. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, сенсорика, мүсіндеу)** Құралдар: жемістердің | **Қияр нақпішіндерімен ойнату.** Мақсат-міндеттері. Балаларға тақпақты айтқызу арқылы қияр туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастыра бастау; жаттығуларды жасау арқылы жағымды эмоцияларға бөленуге ынталандыру. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **қоршаған ортамен танысу, сенсорика, мүсіндеу, көркем сөз)**<br>Міне, дәмді көгөністер,<br>Күзге дейін пісіп өскен:<br>Картоп, пияз, қызанақ,<br>Қияр, орамжапырақ.<br>-Тамаша!<br>Жарайсыңдар! | Сәбіздерміз жазықсыз. | | накпішіндері.<br>Ал бау-бақшада жемістер,<br>Қызарып, толып піскен:<br>Алхоры, өрік, алма,<br>Алмұрт, апельсин, құрма. | **танысу, көркем сөз, сенсорика, мүсіндеу)**<br>Көктеп ерте шырмалып,<br>Өсемін мен бүр жарып.<br>Атым – қияр, теріп ал,<br>Жиі - жиі суғарып. |
| **Кешкі ас** | Тағамның атауын есте сақтауға, тағамды ішу рәсімін жақсы ниетпен қабылдауға бейімдеу. "Кешкі асты таза ішуге, әдепті бала болуды үйренеміз". **(мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. **(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ қол моторикасын дамыту)** | | | | |
| **Серуен** | **Қимылды ойын «Мені қуып жетіңдер!»**<br>Мақсат-міндеттері. Балалар бөлменің бір қабырғасын бойлай қойылған орындықтарды немесе алаңда отырады. Тәрбиеші: «Мені қуып | **"Бау-бақшаға барайық" қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды бір бағытта жүріп, бағыт бойынша бұрылып, айтылған сөздерге сай еліктеу қимылдарды жасауға ынталандыру. | **Қимылды ойын. «Күн мен жаңбыр».**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың сигнал бойынша қозғалу қабілетін дамыту.<br>- Күн жарқырап тұр, балалар серуендеп бара жатыр.<br>- Күн жасырынды, жаңбыр жауа | **Аз қимылды ойын. «Көгөністер мен жемістер».**<br>Мақсат-міндеттері. Көгөністер мен жемістер (еңкею, еденге қолды тигізу (бақша)<br>Дәмді тағам. (іштерін оң қолымен, содан кейін сол қолымен | **"Алмалар шашылды" қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды көркем сөзге жағымды эмоцияналды жауап беруге және белгілі сөздерден кейін (сигнал тәрізді) жан- |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жетіңдер!» - дейді де аланның карсы жағына жүгіреді. Балалар тәрбиешінің соңынан жүгіріп, оны ұстауға тырысады. Одан кейін тәрбиеші тағы да: «Мені қуып жетіңдер!» - дейді де карсы жакка карай жүгіреді, балалар оны кайтадан куалайды. Екі рет жүгіргеннен кейін балалар орындықтарға отырып демалады. Одан кейін ойын кайта басталады. Ойынды шағын топпен өткізген дұрыс. Балалардың бір тобы ойнап жатқан кезде екінші тобы қарап тұрады, одан кейін балалар рөлдерімен ауысады. **(сөйлеуді дамыту,** | Педагог тақпақты бастайды, балаларды өзімен бірге бағыттайды. **(сөйлеуді дамыту, коршаған ортамен танысу, дене шынықтыру)** Бау-бақшаға барайық (сап түзеп, әндету), Жан-жакка карайық (колды белге қойып, екі жакка денемен бұрылу). Жұлып алып алманы (екі колды жоғары созу, аяқ ұшына тұру), Қорапшаға салайық (отыру, кайта тұру). Д. Ахметова | бастады, балалар үйлеріне кіріп жатыр (колдарын төбеге кояды). **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыруғ көркем әдебиет)** | сипау) Бақта (еңкею, еденге колды тигізу (жинау) Бақшада (тұру, колдарын созу (жинау) Мен оларды табамын. (іштерін оң колымен, содан кейін сол колымен сипау) **(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру, коршаған ортамен танысу, көркем әдебиет)** | жакка жүгіруге талпындыру; алманың жеміске жататынын, күзде пісетіні туралы ұғымдар калыптастыру. - Балалар, күзде жеміс ағаштарында, бау-бақшада алмалар да піседі. - Қанекей, піскен алмаларды жинайық. Педагог балаларды өзімен бірге ертіп жүріп, бір бағытта жүргізіп, белгілі сигнал сөздерінен кейін балаларға жан-жакка жүгіруді ұсынады, алманы тергенді көрсетеді, балалар еліктейді, токтап, шоқайып отырып, кайта тұрып, ары карай бағыттайды. **(сөйлеуді дамыту,** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру)** | | | | **қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру)**<br>Алма бақта көп алма,<br>Қызыл алма, көк алма.<br>Күз келді, тез жинаңдар,<br>Кеш қалып қалмаңдар.<br>Д. Ахметова |
| **Серуеннен оралу** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуға, өз киімін өздігімен шешуге, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. **(дербес қимыл әрекеті)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу)**<br>Қиылған суреттерді бір тұтасқа жинау ойындары (2-4 бөлік). **(сенсорика)**<br>Ұяшықтарға пішіндерді салу ойындары. **(сенсорика)**<br>Бауды байлау ойыншықтармен ойындар. **(сенсорика)**<br>Мақсат-міндеттері: балалардың ұсақ қол моторикасын, ойлау, зейін қабілеттерін дамыту.<br>Музыкалық аспаптармен (сылдырмақтармен) ойындар: 1/2 мөлшері әуеннің ырғағына сай сылдырлатуға бейімдеу. **(музыка)**<br>**"Жемістер" дамытушы ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға жемістерді айтқызуға ынталандыру, нақпішіндерін сипату арқылы түйсігін дамыту, есте сақтауға баулу. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, сенсорика, көркем сөз)**<br>Құралдар: жемістердің нақпішіндері.<br>Ал бау-бақшада жемістер,<br>Қызарып, толып піскен: | | | | |

| | |
|---|---|
| | Алхоры, өрік, алма,<br>Алмұрт, апельсин, құрма. |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Әңгімелесу. "Ата-ананың баланың балабақшадағы өтілген тақырыптары туралы хабардар болуының маңызы", "Балаға күз туралы карапайым такпактарды жаттату және жаттығуларды жасату", "Баланың қандай жеміс не көгөніске аллергиясы барын анықтау". |

Тексерілді
Әдіскер : Сабитова З.А. 03.10.22ж
Тәрбиешілер: Байноллаева Б.Т.
Амирбекова А.С.

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

**Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы) «Балауса-Балғын» бөбекжайы» КМҚК**

**Топ/сынып: «Шуақ» ерте жас тобы**

**Балалардың жасы**:**1 жастағы балалар**

**Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)**: **26.10 - 28.10.2022 ж.** 22.10.22ж

| Апта күндері | *Сенбі* | *Дүйсенбі* | *Сейсенбі* | *Сәрсенбі* | *Бейсенбі* | *Жұма* |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Әңгімелесу: "Баланың тәбетін ашу үшін не істеу керек?", "Табиғи азық-түлік және баланың денсаулығы", "Дәрумендер жемістерде ғана бола ма?" | | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | "Табиғат бұрышы" Мақсат-міндеттері. Табиғат бұрышындағы балықтарға жем беру үлгісін көрсету; балықтардың дене қимылына, қоректену тәсілдеріне көңіл аудару; бақылағыштыққа тәрбиелеу. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** | **(24 қазан 22 қазан сенбіге ауыстырылады)** | **25 қазан - Республика күні.** | "Ойыншық бұрышы" Мақсат-міндеттері. Ойыншық бұрышының шаңын сүрту әрекетіне көңіл аудару, қолмен шүберекті ұстап, сөрелердің үстімен жүргізуді көрсету, тазалықтың маңызы туралы түсіндіру. **(дербес әрекет, сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | "Үстел ойыны" Мақсат-міндеттері. Үстел ойындары бұрышында сөренің шаңын сүрту және ойыннан кейін заттарды орнына салудың үлгісін көрсету; ойыншықтармен ойнағанда тазалықты сақтау туралы түсіндіру. **(сөйлеуді дамыту, дербес әрекет)** | "Табиғат бұрышы" Мақсат-міндеттері. Табиғат бұрышындағы өсімдіктерге көңіл аудару, фикус жапырақтарының жалпақ, үлкен, бетінің тегіс болуын бақылау. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** |
| | **"Жүк көлігі не әкелді? дамытушы ойыны.** Мақсат-міндеттері. | | | **Саусақ жаттығуы.** Мақсат-міндеттері. Баланың тілін, қолдың моторикасын, есте | **«Көбелек» ойыны** Мақсат-міндеттері. Балаларды жүгіруге, зейін қойып | **Қуыршақ ойыншығымен ойнату.** Мақсат-міндеттері. Балаларға қуыршақ ойыншығын әлдилету |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | Баланың дүниетанымын кеңейту, заттарды атауға ынталандыру.<br>Педагог ойыншық жүк көлігімен түрлі заттарды әкелу. Бала оны атайды, түсін пішінін атап, ойнау үшін қолына алады.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)**<br>Бұл ненің дыбысы?<br>Бұл ненің жүрісі?<br>- Биіп-биіп!<br>Абайлаңдар, балалар!<br>Шанағымда сендер үшін сыйлықтар бар!<br>Д. Ахметова<br>- Балалар, жүк көлігі не әкелді? | | | сақтау қабілетін дамыту; жағымды эмоцияларға бөлене білу қабілетін қалыптастыру.<br>Х. Ерғалиев, М. Әлімбаев "Сен қайда бардың? (орыс халқының тақпағы)<br>- Бармақтай балғын!<br>Сен қайда бардың?<br>- Мына бауырыммен<br>Орманға бардым,<br>Мына бауырыммен<br>Іштім де кеспе,<br>Мына бауырыммен<br>Доп-ботқа жескем,<br>Мына бауырыммен<br>Ән салдым кеште.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | тыңдауға және сигнал бойынша әрекеттерді орындауға жаттықтыру.<br>Құрал-жабдықтар: екі-үш ашық түсті қағаз көбелектер (ұзындығы 50 см жіпті әр көбелекке байлап, сымға бір-бірінен 30 см қашықтықта бекітеді. Сымды көбелектер бір деңгейде ілулі болатындай етіп екі бағанның арасына тартады).<br>Бала орындыққа отырады, ал тәрбиеші: «Қараңдаршы, балалар, көбелектер қандай әдемі: қызыл, сары, көк. Олардың саны өте көп. Олар тірі! Біздің көбелектеріміз қалай ұшатынын көрейік. (Көбелектерге | арқылы балаға алғашқы әлеуметтік қатынастар үлгісін көрсету, эмоционалдық жауап жасауға ынталандыру.<br>**(сөйлеуді дамыту, музыка, көркем әдебиет)**<br>С. Әлімқұлов "Әлди, әлди!"<br>Әлди, әлди!<br>Әлди, әлди, бөпешім,<br>Ән сап берем, келе ғой.<br>Жыламашы, көкешім,<br>Жұбатқанға көне ғой.<br>Ұйқың келсе, бөлейін,<br>Тербетейін есікке,<br>Қаз-қаз басшы, көрейін,<br>Барып келші есікке" |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | үрлеу.) Қарандаршы, балалар, ал енді ұшайық! Сен де үрлеп көр! Қай көбелек ұзаққа ұшып кетеді?» **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **(Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі)**<br>1. «Қанат қағып қарлығаштай» жаттығуы.<br>Бастапқы қалып – аяқты сәл алшақ қойып, қолдарын төмен түсіріп тұрады.<br>1 – "Қолымызды созайық" деп қолдарын асықпай алдыға созып айқастыру;<br>2 – "Қарлығаштай қанатты артқа қағайық" деп артына созып айқастыру;<br>3 – "Биікке қанат қағайық" деп жоғары көтеріп айқастыру;<br>4 – "Ақырын жерге қонайық" деп алдыға еңкейіп, қолдың білезігін сілкілеу (3 рет).<br>2. «Сағат тіліндей қозғалайық».<br>Бастапқы қалып – аяқты сәл алшақ қойып, қолдарын төмен түсіріп тұрады. "Қозғалып сағат тіліндей" деп төмен еңкею, "Қанат қағайық оң жаққа" сөзімен денені оң жаққа, "Қанат қағайық сол жаққа" деп сол жаққа, содан кейін "Қанат қағайық тоқтамай" деп денені кезек-кезек үздіксіз қозғау. Әр жаққа 2 реттен қозғап, жаттығуды орындау.<br>3.«Билетейік аяқты» жаттығуы.<br>Бастапқы қалып – аяқты сәл алшақ қойып, қолдарын төмен түсіріп тұрады. "Билетейік аяқты" сөзімен екі аяқты кезек алға қою. Әр жаққа 2 реттен жаттығуды орындау.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)** | | | | | |
| **Таңғы ас** | Тамақтану рәсіміне деген қызығушылықты қалыптастыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем сөзді қайталау)**<br>***"Дана ботқаны жемейді".***<br>Дана ботқа жемейді,<br>«Тауыса алмаймын,» - дейді.<br>Дана, басқалардан қалма,<br>Ананның мазасын алма.<br>Қане, қасықты ұстайық, | | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | Дəмді ботқаны таусайық.<br>(Д. Ахметова) | | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-əрекетке дайындық** | Балалардың жағымды көңіл күйлерін қалыптастыру. Ұйымдастырылған іс-əрекетіне жағымды эмоциялық ахуалда ауысу үшін бəсеңдеу дыбыста салмақты əуенжазбасын қосу. **(мəдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем сөзді қайталау)**<br>- Не əкелдің, жомарт күз?<br>- Бір қап көгөніс.<br>- Не əкелдің, жомарт күз?<br>- Дəмі тəтті жеміс.<br>- Не əкелдің, жомарт күз?<br>- Саңырауқұлақ пен жаңғақ.<br>- Не əкелдің, жомарт күз?<br>- Суық жел əкелдім,<br>Алтын жапырақ<br>Жаңбырды төктім,<br>Бүкіл алқаптан өттім.<br>Абайлаңдар! Қысқа дайындалыңдар!<br>(Д. Ахметова) | | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-əрекет** | **Сөйлеуі дамыту**<br>Дидактикалық ойын "Ғажайып қап".<br>Мақсат-міндеттері. Қаптан шығарылған ойыншыққа (суреттерге) қарап, олардың атауын атауға талпындыру.<br>Шарты: педагог заттарды кезегімен шығарып жатады, атауын атайды. Балалар затқа | | | **Дене шынықтыру**<br>"Біз мергенбіз".<br>Мақсат-міндеттері. Балаларда жағымды эмоционалды көңіл күй қалыптастыру; балаларды таспа (лента) арқаннан екі аяқпен алға секіруге жаттықтыруды жалғастыру; көлденең нысанаға тура лақтыру, белгіге əрекет жасау қабілеттерін | **Музыка**<br>"Құстар қалай шиқылдайды?"<br>Мақсат-міндеттері. "Əлди-əлди" əуеніне баланың эмоциалды, жағымды əсер алуын қалыптастыру. Дауысты біркелкі, əндетіп шығаруға үйрету, сөздің екпінді буындарын созып айтуға үйрету. | **Дене шынықтыру**<br>"Доптарды лақтыруды үйренейік"<br>Мақсат-міндеттері. Баланы берілген бағытта затты қатты итеруге немесе лақтыруға үйрету; бастың артынан қашықтыққа лақтыруға үйрету; допты екі қолмен кеудеден төмен жəне алға лақтыру қабілетін жетілдіру, лақтыру қабілеттерін кеңейту; дененің, қолдың жəне саусақтың бұлшықеттерін дамыту; |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | қарағанда қызығушылықтары оянады, педагогтің соңынан заттың атауын атауға тырысады.<br>- Қарандаршы, балалар, бізде әдемі қап бар.<br>- Мынау қап. Бұл қапта не бар?<br>Қапта аю, доп, гүл, құс, ағаш болады.<br>Педагог қаптан ойыншықтарды бір-бірден алып таныстырады.<br>Педагог қаптан шығаратын заттардың атауын дауыстап айтады. Балалар заттардың атауын педагогтің соңынан қайталайды.<br>- Мынау не?<br>- Аю.<br>(Балаларға сөзді қайталап айтқызу.)<br>- Аю қалай жүреді?<br>(Балалар аюдың жүрісін көрсетеді.) | | | қалыптастыру; ептілікті дамыту; тәуелсіздікке, достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу.<br>Қимылды ойын «Торғайлар». **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)**<br>Мақсат-міндеттері. Бір орында және әртүрлі бағытта қозғалып секіруді үйрету.<br>Балалар торғай болып ойнайды. Торғайлар ұяларында отырады. Олар ұйықтап жатыр.<br>Педагог:<br>- Торғайлар ұяда тіршілік етеді. Олар таңмен ерте тұрады. Балаларға ұйқы бермейді.<br>Балалар (торғайлар) көздерін ашып, дауыстайды: «Шиқ-шиқ, шиқ-шиқ!».<br>«Барлық торғайлар көңілді секіреді» деген сөздерден кейін балалар (торғайлар) | Қимылдардың нақты көрсету шеберлігін дамыту. Өзін еркін ұстауға тәрбиелеу.<br>Құстар туралы түсінік беру.<br>**(музыка, дене шынықтыру)**<br>- Балалар, мен бүгін сендерге музыкалық жұмбақтарды жасырамын.<br>Музыканы ойнаймын, ал сендер өздерін қандай музыка, қандай ән екенін тауып айтасыңдар.<br>(Педагог өтілген музыкалық шығармаларды аспапта немесе грамжазбада ұсынады, балалар жауап беру керек)<br>- Тыңдаймыз! 1- ("Әлди-әлди" орындайды)<br>Балалар жауаптарын айтады.<br>- 2- "Бала-бала, | лақтыру кезінде ептілік пен дәлдік дағдыларын дамыту.<br>**(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)**<br>Қимылды ойын. «Допты ұстап ал».<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды педагог лақтырған допты ұстап алып, оны кері лақтыруға жаттықтыру.<br>Ойын барысы.<br>Балаға қарама-қарсы 1,5-2 м қашықтықта ересек адам тұрады. Ол допты балаға лақтырады, бала допты кері қайтарады. Осы уақытта педагог: «Ұста, лақтыр, құлап қалма!» сөздерін айтады. Допты лақтырғанда осы сөздерді айтады. Бала допты ұстап, оны қайта лақтырып үлгеруі үшін сөздерді баяу айту керек. Ұстау мен лақтыру дағдыларын игерген кезде бала мен педагог арасындағы қашықтықты арттыруға болады. Екі бала допты бір-біріне лақтырғанда, оны ұстап алғанда кеудесіне баспауын педагог қадағалайды.<br>**(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** |

| | дамыту, қоршаған | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | - Жарайсыңдар,<br>балалар!<br>- Мынау не?<br>- Гүл.<br>(Сөзді қайталау.)<br>- Гүл әдемі.<br>(Сөз тіркесін<br>қайталау.)<br>- Мынау не?<br>- Ағаш.<br>(Сөзді қайталау.)<br>- Ағаш қалай<br>қозғалады?<br>(Балалар<br>орындарынан тұрып,<br>екі қолды жоғары<br>көтеріп, жан-жаққа<br>сермейді.)<br>- Мынау не?<br>- Доп. Доп секіреді.<br>- Қане, балалар,<br>бәріміз секіреміз!<br>- Мынау не?<br>- Құс. Құс ұшады.<br>(Балалар, екі қолды<br>құстың<br>қанаттарындай<br>жайып, құс болып<br>ұшады.)<br>- Жарайсыңдар,<br>балалар! (сөйлеуді | | | орындарынан тұрып,<br>алаңда әртүрлі бағытта<br>қозғалып, екі аяғымен<br>секіреді.<br>Педагогтің:<br>- Торғайлар секіргісі<br>келмейді. Олар ұяға<br>жылдам ұшып кетті.<br>Торғайлар<br>орындықтарына<br>отырады. Педагог<br>жақсы секірген және өз<br>орнына бірінші оралған<br>балаларды атайды.<br>Ойын жалғасады. | балапан" әнді<br>орындайды.<br>- 3- "Қамажай" әуені.<br>- 4- "Жапырақтар"<br>әнін орындайды.<br>(әрбір аталған<br>шығармадан кейін<br>оны бірге<br>орындайды.)<br>Педагог:<br>- Жарайсыңдар,<br>балалар! Барлық<br>әуендерді тауып<br>дұрыс жауап<br>бердіңдер! Тамаша!<br>Ойын "Торғайлар<br>мен мәшине".<br>Мақсатміндеттері.<br>Белгі берілгенде<br>алаңда еркін<br>қозғалуды үйрету.<br>Педагог:<br>- Балалар, бізге әдемі<br>құс ұшып келіпті.<br>Бұл торғай ғой!<br>- Балалар, "Торғай<br>мен мәшине"<br>ойынын ойнайық.<br>Ойынның шарты:<br>"Мәшине" боп бір<br>бала шығарылады. | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| • | **дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | | | | Қалған балалар торғайлар болады. Педагог: - Мен сендерге:"Торғайлар ұшады!" дегенде, "торғайлар" ұшып жүреді." Сигнал естілгенде "Мәшине" - бала шығып торғайларды қуады. Торғайлар ұшып өз орындарына барып отырады. Ойын бірнеше рет қайталанады. **(дене шынықтыру, қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** | |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | | |
| **Серуен** | **Аула тазалаушының еңбегін бақылау.** Мақсат-міндеттері. Балаларды аула тазалаушының еңбегімен таныстыру; аулада сары жапырақтарды | | | **Желді бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, көркем сөз, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттері. Балаларды, жапырақтарға қарап, желдің болғанын | **Күнді бақылау.** Мақсат-міндеттері. Балаларды күннің аспанда орналасуын және жарқырағанын байқап, жылу мен жарықты беруі туралы айтылып | **Топырақты бақылау.** Мақсат-міндеттері. Балаларға топырақтың дымқыл не құрғақ болғанын көрсету, құрғақ жермен жүруді ұсыну. Педагог дымқыл топыраққа табанын басып, балаларға табанға балшықтың |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | сыпырғышпен күрекпен тазалау ісін байқату;<br>еңбекқорлыққа баулу.<br>"Көше тазалаушы".<br>- Таныссың ба, бала,<br>менің ісіммен,<br>Көшелерді сыпыратын кісі мен.<br>Қалған-құтқан нәрселерді жұғымсыз<br>Сыпырғышым сыпырады тынымсыз.<br>Ескі-құсқы шүберекті, сүйекті,<br>Қораптарды, түймелерді, тиекті.<br>Шиқылдаған екі жақты арбамен<br>Апарам да аударамын орға мен.<br>Қ. Мырзалиев.<br>**"Жүрейік" қимылды жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды саппен, бір-біріне соғылмай, белгілі бағытта ырғақпен марш басып жүру дағдысын | | | байқауға үйрету; байқағыштыққа, зеректікке тәрбиелеу.<br>- Саябаққа күз келсе,<br>Жел дамылсыз соғады.<br>Тыным бермей ешкімге,<br>Жұлқылайды бәрін де.<br>Үзіп жатыр,<br>Жұлып жатыр<br>Барлық сары жапырақты.<br>Д. Ахметова<br>**"Қаздар" қимылды ойыны.**<br>Мақсаты. Балаларды көркем сөз мәтінін мұқият тыңдап, белгілі сигнал сөзін естіген кезде, бір бағытта, бір-біріне соғылмай, жүгіруге үйрету; жүгіргенде қолдарын жан-жаққа бұлғап, қаздың қимылын қайталауға ынталандыру; айтылған сөздер мен жаттығудан жағымды әсер алуға баулу.<br>Педагог балаларға | жатқанда қолдарын жайып, жоғары созып, жағымды эмоцияларға бөленуге ынталандыру; күн туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастастыру. **(қоршаған ортамен танысы, дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)**<br>Педагог балаларға қимылдарды көрсетіп жатады, балалар соңынан қайталайды.<br>Алтын күнге ұқсайық,<br>Қолдарды, кел, созайық.<br>Қолдарымыз - шуақтар,<br>Жайылады жан-жаққа.<br><br>**"Бүршақтар" қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды бір | жабысатынын көрсетуі мүмкін.<br>- Балалар, біз дымқыл жерді басып жүрсек, табанымыз кірленеді. Абайландар! Құрғақ жермен жүрейік.<br>- Балалар, топырақта індер болады. Інде нелер жысырынды? **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, сенсорика)**<br><br>**"Кім тыныш?" қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды бір бағытта тыныш жүру әдебіне үйрету, аяқтың табанын толық басып және аяқтың ұшымен жүріп қимылдау дағдыларын қалыптастыру; сигналға сай қозғалуға ынталандыру.<br>- Балалар, қазір аяқтарымызды нық басып, менің соңымнан сайға қарай жүрейік.<br>Сайға қарай адымдаймыз,<br>Түрлі дыбысты тыңдаймыз.<br>Көрейік. Бұл қай бұрыш?<br>Тыңдайық. Тыныш ... Тыныш ...<br>- Қанекей, аяқ ұшымен тыныш жүрейік ...<br>- Бұл жақта не бар екен? |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | қалыптастыру, достыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу.<br>- Жүрейік, жүрейік,<br>Қолды көкке сермейік,<br>Күнге сәлем берейік,<br>Шапалақтап, күлейік. | | | ойын шартын түсіндіреді: "Балалар, сендер қаздар боласыңдар. Мені мұқият тыңдаңдар. Сөздерді менің соңымнан қайталауға болады. Мен "бидай шаш" сөздерін айтқанда, маған қарай қолдарыңды былай жайып, бұлғап, жүгіресіңдер.<br>Педагог қаздардың қимылдарын балаларға біраз қайталатады. Балалар бір жаққа ауысып кеткенде, педагог алшақтау қарама-қарсы жаққа барып, ойынды тағы бір рет жүргізеді. Балалардың бір-біріне соғылмауын ескеру керек.<br>- Қазым, қазым, қалқылда,<br>Көлде жүзіп салқында.<br>Жем шашайын - жейсің бе,<br>Кәмпит берші дейсің | топтасқан жерден сигнал бойынша жан-жаққа шашырап бағыттай білу дағдыларын жетілдіру. **(дене шынықтыру)**<br>Табақшада жатты бүршақтар,<br>Барлығы бірдей, доп-домалақтар.<br>Марғау бұршақтарды шашты,<br>Бұршақтар жан-жаққа домаландап қашты. | - Тамаша ...<br>Педагог белгілі объектіні тапқандарын айтады, балаларды мақтайды.<br>Жаттығу бірнеше рет өткізіледі, жүру бағыттары ауысады. **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | бе?<br>- Жоқ, жоқ,<br>Кәмпит, тәтті<br>болмайды ас,<br>Арпа менен бидай<br>шаш.<br>С. Бегалин<br>**(дене шынықтыру, көркем сөз, қоршаған ортамен таныстыру)** | | |
| **Серуеннен оралу** | Балалардың киімдерін реттілікпен шешуі, гигиеналық шараларды ұйымдастыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | | |
| **Түскі ас** | Балалардың назарын тағамға аудару, мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс, әдеп ережесі. **(дербес әрекет, сөйлеуді дамыту)** | | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау. | | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары** | Балаларға әр түрлі кимылда жаттығулар жасату, шынықтыру жұмыстарын жүргізу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, сөйлеуді дамыту)**<br>Ойын-жаттығу.<br>Сылдырлайды мөлдір су,<br>Мөлдір суға қолыңды жу.<br>Жуынсаң сен әрдайым,<br>Таза бетің, маңдайың. | | | | | |
| **Бесін ас** | Ас ішерде күнде біз<br>Сөйлемейміз, күлмейміз<br>Астан басқа өзгені<br>Елемейміз, білмейміз.<br>Балалардың назарын тағамға аудару, мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс, әдеп ережесі. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет,)** | | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел | **Сенсорикадан ойын-жаттығу**<br>"Тиінге арналған үй".<br>Мақсат-міндеттері. | | | **"Шарды үрлеп өсірейік" шеңбер ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. | **Саусақ жаттығуы «Саңырауқұлақ». (сөйлеуді дамыту)**<br>Орманға кірпі келеді | **Музыкалық-ритмикалық жаттығу "Сиқырлы саусақтар". (сөйлеуді дамыту)**<br>Бала, бала, балақан, |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар карау және тағы баска әрекеттер) | Көлемі бойынша текшелерді ажырата білу; түстерді бекіту (сары, қызыл, жасыл), мұнара құру; ұсақ моторика, логикалық ойлау, сактау қабілетін дамыту, жаңа нәрсе білуге тәрбиелеу, бірге ойнау.<br>«Текшені жасыр» дидактикалық ойыны. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)**<br><br>**«Көбелек» ойыны**<br>Максат-міндеттері. Балаларға жүгіруге, зейін қойып тыңдауға және сигнал бойынша әрекеттерді орындауға жаттықтыру.<br>Құрал-жабдықтар: екі-үш ашық түсті қағаз көбелектер (ұзындығы 50 см жіпті әр көбелекке байлап, сымға бір- | | | Балаларды бірігіп шеңберді құру қабілетіне үйрету; шеңберде жүріп ойын сөздерін бірге айтуға ынталандыру; тілін, жаттығуда жағымды әсерлерді алу қабілетін дамыту. **(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)**<br>Педагог балаларды жанына шақырады.<br>Шарды үрлеп көрейік (шеңберге тұру, кол ұстасу),<br>Қол ұстасып, жүрейік.<br>Ортадан артка, артка<br>Шегіндік. Енді тоқта!<br>Үлкен қылып үрледік (тоқтау),<br>Пах! Шарымыз жарылды! (шапалақтап, сосын отыру)<br>Пшшшшшшш...<br>**(отырып жатқанда дыбыстар шығару)**<br>Балалар педагог соңынан қимылдарды қайталап жүреді. "Пах" және "Пш" дегенді | (екі саусақты үстел үстінде жүргізу)<br>Саңырауқұлақ тереді.<br>(саңырауқұлақ терген қимылды жасайды)<br>**Музыка**<br>Музыка жетекшісінің жоспары бойынша | Қане, қайсы алақан?<br>Саусақтарың әйбәт<br>Былай, былай ойнат.<br>«Тық-тық» дыбыс шықты<br>Басбармақ тақылдады.<br>Артынан саусақтарының<br>Барлығы мақұлдады. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | бірінен 30 см кашықтыкта бекітеді. Сымды көбелектер бір деңгейде ілулі болатындай етіп екі бағанның арасына тартады). Бала орындыкка отырады, ал тэрбиеші: «Қарандаршы, балалар, көбелектер қандай әдемі. Қызыл, сары, көк. Олардың саны өте коп. Олар тірі! Біздің көбелектеріміз қалай ұшатынын көрейік. (Көбелектерге үрлеу.) Қарандаршы, балалар, ал енді ұшайык! Сен де үрлеп көр! Қай көбелек ұзакка ұшып кетеді?» **(сөйлеуді дамыту, коршаған ортамен танысу)** | | | балаларға қайталатып айткызу қажет. | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **«Құс» еліктеу ойыны (сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттері. Құстарға еліктеуге шақыру; жедел | | | **Саусақ жаттығуы.** Мақсат-міндеттері. Баланың тілін, қолдың моторикасын, есте сақтау қабілетін дамыту; жағымды | **"Шар".** Мақсат-міндеттері. Ермексаздан шарды илеу амалын игерту. **(мүсіндеу, сөйлеуді дамыту)** | С. Әлімқұлов "Әлди, әлди!" **(сөйлеуді дамыту, музыка)** Әлди, әлди, бөпешім, Ән сап берем, келе гой. Жыламашы, көкешім, Жұбатқанға көне гой. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | жүруді жақсарту; үлкендермен сөйлесу қуанышын ояту. Балалар тізерлеп отырып, құстардың бейнелейді. Педагог: Торғай, торғай торғайсың, Неге жерге қонбайсың? Жем шашайын жейсің бе? Сонда торғай тонбайсың. Торғай ұшып кетті! Соңғы сөздерден балалар қанаттарын мен қолдарын сермеп ұшады. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру)** | | | эмоцияларға бөлене білу қабілетін қалыптастыру. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Х. Ерғалиев, М. Әлімбаев "Сен қайда бардың? (орыс халқының тақпағы) - Бармақтай балғын! Сен қайда бардың? - Мына бауырыммен Орманға бардым, Мына бауырыммен Іштім де кеспе, Мына бауырыммен Дөп-ботқа жескем, Мына бауырыммен Ән салдым кеште. | Құстар, құстар, келіңдер, Жемді шоқып, теріңдер. Жемді шоқып, тойсаңдар, Әнді салып беріңдер. (Д. Ахметова) | Ұйқың келсе, бөлейін, Тербетейін есікке, Қаз-қаз басшы, көрейін, Барып келші есікке" |
| **Кешкі ас** | Тағамның атауын есте сақтауға, тағамды ішу рәсімін жақсы ниетпен қабылдауға бейімдеу. "Кешкі асты таза ішуге, әдепті бала болуды үйренеміз". **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | | |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. **(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ қол моторикасын дамыту)** | | | | | |
| **Серуен** | Апта тақырыбы бойынша ойындар, ауа райын бақылаулар. **(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, сенсорика)** | | | | | |
| **Серуеннен оралу** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуға, өз киімін өздігімен шешуге, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. (**дербес қимыл** | | | | | |

| | |
|---|---|
| | **әрекеті)** |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау.<br>Кесілген суреттерді бір тұтасқа жинау ойындары (2-4 бөлік).<br>Ұяшықтарға пішіндерді салу ойындары.<br>Бауды байлау ойыншықтармен ойындар.<br>Мақсаты: балалардың ұсақ қол моторикасын, ойлау, зейін қабілеттерін дамыту.<br>Музыкалық аспаптармен (сылдырмақтармен) ойындар: 1/2 мөлшері әуеннің ырғағына сай сылдырлатуға бейімдеу.<br>**Қимылды ойын «Тауық пен балапандар»**<br>Мақсаты. Балаларға өрмелеу, жүгіру, зейін қойып тыңдау, педагогті тыңдау және сигнал бойынша әрекеттерді орындауды үйрету. Балалар балапандарды бейнелейді. Олар «тауық қорасында» тығылады. Педагог бір балаға тауық маскасын кигізіп: «Бұл тауық. Ол алдымен тауық қорасынан шығады және барлық балапандарды серуендеуге шақырады». Балалар тауық қорасынан жүгіріп шығып, тауыққа жақын жерде жүреді. Педагог: «Үлкен құс ұшып бара жатыр, ол барлық тауықтарды алып кетеді» дейді. Содан кейін тауық үйіне жүгіреді және барлық балапандар оның соңынан ереді. Осыдан кейін педагог басқа тауықты таңдайды.<br>**(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ қол моторикасын дамыту)** |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Әңгімелесу: "Баланың тәбетін ашу үшін не істеу керек?", "Табиғи азық-түлік және баланың денсаулығы", 'Дәрумендер жемістерде ғана бола ма?" |

Тексерілді әдіскер : Сабитова З.А. 22.10.2021

Тәрбиешілер : Байнюлаева Б.Т.

Әмирбекова А.С.

**Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы) «БалаусаБалғын» бөбекжайы»**
**Топ/сынып: «Шуақ» ерте жас тобы**
***Балалардың жасы*:1 жастағы балалар**
***Жоспардың құрылу кезеңі* (апта күндерін, айды, жылды көрсету) 31.10 - 04.11.2022 ж.**

| Апта күндері | *Дүйсенбі* | *Сейсенбі* | *Сәрсенбі* | *Бейсенбі* | *Жұма* |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күйімен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Әңгімелесу: "Баланың тәбетін ашу үшін не істеу керек?", "Табиғи азық-түлік және баланың денсаулығы", "Дәрумендер жемістерде ғана ма?" | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | Оқу іс-әрекетіне қажетті жабдықтар мен материалдарды дайындау. Тапсырылған істі жауапкершілікпен атқаруды үйрету, балаларды оқу іс-әрекеті үшін материалдар мен жабдықтарды ұқыпты жинауды үйрету. | Табиғат бұрышын бақылау: табиғат бұрышындағы өсімдіктер күн сәулесінде тұрғанына назар аударту, күн тек адамға ғана емес, өсімдіктерге де қажет; өсімдіктердің жапырақтары күн сәулесінде жарқырайтынын көрсету. Еңбек тапсырмасы: жапырақтарды шүберекпен сүртіп көрсету. | Балалардың назарын конструктордың қорапқа жиналып тұрғанына аудару. Олар шашылып жатса, оларды жинау керектігін түсіндіру. Еңбек тапсырмасы: конструктордың бөлшектерін қорапқа жинау. | Еңбек тапсырмасы: "Ойыннан кейін топтың ішін жинау". Балалардың тазалыққа деген ұмтылысын, ойыннан кейін ойыншықтар жинау әдетін қалыптастыру, жұмыс жоспарын құру қабілетін жетілдіру. | Бөлме өсімдіктері ыдыстарының топырағы құрғақ екеніне назар аудару, оларды суару керектігін айту, суару үшін су сепкішті пайдаланып, бөлме өсімдіктеріне су құю керек. Еңбек тапсырмасы: гүлдерді су сепкіш арқылы суару. |
| | **"Жүк көлігі не әкелді? дамытушы** | **"Алынбалы-салынбалы** | **Саусақ жаттығуы.** Мақсат-міндеттері. | **«Көбелек» ойыны** Мақсат-міндеттері. | **Қуыршақ ойыншығымен ойнату.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Баланың дүниетанымын кеңейту, заттарды атауға ынталандыру. Педагог ойыншық жүк көлігімен түрлі заттарды әкеледі, бала оны атайды, түсін пішінін атап, ойнау үшін қолына алады<br>- Бұл ненің дыбысы?<br>- Бұл ненің жүрісі?<br>Биип-биип!<br>Абайландар, балалар!<br>Шанағымда сендер үшін сыйлықтар бар!<br>Д Ахметова<br>- Балалар, жүк көлігі не әкелді?<br>**(сенсорика, қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)** | **ойыншықпен ойнау"**<br>Мақсат-міндеттері: балаларда жағымды көңіл күйдің пайда болуы үшін мүмкіндіктер жасау, ойлауды, зейінді, ұсақ қол моторикасын дамыту.<br>Ойыншықтарым көп менің,<br>Бәрін жақсы көремін.<br>Кешке дейін жалықпай,<br>Бірге ойнап жүремін.<br>**(сөйлеуді дамыту, сенсорика)**<br><br>**"Балықты аулаймыз" үстел ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Баланың көзбен мөлшерлеуін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>Педагог үстелдің бетіне сопақша | Баланың тілін, қолдың моторикасын, есте сақтау қабілетін дамыту; жағымды эмоцияларға бөлене білу қабілетін қалыптастыру.<br>"Сен қайда бардың? (орыс халқының тақпағы)<br>Бармақтай балғын!<br>Сен қайда бардың?<br>Мына бауырыммен<br>Орманға бардым,<br>Мына бауырыммен<br>Іштім де кеспе,<br>Мына бауырыммен<br>Дәп-бәтка жескем,<br>Мына бауырыммен<br>Ән салдым кеште.<br>Х. Ерғалиев, М. Әлімбаев<br>**(сөйлеуді дамыту)** | Балаларға жүгіруге, зейін қойып тыңдауға және сигнал бойынша әрекеттерді орындауға жаттықтыру.<br>Құрал-жабдықтар: Екі-үш ашық түсті қағаз көбелектер (ұзындығы 50 см жіпті әр көбелекке байлап, сымға бір-бірінен 30 см қашықтықта бекітеді. Сымды көбелектер бір деңгейде ілулі болатындай етіп екі бағанның арасына тартады).<br>Бала орындыққа отырады, ал тәрбиеші:<br>«Қарандаршы, балалар, көбелектер қандай әдемі!<br>Қызыл, сары, көк.<br>Олардың саны өте көп.<br>Олар тірі! Біздің көбелектеріміз қалай ұшатынын көрейік.<br>(Көбелектерге үрлеу.)<br>Қарандаршы, балалар, ал енді ұшайық! Сен де үрлеп көр! Қай көбелек ұзаққа ұшып кетеді?» | Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың қуыршақ ойыншығын әлдилеуі арқылы балаға алғашқы әлеуметтік қатынастар үлгісін көрсету, эмоционалдық жауап жасауға ынталандыру.<br>С. Әлімқұлов "Әлди, әлди!"<br>Әлди, әлди, бөпешім,<br>Ән сап берем, келе ғой.<br>Жылаумашы, көкешім,<br>Жұбатқанға келе ғой.<br>Ұйқың келсе, бөлейін,<br>Тербетейін есікке,<br>Қаз-қаз басшы, көрейін,<br>Барып келші есікке"<br>**(көркем сөз, сөйлеуді дамыту)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | пішінді катты қағаздан көлдің пішінін қиып, баланың алдына салады, оның бетіне әртүрлі балықтардың кескіндерін үлестіріп салып қояды. Әрбір балықтың денесінде кез келген геометриялық пішіннің ойығы болады. Балалардың қолында түрлі геомтериялық пішіндер жинағы жатады. Балалар кез келген балықтың үстіне тура келетін пішінді тауып салса, оны аулап алды деп саналады. **(сенсорика)** | | **(сенсорика, дене шынықтыру)** | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **(Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі)**<br>1. «Қанат қағып қарлығаштай» жаттығуы.<br>Бастапқы қалып – аяқты сәл алшақ қойып, қолдарын төмен түсіріп тұрады.<br>1 – "Қолымызды созайық" деп қолдарын асықпай алдыға созып айқастыру;<br>2 – "Қарлығаштай қанатты артқа қағайық" деп артына созып айқастыру;<br>3 – "Биікке қанат қағайық" деп жоғары көтеріп айқастыру;<br>4 – "Ақырын жерге қонайық" деп алдыға еңкейіп, қолдың білезігін сілкілеу (3 рет). | | | | |

| | |
|---|---|
| | 2. «Сағат тіліндей қозғалайық».<br>Бастапқы қалып – аяқты сәл алшақ қойып, қолдарын төмен түсіріп тұрады. "Қозғалып сағат тіліндей" деп төмен еңкею, "Канат қағайық оң жаққа "сөзімен денені оң жаққа, "Қанат қағайық сол жаққа" деп сол жаққа, содан кейін "Қанат қағайық тоқтамай" деп денені кезек-кезек үздіксіз қозғау. Әр жаққа 2 реттен қозғап, жаттығуды орындау.<br>3.«Билетейік аяқты» жаттығуы.<br>Бастапқы қалып – аяқты сәл алшақ қойып, қолдарын төмен түсіріп тұрады. "Билетейік аяқты" сөзімен екі аяқты кезек алға қою. Әр жаққа 2 реттен жаттығуды орындау.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)** |
| **Таңғы ас** | Тамақтану рәсіміне қызығушылықты қалыптастыру.<br>***"Дана ботқаны жемейді".***<br>Дана ботқаны жемейді,<br>«Тауыса алмаймын,» - дейді.<br>Дана, басқалардан қалма,<br>Ананның мазасын алма.<br>Қане, қасықты ұстайық,<br>Дәмдіні тауысайық.<br>Д. Ахметова<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балалардың жағымды көңіл күйлерін қалыптастыру. Ұйымдастырылған іс-әрекетіне жағымды эмоциялық ахуалда ауысу үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу.<br>- Не әкелдің, жомарт күз?<br>- Бір қап көгөніс.<br>- Не әкелдің, жомарт күз?<br>- Дәмі тәтті жеміс.<br>- Не әкелдің, жомарт күз?<br>- Саңырауқұлақ пен жаңғақ.<br>- Не әкелдің, жомарт күз?<br>- Суық жел әкелдім, алтын жапырақ<br>Жаңбырды төктім,<br>Бүкіл өлкеғтан өттім.<br>- Абайлаңдар! Қысқа дайындалыңдар! |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Д. Ахметова<br>**(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Музыка**<br>"Күз бізге сыйларын тарту етеді"<br>Мақсат-міндеттері. Баяу сипаттағы әуенге жай екпінмен жүру. Әнді басынан аяғына дейін жаттап айту. Балалардың үйлесімді дамуына ықпал ету. Әртүрлі өнерге деген қызығушылықтарын, бала өнерінің дамуына ықпал ету.<br>**Ойын "Күн мен жауын"**<br>Мақсат-міндеттері. Металлофонда жауын жауғанын білдіретін дыбыстарды тыңдату. | **Дене шынықтыру**<br>"Бізде жүк машинасы бар"<br>Мақсат-міндеттері. Баланы берілген бағытта затты қатты итеруге немесе лақтыруға үйрету; бастың артынан қашықтыққа лақтыруға үйрету; допты екі қолмен кеуделен төмен және алға лақтыру қабілетін жетілдіру, лақтыру біліктерін кеңейту; дененің, қолдың және саусақтың бұлшықеттерін дамыту; лақтыру кезінде ептілік пен дәлдік дағдыларын дамыту.<br>**Қозғалмалы ойын "Кім тыныш".**<br>Ойынның мақсат-міндеттері.<br>Ойын барысы. | **Дене шынықтыру**<br>"Кел, допты лақтырайық"<br>Мақсат-міндеттері. Баланы берілген бағытта затты қатты итеруге немесе лақтыруға үйрету; бастан асыра лақтыруды үйрету; допты екі қолмен кеуделен төмен және алға лақтыру қабілетін жетілдіру, лақтыру қабілеттерін кеңейту; дененің, қолдың және саусақтың бұлшықеттерін дамыту; лақтыру кезінде ептілік пен дәлдік дағдыларын дамыту.<br>**«Қапқа картоп жинайық» ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балалар картопты (кішкентай доптарды) шелектерге лақтырады. | **"Себетке жинаймыз" ойыны" (сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды жабайы аңдармен, олардың атауларымен таныстырып, дұрыс, анық, буындап айтуға, олардың қимылдарын көрсете білуді үйрету; еске сақтау қабілеттерін, зейіндерін, сөздік қорларын дамыту. айналаға әлемге қызығушылықты тәрбиелеу.<br>**Дидактикалық ойын "Ғажайып қап".**<br>Мақсат-міндеттері. Бос себетке жемістер мен көгөністерді жинайды. | **Дене шынықтыру**<br>"Паровоз".<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға допты домалатуды үйрету, гимнастикалық қабырғада өрмелеуге жаттықтыру, допты домалату кезінде бағытты ұстануды үйрету, бірге ойнауды үйрету.<br>**«Допты домалату» ойын жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттері. Балалар кілем үстіне бір-біріне қарама-қарсы жұптасып отырады. Араларында 80 см қашықтық бар. Аяқтарының арасын ашып, допты алдыға қарай домалатуға дайындалады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Балалар бірінен кейін бірі катармен жүреді. Педагог: - Түн болды, балалар ұйықтайды. Педагогтің сөздерінен кейін балалар тоқтайды, отырады, бастарын енкейтеді, көздерін жұмады. Қимылдап койған бала катардың аяғына тұрғызылады. | | | |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **Аула тазалаушының еңбегін бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)** Мақсат-міндеттері. Балаларды аула тазалаушының еңбегімен таныстыру; аулада сары жапырақтарды сыпырғышпен күрекпен тазалау ісін байқату; | **Ағаштарды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)** Мақсат-міндеттері. Балаларды қоршаған ағаштармен таныстыруды жалғастыру, ағаштардың сары жапырақтары желпілдеп, жайқалып жатқанын байқату; зейінін, ойлау | **Желді бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)** Мақсат-міндеттері. Балаларды жапырақтарға карап, желдің болғанын байқауды үйрету; байқағыштыққа, зеректікке тәрбиелеу. Саябаққа күз келсе, Жел дамылсыз соғады. Тыным бермей ешкімге, Жұлқылайды бәрін де. Үзіп жатыр, Жұлып жатыр | **Күнді бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)** Мақсат-міндеттері. Балаларды күннің аспанда орналасуын және жарқырағанын байқап, жылу мен жарықты беруі туралы айтылғанда қолдарын жайып, жоғары созып, жағымды эмоцияларға бөленуге ынталандыру; күн туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастыру. | **Топырақты бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)** Мақсат-міндеттері. Балаларға топырақтың дымқыл не құрғақ болғанын көрсету, құрғақ жермен жүруді ұсыну. Педагог дымқыл топыраққа табанын басып, балаларға табанға балшықтың жабысатынын көрсетуі мүмкін. - Балалар, біз дымқыл жерді басып жүрсек, табанымыз |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | еңбекқорлыққа баулу.<br>Қ. Мырзалиев "Көше тазалаушы".<br>Таныссың ба, бала,<br>менің ісіммен,<br>Көшелерді<br>сыпыратын кісі мен.<br>Қалған-құтқан<br>нәрселерді жұғымсыз<br>Сыпырғышым<br>сыпырады<br>тынымсыз.<br>Ескі-құсқы<br>шүберекті, сүйекті,<br>Қораптарды,<br>түймелерді, тиекті.<br>Шиқылдаған екі<br>жақты арбамен<br>Апарам да<br>аударамын орға мен<br><br>**"Жүрейік" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру, көркем сөз, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды саппен, бір-біріне соғылмай. | қабілеттерін дамыту.<br>Жанымызда биік<br>ағаштар,<br>Бұталарында<br>жапырақтар.<br>Ағаштар тік тұрады,<br>қозғалмайды,<br>Жапырақтарымен<br>бізге бұлғайды.<br>- Балалар, ағаштардың жапырақтарына не болды?<br>- Иә, жапырақтар сарғайды, жерге түсті.<br>- Күзде жеміс ағаштарынан піскен алманы жинаймыз.<br>**"Орманмен жүрейік" қимылды ойыны. (дене шынықтыру, көркем сөз, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды көркем сөзге сай қимылдауға, жағымды эмоциялармен жауап | Барлық сары жапырақты.<br>(Д. Ахметова)<br>**"Қаздар" қимылды ойыны. (дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды көркем сөз мәтінін мұқият тыңдап, белгілі сигнал сөзін естігенде бір бағытта, бір-біріне соғылмай жүгіруді үйрету; жүгіргенде қолдарын жан-жаққа бұлғап, қаздың қимылын қайталауға ынталандыру; айтылған сөздер мен жаттығудан жағымды әсер алуға баулу.<br>Педагог балаларға ойын шартын түсіндіреді:<br>"Балалар, сендер қаздар боласыңдар. Мені мұқият тыңдаңдар. Сөздерді менің соңымнан қайталауға боләды. Мен "бидай шаш" сөздерін айтқанда, сендер маған қарай қолдарыңды былай жайып жүгіресіңдер.<br>Педагог қаздардың | Педагог балаларға қимылдарды көрсетіп жатады, балалар соңынан қайталайды.<br>Алтын күнге ұқсайық,<br>Қолдарды, кел, созайық.<br>Қолдарымыз - шуақтар,<br>Жайылады жан-жаққа.<br>**"Бұршақтар" қимылды ойыны. (дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды бір топтасқан жерден сигнал бойынша жан-жаққа шашырап бағыттай білу дағдыларын жетілдіру.<br>Табақшада жатты<br>бұршақтар.<br>Барлығы бірдей, доп-<br>домалақтар.<br>Марғау бұршақтарды<br>шашты,<br>Бұршақтар жан-жаққа<br>домалаңдап қашты. | кірленеді. Абайлаңдар!<br>Құрғақ жермен жүрейік.<br>- Балалар, топырақта індер болады. Інде кімдер жысырынды?<br>**"Кім тыныш?" қимылды ойыны. (дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды бір бағытта тыныш жүру әдебіне үйрету, аяқтың табанын толық басып және аяқтың ұшымен жүріп қимылдау дағдыларын қалыптастыру; сигналға сай қозғалуға ынталандыру.<br>- Балалар, қазір аяқтарымызды нық басып, менің соңымнан сайға қарай жүрейік.<br>Сайға қарай адымдаймыз,<br>Түрлі дыбысты тыңдаймыз.<br>Көрейік. Бұл қай бұрыш?<br>Тыңдайық. Тыныш ...<br>Тыныш ...<br>- Қәнекей, аяқтың ұшымен тыныш жүрейік ...<br>- Бұл жақта не бар екен?<br>- Тамаша!<br>Педагог белгілі объектіні |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | белгілі бағытта ырғақпен марш басып жүру дағдысын қалыптастыру, достыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу.<br>Жүрейік, жүрейік,<br>Қолды көкке сермейік,<br>Күнге сәлем берейік,<br>Шапалақтап, күлейік. | беруге ынталандыру; дене бұлшық еттерін, кеңістікті бағдарлау қабілетін дамыту; жаңғақтарды күзде пісетіні туралы ұғымдар қалыптастыру.<br>- Балалар, күзде орман ағаштарында жаңғақтар да піседі.<br>- Қанекей, піскен жаңғақтарды жинайық.<br>Педагог балаларды өзімен бірге ертіп жүріп, бір бағытта жүргізіп, ағаштан жаңғақты жинағанды көрсетеді, балалар еліктейді, жүреді, тоқтайды, қолдарын жоғары созып, аяқ ұштарына тұрып, қайта тұрып, ары қарай бағыттайды.<br>Орманмен жүрейік,<br>Жаңғақтар терейік.<br>Бір жаңғақты биіктен,<br>Екіншісін төменнен. | қимылдарын балаларға біраз қайталатады.<br>Балалар бір жаққа ауысып кеткенде педагог қарсы бетке барып, ойынды тағы бір рет жүргізеді.<br>Балалардың бір-біріне соғылмауын ескеру керек.<br>С. Бегалин "Қазым".<br>Қазым, қазым, қалқылда.<br>Көлде жүзіп салқында.<br>Жем шашайын - жейсің бе,<br>Кәмпит берші дейсің бе?<br>- Жоқ, жоқ,<br>Кәмпит, тәтті болмайды ас,<br>Арпа менен бидай шаш. | | тапқандарын айтады, балаларды мақтайды.<br>Жаттығу бірнеше рет өткізіледі, жүру бағыттары ауысады. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Қалғандарын жан-жақтан<br>Шапалақтап алақан.<br>(Д. Ахметова) | | | | |
| Серуеннен оралу | Балалардың киімдерін дұрыс шешу, шкафтарға бүктеп қою, қолды жуу әрекеттерін одан әрі қалыптастыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, көркем сөз)**<br>Таза сумен Арман,<br>Беті-қолын жуды.<br>Оған қарап Балжан,<br>Суға қолын созды. | | | | | |
| Түскі ас | Мақсат-міндеттері: балалардың беті мен қолын жууға ынталандыру; таңғы асқа отырғызуда назарын үстел бетіне, ыдыс-аяққа, тағамға аудару; жағымды көңіл-күй тудыру; тамақтану мәдениетімен таныстыру; қасықты дұрыс ұстауға машықтандыру; тамақтанғаннан кейін бет пен қолды жуу қажеттілігін түсіндіру.<br>Тамақтың алды-артында,<br>Қолыңды бала жуып жүр.<br>Кір қолмен бастауға,<br>Болмайтынын біліп жүр.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, көркем сөз)** | | | | | |
| Күндізгі ұйқы | Тәрбиеші балалардың дұрыс ретпен шешінуін және өз заттарын орындыққа ұқыпты жинауын қадағалайды. Балалар біртіндеп жатын бөлмеге өтеді, тәрбиеші оларға тыныш, сөйлемей жүрулерін ескертеді. Жатын бөлме іші тыныш болуы керек. Балалар өз төсектеріне ыңғайлы орналасқанын, әрқайсына жақындап, көрпелерді түзеп, басына салып, тыныш ұйықтауды қалайтындарын тексеру қажет. Тәрбиеші балаларға көзді жабуды ұсынады және оларға кішкентай ертегіні тыныш, мейірімді дауыспен оқиды. Балалардың ұйқысы кезінде тәрбиеші жатын бөлмеде болуы және балаларды қадағалауы тиіс. **(дербес әрекет)** | | | | | |
| Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары | Балалардың ұйқыашар жаттығуларын жасауға қызығушылығын арттыру. Жағымды эмоционалды көңіл күй ортасын жасау, ұйқыдан оянғанда сергек болып үнемі қуанып, күліп жүруіне жағдай жасау.<br>Ояндық па бәріміз?<br>Бір-бірімізге қараймыз. | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Күлімдейміз бәріміз.<br>Керіліп созылып,<br>Ақырын қана тұрамыз.<br>Орнымызда жүреміз,<br>Енді доп болып секіреміз.<br>Адымдап жүреміз<br>**(дербес әрекет, көркем сөз)** | | | | |
| **Бесін ас** | Мақсат-міндеттері: балаларды беті-қолын жууға ынталандыру; таңғы асқа отырғанда назарын үстел бетіне, ыдыс-**аяққа, тағамға** аудару; жағымды көңіл-күй тудыру; тамақтану мәдениетімен таныстыру; қасықты дұрыс ұстауға машықтандыру; тамақтанғаннан кейін беті-қолды жуу қажеттілігін түсіндіру.<br>Тамақтың алды-артында,<br>Қолыңды бала жуып жүр.<br>Кір қолмен бастауға,<br>Болмайтынын біліп жүр.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, көркем сөз)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Саусақ жаттығуы «Саңырауқұлақ». Орманға кірпі келеді (екі саусақты үстел үстінде жүргізу) Саңырауқұлақ тереді. (саңырауқұлақ терген қимылды жасайды) (сөйлеуді дамыту)**<br><br>**"Қолдарымыз қайда?" ойыны (шағын топпен** | **Ойын-имитация. "Алдымызда жолдар жатыр". Мақсат-міндеттері. Балаларға көлікті жүргізу қимылдарына еліктеуді үйрету; көлік жүргізуші және жолда жүру туралы ұғымдар беру; барлық баламен бірге жағымды көңіл күйге бөлене білу қабілетін дамыту.** | **"Тиінге арналған үй" (сенсорикадан ойын-жаттығу)**<br>Мақсат-міндеттері. Шамасы бойынша текшелерді ажырата білу; түстерді бекіту (сары, қызыл, жасыл), мұнара құру; ұсақ моторика,логикалық ойлау, сақтау қабілетін дамыту, жаңа нәрсе білуге тәрбиеу, бірге ойнау.<br>**«Текшені жасыр» дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер. | **"Үлкен - кішкентай" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері: балаларға заттарды көлемі бойынша ажырата білуге үйрету.<br>Ойыншықтар үлкен қорапқа салынған.<br>Тапсырма: ойыншықтарды "үлкен", "кішкентай" бойынша жіктеу. **(сенсорика)**<br>**Музыка**<br>Музыка жетекшісінің жоспары бойынша | **"Топ-топ басайық" ойын.**<br>Мақсат-міндеттері: балаларды еліктеу әрекеттерін **орындауға** үйрету; аяқ бұлшық **еттерін** нығайту.<br>Қолдарынан ұстап, шеңбер бойымен жүргізу, басында баяу, біртіндеп тез жүргізу.<br>Топ, топ, топ басайық,<br>Жалаудан күн жасайық.<br>Жаса, жаса алтын күн,<br>Жаса, жаса жарқын күн!<br>**(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **ойнау)**<br>**Мақсат-міндеттері: тәрбиешінің сөзін тыңдауды, ойын мәтініне сәйкес әрекеттерді орындауды үйрету. Балалар қолдарын артына жасырады. Тәрбиеші: "Қолдарың қайда? Қолдар жоқ!". Бір уақытта балалар қолдарын алдына созады, ал тәрбиеші таңданып, қуанады: "Міне, олар!" Балалар ойынды бастайды, ойын жалғаса береді." (сөйлеуді дамыту)** | **Құралдар: ойыншық рульдер, түрлі ойыншықтар. Педагог балаларға ойыншықтарын алдына алуға мүмкіндік береді. Балалар рульдерін бұраған болып, жағымды көңіл күйлерге бөленеді. Алдымызда жол жатыр, Жасыл орман, көкшіл шатыр, Жан-жағымыз гүлге толып, Артымызда қалып жатыр. Мәшинеге міндік, Көп жер көріп, білдік. Гуілдетіп, гуілдетіп, Көп ойнадық, көп күлдік. (Д. Ахметова) (дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | Балалар тиннің бағыты бойынша үлкенді-кішілі текшелерді арттарына жасырады, оның өлшемін атайды.<br><br>**"Түстерін тап" ойыны.** Мақсат-міндеттер: түстерді анықтауға баулу; қабылдау, зейін, ойлау қабілетін дамыту. Бір үлкен қорапта текшелер мен шарлар орналастырылған. Текшелер қызыл, шарлар жасыл түсті болады. Тапсырма: шарлар мен текшелерді түсі бойынша ажырату. Баулармен ойын. (**сенсорика)** | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Музыкалық-ритмикалық жаттығу.**<br>"Сиқырлы саусақтар"<br>Бала, бала балақан,<br>Қане, қайсы алақан?<br>Саусақтарың әйбәт,<br>Былай, былай ойнат.<br>«Тық-тық» дыбыс шықты<br>Басбармақ тақылдады.<br>Артынан саусақтарының<br>Барлығы мақұлдады.<br>**(сөйлеуді дамыту, музыка)** | **"Жемістер".**<br>Ал баубақшада жемістер,<br>Қызарып, толып піскен.<br>Алхоры, өрік, алма,<br>Алмұрт, апельсин, құрма.<br>(Д. Ахметова)<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **"Шарлар".**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Ермексаздан шарды илеу амалын игерту.<br>**(мүсіндеу)** | **Саусақ жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Баланың тілін, қолдың моторикасын, есте сақтау қабілетін дамыту;<br>жағымды эмоцияларға бөлене білу қабілетін қалыптастыру.<br>Х. Ерғалиев, М. Әлімбаев<br>"Сен қайда бардың? (орыс халқының тақпағы)<br>- Бармақтай балғын!<br>Сен қайда бардың?<br>- Мына бауырыммен<br>Орманға бардым,<br>Мына бауырыммен<br>Іштім де кеспе,<br>Мына бауырыммен<br>Дөп-ботқа жескем,<br>Мына бауырыммен<br>Ән салдым кеште.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | |
| **Кешкі ас** | Тағамның атауын есте сақтауға, тағамды ішу рәсімін жақсы ниетпен қабылдауға бейімдеу. "Кешкі асты таза ішуге, әдепті бала болуды үйренеміз". (**мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Серуенге дайындық** | "Киіну-шешіну".<br>Мақсат-міндеттері: балаларға киіну мен шешіну тәртібін үйрету және дағдыландыру, киіну және шешіну барысында ересектердің көмегіне жүгінуге үйрету. | | | | |
| **Серуен** | **"Балапандар" ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері: | **"Ұядағы құстар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** | **"Батады, батпайды" ойыны. (қоршаған ортамен таныстыру)**<br>Мақсат-міндеттері: суда | **"Балапандар" ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері: педагогтің нұсқауы, | **"Түсін таңдау" дидактикалық ойыны. (сенсорика)**<br>Мақсат-міндеттері: түстерді |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | педагогтің нұсқауы, сигнал бойынша бір бағытта жүруге ынталандыру; кеңістікті бағдарлауға машықтандыру. **Ересектің көмегімен атқарылатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** ойыншықтарды құмнан қағып, тазалау. | Мақсат-міндеттері: балаларды сигнал бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге баулу, құстарды қимылдарына еліктеуге машықтандыру. **Ересектің көмегімен атқарылатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** құмды орындықтардан түсіру, сыпыру (щеткалар) | әртүрлі заттарды бататынын және батпайтынын анықтауға жағдайлар жасау; зерektікке тәрбиелеу. Әртүрлі заттарды жинау. Бұл пластикалық қақпактар, көбік резеңкелер, тастар, түймелер, моншақтар болуы мүмкін. Балаларға осы аталған заттарды суға лақтырады, қайсы суға батты, қайсы судың бетіне қалқып шыққанын бақылайды. **Ересектің көмегімен атқарылатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** ойыннан кейін заттарды жинауға көмектесу. | сигнал бойынша бір бағытта жүруге ынталандыру; кеңістікті бағдарлауға машықтандыру **Ересектің көмегімен атқарылатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** ойыншықтарды құмнан қағып, тазалау. **(дене шынықтыру)** | ажырата білуге және атауларын дұрыс айтуға үйрету. Қарапайым еңбек әрекеті: қурап қалған жапырақтарды жинау. Мақсаты: тазалыққа тәрбиелеу. Балалардың еркін ойындары. **(сенсорика)** |
| **Серуеннен оралу** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуға, өз киімін өздігімен шешуге, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. **(дербес қимыл әрекеті)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау, ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Қиылған суреттерді бір тұтасқа жинау ойындары (2-4 бөлік). **(сенсорика)**<br>Ұяшықтарға пішіндерді салу ойындары. **(сенсорика)**<br>Бауды байлау ойыншықтармен ойындар. **(сенсорика)**<br>Мақсат-міндеттері: балалардың ұсақ қол моторикасын, ойлау, зейін қабілеттерін дамыту.<br>Музыкалық аспаптармен (сылдырмақтармен) ойындар: (1/2 мөлшері)әуеннің ырғағына сай сылдырлатуға бейімдеу. Күз әніне | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | байланысты әнді жаттау. **(музыка)**<br>**"Шалқан" ертегісін сахналау (көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттері: ертегі әлеміне қызығушылықты қалыптастыру.<br>Балаларға ертегіні оқып беру. Кейіпкерлермен таныстыру.<br>Ертегі кейіпкерлерінің суреттерін қолдана отырып, ертегіні тыңдауды үйрету. Фланелеграфта ертегіні сахналау.<br>**(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ қол моторикасын дамыту)** | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Әңгімелесу "Баланың тәбетін ашу үшін не істеу керек?", "Табиғи азық-түлік және баланың денсаулығы", "Дәрумендер жемістерде ғана ма?" | | | |

Тексерілді әдіскер : Сабитова З.А. 31. 10. 22ж
Тәрбиешілер : Байноллаева Б.Т.
Әмірбекова А.С.

| ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ<br>Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы) «Балауса-Балғын» бөбекжайы» КМҚК<br>Топ/сынып : «Шуақ» ерте жас тобы<br>Балалардың жасы:1 жасар балалар<br>Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету) 07.11 - 11.11.2022 ж. | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Әңгімелесу: "Баланы бағдаршаммен таныстыру", "Көліктің негізгі құрылымы", "Баламен бірге жол жүру және жол ережелері талаптары". | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | "Табиғат бұрышы" Мақсат-міндеттері. Табиғат бұрышындағы өсімдіктерге көңіл аудару, қурап, сарғайып қалған жапырақтарды үзіп алып тастау әрекетіне көңіл аудару; су құйғыш арқылы суаруды көрсету. | "Ойын бұрышы" Мақсат-міндеттері. Ойын бұрыштарында тұрған ойыншықтардың бірін ойнауға деген қалауын айтуға, көрсетуге, атауға үйрету, ойыннан кейін өз орнына жинауға ынталандыру, мақтау. | "Үстел ойыны" Мақсат-міндеттері. Үстел ойындары бұрышындағы сөренің шаңын сүрту және ойыннан кейін, бөлшектерді орнына салудың үлгісін көрсету; ойыншықтармен ойнағанда тазалық сақтау туралы түсіндіру. | "Жуыну әдебі" Мақсат-міндеттері. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебінің үлгісін көрсету; қолдарын сабындауға көмектесу, су ағымы астына өздігінен ұстауды қадағалау; қолды сүлгімен сүртуді көрсету; тазалықты сақтау қажеттілігі туралы түсіндіру; орамалдың ілінетін орнын | "Табиғат бұрышы" Мақсат-міндеттері. Табиғат бұрышындағы балықтарға жем беру үлгісін көрсету; балықтардың дене мүшелеріне, қимылына, қоректенуіне көңіл аудару; бақылағыштыққа тәбиелеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | немесе суретін көрсету. | |
| | **"Пойыз" үстел ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды текшелер немесе басқа біркелкі заттарды (лего бөлшектерін) бір қатарға тізіп, үстел басында пойыз тәрізді жүргізіп, пойыз шығаратын дыбыстарға еліктеп, ойнауға ынталандыру; зейінді, дыбыстық сөйлеу мәдениетін қалыптастыру; эмоциялар сферасын дамыту.<br>Шарты: заттарды (пішіндерді) бір қатарға тізіп, сол немесе оң жаққа итеріп жылжыту, педагогтің соңынан | **Арба ойыншығымен ойнау.**<br>Мақсат-міндеттері: арбалардың тұтқаларын, көлік байланған арқаннан ұстауды үйрету; заттың қозғалысын оның жылдамдығы мен бағытын өзгерту арқылы басқаруды үйрету.<br>Арба ойыншық:<br>Көлік, күшік, мысық -<br>Бір орында тұрмайды,<br>Жібінен тартсаң - жорғалайды,<br>Дөңгелектері домалайды.<br>Жіпті тартып жүрейік,<br>Көп жерлерге | **Саусақ жаттығуы. "Бағдаршамдар ұйықтамайды".**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың қолдарының ұсақ моторикасын дамыту, тілін, есту зейінін дамыту; бағдаршамның қызметі туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастыру.<br>Бағдаршамдар ұйықтамайды, (сұқ саусақпен бұлғау)<br>Жымыңдайды, жымыңдайды.<br>(саусақтарды жұдырыққа жинау, жұму, алақанды ашу)<br>Бір қарасаң – қып-қызыл, (саусақтармен "ашып-жұму")<br>Екі десе – сап-сары. | **"Ойыншықтарды жолдан өткізейік" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың жол ережелері, жүргіншілер жолы туралы ұғымдарын қалыптастыру; қарапайым әлеуметтік дағдыларды игерту.<br>Шарты: педагог жасыл таңбалауышты көрсеткен кезде, қолға ұстаған ойыншықты "ала жолақтың" (жүргіншілер жолы) үстінен жүргізіп, "топ-топ-топ" айтып өткізу.<br>Педагог балаларға | **Үстел үсті ойын. "Бағдаршам".**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Түсі үш түрлі, көлемі біркелкі дөңгелектерден бағдаршамды үстелде құрастыруға ынталандыру; қолдың ұсақ моторикасын, түсті қабылдау, ойлау қабілеттерін дамыту.<br>***"Бағдаршамдар ұйықтамайды".***<br>Бағдаршамдар ұйықтамайды,<br>Жымыңдайды, жымыңдайды.<br>Бір қарасаң – қып-қызыл,<br>Екі десе – сап-сары.<br>Тоқтай тұрсаң – жап-жасыл.<br>Көзі көп, біреу басы. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | еліктеуіш сөздерді, "у" дыбысын қайталау.<br>Ту-ту жүрдік,<br>Ту-ту-у ...<br>Біз алысқа -<br>Ту-ту-у ..<br>Жүр соңымнан -<br>Қалма!<br>Кім өжет жан?<br>Алға!<br>(Д. Ахметова)<br>**(сөйлеуді дамыту, сенсорика)** | жетейік.<br>**(сөйлеуді дамыту, сенсорика)** | (саусақтармен "ашып-жұму")<br>Бағдаршамдар ұйықтамайды, (сұқ саусақпен бұлғау)<br>Жымыңдайды, жымыңдайды. (саусақтарды жұдырыққа жинау, жұму, алақанды ашу)<br>Тоқтай тұрсаң – жап-жасыл. (саусақтармен "ашып-жұму")<br>Көзі көп, біреу басы. (сұқ саусақпен бұлғау)<br>**(сөйлеуді дамыту)** | бағдаршамның түсі қызыл, сары, жасыл, дөңгелек таңбалауыштарын көрсетеді.<br>Балаларға жасыл жанғанда өтуге болатынын түсіндіреді.<br>Әрбір бала таңдаған ойыншығын жүргіншілер жолының үстімен өткізіп жатады.<br>Жасыл жанса - күлейік,<br>Жолдан өтіп жүрейік.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | (Д. Ахметова)<br>Педагог дөңгелектерді қатырма қағаздан немесе пластиктен ұсынуы мүмкін; әрбір балаға үш дөңгелектен беріледі.<br>**(сөйлеуді дамыту)** |
| **Таңертеңгі жаттығу** | Жалпы дамыту жаттығуларына арналған ырғақты әуенді аудиожазба.<br>1 Бастапқы қалып – тұру аяғымыз алшақ, жалаушалар төменде. Жалаушаларды жоғары көтеріп, төмен түсіру. (4-5 рет)<br>2 Бастапқы қалып – отыру аяғымыз алшақ, иықтың бойында. Алға еңкею, жалаушалардың таяқшаларын еденге тигізу. Бойды жазып, бастапқы қалыпқа оралу. (4-5 рет)<br>3 Бастапқы қалып – тізеде тұрып, жалаушалар екі қолымызда төменде. Жалаушаларды жоғары көтеріп, онымен оңға (солға) бұлғау, бастапқы қалыпқа оралу. (5 рет)<br>4 Бастапқы қалып – тұру аяғымыз алшақ, қолдарымыз бүгулі қалыпта жалаушалар иықтың бойында. Отырып, жалаушаны алға созу. Тұру, бастапқы қалыпқа оралу. (5 рет) **(дене шынықтыру, дербес әрекет)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Таңғы ас** | Балаларды өздігінен тамақтануға ынталандыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)**<br>- Дәмді тағам дайын, пай, пай ...<br>Шақырады шебер аспаз апай (ағай):<br>- Қасықтарыңды дайындаңдар!<br>Асықпаңдар, асықпаңдар ... | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балалардың жағымды көңіл күйлерін қалыптастыру. Ұйымдастырылған іс-әрекетіне жағымды эмоциялық ахуалда ауысу үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу.<br>Бір-бірімізге "Сәлем!" - айтамыз,<br>Бірге жүріп, тату ойнаймыз.<br>Ендеше, көлікке отырайық,<br>Рульді ұстайық та, оңға бұрайық.<br>(Д. Ахметова)<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем сөз)** | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **"Көңілді ұшақ" (мүсіндеуден ойын-жаттығу)**<br>Мақсат-міндеттері. Ермексазбен жұмыс істеуді үйренуді бекіту, ермексаздың дайын бөлшегін жұмсартып, алақанның түзу қозғалысымен есуді, үлгіге байланысты бөлшектерді біріктіру, көзбен өлшеуді түзету; | **Дене шынықтыру**<br>"Аспанда ұшақ ұшып барады".<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың допты домалату дағдыларын қалыптастыру, гимнастикалық қабырғада өрмелеу, допты домалату кезінде бағытты ұстануға үйрету, біріге ойнауға үйрету. | **Дене шынықтыру**<br>"Паровоз жүйткіп келеді".<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың допты айналдыру дағдыларын бекіту, гимнастикалық қабырғада өрмелеу, допты домалату кезінде бағытты ұстануға үйрету, бірге ойнауға үйрету. **«Допты домалату» ойын жаттығуы.** | **Музыка**<br>"Біз көлікпен жүреміз".<br>Мақсат-міндеттері."Жапырақтар" әуеніне баланың эмоциналды, жағымды әсер алатынын қалыптастыру. Дауысты біркелкі әндетіп шығаруға үйрету, сөздің екпінді буындарын | **Дене шынықтыру**<br>"Қояндар көгалда ойнап жүр".<br>Мақсат-міндеттері. Әртүрлі қимыл түрлерін дамытуды жалғастыру; жаттығуларды дұрыс орындау, оларды бастапқы қалыпқа қоюды үйрету, балаларды құрсаудан өтуге, жатқан заттардың үстінен аттап өтуге және |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ермексазбен жұмыс істеу ережесін сақтау.<br>**"Ұшақ" саусақ гимнастикасы. (сөйлеуді дамыту)**<br>Ұшақты құрастырамын,<br>(екі колымызды екі жакка созамыз)<br>Шет елдерге ұшамын,<br>(Саусақтарымызды козғалтамыз)<br>Теңіз, орман, алқап, таудың үстінен.<br>(Саусақтарымызбен "шашырату" жаттығуын жасаймыз)<br>Әлемді шарлаймын,<br>(Шарды елестетіп, құшақтаймыз)<br>Үйіме сосын қайтамын.<br>(Алақандарымызды жаямыз) | **Қимылды ойын. «Мені ұстап ал!»**<br>Мақсат-міндеттері. Ойыншыларды ұстап алу. | Мақсат-міндеттері. Допты екі қолмен педагогке қарай домалату.<br>Балалар кілем үстінде бір-біріне қарама-қарсы жұптасып отырады. Араларында 80 см қашықтық бар. Аяқтарының арасын ашып, допты алдыға қарай домалатуға дайындалады. | созып айтуға үйрету. Қимылдарды нақты көрсету шеберлігін дамыту. Өзін еркін ұстауды үйрету.<br>**Ойын "Күн мен жауын".**<br>Мақсат-міндеттері. Педагог металлофонда жауын жауғанын орындайды. Балаларға есте сақтауға ұсынады. | еңбектеп өтуге үйрету; ептілікті, икемділікті, төзімділік пен үйлесімділікті дамыту; дене шынықтыруға қызығушылықты тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын. «Қояндар мен қасқырлар»**<br>Мақсат-міндеттері. Қасқырлар қояндарды еңбектеп жүріп қуу керек. |
| **Серуенге дайындық** | Мақсат-міндеттері: серуенге қызығушылықты ояту. | | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| бақылау. **(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға күз мезгілі жөнінде жалпы ұғымдар беру, күздің күні бұлтты, салқын болуына көңіл аудару, адамдардың жылы киінгенін байқату; зейінді, ойлау қабілетін дамыту.<br>- Балалар, айналаға қараңдаршы.<br>- Ағаштардың жапырақтары қайда?<br>- Жарайсыңдар! Жапырақтар түсіп қалды?<br>- Жапырақтар қайда түсті?<br>- Иә, жапырақтар | **(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Үй жануарлары туралы түсінік беру.<br>Ит, оның сыртқы түрі, мінез-құлқы; жануарларға сүйіспеншілігін тәрбиелеу.<br>Иелері серуендейтін иттерді бақылау.<br>Жануарлардың сыртқы түрін және оның мінез-құлқын сипаттау. (Ит адамға жақын, ол үйін күзетеді, онымен бірге аң аулауға шығады).<br>Күшігім менің, күшігім,<br>Үй күзетер пысығым.<br>Үргені де шамалы, | **(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға көліктер жайлы ұғымдар қалыптастыру, көліктердің ары-бері бағытта жүретінін байқату; көліктердің дөңгелектері айналатыны туралы айтуға ынталандыру; зейінін, ойлау қабілетін дамыту.<br>Машиналар жүреді ары-бері,<br>Алға және кері.<br>Жүкті тасымалдайды,<br>Жақын жерге, алысқа бағыттайды.<br>**"Торғай мен автомобильдер" қимылды ойыны.**<br>**(дене шынықтыру,** | **(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Мысық мейірімді, сүйкімді, сабырлы, «Мияу-мияу» дейді.<br>Мысықтың құлағы, аяғы, басы, құйрығы, жүні бар. Педагогпен бірге олар мысықта бардың бәрін көрсетеді және атайды. Мысық ұйықтайды, жуынады, сүт ішеді.<br>Мынау тұрған мысық,<br>Екі көзін қысып,<br>Ұйықтап отыр маужырап,<br>Сүт көжесін ішіп.<br>**Қимылды ойын « Құстар мен мысық»**<br>**(дене шынықтыру,** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жерде. Жақсы.<br>- Аспанға қарандаршы. Сұр бұлттар ұшады.<br>- Адамдарға қарандаршы. Ауа салқын, жылы киінеміз.<br>- Біз нені кидік? Балалар жауап бермей жатса да, үстіне көрсете де алады.<br>Күзім-күзім, күзім-ау,<br>Мінезің бұзық-ау.<br>Жаңбырың сіркіреп<br>Келгенің қызық-ау.<br>(Қ. Ыдырысов)<br>**"Қоңырауым қайда?" қимылды ойыны. (дене шынықтыру, көркем сөз, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды белгілі бағытта сигнал | Тамақ берсең болғаны.<br>**Қимылды ойын «Пойыз» (дене шынықтыру, көркем сөз, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері. Тәрбиеші «Пойыз» ойынын ойнауды ұсынады: «Мен паровоз боламын, ал сендер кішкентай вагонсыңдар». Балалар бірінің соңынан бірі алдында тұрғанның киімін ұстап колоннаға тұрады. «Кеттік!» - дейді тәрбиеші, балалардың бәрі «шу-шу» деп дабырлап, оның артынан жүре бастайды. Тәрбиеші пойызды бір бағытта, одан кейін екінші бағытта жүргізеді, | **көркем сөз, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға сигнал бойынша жан-жаққа шашырап жүгіре алу дағдыларын қалыптастыру; жылдамдыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу; ойын сюжетіне ілесіп, торғайлардың қимылдарын сомдауға ынталандыру.<br>Педагог балаларға торғайлар салынған қалташаларды үлестіреді.<br>- Балалар, торғайлар қалай қимылдайды? Көрсетіңдерші.<br>Педагог балаларға торғайлардың қолдарымен жан-жаққа жайып, бұлғауды көрсетеді. | **көркем сөз, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері. Жерге шеңбер сызылады. Ортаға тәрбиеші таңдаған бала болып тұрады. Қалған балалардың бәрі шеңберді айнала тұрады, бұлар құстар. Құстар шеңберді айнала жүріп дәндерді шоқиды. Мысық оянып кетіп, құстарды көреді, мысық оларды ұстай бастайды. Құстар шеңберден ұшып кетуге асығады. Мысық шеңбердегі қай құсқа тиіп кетсе, ол ұстаған болып есептеледі де ортаға келеді. Мысық 2-3 құсты ұстаған кезде тәрбиеші жаңа мысықты таңдап алады. Ұстап алған | - Иә, "ш-ш-ш" дейміз.<br>- Жарайсыңдар!<br>**"Пойыз" қимылды ойыны. (дене шынықтыру, көркем сөз, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды бір сапқа тұрып, бір-бірінен қалмай, бір-біріне соғылмай, ересек бастаған бағытпен жүруді үйрету; өзге балалардың жанында ойын ойнап, жағымды әсерлерге бөлене білу қабілетін дамыту.<br>Педагог балаларды сапқа жинайды. Смартфонға пойыздың дыбысы жазылған аудионы тыңдатуға болады.<br>- Балалар, естіп тұрсыңдар ма?<br>- Иә, бізді пойыз |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бойынша жүгіруге жаттықтыру.<br>Педагог балаларға ойынның бастамасын көрсетеді.<br>Қоңырауым қайда?<br>Сыңғырлайды сайда.<br>Кім адаспай тауып алады,<br>Қоңырырауды қолға алады.<br>Балалар жасырынған қоңырауды тауып алып, қолға алып сыңғырлайды.<br>Педагог келесіде қоңыраудың орнын ауыстырып қояды. | одан кейін жүруді баяулатады, ақырында тоқтайды да: «Кідіріс» («Аялдама»),деп хабарлайды. Біраз уақыттан кейін тағы да дыбыстық белгі беріледі де пойыз қайтадан жолға аттанады. | - Жарайсыңдар!<br>- Балалар торғайлар жолға отырып, жемді шоқиды.<br>- Қалай шоқитынын көрсетейікші.<br>Педагог балаларға торғайлардың жемді шоқуды, шоқайып отырып, саусақтарымен тізесіне соққылауды көрсетеді.<br>- Жарайсыңдар!<br>Педагог балалардың қимылдарын көркем сөзбен сүйемелдейді, жылжу бағытын реттеп, қадағалап жүреді.<br>Торғайлар, торғайлар,<br>Ұшыңдар, ұшыңдар!<br>Жолға отырып қоныңдар,<br>Жемді шоқыңдар!<br>Педагог рульді ұстап, автобильді | құстар барлық ойыншыларға келіп қосылады. Ойын 2-3 рет қайталанады. | жолға шығуға шақырады.<br>- Қанекей, сапқа жиналайық, пойыз болайық.<br>- Ту-ту жүрдік,<br>Ту-ту-у ...<br>Біз алысқа -<br>Ту-ту-у ..<br>Жүр соңымнан -<br>Қалма!<br>Кім өжет жан?<br>Алға!<br>(Д. Ахметова)<br>Педагог сапты бастаса да балалардың жүру бағытын, бір-біріне соғылмауын қадағалап жатады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | сомдайды, аланда шоқайып отырған балаларға қарай жылжиды.<br>Автомобиль келе жатыр!<br>Абайландар!<br>Ұшындар жан-жаққа:<br>Қыш! Қыш!<br>Ойын екі рет ойнатылады. | | |

| | |
|---|---|
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. |
| **Түскі ас** | Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемеу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)**<br>Асты шашпай, төкпей іш,<br>Сораптамай, баппен іш.<br>Келген асты алдыңа<br>Тауысып іш, қалдырма.<br>Тәрбиеші балалардың үстел үстінде дұрыс отыруларын қадағалайды. |
| **Күндізгі ұйқы** | Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары** | **Ұйқыашар жаттығулары.**<br>Керует жанындағы жаттығулар<br>"Құстар".<br>1. "Құстар оянды". Бастапқы қалып: аяқты сәл алшақ қою. Қолдарды жан-жаққа созу, бұлғау – «құстар қанат қағып жатыр».<br>2. "Құстар достарын шақырып жатыр". Бастапқы қалып: тұру, қол белде, аяқ арасы сәл алшақ. Оң жаққа, сол жаққа бұрылу, «Шиық-шиық» деп айту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 3. "Құстар жем шұқып жатыр". Бастапқы қалып.: тұрып, аяқ сәл алшақ, қол төменде. Отыру, саусақпен еденді соғу, бастапқы қалыпқа келу.<br>4. "Құстар көңілденіп жатыр". Бастапқы қалып: тұрып, аяқ сәл алшақ, қол түсірілген. Жүріспен кезектесіп, бір орында секіру.<br>**(дене шынықтыру, дербес әрекет)** | | | | |
| **Бесін ас** | Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемеу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)**<br>Асты шашпай, төкпей іш,<br>Сораптамай, баппен іш.<br>Келген асты алдына<br>Тауысып іш, қалдырма.<br>Тәрбиеші балалардың үстел үстінде дұрыс отыруларын қадағалайды. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **"Көліктерге дөңгелектерді салып бер" дидактикалық ойын. (сенсорика)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды көлемі әртүрлі көліктердің кескіндері көлеміне сай дөңгелектерді таңдап, салып беруге ынталандыру; қолдың ұсақ моторикасын, көзбен мөлшерлеу, қабылдау, ойлау | **"Дұрыс орналастыр" ойыны. (сенсорика, дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды жылдам қимылдауды қалыптастыру. Үлкен қорапқа текшелер мен шарларды салу. Шарларды бір қорапқа, ал екінші қорапқа текшелерді салу керек. | **"Би-би-би! Жүрейік!" (қоршаған ортамен танысу, мүсіндеу)**<br>Мақсат-міндеттері. Ертегіні білуді қалыптастыру; бөлшектерден жиһаз мүсіндеуді үйрену, мүсіндеу тәсілдерін: екі алақанмен түзулеуді бекіту. Қолдың ұсақ моторикасын дамыту, мүсіндеуге ынталандыру. | **"Пойыз" (көркем әдебиеттен ойын-жаттығу)**<br>Мақсат-міндеттері. Өлең тыңдауды үйрету, есте сақтау қабілеттерін, сөйлеу аппаратын, есту арқылы қабылдауын дамыту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту. Балалардың тыңдау қабілетін | **"Не қалай дыбыстайды?" дидактикалық ойыны. (сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды көліктердің дыбыстарына еліктеп айтуға ынталандыру; көліктерді ажыратуға үйрету; жағымды эмоцияларға бөлену қабілеттерін дамыту. Педагог балаларға машина, паровоз |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қабілеттерін дамыту.<br>Шарты: әрбір көліктің көлеміне сай дөңгелектерді салып беру.<br>Көлікке өз дөңгелегін салайық,<br>Көшені айналып шығайық.<br><br>**Саусақ жаттығуы «Кеме» (сөйлеуді дамыту)**<br>Су үстінде кемемен,<br>Кесіп өттік толқынды.<br>Қос күрекпен есіп ап,<br>Су көлігі зырлайды. | **Ойын-имитация. "Алдымызда жолдар жатыр". (сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға көлікті жүргізу қимылдарына еліктеуді үйрету; көлік жүргізуші және жолда жүру туралы ұғымдар беру; барлық баламен бірге жағымды көңіл күйге бөлене білу қабілетін дамыту.<br>Құралдар: ойыншық рульдер, түрлі ойыншықтар.<br>Педагог балаларға ойыншықтарын алдына алуға мүмкіндік береді. Балалар рульдерін бұраған болып, жағымды көңіл күйлерге бөленеді.<br>Алдымызда жол | "Құлып" саусақ гимнастикасы.<br><br>**Арба ойыншығымен ойнау. (сенсорика)**<br>Мақсат-міндеттері. Арбалардың тұтқаларын, көлік байланған арқаннан ұстап үйрету; заттың қозғалысын оның жылдамдығы мен бағытын өзгерту арқылы басқаруды үйрету.<br>Арба ойыншық:<br>Көлік, күшік, мысық -<br>Бір орында тұрмайды,<br>Жібінен тартсаң - жорғалайды,<br>Дөңгелектері домалайды.<br>Жіпті тартып жүрейік,<br>Көп жерлерге | қалыптастыру, сұрақтарға жауап беруге, көлік түрлерінің атауларын есте сақтауға ынталандыру. Өзгелермен және құралпастарымен достық қарым-қатынасты дамыту.<br>Дидактикалық-сөздік ойыны. "Пойызда нелер бар?"<br><br>**Саусақ жаттығуы. "Бағдаршамдар ұйықтамайды".**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың қолдарының ұсақ моторикасын дамыту, тілін, есту зейінін дамыту; бағдаршамның қызметі туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастыру.<br>Бағдаршамдар | дыбыстарын тыңдатады, олардың дыбыстарына еліктеу сөздерін айтқызады. Содан соң аудиожазбаны тыңдатқанда балалар тырналарды паровозды "ту-ту-ту", машинаны "бип-бип" деп дыбыстайды.<br><br>**"Ойыншықтарды жолдан өткізейік" дидактикалық ойыны. (сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың жол ережелері, жүргіншілер жолы туралы ұғымдарын қалыптастыру; қарапайым әлеуметтік дағдыларды игерту.<br>Шарты: педагог жасыл |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | жатыр,<br>Жасыл орман, көкшіл шатыр,<br>Жан-жағымыз гүлге толып,<br>Артымызда қалып жатыр.<br>Мәшинеге міндік,<br>Көп жер көріп, білдік.<br>Гүілдетіп, гүілдетіп,<br>Көп ойнадық, көп күлдік.<br>(Д. Ахметова") | жетейік. | ұйықтамайды, (сұқ саусақпен бұлғау)<br>Жымыңдайды, жымыңдайды.<br>(саусақтарды жұдырыққа жинау, жұму, алақанды ашу)<br>Бір қарасаң – қып-қызыл, (саусақтармен "ашып-жұму")<br>Екі десе – сап-сары.<br>(саусақтармен "ашып-жұму")<br><br>Бағдаршамдар ұйықтамайды, (сұқ саусақпен бұлғау)<br>Жымыңдайды, жымыңдайды.<br>(саусақтарды жұдырыққа жинау, жұму, алақанды ашу)<br>Тоқтай тұрсаң – жап-жасыл. (саусақтармен "ашып-жұму")<br>Көзі көп, біреу басы.<br>(сұқ саусақпен бұлғау) | таңбалауышты көрсеткенде қолға ұстаған ойыншықты "ала жолақтың"(жүргінші лер жолы) үстінен жүргізіп, "топ-топ-топ" айтып өткізу.<br>Педагог балаларға бағдаршамның түсі қызыл, сары, жасыл, дөңгелек таңбалауыштарын көрсетеді.<br>Балаларға жасыл жанғанда өтуге болатынын түсіндіреді.<br>Әрбір бала таңдаған ойыншығын жүргіншілер жолының үстімен өткізіп жатады.<br>Жасыл жанса - күлейік,<br>Жолдан өтіп жүрейік. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | **Музыка**<br>Музыка жетекшісінің жоспары бойынша | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **"Пішіндер алқасы" дамытушы ойыны.**<br>"қызыл үшбұрыш" + "көк үшбұрыш" + "сары үшбұрыш" + "жасыл үшбұрыш" | **"Жүрейік" қимыл жаттығуы.**<br>Жүрейік, жүрейік,<br>Қолды көкке сермейік,<br>Күнге сәлем берейік,<br>Шапалақтап, күлейік.<br>**(дене шынықтыру)** | **Саусақ жаттығуы. "Жаңбыр жауса - тұрмайық".**<br>Жаңбыр жауса – тұрмайық,<br>Қолға шатыр алайық<br>Там-там – жауса тамшылар,<br>Жамылып отырайық.<br>(Д. Ахметова)<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **"Алмалар".**<br>Ермексаздан көлемі бірдей кесектерді үзу, шарларды илеу амалдарын игерту.<br>**(мүсіндеу)** | Қ .Мырза Әли.<br>"Паровоз".<br>Пыс-пыс! - деді,<br>- Уһ-уһ! - деді<br>Бір кезде.<br>Пыш-пыш! - деді,<br>- Уф-уф! - деді<br>Бір кезде.<br>Тақы-түкі,<br>Тақы-түкі, Тез өт! - деп,<br>Тоқтамайды дөңгелектер безектеп.<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** |
| **Кешкі ас** | Тағамның атауын есте сақтауға, тағамды ішу рәсімін жақсы ниетпен қабылдауға бейімдеу. "Кешкі асты таза ішуге, әдепті бала болуды үйренеміз". **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | | |
| **Серуенге дайындық** | Мақсат-міндеттері: киімдегі жапсырғыштарды дұрыс жапсыру дағдысын қалыптастыру, киімдегі түймелердің басқа түрлерін қолдануды үйрету.<br>Аяқ киім кию дағдысын жетілдіру, ересектің көмегімен түймелерді түймелеу, шкафқа киім ілу. Шешінетін бөлмеде әдептілік ережелерін сақтауды үйретуді жалғастыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | | |
| **Серуен** | **"Үйшік" ертегісін мәнерлеп оқып беру. (көркем** | **"Паровоз" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды бір | **Апта тақырыбындағы ойындар. (қоршаған** | **Асфальтта "Жол бойымен" атты бормен ойыны.** | **"Көліктер тұрағы" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **әдебиет)** Мақсат-міндеттері. Балаларды ертегімен таныстыру, кейіпкерлердің әрекеттеріне эмоционалды жауаптарды ояту. Құралдар: ертегіні үстел (немесе саусақ) театры саханалауға қажет кейіпкерлердің кескіндері (саусақ ойыншықтары), тіреушелері, шымылдық (ширма). | бағытта педагогтің соңынан жүруді, еліктеуіш сөздерді қайталауға үйрету; жағымды эмоцияларды дамыту. | **ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем сөз) "Автобус" ойыны.** Мақсат-міндеттері. Балаларды бір бағытта педагогтің соңынан жүруді, еліктеуіш сөздерді қайталауға үйрету; жағымды эмоцияларды дамыту. | **(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)** Мақсат-міндеттері. Балаларда нұскау бойынша жүруге дағдыландыру. Тәрбиеші асфальтка бормен ирек сызық сызады. Баланың міндеті - осы ирек жолмен өту. Баланы қызықтыру үшін жолдың соңына ойыншық қоюға болады. Бала ойыншыққа жетуге талпынады. Егер балаға ирек жолмен өту қиын болса, тәрбиеші түзу сызық сызады. Балалар содан өтуге тырысады. | педагогтің нұскау сөздеріне көңіл аударып, түсініп, қимылдарды жасауға дағдыландыру; кеңістікті бағдарлау қабілетін қалыптастыру. Балаларға рульдерді тарату, әуен қосылғанда барлық көліктер жүре бастайды, ал әуен тоқтағанда бәрі тоқтайды. |
| **Серуеннен оралу** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуға, өз киімін өздігімен шешуге, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. **(дербес қимыл әрекеті)** | | | | |

| | |
|---|---|
| | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу кимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар карау және тағы баска әрекеттер) | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді карау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. Көліктер түрлерінің суреттерін көрсетіп, сипаттауға үйрету. **(коммуникативті дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Қиылған суреттерді бір тұтаска жинау ойындары (2-4 бөлік). **(сенсорика)**<br>Ұяшыктарға пішіндерді салу ойындары. **(сенсорика)**<br>Бауды байлау ойыншықтармен ойындар. **(сенсорика)**<br>Максат-міндеттері. Қолдың ұсақ моторикасын, ойлау, зейін кабілеттерін дамыту.<br>Музыкалық аспаптармен (сылдырмақтармен) ойындар: (1/2 мөлшері)әуеннің ырғағына сай сылдырлатуға бейімдеу. Күз әніне байланысты әнді жаттау. **(музыка)**<br>Көліктерді тізіп ойнату. **(сенсорика)**<br>Еркін ойындар. |
| **Балалардың үйге кайтуы** (ата-аналарға кенес) | Әңгімелесу: "Баланы бағдаршаммен таныстыру", "Көліктің негізгі құрылымы", "Баламен бірге жол жүру және жол ережелері талаптары". |

Тексерілді әдіскер : Сабитова З.А. 07.11.22ж

Тәрбиешілер : Байноллаева Б.Т.

Әмирбекова А.С.

**ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ**

**Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы) «Балауса-Балғын» бөбекжайы» КМҚК**

**Топ/сынып : «Шуақ» ерте жас тобы**

**Балалардың жасы**:1 **жасар балалар**

**Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету) 14.11 - 18.11.2022 ж.**

| Апта күндері | *Дүйсенбі* | *Сейсенбі* | *Сәрсенбі* | *Бейсенбі* | *Жұма* |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Әңгімелесу: "Балаға жабайы табиғат өкілдерін таныстыру", "Жабайы аңдар және олардың төлдері", "Балаға шағын тақпақтарды жаттатудың маңызы". | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | "Табиғат бұрышы" Мақсат-міндеттері. Табиғат бұрышындағы өсімдіктерге көңіл аудару, қурап, сарғайып қалған жапырақтарды үзіп, алып тастау әрекетіне көңіл аудару; су құйғыш арқылы суаруды көрсету. | "Жуыну әдебі" Мақсат-міндеттері. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебінің үлгісін көрсету; қолдарын сабындауға көмектесу, су ағымының астына өздігінен ұстауды қадағалау; қолды сүлгімен сүртуді көрсету; тазалықты сақтау қажеттілігі туралы түсіндіру; | "Үстел ойыны" Мақсат-міндеттері. Үстел ойындары бұрышында сөренің шаңын сүрту және ойыннан кейін, заттарды орнына салудың үлгісін көрсету; ойыншықтармен ойнағанда тазалықты сақтау туралы түсіндіру. | "Жуыну әдебі" Мақсат-міндеттері. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебінің үлгісін көрсету; қолдарын өздері сабындап, су ағымы астына ұстауын қадағалау;қолды сүлгімен сүртуді көрсету; тазалықты сақтау қажеттілігі туралы түсіндіру. | "Табиғат бұрышы" Мақсат-міндеттері. Табиғат бұрышындағы балықтарға жем беру үлгісін көрсету; балықтардың дене мүшелеріне, қимылына, азықтану әрекеттеріне көңіл аудару; бақылағыштыққа тәбиелеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | орамалды ілетін орнының суретін көрсету. | | | |
| | **"Ұзын аяқ, ұзын құлақ" тақпағын мәнерлеп оқу, қимыл жаттығуы. (дене шынықтыру, көркем сөз, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттері. Балаларды тақпақты, "Көжек" ойыншығына қарап, эмоциялық күйде педагогтің сөзіне, қимылдарына еліктеу әдебіне баулу. Ұзын аяқ, ұзын құлақ, Күртешесі сұр, жұмсақ, Қорқақ, қыли көздері, Ұстай алмаймыз, қуаласақ. (Д. Ахметова) | **«Ненің дауысы?» дидактикалық ойыны. (сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттері. Балаларды есту зейінін шоғырландыруға тәрбиелеу. Балаларға ойыншықты дауысынан анықтауға үйрету. Құрал-жабдықтар: балаларға таныс үй жануарларын бейнелейтін дыбыстық ойыншықтар дайындау (сиыр, ит, ешкі, мысық жәнетағы басқа). Педагог дайындалған ойыншықтарды шығарады (бір- | **"Кірпіні құрастырайық" дамытушы жаттығу (қысқыштармен жаттығу). (сөйлеуді дамыту, сенсорика)** Мақсат-міндеттері. Балаларға кірпінің қатпа қағазынан қиылған кескіні бойына қысқыштардың көмегімен тікендерді қадауды үйрету; жасалып болған кірпі бейнесіне қарап, педагогтің соңынан тақпақты мәнерлеп айтуға ынталандыру; қолдың ұсақ моторикасын, жағымды эмоцияларға бөлене білу қабілетін | **«Әткеншек» ойыны. (сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттері. Сыртқы тыныс алу қызметін жақсарту, тыныс алу жаттығуларының алғашқы әдістерін меңгеру, мұрын арқылы дем шығару және дем шығару жаттығуларын жасау. Құрал-жабдықтар: бала санына қарай көлемі шағындау, жұмсақ ойыншықтар. Баланы жайлап жатқызып, ішіне диафрагма аймағында жеңіл ойыншықты қояды. Педагог тақпақ оқиды. | **«Құс» еліктеу ойыны (сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттері. Құстарға еліктеуге шақыру; жедел жүруді жақсарту; үлкендермен сөйлесу қуанышын ояту. Балалар тізерлеп отырып, құстардың бейнелейді. Педагог: Торғай, торғай торғайсың, Неге жерге қонбайсың? Жем шашайын жейсің бе? Сонда торғай тонбайсың. Торғай ұшып кетті! Соңғы сөздерден балалар қанаттары мен қолдарын сермеп |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | бірден), сәйкес жануарлардың дауысына еліктей отырып, олармен ойнайды, содан кейін балаларды тыңдауға және дауысы бойынша не оларға конакка келетінін болжауға тапсырма береді. | дамыту.<br>С. Сәрсенов "Кірпі".<br>Үсті ине тізілген,<br>Қолмен ұстай болмайды.<br>Сабағынан үзілген<br>Ошағаннан аумайды. | Жаймен ғана тербетіңдер,<br>Әткеншекпен ер жетіңдер!<br>Бір, екі, бір, екі,<br>Ойын бітті, мінеки! | ұшады. |
| **Таңертеңгі жаттығу** | Жалпы дамыту жаттығуларына арналған ырғақты әуенді аудиожазба.<br>1 Бастапқы қалып – тұру аяғымыз алшақ, жалаушалар төменде. Жалаушаларды жоғары көтеріп, төмен түсіру. (4-5 рет)<br>2 Бастапқы қалып – отыру аяғымыз алшақ, иықтың бойында. Алға еңкейіп, жалаушалардың таяқшаларын еденге тигізу. Бойды жазып, бастапқы қалыпка оралу. (4-5 рет)<br>3 Бастапқы қалып – тізеде тұрып, жалаушалар екі қолымызда төменде. Жалаушаларды жоғары көтеріп, онымен оңға (солға) бұлғау, бастапқы қалыпқа оралу. (5 рет)<br>4 Бастапқы қалып – тұру аяғымыз алшақ, қолдарымыз бүгулі қалыпта жалаушалар иықтарымыздың бойында. Отыру, жалаушаны алға созу. Тұру, бастапқы қалыпқа оралу. (5 рет) **(дене шынықтыру, дербес әрекет)** | | | | |
| **Таңғы ас** | Тамақтану рәсімін ұстануға қызығушылық тудыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз, сөйлеуді дамыту)**<br>Қасығымыз қайда?<br>Табақшамыз қайда?<br>Өзіме жақын тартайық,<br>Тамақты тауысып алайық. | | | | |
| **Ұйымдастырылған** | Балалардың жағымды көңіл күйлерін қамтамасыз ету үшін, ұйымдастырылған іс-әрекетіне жағымды | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **іс-әрекетке дайындық** | эмоциялық ахуалда ауысу үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту)**<br>Жабайы табиғат -<br>Аңдарға туған атырап.<br>Аңдар орман мен даланы мекендейді,<br>Адамға жақын келмейді.<br>Аңдарды бақылайық,<br>Тіршілігіне карайық.<br>(Д. Ахметова) | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **"Жабайы аңдар" (сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды жабайы аңдармен, олардың атауларымен таныстырып, дұрыс, анық, буындап айтуға, олардың қимыл-әрекеттерін көрсете білуге үйрету; еске сақтау қабілеттерін, зейіндерін, сөздік қорларын дамыту; айналадағы әлемге қызығушылықты | **Дене шынықтыру "Орман тұрғындарына қонаққа барайық". Мақсат-міндеттері. Кішкентай допты (қапшықты) оң және сол қолмен лақтырған кезде бастапқы позицияны дұрыс ұстауды үйрету, орнында секіру (секіру) кезінде қозғалыс қабілеттерін дамыту, гимнастикалық жолдың бойымен** | **Дене шынықтыру "Аңдар балаларға қуанады". Мақсат-міндеттері. Балаларды тепе-теңдікті сақтап, гимнастикалық жолмен жүру жаттығуларын жалғастыра отырып, батылдық сезімін арттыра түсу. Балалардың көлденең нысанаға екі қолмен өздеріне ыңғайлы түрде лақтыру дағдыларын** | **Музыка**<br>"Біз билейміз".<br>Мақсат-міндеттері. Музыкалық шығармаларында контрастты музыканы ажырата білу және қимыл өзгертуге үйрету. Музыкалық-ырғақтық шеберліктерін арттыру: әртүрлі сипаттағы музыка әуеніне сәйкес қимылдау (баяу, жылдам). Ойын қызметін дамыту. | **Дене шынықтыру**<br>"Бір, екі, үш! Жүгір!"<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың қатарда жүгіру қабілетін арттыру; биіктігі 50 см арқанның астында еңбектеп жүру; жүгіру жылдамдығын арттыру, педагог нұсқауларына назар аудару, жаттығу жасау ептілігіне жаттықтыру.<br>**Қимылды ойын. «Бір, екі, үш! Жүгір! (дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тәрбиелеу.<br>**Тақпақ тыңдау.**<br>Қадыр Мырза Әли «Табиғат — жаратылыс пернесі».<br>О, далам, менің байтағым,<br>Далам деп өлең айтамын.<br>Ұлың боп ойлап барам да,<br>Құлын боп ойнап қайтамын. | **алақан мен тізеге тірек етіп, еңбектеу дағдысын машықтандыру, кедергілерді жеңуге деген сенімділік сезімін қалыптастырады, ойын әрекетіне қатысуға эмоционалды жауап тудырады.**<br>**«Кемпірқосақ» қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)**<br>**Кемпірқосақ біздің үстімізде, (бастың үстіне екі қолмен жарты шеңбер салу)**<br>**Ағаштардың үстінде, (қолды жоғары көтеру, саусақтың арасы ашық)**<br>**Үйлердің үстінде, (қолды бастың** | **жетілдіру. Олардың жүгіру дағдыларын күрделендіре отырып, дамытуды жалғастыру (баяу жүгіру, аяқтың ұшымен жүру, шеңберден шеңберге адымдау).**<br>**Қимылды ойын.**<br>**«Бір, екі, үш - жүгір! (дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)**<br>**Бір, екі, үш! Қоянға қарай жүгір! (балалар ойыншық қоянға жүгіреді)**<br>**Бір, екі, үш! Тиінге қарай жүгір! (балалар ойыншық тиінге жүгіреді)**<br>**Бір, екі, үш! Қонжыққа қарай жүгір! (балалар ойыншық қонжыққа жүгіреді)** | | Бір, екі, үш! Қоянға қарай жүгір! (балалар ойыншық қоянға жүгіреді)<br>Бір, екі, үш! Тиінге қарай жүгір! (балалар ойыншық тиінге жүгіреді)<br>Бір, екі, үш! Қонжыққа қарай жүгір! (балалар ойыншық қонжыққа жүгіреді) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **үстіне бүгу)**<br>**Өзен үстінде, су үстінде, (қолмен толқын жасау)**<br>**Менен сал жоғары (басты қолмен түрту)**<br>**Сәлем, орман, ну орман! (оңға, солға бұрылады)**<br>**Ертегілер мен ғажайыптарға толы!** | | | |
| **Серуенге дайындық** | Мақсат-міндеттері: киімдерін танып, көрсетуге бейімдеу, түймелерді түймелеу дағдысын қалыптастыру.<br>Шұлықты дұрыс киюге үйрету, шұлықты аяқтың басынан бастап киюге дағдыландыру.<br>Көмек сұрауды сыпайы түрде білдіруді үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Серуен** | **Ауладағы құстарды бақылау (қимылдары). (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды аулада, учаскедегі ағаштарға ұшып-қонған құстарды байқауды, | **Бұталарды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Бұтаның негізгі бөліктері туралы түсінік қалыптастыру, өсімдіктер әлеміне | **Күшікті бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Үй жануарлары туралы түсінік беру. Ит, күшік, оның сыртқы түрі, мінез-құлқы; жануарларға сүйіспеншілікке | **Ағаштарды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды ағаштармен таныстыруды жалғастыру, ағаштардың | **Маусымдық құбылысты бақылау. Қырау, аяз. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Су күйлерінің бірі ретінде аяз туралы түсінік |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | олардың қимылдарын аныктауды үйрету.<br>"Құстар, құстар, келіңдер".<br>Құстар, құстар, келіңдер,<br>Жемді шоқып, теріңдер.<br>Жемді шоқып, тойсаңдар,<br>Әнді салып беріңдер.<br>(Д. Ахметова)<br>**"Қаздар" қимылды ойыны. (дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды көркем сөз мәтінін мұқият тыңдап, белгілі сигнал сөзін естігенде бір бағытта, бір-біріне соғылмай жүгіруді үйрету; жүгіргенде қолдарын жан-жаққа бұлғап, | құрметпен карауға тәрбиелеу.<br>Дауылға да, аязға да,<br>Шылап бағар міз бакпай.<br>Тау етегі тұрағы,<br>Жап-жасыл боп тұрады.<br>**Қимылды ойын «Үшақтар». (дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды бір-біріне соқтығыспай, шашыраңқы жүруге және жүгіруге үйрету; оларды тәрбиешінің белгісі бойынша тез әрекет етуге дағдыландыру.<br>Балалар өлең оқып, қимылдың бағытын көрсетіп тұрған тәрбиешіні айнала коршай тұрады.<br>Балалар оның | тәрбиелеу.<br>Иелері серуендететін иттерді бакылау.<br>Жануарлардың сырткы түрін және оның мінез-құлкын сипаттау. (Ит адамға жақын, ол үйін күзетеді, онымен бірге аң аулауға шығады).<br>Күшігім менің, күшігім,<br>Үй күзетер пысығым.<br>Үргені де шамалы,<br>Тамак берсең болғаны.<br>**Қимылды ойын «Пойыз» (дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Тәрбиеші «Пойыз» ойынын ойнауды ұсынады: **«Мен паровоз боламын, ал** сендер кішкентай | жапырақтары жерге түсіп, жаланаш тұрғанын байкату; зейінін, ой-қиял кабілеттерін дамыту.<br>- Балалар, карандаршы. Бұл не?<br>- Ағаштарда жапырақтар бар ма?<br>- Жапырақтар кайда?<br>Педагог көркем сөзді колданады.<br>М. Әлімбаев "Күз"ү<br>Ұшты талдан жапырақ<br>Сары көбелек секілді.<br>Аспанда жай шатырлап,<br>Тамшы жерде секірді.<br>Педагог:<br>- Иә, жапырақтар жерде жатыр.<br>- Қанекей, балалар, жапырақтарды басып жүрейікші.<br>- Қандай дыбыстар шығады? | калыптастыру.<br>Аязға назар аударту.<br>Қырау - су буының тамшылары, олар кар ұлпасы сиякты катып калған. Балаларға ағаштар мен бұталардағы кырауды мұқият тексеріп, кыраумен жабылған бұтакты алақанмен ұстау.<br>Бұтақ пен алақанға не болды? Аяз кайда кетті?<br>Аяз келді қаһарлы,<br>Айналаны кар жапты.<br>Ақ тон киіп орман тұр<br>Дәл атамдай салмакты.<br>**«Торғайлар» қимылды ойыны (дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды төмен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қаздың қимылын қайталауға ынталандыру; айтылған сөздер мен жаттығудан жағымды әсер алуға баулу. Педагог балаларға шартты түсіндіреді: "Балалар, сендер қаздар боласыңдар. Мені мұқият тыңдаңдар. Сөздерге менің соңымнан қайталауға болады. Мен "бидай шаш" сөздерін айтқанда, маған қарай қолдарыңды былай жайып, бұлғап жүгіресіңдер. Педагог қаздардың қимылдарын балаларға біраз қайталатады. Балалар бір жаққа ауысып кеткенде педагог қарсы бетке барып, | артынан қайталайды. О, алтын күн, алтын күн, Әйнектен қара, жарқын күн! Балаларың жылауда, Сүрініп тасқа құлауда. Балалар әннің ырғағына қарай қолдарын соғады, тізе бүгіп жүресінен отырады (екпінмен айтылған сөздерде). Қол соғуды тоқтатпай, бір орында секіреді. | вагонсыңдар». Балалар бірінің соңынан бірі алдында тұрғанның киімін ұстап колоннаға тұрады. «Кеттік!» - дейді тәрбиеші, балалардың бәрі «шу-шу» деп дабырлап, оның артынан жүре бастайды. Тәрбиеші пойызды бір бағытта, одан кейін екінші бағытта жүргізеді, одан кейін жүруді баяулатады, ақырында тоқтайды да: «Кідіріс» («Аялдама»), деп хабарлайды. Біраз уақыттан кейін тағы да гудок беріледі де пойыз қайтадан жолға аттанады. | - Иә, жапырақтар "шыр-шыр" етеді. - Балалар, жапырақтардың арасында біреу жүрген сияқты. **"Кірпі" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)** Мақсат-міндеттері. Балаларды жағымды эмоциялық күйде кірпі туралы тақпақты тыңдап, кірпіге еліктеу әдебіне баулу. Педагог кірпі ойыншығын не суретін көрсетеді. - Балалар, бұл не? - Бұл кірпі. Жарайсыңдар! Кірпі, сен қайдан келесің? Қандай қоректі | заттардан секіруге, шашыраңқы жүгіруге, тәрбиешінің берген белгісі бойынша әрекет етуге үйрету, балаларды бір-біріне көмектесуге үйрету. «Құстар ұшып жүр!» белгісі бойынша. Балалар ойын алаңын айнала жүгіреді, құстарды бейнелейді. «Мысық!» белгісін естіген «Құстар» үйлеріне «ұшып кетеді». |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | ойынды тағы бір рет жүргізеді.<br>Балалардың бір-біріне соғылмауын ескеру керек.<br>С. Бегалин "Қазым".<br>Қазым, қазым, қалқылда,<br>Көлде жүзіп салқында.<br>Жем шашайын - жейсің бе,<br>Кәмпит берші дейсің бе?..<br>- Жоқ, жоқ,<br>Кәмпит, тәтті болмайды ас,<br>Арпа менен бидай шаш. | | | іздейсің?<br>Пысылдайсың, пысылдайсың,<br>Тоқтамайсың, тоқтамайсың.<br>(Д. Ахметова)<br>- Қанекей, балалар, мына жатқан жолдармен кірпі сияқты асықпай жүгірейік.<br>Педагог балаларды аланың түрлі бағыттарына балаларды ертіп, асықтырмай жүгіртеді. | | |
| **Серуеннен оралу** | Балалардың киімдерін реттілікпен шешуі, гигиеналық шараларды ұйымдастыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | | |
| **Түскі ас** | Тамақтану рәсімін ұстануға қызығушылық тудыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз, сөйлеуді дамыту)**<br>Қасығымыз қайда?<br>Табақшамыз қайда?<br>Өзіме жақын тартайық,<br>Тамақты тауысып алайық. | | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары** | **"Ұйқыашар" жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>- Балалар, оянындар, керіліп-созылындар! Менің сендермен ойнағым келеді.<br>**Төсекте жатып жасайтын жаттығулар: "Мысықтар".**<br>Мысықтар оң жаққа қарап ұйықтап жатыр, ұйқысырап, мияулап жатыр, көздерін жұмып "мияу-мияу-мияу" деп жатыр.<br>Көзін ашып, аяқ-қолын керіп жатыр.<br>Төрт аяқтап тұрып мойнымызды жоғары созып мияулаймыз "мияу-мияу-мияу."<br>Отырып башпайларымызды уқалаймыз, аяғымызды сипаймыз.<br>Майтабанның алдын алу.<br>Мысық шеңбер бойымен аяқтың ұшымен жүру, екі аяқпен секіру, жүру орнымызға қарай жүгіру.<br>Орындықта отырып оң аяғын сол аяғына қойып табандағы нүктелерге массаж жасау, аяқтарын ауыстырып, табандағы нүктелерге массаж жасау, ( 3- 4 рет) | | | | |
| **Бесін ас** | Тамақтану рәсімін ұстануға қызығушылық тудыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз, сөйлеуді дамыту)**<br>Қасығымыз қайда?<br>Табақшамыз қайда?<br>Өзіме жақын тартайық,<br>Тамақты тауысып алайық. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Саусақ жаттығуы. "Қонжық". (сөйлеуді дамыту)**<br>Қонжық жүрсе орманда, (жұдырықтарды қысып, бір жағымен үстелге, тізеге соққылау)<br>Томпаң-томпаң | **Сенсорикадан ойын-жаттығу**<br>"Сиқырлы қораптар".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды қораптарды ашуға және жабуға үйрету, әр қорап үшін дұрыс қақпақты таңдау, қолдың ұсақ | **"Аю орманда" қимыл-қозғалыс ойын. (сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері: балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша, мәтіннің | **"Балықты аулаймыз" үстел ойыны. (сенсорика, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Баланың көз дәлдігін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>Педагог үстелдің | **"Суретті құрастыр" үстел ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері: балаларға екі бөліктен тұратын суреттен бір тұтас суретті құрастыруды үйрету; қабылдау, ойлау қабілеттерін дамыту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | басады.<br>Қорбаң-қорбаң корбаңдап,<br>(алақандарды ашып, саусақ ұштарын бір-біріне қарсы салып, алақандардың ішкі жағымен соққылау)<br>Бізді көрсе қашады.<br>(саусақтарды алға қарату, кезек-кезек соққылау)<br>(Д. Ахметова) | моторикасын дамытуды жалғастыру, кеңістіктік үлгілерді көрсету, кішкене заттарды үлкен қорапқа салу, заттың түсі туралы білімдерін бекіту; қызығушылыққа тәрбиелеу.<br>«Орман алқабында» ойын жаттығуы.<br>**Ойын-имитация. "Кірпіжан". (сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға ортақ ойын барысында кірпі кейіпкеріне жағымды эмоциялық қатынасын білдіруге ынталандыру, педагогтің соңынан сөздер мен қимылдарды қайталап жүру дағдыларын | сөзіне сай қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру дағдыларын дамыту.<br>Қорбаңдаған аюдың (аю сияқты жүреді)<br>Құлпынайы көп екен. (құлпынайды іздеу қимылын жасайды)<br>Теріп-теріп алайық, (құлпынайды тереді)<br>Қалтамызға салайық, (себеттеріне салады)<br>Тәрбиеші: мұнда қанша жидек бар және себетті "байқаусызда" құлатады. Жидектер (кішкене доптар) жерге шашылады, балалар оларды жинайды.<br><br>**"Үйшік" ертегісін мәнерлеп оқып** | бетіне сопақша пішінді қатты қағаздан көлдің пішінінін қиып, баланың алдына салады, оның бетіне әртүрлі балықтардың кескіндерін үлестіріп салып қояды.<br>Әрбір балықтың денесінде кез келген геометриялық пішіннің ойығы болады. Балалардың қолында түрлі геометриялық пішіндер жинағы жатады. Балалар кез келген балықтың үстіне тура келетін пішінді тауып салса, оны аулап алды деп саналады.<br>**Музыка**<br>Музыка жетекшісінің | Қасқыр, аю, қоян және тағы басқалар бейнеленген бірнеше суреттер екіге бөлініп, балалар ұсынылады. Балалар ұсақ бөлшектердін тұтас суретті құрастырып, шығарулары керек.<br><br>**«Әткеншек» ойыны. (сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері. Сыртқы тыныс алу қызметін жақсарту, тыныс алу жаттығуларының алғашқы әдістерін меңгеру, мұрын арқылы дем шығару және дем шығару жаттығуларын жасау.<br>Құрал-жабдықтар: бала санына сәйкес шағын көлемді жұмсақ ойыншықтар. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | калыптастыру.<br>Құралдар: кірпінің суреті немесе ойыншығы.<br>Кірпіжан, кірпіжан,<br>Қайда жортып барасың?<br>Орманнан, орманнан<br>Нені іздеп аларсың?<br>- Жолым көп, жолым көп,<br>Қоректі іздеймін.<br>Қорек көп, қорек көп<br>Тауып алып, жеймін.<br>(Д. Ахметова) | **беру. (көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды ертегімен таныстыру, кейіпкерлердің әрекеттеріне эмоционалды жауаптарды ояту.<br>Құралдар: ертегіні үстел (немесе саусақ) театры саханалауға қажет кейіпкерлердің кескіндері (саусақ ойыншықтары), тіреушелері, шымылдық (ширма). | | Баланы жайлап жатқызып, ішіне диафрагма аймағында жеңіл ойыншықты қояды.<br>Педагог тақпақ оқиды.<br>Жай ғана тербетіңдер,<br>Әткеншекпен ер жетіңдер!<br>Бір, екі, бір, екі,<br>Ойын бітті, мінеки! |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Құстар, құстар, келіңдер,<br>Жемді шоқып, теріңдер.<br>Жемді шоқып, тойсаңдар,<br>Әнді салып беріңдер.<br>(Д. Ахметова) | Алдымызда ұзынша,<br>Жайылып тұр жолақша.<br>Топ-топ басайық,<br>Бірге жылдам барайық.<br>Секіреміз оп-оп!<br>Біз жүреміз топ боп.<br>(Д. Ахметова) | С. Бегалин "Қазым"<br>Қазым, қазым, қалқылда,<br>Көлде жүзіп салқында.<br>Жем шашайын - жейсің бе,<br>Кәмпит берші дейсің бе?..<br>- Жоқ, жоқ, | Ермексаздан кесектерді үзіп, бағандарды есу амалдарын игерту. "Сәбіздер". | Ойын-имитация. "Кірпіжан".<br>Кірпіжан, кірпіжан,<br>Қайда жортып барасың?<br>Орманнан, орманнан<br>Нені іздеп аларсың?<br>(Д. Ахметова) |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | Кәмпит, тәтті болмайды ас, Арпа менен бидай шаш. | | | |
| **Кешкі ас** | Тамақтану рәсімін ұстануға қызығушылық тудыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз, сөйлеуді дамыту)**<br>Қасығымыз қайда?<br>Табақшамыз қайда?<br>Өзіме жақын тартайық,<br>Тамақты тауысып алайық. | | | | | |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. | | | | | |
| **Серуен** | **Ересектің көмегімен атқарылатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** құмды орындықтардан түсіру, сыпырып тастау (щеткалар). | ."**Батпырауық ұшыру" ойыны. (дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттері. Педагогтің нұсқау сөздеріне көңіл аударып, түсініп, қимылдарды жасауға дағдыландыру.<br>- Балалар, қазір батпырауықпен ойнаймыз. Қолымызға батпырауықты алып жүгіреміз. Батпырауықтың | . **"Батады, батпайды" ойыны. (қоршаған ортамен таныстыру)** Мақсат-міндеттері. Суда әртүрлі заттардың бататынын және батпайтынын анықтауға жағдайлар жасау; зеректікке тәрбиелеу. Әртүрлі заттарды жинау. Бұл пластикалық қақпақтар, көбік резеңкелер, тастар, | **"Топ-топ басайық" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттері. Балаларды еліктеу әрекеттерін орындауға үйрету; жағымды эмоцияларды дамыту. Қолдарынан ұстап, шеңбер бойымен жүргізу, басында баяу және жылдам жүргізу. | **"Шеңберге дәл түсір" ойыны. (сенсорика)** Мақсат-міндеттері. Балаларда нысанға дәл тигізу қабілетін дамыту,ептілік, қырағылықты дамыту. Аулаға алып шығатын ойыншықтармен балалардың ойын әрекеті. Шығарылатын материал: қалақшалар, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | айналғанын көреміз. | түймелер, моншақтар болуы мүмкін. Балаларға осы аталған заттарды суға лақтырады, қайсы суға батты, қайсы судың бетіне қалқып шықты, соны бақылайды. | Топ, топ, топ басайық. Жалаудан күн жасайық. Жаса, жаса алтын күн, Жаса, жаса жарқын күн! Балалардың дербес дамуы бойынша жекелей жұмыс: кеңістікті бағдарлауға арналған жаттығулар.. | шелектер, қалыптар, маусым бойынша киінген қуыршақтар, мәшинелер. |

| | |
|---|---|
| **Серуеннен оралу** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуға, өз киімін өздігімен шешуге, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. **(дербес қимыл әрекеті)** |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. Көліктер түрлерінің суреттерін көрсетіп, сипаттауды үйрету. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>**"Суретті құрастыр" үстел ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға екі бөліктен тұратын суреттен бір тұтас суретті құрастыруды үйрету; қабылдау, ойлау қабілеттерін дамыту.<br>Қасқыр, аю, қоян және тағы басқа бейнеленген бірнеше суреттер екіге бөлініп, балаға ұсынылады. Балаға ұсақ бөлшектердің тұтас суретті құрастырып, шығарулары керек. **(сенсорика)**<br>Ұяшықтарға пішіндерді салу ойындары. **(сенсорика)**<br>**"Түймені түймелеу және шешу" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Зейінді, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>Құрал-жабдықтар: қатты матада түрлі түсті түймелер мен түрлі өлшемдегі ілмектер орналасқан. Балалар |

| | |
|---|---|
| | түймелерді түймелейді, артынан шешеді. Тәрбиеші балаларға өзі көрсетеді, кейін балалардың жасағанын қадағалайды. **(сенсорика)**<br>Мақсат-міндеттері: қолдың ұсақ моторикасын, ойлау, зейін қабілеттерін дамыту.<br>Музыкалық аспаптармен (сылдырмақтармен) ойындар: 1/2 мөлшері әуеннің ырғағына сай сылдырлатуға бейімдеу. **(музыка)**<br>Көліктерді тізіп ойнату. **(сенсорика)**<br>Еркін ойындар. |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Әңгімелесу. «Тамақтану және киіну дағдыларын қалыптастыру», «Кішкентай бүлдіршіндерді мәдени-гигиеналық дағдыларға тәрбиелеу», «Баламен бірге шағын тақпақтарды оқудың маңыздылығы». |

Тексерілді әдіскер : Сабитова З.А. 14.11.22ж
Тәрбиешілер : Байноллаева Б.Т.
Әмірбекова А.С.

**ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ**

**Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы) «Балауса-Балғын» бөбекжайы» КМҚК**

**Топ/сынып: «Шуақ» ерте жас тобы**

**Балалардың жасы:1 жастағы балалар**

**Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету) 10.10 - 14.10.2022 ж.**

| Апта күндері | *Дүйсенбі* | *Сейсенбі* | *Сәрсенбі* | *Бейсенбі* | *Жұма* |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сырткы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Әңгімелесу: "Тамақтану рәсімін үйретудің маңызы", "Нанның пайдалы элементтері", "Баланы мезгілге сай киіндіру және шынықтыру шаралары". | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | "Ойын бұрышы" Мақсат-міндеттері. Ойын бұрыштарында тұрған ойыншықтарға көңіл аудару, оларды атап, тізімдеп қоюға ынталандыру. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, дербес әрекет)** | "Ойын бұрышы" Мақсат-міндеттері. Ойын бұрыштарында сөренің шаңын, пластиктен жасалған Бауырсақ ойыншығын сүрткеннен кейін, бетінің таза, жылтыр болғанына көңіл аудару. **(дербес әрекет, мәдени-гигиеналық дағдылар, қоршаған ортамен** | "Ойын бұрышы" Мақсат-міндеттері. Ойын бұрыштарында тұрған ойыншықтарға көңіл аудару, оларды атап, тізімдеп қоюға ынталандыру; қауыршақтарды орындықтарға отырғызуға шақыру. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, сенсорика)** | "Жуыну әдебі" Мақсат-міндеттері. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебінің үлгісін көрсету; қолдарын сабындауға көмектесу, су ағымы астына қоюды қадағалау; қолды сүлгімен сүртуді көрсету; тазалықты сақтау қажеті туралы түсіндіру. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу,** | "Табиғат бұрышы" Мақсат-міндеттері. Табиғат бұрышындағы өсімдіктерге көңіл аудару, фикус жапырақтарының жалпақ, үлкен, бетінің тегіс болуын бақылау, суару. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, сенсорика)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **танысу, сенсорика)** | | **сенсорика)** | |
| | **Саусақ жаттығуы. "Көңілді саусақтар".**<br>Мақсат-міндеттері. Қолдың ұсақ моторикасын, есте сақтау қабілетін дамыту; жағымды эмоциялармен бөлісу қабілетін қалыптастыру.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, сенсорика, көркем әдебиет, музыка)**<br>Мына саусақ орманға барды,<br>Мына саусақ саңырауқұлақ тапты,<br>Мына саусақ оны қуырды,<br>Мына саусақ қуырды,<br>Мына саусақ барлығын жеп | **«Құстардың ұшуы» ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Ауызбен ұзаққа бағытталған, біркелкі ауа шығаруды дамыту.<br>Жабдық: қағаздан бүктелген 2-3 түрлі түсті құстар (оригами).<br>Бала үстел басында отырады. Педагог балаға құсты үрлеуге шақырады (бір рет қана үрлей алады.<br>- Сенде қандай әдемі құс бар! Ол ұша ала ма? Құс алысқа ұшатындай етіп үрле! Сен бір рет қана үрлей аласың.<br>Мұрынмен дем алып, ауаны шығар.<br>Мінекей, құс ұшып кетті! **(сенсорика,** | **Қуыршақ ойыншығымен ойнату.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға қуыршақ ойыншығын әлдилетізу арқылы алғашқы әлеуметтік қатынастар үлгісін көрсету, эмоционалдық жауап жасауға ынталандыру.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, сенсорика, музыка)**<br>Әлди, әлди!<br>Әлди, әлди, бөпешім,<br>Ән сап берем, келе ғой.<br>Жыламашы, көкешім,<br>Жұбатқанға көне ғой.<br><br>Ұйқың келсе, | **Тышқан ойыншығымен ойнату.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға көркем сөзді тыңдап, тышқанның қылықтарын байқауға үйрету, педагогтің қимылдары соңынан еліктеуді үйрету, мазмұнындағы оқиғаларға эмоционалды жауап беруге баулу.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, көркем сөз )**<br>Ойыншық болмаса, суретін көрсету мүмкін.<br>Тықыр-тықыр тықырлап,<br>Кеміріп, бидай ұрлап,<br>Тышқан жүр, еден | **"Торт шеңберін безендірейік" үстел үсті ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға дөңгелек пішінді түрлі геометриялық пішіндермен безендіруге ынталандыру; жасалған затты "торт" бейнесі ретінде қабылдауға үйрету; қолдың ұсақ моторикасын, ой-қиялын дамыту.<br>Педагог қағаздан дайындалған түрлі түстерге боялған дөңгелек фондарды дайындап қояды, табақшаларға қағаздан немесе пластиктен қиылған мөлшердері бірыңғай геометриялық |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қойды. | **сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | бөлейін,<br>Тербетейін есікке,<br>Қаз-қаз басшы, көрейін,<br>Барып келші есікке<br>(С. Әлімқұлов) | тесіп.<br>Көрейік оны, барлап.<br>(Д. Ахметова) | пішіндерді (үшбұрыш, дөңгелек, шаршы) салып қолды. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, көркем сөз)**<br>Торт десе - ол тәтті нан,<br>Түрлі гүлге боялған:<br>Дөңгелек, үшбұрыш, шаршы -<br>Торттың үстіне қарайықшы. |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **(Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі)**<br>*«Алақанымызды қыздырайық».*<br>Бастапқы қалып: еркін тұру. Екі қолды жоғары көтеру, бастапқы қалыпқа оралу.<br>*«Тіземіз қайда?»*<br>Бастапқы қалып. Аяқтың арасы алшақ, қолымыз арқамыздың артында.<br>Алға қарай еңкею, тіземізге қолымызды тигізіп, «Мінекей!» сөзін айту. Бастапқы қалып.<br>Бастапқы қалып. Аяқтың арасы алшақ, екі қол белде.<br>Отыру, бетті екі қолмен жабу. Бастапқы қалыпқа оралу.<br>*«Күн шуағы жарқырап тұрған шабындыққа қыздырынамыз».*<br>Бастапқы қалып: шалқалап жату.<br>Ішке қарай аунап жату.<br>Қайтадан арқаға аунау (3-4 рет қайталау).<br>*«Шалғынға қояндар келді».* | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Екі аяқпен секіру.<br>Бірінші жаттығуды қайталау.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | | | | |
| **Таңғы ас** | Балалардың тәбетін ашу, өздігінен тамақтануға ынталандыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем сөзді қайталау)**<br>Дастарқанның әдемісін-ай,<br>Тағамның (ботқаның, көженің, сорпаның, қуырдақтың) дәмдісін-ай!<br>Тамақты тауысқан балақай<br>Ең күшті болады. Пай, пай ...<br>(Д. Ахметова) | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балалардың жағымды көңіл күйлерін қалыптастыру. Ұйымдастырылған іс-әрекетіне жағымды эмоциялық ахуалда ауысу үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу. **(сөйлеуді дамыту, көркем сөзді қайталау)**<br>Жел еседі алқапта,<br>Бидай толды масақта.<br>Масақты жинап, терейік,<br>Ұннан нанды пісірейік.<br>Нан ыстық, аппақ,<br>Ұстауға жұмсақ.<br>Д. Ахметова | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Музыка**<br>"Күз бізге не әкелді?"<br>Мақсат-міндеттері.<br>Баяу сипаттағы әуенге жай екпінде жүруін жаттаттыру.<br>Әнді басынан аяғына | **Дене шынықтыру**<br>"Күзгі орманда".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың алға қарай екі параллель түзудің (ұзындығы - 2,5 м, ені - 25 см) | **Дене шынықтыру**<br>"Біз теп-тегіс жолмен жүреміз"<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды түзу жолмен жүруге (ені 25-30 см, ұзындығы | **Сенсорикадан ойын-жаттығу**<br>"Орман алқабында"<br>Мақсат-міндеттері.<br>Саусақ қимылдарын үлесімін дамыту, тесікке төлкені алып- | **Дене шынықтыру**<br>"Нан болса - ән де болады"<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың тепе-теңдікті сақтай отырып, шектеулі |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | дейін **жаттап** айту. Музыкалық-ырғақтық қызметіне баланың денесі дамуына ықпал ету. Әртүрлі өнер түріне қызығушылықтарын ояту, бала өнерінің дамуына ықпал ету. **(музыка, сөйлеуді дамыту)** | арасында бірінен соң бірін жүру қабілетін бекіту; негізгі қимыл түрлерін дамыту; икемділік; жәй жүру; бұлшық еттің негізгі топтары; бір-біріне деген сенімділікті қалыптастыру; табиғатқа ұқыпты және құрметпен қарауды ынталандыру; жаттығуларды қайталау арқылы балалардың оқу әрекеттерін нығайту. **(дене шынықтыру, қоршаған оратмен танысу, сөйлеуді дамыту)** Қимылды ойын "Кім жылдам?" Мақсат-міндеттері. Балаларға кедергілерден өтіп, алаңның бір жағынан екінші жағына | 2-3 м), таяқтан аттап өтуді, шектеулі беткеймен жүруді және еңбектеуді, доптарды домалатуды, әр түрлі көлемдегі доптар мен шарларды жинап, оларды өз беттерімен себетке салуды (қорап), бөренеден аттауға үйрету. **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** Ойын «Себетке алма жинайық» Педагог: - Балалар, бізге үлкен жүк көлігімен күздің сыйлықтары келді. Алмалар жерге шашылып, жан-жаққа домалап кетті. - Оларды қайтадан жүк машинасына жинап салайық. Балалар алмаларды (кішкентай доптар) | салуды үйрету; түсі бойынша заттарды топтауға үйрете білуін бекіту; қолдың ұсақ моторикасын және ойлау қабілетін, зейінін дамыту; үлкен адамдарды тыңдап, өзіндік жұмысқа, заттармен әрекет етуге тәрбиелеу. (сенсорика, қоршаған ортамен танысу) **Ойын жаттығуы "Саңырауқұлақтарды жина". (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттері. Саңырауқұлақтарды тауып, себетке жинау. Педагог саңырауқұлақтың бас киімін киіп, өлең жолдарын оқиды: Өз қалпағын жасынан | жерде жүру қабілетін жақсарту; тепе-теңдікті сақтауға жаттықтыру; жаттығу кезінде физикалық белсенділікті арттыру;ептілік пен жылдамдықты дамыту; ағзаның дұрыс дамуы мен жақсаруы үшін күнделікті тұтынатын тағамның маңыздылығы туралы түсініктерін кеңейту; жалпы дамыту жаттығулары арқылы балалардың тыныс алу мүшелерінің жұмысына тиімді әсер ету. **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** Ойын «Жинау». Мақсат-міндеттері. Қапшықтан доптарды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | жүгіруді үйрету. Белгі бойынша әрекет ету қабілетін, қимыл жылдамдығын дамыту. Ойын барысы. Ойын алаңының бір жағында 4-5 бала тұрады. Қарама-қарсы жақта (арақашықтық 12-15 м) орындықтардың үстінде күзгі жапырақтар жатыр. «Бір, екі, үш! Жүгір!» белгісі берілгенде балалар жүгіріп барып жапырақтарды жинайды. Бірінші болған баланы атап өту керек. Содан кейін балалар орындарына барады, келесі 4-5 бала шығады. Ойын 2-3 рет қайталанады. **(дене шынықтыру, қоршаған ортамен** | көңілді әуенмен жүк көлігіне қайта жинайды.<br><br>**Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу** "Дәмді бауырсақ " Мақсат-міндеттері. Балаларды күнделікті жеп жүрген нан және азық атауларымен таныстырып оларды дұрыс атауды үйрету; тыңдау мәдениетін қалыптастыру; сөздік қорды дамыту; тілдің грамматикалық құрылымына, сөзді дыбыстау мәдениетіне және байланыстырып сөйлеуге үйрету; есту, қайталау, еске сақтау, зейіндерін дамыту; құрдастары мен ересектер арасындағы өзара | Тастамайды басынан. Бір аяғымен тұрады, Саңырауқұлақ деп аталады. - Балалар, бізге саңырауқұлақтарды мына әдемі себеттерге жинау керек. Балалар саңырауқұлақтарды жинайды. Педагог: - Көңілді ойын ойнады, саңырауқұлақтарды да жинадық. - Балалар, біз себетке қанша саңырауқұлақ жинадық? - Көп. - Ал енді, балалар, саңырауқұлақтарды орнына қояйық. **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | шығарып тастауды және қайта жинап алуды үйрету. Педагог балаларды екі топқа бөледі, балаларға алдын ала дайындалған кішкентай доптар мен қапшықтарды таратады. Бірінші топ заттармен жүріп бара жатқанда қапшықтардан кішкене доптарды алуы керек. Екінші топ осы түскен кішкентай доптарды жинауы керегін түсіндіреді. Педагог балалардың тепе-теңдікті сақтауын қатаң қадағалайды, әр баланы сақтандырады. Шашылып жатқан кішкене доптардың саны аз болуы керек. Кішкентай доптарды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **танысу, сөйлеуді дамыту)** | қарым-қатынасқа баулу.<br>Сергіту сәті "**Доп**".<br>*(көңілді аудиожазба қосу)*<br>Доп, доп,<br>Топ, топ.<br>Доп жоғалды,<br>Доп жоқ.<br>Қап, қап.<br>Тап, тап.<br>**(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту, сенсорика, көркем сөз, )** | | жылдам және көп жинаған топ жеңімпаз болып саналады. **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **Күзгі ауа райын бақылау.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға күз мезгілі жөнінде жалпы ұғымдар беру, күзгі күндер бұлтты, салқын болуына көңіл аудару, адамдардың жылы киінгенін байқату; | **Сары жапырақтарды бақылау.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың көңілін сары жапырақтарға аудару, жапырақтардың жергі түсу құбылысын байқату; күз құбылыстары | **Бұлттарды бақылау.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың көк аспанда ақ бұлттарды бақылауға машықтандыру; бұлттардың ақ мамықтай болғанына, бейнелерге ұқсағанына көңіл | **Күзгі ауа райын бақылау.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға күз мезгілі жөнінде жалпы ұғымдар беру, күзгі ауа райы бұлтты, салқын болуына көңіл аудару, адамдардың жылы киінгенін байқату; | **Ағаштарды бақылау.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды қоршаған ортадағы ағаштармен таныстыру, ағаштардың сары жапырақтары желпілдеп, жайқалып жатқанын байқату; зейінін, ойлау |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | зейінді, ойлау қабілетін дамыту.<br>- Айналаға қараңдаршы, балалар, жапырақтар сарғайды. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>- Аспанда сұр бұлттар ұшып барады.<br>- Адамдар жылы киінді.<br>Күзім-күзім, күзім-ау,<br>Мінезің бұзық-ау.<br>Жаңбырың сіркіреп<br>Келгенің қызық ау.<br>(Қ. Ыдырысов)<br><br>**"Ей! Бауырсақ, Бауырсақ!" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға сапта (марш) адымдап басу қимылдарына жаттықтыру, педагогке еліктеп, | жөнінде ұғымдарды қалыптастыру; зейінді, ойлау қабілетін дамыту. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)**<br>Ұшты талдан жапырақ<br>Сары көбелек секілді.<br>Аспанда жай шатырлап,<br>Тамшы жерде секірді.<br>(М. Әлімбаев)<br>Балаларға көркемсөздер жолдарында бейнеленген жапырақтарды ағаштан көріп, жерге түсетінін байқауға қызықтыру.<br><br>**"Кім тыныш?" қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды бір | аудару. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, көркем әдебиет)**<br>"Аспанда".<br>Бір бұлт шықты бие болып,<br>Бір бұлт шықты түйе болып,<br>Бір бұлт шықты шошқа болып,<br>Бір бұлт шықты қошқар болып.<br>(Қ. Мырзалиев.)<br><br>**"Бұлттар ұқсап ұшайық" қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға бір бағыттан екінші көрсетліген бағытқа қарай жүгіруді үйрету; ой-қиялын дамыту. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу,** | зейінді, ойлау қабілетін дамыту.<br>- Балалар, айналаға қараңдаршы, жапырақтар сарғайды. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, көркем әдебиет)**<br>- Аспанға қараңдаршы, сұр бұлттар ұшады.<br>- Адамдарға қараңдаршы, ауа салқын, адамдар жылы киінді.<br>Күзім-күзім, күзім-ау,<br>Мінезің бұзық-ау.<br>Жаңбырың сіркіреп<br>Келгенің қызық-ау.<br>(Қ. Ыдырысов)<br><br>**"Біз шалқандай өстік" қимылды жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды шоқайып | қабілеттерін дамыту.<br>Жанымызда биік ағаштар,<br>Бұталарында жапырақтар.<br>Ағаштар тік тұрады, қозғалмайды,<br>Жапырақтарымен бізге бұлғайды.<br>- Балалар, ал қазір ағаштардың жапырақтарына не болды?<br>- Иә, жапырақтар сарғайды, жерге түсті.<br>- Күзде біз жеміс ағаштарынан піскен алманы жинаймыз. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, көркем әдебиет, дене шынықтыру)**<br><br>**"Алмалар шашылды" қимылды ойыны.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қимылдарды жасап, сөздерді қайталап жүруге қызықтыру. **(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру, көркем сөз)**<br><br>Ей, Бауырсақ! (сұқ саусақпен бұлғау, адымдау)<br>Ей, Бауырсақ!<br>Міне, алысқа жолақ.<br>Жалғыз болып, қалдың ба?<br>Тоқтамай жүр, адымда!<br><br>Бір-екі! (адымдау)<br>Бір-екі!<br>Боласың бізбен епті.<br>Сенгіш болып, қалдың ба?<br>Тоқтамай жүр, адымда! | бағытта тыныш жүру әдебіне үйрету, аяқтың табанын толық басып және аяқ ұшымен жүріп қимылдау дағдыларын қалыптастыру; сигналға сай қозғалуға ынталандыру.<br>- Балалар, қазір аяқтарымызды нық басып, менің соңымнан сайға қарай жүрейік.<br>Сайға қарай адымдаймыз,<br>Түрлі дыбысты тыңдаймыз.<br>Көрейік. Бұл қай бұрыш?<br>Тыңдайық. Тыныш ... Тыныш ...<br>- Қанекей, аяқтың ұшымен тыныш жүрейік ...<br>- Бұл жақта не бар | **дене шынықтыру)**<br>Педагог:<br>- Балалар, мен желмін, сендер бұлттарсыңдар.<br>- Мен "Қатты жел соқты!" деген кезде, сендер мен көрсеткен жерге, бұлттар ұқсап, "ұшасыңдар".<br>Педагог көркем сөзді қайта оқи алады. | отыру және орыннан тұрып, белгілі қимылдарды жасауға ынталандыру; шалқан көкөнісінің бақшада өсуі туралы ұғымдарды қалыптастыру; жаттығуларды жасауда жағымды көңіл күйге бөлену қабілетін қалыптастыру. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, көркем әдебиет)**<br>**Біз шалқандай өстік (орындарынан тұру),**<br>Күнге қолды создық (жоғары созылу).<br>Желге қолды бұлғадық (қолдарды бұлғау),<br>Қайта жерге отырдық (қайта отыру).<br>Д. Ахметова | Мақсат-міндеттері. Балаларды көркем сөзге жағымды эмоциялық жауап беруге және белгілі сөздерден кейін (сигнал тәрізді) жан-жаққа жүгіруге талпындыру; алманың жеміске жататынын, күзде пісетіні туралы ұғымдар қалыптастыру.<br>- Балалар, күзде жеміс ағаштарында, бау-бақшада алмалар да піседі.<br>- Қанекей, піскен алмаларды жинайық.<br>Педагог балаларды өзімен бірге ертіп жүріп, бір бағытта жүргізіп, белгілі сигнал сөздерінен кейін балаларға жан-жаққа жүгіруді ұсынады, алманы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | екен?<br>- Тамаша!<br>Педагог белгілі объектіні тапқандарын айтады, балаларды мақтайды. Жаттығу бірнеше рет өткізіледі, жүру бағыттары ауысады.<br>**(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | | | тергенді көрсетеді, балалар еліктейді, тоқтап, шоқайып отырып, қайта тұрып, ары қарай бағыттайды.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру, көркем әдебиет)**<br>Алма бақта көп алма,<br>Қызыл алма, көк алма.<br>Күз келді, тез жинаңдар,<br>Кеш қалып қалмаңдар.<br>(Д. Ахметова) |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Түскі ас** | Алдына қойған асқа назар аудару; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, көркем сөз)**<br>Тамақтану рәсімін ұстануға қызығушылық тудыру.<br>Қасығымыз қайда?<br>Табақшамыз қайда?<br>Өзіме жақын тартайық,<br>Тамақты тауысып алайық. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Күндізгі ұйқы** | Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай туғызу. | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары** | Ауа ванналары. **(дене жаттығулар мен дене белсенділігі)**<br>Алғашқы мәдени-гигиеналық әрекеттерді жасауға деген қызықтыру.<br>"Мөлдір су" (орыс тілінен аударма).<br>Мөлдір су, мөлдір су!<br>Сен менің бетім жу.<br>Отты көзім ойнасын,<br>екі бетім жайнасын.<br>Күлкі кетпей ернімнен,<br>Тісім тастан таймасын!<br>(Х. Ерғалиев, М. Әлімбаев) | | | | |
| **Бесін ас** | Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **"Пішіндер бойынша жұптарды жина" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды пішіндерді ажыратуды үйрету; түрлі түсті пішіндер жұптарын жинауда жаттықтыру; қолдың ұсақ моторикасын, зейінін, ойлау қабілетін дамыту.<br>Құралдар: түрлі түсті | **"Жапырақтарды жинайық" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды жапырақтарды түстер арқылы ажыратуға жаттықтыру; қызыл, сары және тоқсары жапырақтарды үшке бөліп, екі себетке салуды үйрету.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен** | **"Бауырсақ" ертегісін мәнерлеп оқып беру.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды ертегімен таныстыру, эмоционалды жауаптарды ояту.<br>Құралдар: ертегіні үстел (немесе саусақ) театры арқылы қойылымға қажет кейіпкерлердің кескіндері (саусақ ойыншықтары), | **"Жуыну әні" атты мультфильмін көру.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды мультфильмдегі бас кейіпкерлердің қимылдарына еліктеуге, әннің сөздерін қайталауға қызықтыру; жуыну рәсіміне еруге ынталандыру.<br>**(сөйлеуді дамыту, музыка, қоршаған ортамен танысу)** | **«Құстардың ұшуы» ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Ауыздан біркелкі, ұзақ дем шығаруды дамыту.<br>Жабдық: қағаздан бүктелген 2-3 түрлі түсті құстар (оригами).<br>Бала үстел басында отырады. Педагог баланы мүмкіндігінше ұшып кетуі үшін құсты |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | геомтриялық пішіндер. **(сенсорика, қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** | **танысу)** Құралдар: сары, қызыл жән тоқсары жапырақтар, түсі үш түрлі шелек (немесе көлемі үш түрлі шелек). | тіреушелері, ширма. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | **Музыка** Музыка жетекшісінің **жоспары бойынша** | **үрлеуге шақырады** (бір рет қана үрлей алады. - Сенде қандай әдемі құс бар! Ол ұша ала ма? Құс алысқа ұшатындай етіп үрле! Сен бір рет қана үрлей аласың. Мұрынмен дем алып, ауаны шығар. Мінекей, құс ұшып кетті! **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **"Ермексаздан шарды илеу "Бауырсақ"** Мақсат-міндеттері. Ермексаздан шарды илеу амалын игерту. **(мүсіндеу, сөйлеуді дамыту)** | **"Жұбын тап" үстел ойыны.** Балаларға әрбір заттың жұбын табуға үйрету, ойын екі бірдей заттың көп болуын қамтамасыз етеді, мысалы, екі қызыл алма, екі сары алмұрт, екі сәбіз, екі қияр, картоп және т.б. шамамен 20 түрлі көгөніс пен жеміс (10 | **«Құстардың ұшуы» ойыны.** Мақсат-міндеттері. Ұзақ бағытталған тегіс ауызша дем шығарудың дамуы. Жабдық: қағаздан бүктелген 2-3 түрлі түсті құстар (оригами). Бала үстел басында отырады. Педагог балаға құсты ұшыру | Күзім-күзім, күзім-ау, Мінезің бұзық-ау. Жаңбырың сіркіреп Келгенің қызық-ау. (Қ. Ыдырысов) | "Ей! Бауырсақ, Бауырсақ!" ойыны. **(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру, көркем сөз)** Ей, Бауырсақ! Ей, Бауырсақ! Міне, алысқа жолақ. Жалғыз болып, қалдың ба? Тоқтамай жүр, адымда! |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | жұп) болған жөн. Біз заттардың жартысын сөмкеге саламыз, екінші жартысын үстелге қоямыз. Баланың міндеті-затты сөмкеден алу және оған үстелде қойылған заттардың ішінен жұбын табу. | үшін үрлеуге шақырады (бір рет қана үрлей алады. - Сенің құсың әдемі екен! Ол ұша ала ма? Құс алысқа ұшатындай етіп үрле! Сен бір рет қана үрлей аласың. Мұрынмен дем алып, ауаны шығар. Мінекей, құс ұшып кетті! **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | | Бір-екі! Бір-екі! Боласың бізбен епті. Сенгіш болып, қалдың ба? Тоқтамай жүр, адымда! |
| **Кешкі ас** | Тағамның атауын есте сақтауға, тағамды ішу рәсімін жақсы ниетпен қабылдауға бейімдеу. "Кешкі асты таза ішуге, әдепті бала болуды үйренеміз". **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | | |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. **(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ қол моторикасын дамыту)** | | | | | |
| **Серуен** | **"Ей! Бауырсақ, Бауырсақ!" ойыны.** Мақсат-міндеттері. Балаларға сапта (марш) адымдап басу қимылдарына жаттықтыру, педагогке еліктеп, қимылдарды жасап, | **"Кім тыныш?" қимылды ойыны.** Мақсат-міндеттері. Балаларды бір бағытта тыныш жүру әдебіне үйрету, аяқтың табанын толық басып және аяқ ұшымен жүріп | **"Бұлттар ұқсап ұшайық" қимылды ойыны.** Мақсат-міндеттері. Балаларға бір бағыттан екінші көрсетлігеп бағытқа қарай жүгіруді үйрету; ой-қиялын | **"Біз шалқандай өстік" қимылды жаттығуы.** Мақсат-міндеттері. Балаларды шоқайып отыру және орыннан тұрып, белгілі қимылдарды жасауға ынталандыру; | **"Алмалар шашылды" қимылды ойыны.** Мақсат-міндеттері. Балаларды көркем сөзге жағымды эмоциялық жауап беруге және белгілі сөздерден кейін |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | сөздерді қайталап жүруге қызықтыру. **(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру, көркем сөз)**<br><br>Ей, Бауырсақ! (сұқ саусақпен бұлғау, адымдау)<br>Ей, Бауырсақ!<br>Міне, алысқа жолақ.<br>Жалғыз болып, қалдың ба?<br>Тоқтамай жүр, адымда!<br><br>Бір-екі! (адымдау)<br>Бір-екі!<br>Боласың бізбен епті.<br>Сенгіш болып, қалдың ба?<br>Тоқтамай жүр, адымда! | қимылдау дағдыларын қалыптастыру; сигналға сай қозғалуға ынталандыру.<br>- Балалар, қазір аяқтарымызды нық басып, менің соңымнан сайға қарай жүрейік.<br>Сайға қарай адымдаймыз,<br>Түрлі дыбысты тыңдаймыз.<br>Көрейік. Бұл қай бұрыш?<br>Тыңдайық. Тыныш ... Тыныш ...<br>- Қанекей, аяқтың ұшымен тыныш жүрейік ...<br>- Бұл жақта не бар екен?<br>- Тамаша!<br>Педагог белгілі объектіні тапқандарын айтады, | дамыту. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру)**<br>Педагог:<br>- Балалар, мен желмін, сендер бұлттарсыңдар.<br>- Мен "Қатты жел соқты!" деген кезде, сендер мен көрсеткен жерге, бұлттар ұқсап, "ұшасыңдар".<br>Педагог көркем сөзді қайта оқи алады. | шалқан көкөнісінің бақшада өсуі туралы ұғымдарды қалыптастыру; жаттығуларды жасауда жағымды көңіл күйге бөлену қабілетін қалыптастыру. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, көркем әдебиет)**<br>**Біз шалқандай өстік (орындарынан тұру),**<br>Күнге қолды создық (жоғары созылу).<br>Желге қолды бұлғадық (қолдарды бұлғау),<br>Қайта жерге отырдық (қайта отыру).<br>Д. Ахметова | (сигнал тәрізді) жан-жаққа жүгіруге талпындыру; алманың жеміске жататынын, күзде пісетіні туралы ұғымдар қалыптастыру.<br>- Балалар, күзде жеміс ағаштарында, бау-бақшада алмалар да піседі.<br>- Қанекей, піскен алмаларды жинайық.<br>Педагог балаларды өзімен бірге ертіп жүріп, бір бағытта жүргізіп, белгілі сигнал сөздерінен кейін балаларға жан-жаққа жүгіруді ұсынады, алманы тергенді көрсетеді, балалар еліктейді, тоқтап, шоқайып отырып, қайта тұрып, ары қарай бағыттайды. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | балаларды мақтайды. Жаттығу бірнеше рет өткізіледі, жүру бағыттары ауысады. **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | | | **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру, көркем әдебиет)** Алма бақта көп алма, Қызыл алма, көк алма. Күз келді, тез жинаңдар, Кеш қалып қалмаңдар. (Д. Ахметова) |
| **Серуеннен оралу** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуға, өз киімін өздігімен шешуге, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. **(дербес қимыл әрекеті)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)**<br>Қиылған суреттерді бір тұтасқа жинау ойындары (2-4 бөлік). **(сенсорика)**<br>Ұяшықтарға пішіндерді салу ойындары. **(сенсорика)**<br>Бауды байлау ойыншықтармен ойындар. **(сенсорика)**<br>Мақсат-міндеттері: қолдың ұсақ моторикасын, ойлау, зейін қабілеттерін дамыту.<br>Музыкалық аспаптармен (сылдырмақтармен) ойындар: 1/2 мөлшері әуеннің ырғағына сай сылдырлатуға бейімдеу. **(музыка, сөйлеуді дамыту)**<br>**"Балықты аулаймыз" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Баланың көзбен мөлшерлеуін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>Педагог үстелдің бетіне сопақша пішінді қатты қағаздан көлдің пішінінің қиып, баланың алдына салады, оның бетіне әртүрлі балықтардың кескіндерін үлестіріп салып қояды.<br>Әрбір балықтың денесінде кез келген геометриялық пішіннің ойығы болады. Балалардың қолында түрлі | | | | |

| | |
|---|---|
| | геометриялық пішіндер жинағы жатады. Балалар кез келген балықтың үстіне тура келетін пішінді тауып салса, оны аулап алды деп саналады.<br>**(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ қол моторикасын дамыту)** |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Әңгімелесу. "Тамақтану рәсімін үйренудің маңызы", "Нанның пайдалы элементтері", "Баланы мезгілге сай киіндіру және шынықтыру шаралары". |

Тексерілді әдіскер : Сабитова З.А. 10.10.22ж
Тәрбиешілер : Байноллаева Б.Т.
Әмирбекова А.С.

## ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

**Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы) «Балауса-Балғын» бөбекжайы» КМҚК**

**Топ/сынып «Шуақ» ерте** жас тобы

**Балалардың жасы**:**1 жастағы балалар**

***Жоспардың құрылу кезеңі* (апта күндерін, айды, жылды көрсету) 17.10 - 21.10.2022 ж.**

| Апта күндері | *Дүйсенбі* | *Сейсенбі* | *Сәрсенбі* | *Бейсенбі* | *Жұма* |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Әңгімелесу: "Баланың қасықты қай қолмен ұстайтынын ескеру", "Есте сақтау қабілетін дамыту жаттығулары", "Күз құбылыстарын айтқызу және байқатудың маңызы". | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | "Жуыну әдебі" Мақсат-міндеттері. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебінің үлгісін көрсету; қолдарын сабындауға көмектесу, су ағымы астына қоюды қадағалау; қолды сүлгімен сүртуді көрсету; тазалықты сақтау қажеттілігі туралы түсіндіру; орамалдың ілетін орнын, суретін көрсету. **(мәдени-гигиеналық** | "Ойын бұрышы" Мақсат-міндеттері. Ойын бұрыштарындағы ойыншықтарды тізімдеп қоюға шақыру; еңбектің нәтижесі ретінде балапанның балаларға келуіне көңіл аудару. **(дербес әрекет, сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | "Табиғат бұрышы" Мақсат-міндеттері. Табиғат бұрышындағы өсімдіктердің жапырақтарына көңіл аудару, шаңын сүрту; жапырақтардың түсі жасыл түсіне, құстардың жасыл өсімдіктерді ұнататынына көңіл аудару. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | "Үстел үсті бұрышы" Үстел ойындарының бұрышындағы шаңын сүрту әрекетіне көңіл аудару, қолмен шүберекті ұстап, сөрелердің үстімен жүргізуді көрсету, тазалықтың маңызын іс-тәжірибеде көрсету. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, дербес әрекет)** | "Ойын бұрышы" Мақсат-міндеттері. Ойын бұрыштарындағы торғайға көңіл аудару, қандай қимылдар жасайтынын, дыбыстарды шығарытын сұрау. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **дағдылар, сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| | **Әтеш (қораз) ойыншығымен ойнату.** Мақсат-міндеттері. Балаларға көркем сөзді тыңдап, педагогтің соңынан балапанның қимылдарына еліктеуді, эмоционалды жауап беруге ынталандыру. Қораз! Қораз! **(сөйлеуді дамыту)** Тыңдашы біраз. Алтын сенің айдарың, Көрініп тұр айбарың. Терезеден бір қара, Бұршақ берем мың дана. (Д. Ахметова) | **"Балапандарды құс қорасына жинайық" ойыны.** Мақсат-міндеттері. Баланың өз ойыншығын "балапан" деп атап, (қатар отырған екі бала бірігіп) ойыншықты үстел үстімен жүргізіп,"құс қорасына" кіргізуге ынталандыру; алғашқы әлеуметтік қатынасу қабілеттерін қалыптастыру. Педагог балаға балапан ойыншын беріп, құрылыс материалдарынан немесе лего материалдарынан жасалған "құс қорасына" кіргізуді ұсынады. Балалар балапан ойыншығын | **Балапан ойыншығымен ойнату.** Мақсат-міндеттері. Балаларға көркем сөзді тыңдап, педагогтің соңынан балапанның қимылдарына еліктеуді, эмоционалды жауап беруге ынталандыру; балапанның тауықтың баласы екені туралы ұғымдар қалыптастыру. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** Балапаным, балапан, Қайда кеттің ауладан? Суға бірге барайық, Саған бидай шашайық! Бидай шоқып тоқ- | **Пішін салғыш ойыншықпен ойын. "Тауық"** Мақсат-міндеттері. Баланың ойлау қабілеттерін, қолдың моторикасын дамыту. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** Пішіндер шашылып қалды, Үйшіктеріне қонбады. Қане, барлығын жинайық, Ұяларға сай салайық. - Тауықтың ішіне не жасырынған? - Қандай пішіндерді жинап алған? | **"Торғай не істейді?" ойыны.** Мақсат-міндеттері. Балаларды құстың қимылдарына қарап, не істеп жатқанын бір сөзбен жеткізіп (отыр, ұшты, шоқыды) немесе қимылмен көрсетуге ынталандыру; құстардың тіршілігі туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастыру. Педагог торғайды отырғаны, дән шоқып тұрғаны, ұшқаны туралы суреттерді дайындап қояды. Балаларға сурет көрсетіліп, сұрақтар қойылғанда жауаптарды қайтарады. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | атап жатады.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)**<br>Балапан ойыннан шаршады,<br>Балапанның қарны ашады.<br>Не айтамыз балапанға?<br>- Анаң күтіп қапты,<br>Бас аяқты! | тоқ-тоқ,<br>Қанатыңды соқ-соқ-соқ. | | Торғай бізбен ойнайды,<br>Торғай бізден сұрайды:<br>**- Мен не істедім?**<br>Жауап беріңдер,<br>Орындарыңнан тұрып көрсетіңдер. |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **(Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі)**<br>*«Алақанымызды қыздырайық».*<br>Бастапқы қалып: еркін тұру. Екі қолды жоғары көтеру, бастапқы қалыпқа оралу.<br>*«Тіземіз қайда?»*<br>Бастапқы қалып. Аяқтың арасы алшақ, қолымыз арқамыздың артында.<br>Алға қарай еңкею, тіземізге қолымызды тигізіп, «Мінекей!» сөзін айту. Бастапқы қалып.<br>Бастапқы қалып. Аяқтың арасы алшақ, екі қол белде.<br>Отыру, бетті екі қолмен жабу. Бастапқы қалыпқа оралу.<br>*«Күн шуағы жарқырап тұрған шабындыққа қыздырынамыз».*<br>Бастапқы қалып: шалқалап жату.<br>Ішке қарай аунап жату.<br>Қайтадан арқаға аунау (3-4 рет қайталау).<br>*«Шалғынға қояндар келді».*<br>Екі аяқпен секіру.<br>Бірінші жаттығуды қайталау.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Таңғы ас** | Тамақтану рәсімін ұстануға қызығушылық тудыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **сөзді қайталау)**<br>Қасығымыз қайда?<br>Табақшамыз қайда?<br>Өзіме жақын тартайық,<br>Тамақты тауысып алайық. | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балалардың жағымды көңіл күйлерін қалыптастыру. Ұйымдастырылған іс-әрекетіне жағымды эмоциялық ахуалда ауысу үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу. **(сөйлеуді дамыту, көркем сөзді қайталау)**<br>Күн суық,<br>Жаңбыр жауады.<br>Жылы жаққа құс ұшады,<br>Қанаттарын кең жаяды,<br>"Қош!" - деп айтады.<br>"Қош!" - деп айтады. | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Музыка**<br>"Бізге ән салып берші, Қораз"<br>Мақсат-міндеттері.<br>Музыкалық шығармаларында контрастты музыканы ажырата білу және қимыл өзгертуге үйрету.<br>Музыкалық-ырғақтық шеберліктерін арттыру: әртүрлі сипаттағы музыка әуеніне сәйкес | **Дене шынықтыру**<br>"Тышқанға дән жинаймыз"<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға жұпты табуға және жұпта қарапайым қимылдар жасауға, белгілі бір бағытта қозғалуға, допты домалатуға машықтандыру, мұқият тыңдауға және қимылдар басталғанша белгіні күте білуге үйрету.<br>Қимылды ойын | **Дене шынықтыру**<br>"Допты қалай домалатамыз?"<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға жұпты табуға және жұпта қарапайым қимылдар жасауға, белгілі бір бағытта қозғалуға, допты домалатуға машықтандыру, мұқият тыңдауға және қимылдар басталғанша белгіні күте білуге үйрету.<br>Ойын "Біз бидай | **Мүсіндеуден ойын-жаттығу**<br>"Үйрекке арналған қиыршықтар."<br>Мақсат-міндеттері.<br>Ермексаздан бөліктерін үзіп алуға, алақанның ортасына салып айналма қозғалыстармен есуді үйрету; оларды кесекке айналдыруды білуді жетілдіру; дайын жұмыстарды ұқыпты орналастыруға, | **Дене шынықтыру**<br>"Секіріп үйренеміз!"<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды таспа (лента) мен арқаннан екі аяқпен алға секірудің орындалуымен таныстыру; көлденең нысанаға лақтыруға үйрету, белгіге жауап беру қабілетін жетілдіру. **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)**<br>Қимылды ойын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қимылдау (баяу, жылдам). Ойын қызметін дамыту. "Ас атасы - нан" мақалының мағынасына қатысты түсініктерін кеңейту. Ойын "Тығылмақ". Мақсат-міндеттері. Балалар әуен ырғағына қарай қоңырауларда ойнайды, музыка тоқтаған кезде қоңырауларын артқа тығады. Әтеш іздейді. Музыканы еркін түрде таңдауға болды. **(музыка, сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)**<br><br>**Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу** "Қарлығаш". Мақсат-міндеттері. Фольклорға деген қызығушылықты ояту, зейінін | "Тышқанға арналған дәндер". Мақсат-міндеттері: доптарды жинап алып, шеңбердің ортасына тастауды үйрету. Педагог:<br>- Балалар, тышқан қысқыға көп дән жинайды. Қазір тышқандар сияқты дән жинап ойнайық.<br>- Тышқандар қандай дыбыс шығарады? Кім біледі? (пи-пи) Педагог залға ұсақ дәндерді (доптарды) шашып тастайды. Балалар сол дәндерді гимнастикалық шеңбердің ортасына тастайды (тышқанның іні). Тышқандар ініне дән жинайды. **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | егеміз". Мақсат-міндеттері: доптарды себетке жинауды үйрету. Педагог балаларды екі топқа бөледі, балаларға алдын ала пісірілген бидай мен дорбашаларды таратады. Бірінші топ бидай егіп жатқанын, ал екінші топ шашылған заттарды жинап жатқанын түсіндіреді. Педагог балалардың тепе-теңдікті сақтап, құлап қалмауын қатаң қадағалайды. Ойын кезінде балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етеді. Шашылып жатқан бидай мөлшері балаларға егін жинауға ыңғайлы болуы үшін аз болуы керек. Бидайды жылдам жинап алған | мүсіндеуге ынтасын ояту, құстарды жақсы көруге тәрбиелеу. **(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** Саусақ гимнастикасы. Қолымда добым бар (оң қолға допты қояды), Жұдырығымды жұмамын (қатты қысамыз), Жіберемін, қысамын (алақанды ашамыз), Алақанмен есемін (допты алақанмен есеміз).<br><br>**Қоршаған ортамен таныстырудан ойын-жаттығу** "Кішкентай құстар". Мақсат-міндеттері. Балалардың қоныс аударатын құстар туралы алғашқы түсініктерін қалыптастыру, | "Мені қуып жет!" Мақсат-міндеттері: балаларға бір-бірін итермей, топтасып жүгіруді үйрету. Ойынның барысы. Педагог орындықта отырған балаларға залдың бір жағынан барып: «Әмір, Сабина, Миша мені қуып жетіңдер!» - деп айтады. Есімдері аталған балалар орындарынан тұрып, педагогті қуалай бастайды. Біраз жүгіргеннен кейін, педагог балаларға өзін қуып жеткізеді. Қайталап ойнаған сайын, ойыншылар саны көбейеді. Ойынның соңында барлық бала педагогті қуып жетеді. **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | шоғырландыруға үйрету, ертегілер мен тақпақ-жаттамақтардың мазмұнына эмоционалды жауап беруге ықпал ету. Дидактикалық ойын. "Күзгі күн шуақтары". Мақсат-міндеттері: күзгі табиғатты сөзбен сипаттап айтуды үйрету. Таспалардан жасалған күннің шуақтарының ұшына күз мезгілінің балаларға түсінікті белгілері бейнеленген суреттер бекітілген. Шуақтарын ашып, күздің белгісін айтып береді. Мысалы: жаңбырдың суретін көріп, жаңбыр жауады. Жапырақтардың суретін көріп, | | топ жеңімпаз атанады. **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | құстарды бақылау. Сөйлеу, есте сақтау қабілеттерін дамыту және құстарға деген қызығушылықты арттыру. Құстарға қамқор болуға тәрбиелеу. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, сенсорика)** «Қай құстың қауырсыны екенін анықта» дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері: зейінді дамыту, түстерді бекіту. Ойын барысы. Педагог: - Балалар, құстар жылы жаққа ұшқан кезде қауырсындарын жоғалтып алыпты. - Мына қауырсындар қай құстың қанатынан түсіп қалғанын анықтайық. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **жапырақтар түседі** немесе сарғаяды деп айтуы керек. Педагог балаларға бағыттау сұрақтарын қою, сөздерді қайталату арқылы көмектеседі. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | | | - Қарақұс қандай? Қарақұс қара түсті, ал аққу ақ түсті. Сендер мұқият қарап, ақ қауырсындарды аққуға, ал қара қауырсындарды қарақұсқа бекітулерің керек. - Жарайсыңдар, балалар! Тапсырманы дұрыс орындадыңдар. Құстарымыз өте әдемі шықты. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, сенсорика)** | |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **Ауладағы құстарды бақылау (шығаратын дыбыстары).** Мақсат-міндеттері. Балаларды құстардың шиқылдаған дыбыстарын тыңдауға | **Ауладағы құстарды бақылау (қимылдары).** Мақсат-міндеттері. Балаларды аулада, учаскедегі ағаштарға ұшып-қонған құстарды байқауға, олардың қимылдарын | **Ұшқан құстарды бақылау.** Мақсат-міндеттері. Балалардың көңілдерін жылы жаққа ұшқан құстарға аудару; құстардың топқа жиналып ұшатынын байқату, "құстар көп" | **Ақшыл бұлтты бақылау.** Мақсат-міндеттері. Балаларға көгілдір ақшыл бұлттарды байқауға үйрету; бұлттардың ақ мамықтай түрлі бейнелерге ұқсайтыны туралы | **Ұшқан құстарды бақылау.** Мақсат-міндеттері. Балалардың көңілдерін жылы жаққа ұшқан құстарға аудару; құстардың топқа жиналып ұшатынын байқату, "құстар көп" |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ынталандыру;<br>құстардың<br>дыбыстарына<br>еліктеуді үйрету.<br>- Балалар, тыныш<br>тұрайықшы. Естіп<br>тұрсыңдар ма?<br>Шиқылдап жатқан<br>нелердің дыбыстары?<br>Біреу "шиық-шиық"<br>деген дыбыстарды<br>шығарады.<br>- Иә, бұл құстар<br>шиқылдайды.<br>- Құстар ұқсап<br>дыбыстайықшы.<br>Жарайсыңдар!<br>**(сөйлеуді дамыту,<br>қоршағн ортамен<br>танысу)**<br><br>**"Кім тыныш?"<br>қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды бір<br>бағытта тыныш жүру<br>әдебіне үйрету,<br>аяқтың табанын<br>толық басып және<br>аяқтың ұшымен | анықтауға үйрету.<br>**(сөйлеуді дамыту,<br>қоршаған ортамен<br>танысу, дене<br>шынықтыру)**<br>"Құстар, құстар,<br>келіңдер".<br>Құстар, құстар,<br>келіңдер,<br>Жемді шоқып,<br>теріңдер.<br>Жемді шоқып,<br>тойсаңдар,<br>Әнді салып беріңдер.<br>(Д. Ахметова)<br><br>**"Ұядағы<br>торғайлар"<br>қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды жан-<br>жақтағы бағытта, бір-<br>бірін итермей және<br>"Торғайлар, ұяға!"<br>сигналы бойынша<br>белгілі жерге<br>жүгіруге баулу,<br>жылдамдыққа,<br>ұйымшылдыққа<br>тәрбиелеу. | сөздерін айтқызу;<br>жыл құстары туралы<br>ұғымдарды<br>қалыптастыру.<br>**(сөйлеуді дамыту,<br>көркем сөз,<br>қоршаған ортамен<br>танысу, дене<br>шынықтыру,<br>көркем әдебиет,<br>музыка)**<br>- Балалар, аспанға<br>қарайықшы.<br>- Бұлар не?<br>- Иә, бұл құстар.<br>- Құстар топқа<br>жиналып, жылы<br>жаққа ұшып барады.<br>- Аспанда бір ғана<br>құс па?<br>- Құстар көп,<br>жарайсыңдар.<br>Ескен Елубай<br>"Құстар, қайтып<br>келіңдер!"<br>Құстар, қайтып<br>келіңдер!<br>Қимас әнге салады,<br>Құстар қайтып<br>барады. | баяндап, түйсігін, ой-<br>қиялын дамыту.<br>**(сөйлеуді дамыту,<br>қоршаған ортамен<br>танысу)**<br>- Балалар, аспанға<br>қараңдаршы.<br>- Бұлар не?<br>- Иә, бұлар ақ<br>бұлттар.<br>- Ақшыл бұлттар,<br>Құстар ұқсап қанат<br>жаясыңдар.<br>Ақшыл бұлттар,<br>Қайда ұшасыңдар?<br><br>**"Қоңырауым<br>қайда?" қимылды<br>ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды белгілі<br>бағытта сигнал<br>бойынша жүгіруге<br>жаттықтыру.<br>Педагог балаларға<br>ойынның бастамасын<br>көрсетеді. **(дене<br>шынықтыру,<br>сөйлеуді дамыту,<br>көркем сөз)** | сөздерін айтқызу;<br>жыл құстары туралы<br>ұғымдарды<br>қалыптастыру. **(дене<br>шынықтыру,<br>сөйлеуді дамыту,<br>қоршаған ортамен<br>танысу, көркем<br>әдебиет)**<br>- Балалар, аспанға<br>қарайықшы.<br>- Бұлар не?<br>- Иә, бұл құстар.<br>- Құстар топқа<br>жиналып, жылы<br>жаққа ұшып барады.<br>- Аспанда бір ғана<br>құс па?<br>- Құстар көп,<br>жарайсыңдар.<br>Ескен Елубай<br>"Құстар, қайтып<br>келіңдер!"<br>Құстар, қайтып<br>келіңдер!<br>Қимас әнге салады,<br>Құстар қайтып<br>барады.<br>"Қош болыңдар!" -<br>дегендей, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жүріп қимылдау дағдыларын қалыптастыру; сигналға сай қозғалуға ынталандыру.<br>Педагог:<br>- Балалар, қазір аяқтарымызды нық басып, менің соңымнан сайға қарай жүрейік.<br>Сайға қарай адымдаймыз,<br>Түрлі дыбысты тыңдаймыз.<br>Көрейік. Бұл қай бұрыш?<br>Тыңдайық. Тыныш ... Тыныш ...<br>- Қанекей, аяқтың ұшымен тыныш жүрейік ...<br>- Бұл жақта не бар екен?<br>- Тамаша!<br>Педагог белгілі объектіні тапқандарын айтады, балаларды мақтайды. | Педагог балалар ("құстар") үшін белгілі орындарды,"ұя" деп белгілейді.<br>**"Торғайлар, ұша қойыңдар!"** сөздерінен кейін балаларға еркін жүгіріп, қолдармен бұлғап, құстардың ұшқанына еліктеу қимылдарын көрсетеді, жағымды сөздерді айтып, балаларды қолдайды, біраздан кейін балаларға алаңға шоқайып отыруды ұсынады:<br>**Торғай, торғай ,<br>Шиық-шиық,<br>Лық-лық.<br>Дорбаны ашамыз,<br>Тәтті жем шашамыз.<br>Ұшып келші,<br>Шоқып терші.<br>(Д. Ахметова)**<br>- Ой-ой, торғайлар, мысық келе жатыр! | "Қош болыңдар!" - дегендей,<br>Қанаттарын қағады.<br>Сау-саламат болыңдар,<br>Жылы жаққа барыңдар.<br>- Құстар ұшып кетсе де, біздің жаққа қайтып келеді.<br><br>**"Қаздар" қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды көркем сөз мәтінін мұқият тыңдап, белгілі сигнал сөзін естіген кезде, бір бағытта, бір-біріне соғылмай, жүгіруге үйрету; жүгіруде қолдарын жан-жаққа бұлғап, қаздың қимылын қайталауға ынталандыру; айтылған сөздер мен жаттығудан жағымды әсер алуға баулу. | Қоңырауым қайда?<br>Сыңғырлайды сайда.<br>Кім адаспай тауып алады,<br>Қоңырауды қолға алады.<br>Балалар жасырынған қоңырауды тауып алып, қолға алып сыңғырлайды.<br>Педагог келесі ретте қоңыраудың орнын ауыстырып жасырады. | Қанаттарын қағады.<br>Сау-саламат болыңдар,<br>Жылы жаққа барыңдар.<br>- Құстар ұшып кетсе де, біздің жаққа қайтып келеді.<br><br>**"Қаздар" қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды көркем сөз мәтінін мұқият тыңдап, белгілі сигнал сөзін естігенде бір бағытта, бір-біріне соғылмай жүгіруге үйрету; жүгіргенде қолдарын жан-жаққа бұлғап, қаздың қимылын қайталауға ынталандыру; айтылған сөздер мен жаттығудан жағымды әсер алуға баулу.<br>Педагог балаларға ойын шартын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Жаттығу бірнеше рет өткізіледі, жүру бағыттары ауысады. **(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | Ұяларыңа тезірек ұшып кетіңдер! Ойын екі рет қайталанады. Дауысты қатты шығармай, балаларға пәрмен (команда) беруге болады, бір-біріне соғылып қалмауларын қадағалау керек. **(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру, қоршаған ортамен танысу, көркем сөз)** | Педагог балаларға ойын шартын түсіндіреді: "Балалар, сендер қаздар боласыңдар. Мені мұқият тыңдаңдар. Сөздерді менің соңымнан қайталауға болады. Мен "бидай шаш" сөздерін айтқанда маған қарай қолдарыңды былай жайып, бұлғап жүгіресіңдер. Педагог қаздардың қимылдарын балаларға біраз қайталатады. Балалар бір жаққа ауысып кеткенде, педагог қарсы бетке барып, ойынды тағы бір рет жүргізеді. Балалардың бір-біріне соғылмауын ескеру керек. **(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру, көркем сөз, қоршаған ортамен** | | түсіндіреді: "Балалар, сендер қаздар боласыңдар. Мені мұқият тыңдаңдар. Сөздерді менің соңымнан қайталауға болады. Мен "бидай шаш" сөздерін айтқанда маған қарай қолдарыңды былай жайып, бұлғап жүгіресіңдер. Педагог қаздардың қимылдарын балаларға біраз қайталатады. Балалар бір жаққа ауысып кеткенде, педагог қарсы бетке барып, ойынды тағы бір рет жүргізеді. Балалардың бір-біріне соғылмауын ескеру керек. **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу)** С. Бегалин "Қазым". |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | **танысу, көркем әдебиет)**<br>С. Бегалин "Қазым".<br>Қазым, қазым, калқылда,<br>Көлде жүзіп салқында.<br>Жем шашайын - жейсің бе,<br>Кәмпит берші дейсің бе?<br>- Жоқ, жоқ,<br>Кәмпит, тәтті болмайды ас,<br>Арпа менен бидай шаш. | | Қазым, қазым, калқылда,<br>Көлде жүзіп салқында.<br>Жем шашайын - жейсің бе,<br>Кәмпит берші дейсің бе?<br>- Жоқ, жоқ,<br>Кәмпит, тәтті болмайды ас,<br>Арпа менен бидай шаш. |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі шешуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, колдарын жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Түскі ас** | Алдына қойған асқа назар аудару; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, көркем сөз, сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай туғызу. | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары** | Ауа ванналары. **(дене жаттығулар мен дене белсенділігі, көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)**<br>Алғашқы мәдени-гигиеналық әрекеттерді жасауға қызықтыру.<br>Х. Ерғалиев, М. Әлімбаев "Мөлдір су" (орыс тілінен аударма).<br>Мөлдір су, мөлдір су!<br>Сен менің бетім жу.<br>Отты көзім ойнасын,<br>екі бетім жайнасын.<br>Күлкі кетпей ернімнен, | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Тісім тастан таймасын! | | | | |
| **Бесін ас** | Алдына қойған асқа назар аудару; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды **ойындар**, үстел үсті **ойындары**, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Ойын-имитация. "Балапандар".**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға балапандардың қимылдары жөніндегі ұғымдарын игерту, педагогтің сөздерін тыңдап, қимылдарына еліктеуге қызықтыру; түйсікті, эмоцияларды дамыту.<br>Балаларға балапандар бетпердесін (маска) кигізу. **(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру, көркем сөз, қоршаған ортамен танысу)**<br>Балапандар!<br>Балапандар!<br>(орнында адымдау)<br>Қалыспаңдар! | **Әтеш (қораз) ойыншығымен ойнату.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға көркем сөзді тыңдап, педагогтің соңынан балапанның қимылдарына еліктеуді, эмоционалды жауап беруге ынталандыру. **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту, көркем сөз, қоршаған ортамен танысу)**<br>Қораз! Қораз!<br>Тыңдашы біраз.<br>Алтын сенің айдарың,<br>Көрініп тұр айбарың.<br>Терезеден бір қара,<br>Бұршақ берем мың дана.<br>(Д. Ахметова) | **«Қораз» саусақ жаттығуы. (сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру, көркем сөз, қоршаған ортамен танысу)**<br>Қораз, қораз қоқылдақ<br>Ерте-тұрар-қоқылдап<br>Алтын айдар басында<br>Ән салар үй қасында<br>(алақан үстінде, сұқ саусақ бас бармаққа тіреледі, қалған саусақтардың аралары ашу, **жоғары** карату) | **«Қауырсынды аулау» жаттығуы**<br>Құрал-жабдықтар: қауырсындар.<br>Мақсат-міндеттері. Педагог қауырсынды алып, оны ұшып кететіндей етіп үрлейді және баланы оны ұстап алуға шақырады. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, сенсорика)**<br>**Музыка**<br>Музыка жетекшісінің жоспары бойынша | **«Үй құстары» саусақ жаттығуы.**<br>Мақсат-мсіндеттері. Қолдың ұсақ моторикасын, саусақтардың қозғалысын үйлестіруді дамыту. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)**<br>«Қаз».<br>Қаз тоқтамай қаңқылдайды<br>Жақындасаң шаңқылдайды (білек тік, алақан түзу, сұқ саусақ бас бармаққа тіреледі, барлық саусақтар бір-біріне жабысып тұрады) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Қайталаңдар!<br>(орнында адымдау)<br><br>Қатарларға тұрайық,<br>(аяқтар иық енінде,<br>қол белде)<br>Қанаттарды соғайық.<br>(тізе сәл бүгулі,<br>алақанмен жанбасын<br>қағу)<br><br>Оңға созып<br>мойынды, (қолдар<br>белде, оңға еңкейіп,<br>мойын созу, қарама-<br>қарсы аяқтың ұшына<br>тұру)<br>Солға созып<br>мойынды, (қолдар<br>белде, солға еңкейіп,<br>мойын созу, қарама-<br>қарсы аяқтың ұшына<br>тұру)<br><br>Екі аяқта тұрып,<br>Бір созайық<br>мойынды, (аяқтың<br>ұшына тұру,<br>мойынды жоғары<br>созу) | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Мақсат-міндеттері. Әтеш (қораз) ойыншығымен ойнату. Қораз! Қораз! Тыңдашы біраз. Алтын сенің айдарың, Көрініп тұр айбарың. Терезеден бір қара, Бұршақ берем мың дана. (Д. Ахметова) **(сөйлеуді дамыту)** | **Ескен Елубай "Құстар, қайтып келіңдер!"** Қимас әнге салады, Құстар қайтып барады. "Қош болыңдар!" - дегендей, қанаттарын қағады. Сау-саламат болыңдар, Жылы жаққа барыңдар. **(сөйлеуді дамыту)** | Мақсат-міндеттері. Балапан ойыншығымен ойнату. Балапаным, балапан, Қайда кеттің ауладан? Суға бірге барайық, Саған бидай шашайық! Бидай шоқып тоқ-тоқ-тоқ, Қанатыңды соқ-соқ-соқ. **(сөйлеуді дамыту)** | **Саусақ жаттығуы. "Балапан".** Мақсат-міндеттері. Балаларға балапан туралы саусақ жаттығуын жасату арқылы оның сыртқы бейнесі мен қылықтары жөнінде алғашқы ұғымдарды қалыптастыру; педагогтің соңынан қайталап қимылдарды саусақтармен жасау кезінде жағымды эмоцияларға бөленуге қызықтыру. Сап-сары ойыншық, Дыбыстайды: "Шиық-шиық". Балапан, жүні үлпілдек, Тынымсыз, тентек. **(сөйлеуді дамыту)** | Мақсат-міндеттері. Ермексаздан көлемі бірдей ұсақ кесектерді үзу, жемді илеу әдісін игерту. "Құстарға жем". Жидектерді жұламыз, Себеттерге жинаймыз Себетіміз толғанда, Құстарға таратамыз. **(мүсіндеу, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)** |
| **Кешкі ас** | Тағамның атауын есте сақтауға, тағамды ішу рәсімін жақсы ниетпен қабылдауға бейімдеу. "Кешкі асты таза ішуге, әдепті бала болуды үйренеміз". **(мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. **(сөйлеуді дамыту,** | | | | |

| | |
|---|---|
| | **өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ қол моторикасын дамыту)** |
| **Серуен** | Апта тақырыбы бойынша ойындар, ауа райын бақылаулар. **(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, сенсорика)** |
| **Серуеннен оралу** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуға, өз киімін өздігімен шешуге, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. **(дербес қимыл әрекеті, сөйлеуді дамыту)** |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(көркем әдебиет)**<br>Қиылған суреттерді бір тұтасқа жинау ойындары (2-4 бөлік). **(сенсорика)**<br>Ұяшықтарға пішіндерді салу ойындары. **(сенсорика)**<br>Бауды байлау ойыншықтармен ойындар. **(сенсорика)**<br>Мақсат-міндеттері: балалардың қолдың ұсақ моторикасын, ойлау, зейін қабілеттерін дамыту.<br>Музыкалық аспаптармен (сылдырмақтармен) ойындар: әуеннің ырғағына сай сылдырлатуға бейімдеу. **(музыка)**<br>**"Қайдасың? Ку-ку!" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері: балаларды педагог немесе басқа аталған объектіге назар аударуға машықтандыру; жағымды эмоцияларды дамыту (шағын топтардағы ойын).<br>Тәрбиеші "ку-ку" дейді де, орамалдың артына тығылып қалады. Балалар біраз уақыт күтеді. Тәрбиешінің міндеті: балалардың назарын орамалда ұстап тұру. Біраз уақыт ештеңе болмайды. Балалар апайларын күтеді, өйткені орамалдың артынан шығады деп, оны күтіп отырады. Тәрбиеші пайда болған кезде балаларды шақырады. Сол кезде балалар қуанады.<br>Балалар мен тәрбиеші күледі. Ойын осылай жалғаса береді.<br>**(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ қол моторикасын дамыту)** |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Әңгімелесу. «Бала өз ойыншықтарын жинағысы келмейді», «Жас балаларға саусақ ойындарының әсері», «Балаға серуендеудің пайдасы». |

Тексерілді әдіскер : Сабитова З.А. 17.10.22

Тәрбиешілер : Байноллаева Б.Т.

Әмирбекова А.С.

**ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ**

**Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы) «Балауса-Балғын» бөбекжайы» КМҚК**

**Топ/сынып: «Шуақ» ерте жас тобы**

**Балалардың жасы:1 жасар балалар**

**Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету) 21.11 - 25.11.2022 ж.**

| Апта күндері | *Дүйсенбі* | *Сейсенбі* | *Сәрсенбі* | *Бейсенбі* | *Жұма* |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Әңгімелесу: "Саусақ жаттығулары және баланың сөйлеу тілін дамыту", "Баланың жағымды эмоцияларын дамытудың маңызы", "Үйде ғажайып сәттерін ұйымдастыру жолдары". | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу кимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | "Ойын бұрышы" Мақсат-міндеттері. Ойын бұрыштарында тұрған ойыншықтардың біреуімен ойнауға туралы қалауын айтуды, көрсетуді, атауды үйрету, ойыннан кейін өз орнына жинауға ынталандыру, іс-әрекеттерін мақтау. | "Табиғат бұрышы" Мақсат-міндеттері. Табиғат бұрышындағы балықтарға жем беру үлгісін көрсету; балықтардың дене мүшелеріне, қимылына, қоректену әрекеттеріне көңіл аудару; бақылағыштыққа тәрбиелеу. | "Үстел үсті ойыны" Мақсат-міндеттері. Үстел ойындары бұрышында сөреніңшаңын сүрту және ойыннан кейін заттарды орнына салудың үлгісін көрсету; ойыншықтармен ойнағанда тазалықты сақтау керектігі туралы түсіндіру. | "Жуыну әдебі" Мақсат-міндеттері. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебінің үлгісін көрсету; қолдарын өздері сабындап, су ағымы астына ұстауын қадағалау; қолды сүлгімен сүртуді көрсету; тазалықты сақтау қажеттілігі туралы түсіндіру. | "Табиғат бұрышы" Мақсат-міндеттері. Табиғат бұрышындағы өсімдіктердің сарғайып қалған жапырақтарын үзіп алып тастау іс-әрекетінің үлгісін және суару үлгісін көрсету. |
| | **"Қарындаштарды** | **"Сылдырмақ"** | **«Сыбызғыны** | **Саусақ жаттығуы** | **"Сиқырлы** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **(борларды, геометриялық пішіндерді) ыдыстарға түстеріне сай жина" дидактикалық ойыны. (сенсорика)**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың түстерді қабылдау және ажырату сенсорлық қабілеттерін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>Құралдар: түрлі түсті қарындаштар (борлар, геометриялық пішіндер); заттардың әр түсі үштен кем емес.<br>Шарты: заттарды бірыңғай түстер бойынша топтастыру. | **тақпағын мәнерлеп оқу, қимыл жаттығуы. (көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың ырғақты есту, дыбыстық тіл мәдениетін дамыту; көркем сөзді айта тұрып, ойыншықпен қимылдау, қуанышқа бөлену қабілетін қалыптастыру.<br>Педагог балаларға сылдырмақтарды таратып, еркін қимылдауға мүмкіндік береді.<br>Педагог жолдардың ырғағына сай сылдырмақ туралы тақпақты мәнерлеп оқып, балаларды қосылып айтуға шақырады.<br>Сылдырмақты | **үрле!» ойыны (музыка)**<br>Мақсат-міндеттері. Күшті, біркелкі дем шығаруды дамыту; бұлшықеттерін белсендіру.<br>Жабдық: әртүрлі үрмелі музыкалық аспаптар: түтіктер, флейта, мүйіз, гармоника.<br>Балаларға аспаптарды таратып, алдымен бір-бірлеп, содан кейін бәрі бірге ойнауды ұсыну.<br>- Енді біраз ойнайық!<br>Сыбызғыны алып ойнай бастайық!<br>Егер балалардың біреуі сыбызғыдан дыбыс шығара алмаса, оның дұрыс үрлегенін қадағалау. | **"Сәлем" (сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері. Қолдың ұсақ моторикасын, зейінін, есте сақтау қабілетін дамыту.<br>Сәлемдесем әрдайым (екі қолдарын айқастырып кеуделеріне қояды)<br>Үйде және көшеде (екі қолдарын алға жаяды)<br>Тіпті «сәлем» - деймін мен («қанаттарын» екі қолдарын сәл көтеріп, қайта түсіріп қағып тұрады)<br>Тауыққа көрші үйдегі (бір қолдың сыртын екінші қолдың алақанына беттестіре саусақтарды жан-жаққа аша «күн» жасайды) | **сандықшалар" дидактикалық ойыны. (көркем сөз, сенсорика)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға көлемі әртүрлі 5 затты ажыратып, оларды бір үлкен сандықшаға жинауды үйрету; қолдың ұсақ моторикасын, ойлау, көзбен мөлшерлеу қабілетін дамыту; жағымды әсер алуға мүмкіндік жасау.<br>Шарты: көлемі бес түрлі сандықшаны бір-бірінің ішіне салып жинау.<br>Қандай тамаша!<br>Алдымызда көп сандықша.<br>Сандықшалар бірдей емес,<br>Кішкентай, үлкен, орташа. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | соқтық,<br>Қолға алдық "тоқ-тақ".<br>Жаңа жылды күттік,<br>Тоқылдаттық "тук-тук".<br>(Д. Ахметова) | | | Кішкентайды үлкендеуіне салайық,<br>Барлығын үлкен сандыққа жасырайық. |

| | |
|---|---|
| **Таңертеңгі жаттығу** | Тыныс алу, тыныштандыру, артикуляциялық жаттығулар элементтерін қолдана отырып таңғы жаттығу кешенін орындау. **(дене шынықтыру)**<br>**«Сылдырмақпен».**<br>Бастапқы қалып: аяқ арасы алшақ, сылдырмақ төменде.<br>1-2 сылдырмақты жоғары көтеріп сылдырлату.<br>3-4 бастапқы қалып (4 рет).<br>Тура солай.<br>1-2 сылдырмақты алға созу.<br>3-4 артқа тығу;<br>Бастапқы қалып тура солай<br>1-4 отырып сылдырмақты тізеге соғу.<br>5-6 бастапқы қалыпқа келу (3рет).<br>Сылдырмақпен жүгіру (10сек). |
| **Таңғы ас** | Балаларды өздігінен тамақтануға ынталандыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)**<br>- Дәмді тағам дайын, пай, пай ...<br>Шақырады шебер аспаз апай (ағай):<br>- Қасықтарыңды дайындаңдар!<br>Асықпаңдар, асықпаңдар ... |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке** | Балалардың жағымды көңіл күйлерін қалыптастыру. Ұйымдастырылған іс-әрекетіне жағымды эмоциялық ахуалда ауысу үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу. **(сөйлеуді дамыту)** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **дайындық** | Біз ақылды баламыз!<br>Өсеміз, алып боламыз!<br>Үлкен саяхат жолына<br>Доспен бірге барамыз. | | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру "Бауырсаққа қонаққа барайық" Мақсат-міндеттері. Балалардың қатарда жүгіру қабілетін арттыру; биіктігі 50 см арқанның астында еңбектеп жүру; жүгіру жылдамдығын арттыру, педагог нұсқауларына назар аудару, жаттығуды ептілікпен жасауды жаттықтыру. Қимылды ойын. "Қасқыр мен қояндар". Мақсат-міндеттері. Балаларды алғырлыққа,** | **Музыка** "Орамалды бұлғайық" Мақсат-міндеттері. "Күшігім" әуеніне балаланың эмоциалды, жағымды әсер алатынын қалыптастыру. Дауысты бір келкі, әндетіп шығаруға үйрету, сөздің екпінді буындарын созып айтуға үйрету. Қимылдардың нақты көрсету шеберлігін дамыту. Ересек адаммен еркін қарымқатынасу жолдарын дамыту. **Музыкалық сағат "Бала, бала, балапан"** Мақсат-міндеттері. | **Дене шынықтыру "Гүлдерді терейік" Мақсат-міндеттері. Балаларға таныс ертегілер арқылы қозғалыс дағдылары мен шеберліктерін жетілдіру. Доппен жаттығу жасауды үйретуді жалғастыру; екі аяқпен алға қарай секіру дағдыларын дамыту; жаттығу жасау кезінде балаларда жағымды эмоцияларды тудыру. Қимылды ойын. «Гүлінді тап». Мақсат-міндеттері. Заттарды түсіне** | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу** "В.Г. Сутеевтің "Алма" ертегісі. Мақсат-міндеттері. В. Г. Сутеевтың "Алма" ертегісімен таныстыру; сөздік қорларын толықтыру; көркем әдебиетке танымдық қызығушылықтарын қалыптастыру; балаларға ертегіні мұқият тыңдауды, кейіпкерлерді есте сақтауға үйрету; тілін, қиялын, ойлау қабілетін дамыту. Дидактикалық ойын. "Бұл не?" Мақсат-міндеттері. Балалар үш қана сөзден тұратын | **Дене шынықтыру** "Біз қарларды домалатамыз" Мақсат-міндеттер. Балаларды шағын топпен жүруге және жүгіруге үйрету; кеңістікті бағдарлау қабілетін дамыту, белгі бойынша әрекет етуге дағдыландыру; қимылды ойындарға қатысуға қызығушылықты ояту, тапсырмаларды ықыласпен орындауға тәрбиелеу. Қимылды ойын. "Боран" Мақсат-міндеттері. Жан-жаққа кезекпен бұрылуды, бір орында екі аяқпен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **қырағылыққа, татулыққа тәрбиелеу. Ептілік қасиеттерін арттыру. Денсаулықтарын шынықтыру.** | Балаларға бірігіп ән айтуды үйрету. | **қарай сәйкестендіруді үйрету.** | сипаттама бойынша қандай зат туралы айтылып тұрғанын тауып, дұрыс айтуы тиіс. | секіруді үйрету. |
| **Серуенге дайындық** | Мақсат-міндеттері: киімдерін танып, көрсетуге бейімдеу, түймелерді түймелеу дағдысын қалыптастыру. Шұлықты дұрыс киюді үйрету, шұлықты аяқтың басынан бастап киюге дағдыландыру. Көмек сұрауды сыпайы түрде білдіруді үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Серуен** | **Бұлттарды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)** Мақсат-міндеттері. Балаларды көк аспандағы ақ бұлттарды бақылауға машықтандыру; бұлттардың ақ мамықтай болғанына, әртүрлі бейнелерге ұқсағанына көңіл аудару. Қ. Мырза Әли "Аспанда". | **Ұшқан құстарды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)** Мақсат-міндеттері. Балалардың көңілдерін жылы жаққа ұшқан құстарға аудару; құстардың топқа жиналып ұшатынын байқату, "құстар көп" сөздерін айтқызу; жыл құстары туралы ұғымдарды қалыптастыру. | **Өсімдіктер әлемін бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)** Мақсат-міндеттері. Шыршаның ерекшеліктері туралы түсінік қалыптастыру, оны о басқа ағаштардан ажыратуды үйрету, табиғатты құрметтеуге тәрбиелеу. Тәрбиеші балаларға тақпақ тыңдау | **Аула тазалаушының еңбегін бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)** Мақсат-міндеттері. Балаларды аула тазалаушының еңбегімен таныстыру; аулада сары жапырақтарды сыпырғышпен күрекпен тазалау ісін байқату; еңбекқорлыққа баулу. | **Аспанды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)** Мақсат-міндеттері. Балаларды аспанның жоғарыда шатырға ұқсап тұрғанын, түсін атап айта білу, аспанның таза немесе бұлтты болғанын байқау қабілеттерін бекіту; зейінін, түйсігін дамыту. Тап-таза көгілдір алаң, Бұл жердің шатыры |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Бір бұлт шықты бие болып,<br>Бір бұлт шықты түйе болып,<br>Бір бұлт шықты шошқа болып,<br>Бір бұлт шықты қошқар болып.**<br><br>**"Бұлттар ұқсап ұшайық" қимылды ойыны. (дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға бір бағыттан екінші **көрсетілген бағытқа қарай** жүгіруді үйрету.<br>- Балалар, мен желмін, сендер бұлттарсыңдар.<br>- "Қатты жел соқты!" деген сөзімді естігенде, мен көрсеткен жерге бұлттарға ұқсап | - Балалар, аспанға қарайықшы.<br>- Бұлар нелер?<br>- Иә, бұл құстар.<br>- Құстар үйірімге жиналып, жылы жаққа ұшып барады.<br>- Аспанда бір ғана құс па?<br>- Құстар көп.<br>Жарайсыңдар!<br>Ескен Елубай<br>"Құстар, қайтып келіңдер!"<br>Құстар, қайтып келіңдер!<br>Қимас әнге салады,<br>Құстар қайтып барады.<br>"Қош болыңдар!" - дегендей,<br>Қанаттарын қағады.<br>Сау-саламат болыңдар,<br>Жылы жаққа барыңдар.<br>- Балалар, құстар келесі көктемде | арқылы учаскеден ағашты табуды ұсынады.<br>Тікен, тікен тік пісте,<br>Қысы-жазы бір түсте.<br>Балаларды шыршаға қасына әкеліп, назарын сипаттамалық ерекшеліктерге аударады.<br>**Қимылды ойын «Мергендер» (дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Допты екі қолмен төменнен (бастың артқы жағынан, кеудеден) алға лақтыруды үйрету; нысанаға тигізудің қарапайым дағдыларын, көзді, ептілікті, қимылдарды дамыту.<br>Бала қолына кішкентай допты | Қ. Мырза Әли "Көше тазалаушы".<br>- Таныссың ба, бала, менің ісіммен,<br>Көшелерді сыпыратын кісі мен.<br><br>Қалған-құтқан нәрселерді жұғымсыз<br>Сыпырғышым сыпырады тынымсыз.<br><br>Ескі-құсқы шүберекті, сүйекті,<br>Қораптарды, түймелерді, тиекті.<br><br>Шиқылдаған екі жақты арбамен<br>Апарам да аударамын орға мен.<br><br>**"Жүрейік" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | аспан.<br>Аспан - күннің мекені,<br>Жұлдыздар мекені.<br><br>**"Ұшақтар" қимылды ойыны. (дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды ұшақ көлігін елестетіп, қолдарын жан-жаққа жайып, түрлі бағыттарға жүгіру және белгілі жерде тоқтай білу дағдыларын дамыту; зеректікке, шапшаңдыққа баулу.<br>Педагог балаларға ұшақтың таңбалауыштарын таратады.<br>- Балалар, бұл біздің ұшақтар тұратын әуежай алаңы.<br>Ұшақтар "у-у-у" деп |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | "ұшасыңдар". | қайта ұшып келеді. **"Қаздар" қимылды ойыны. (дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттері. Балаларды көркем сөз мәтінін мұқият тыңдап, белгілі сигнал сөзін естігенде бір бағытта, бір-біріне соғылмай жүгіруге үйрету; жүгіруде қолдарын жан-жаққа бұлғап, қаздың қимылын қайталауға ынталандыру; айтылған сөздер мен жаттығудан жағымды әсер алуға баулу. Педагог балаларға ойын шартын түсіндіреді: "Балалар, сендер қаздар боласыңдар. Мені мұқият тыңдаңдар. | немесе құм салынған дорбаны ұстайды. Қорапты немесе үлкен себетті қойыңыз (нысанадан балаларға дейінгі арақашықтық 1,5-2 м аспайды). Балаларды қолындағы допты қорапқа (себетке, торға) лақтыруға жаттықтыру. | Мақсат-міндеттері. Балаларды саппен, бір-біріне соғылмай, белгілі бағытта ырғақпен марш басып жүру дағдысын қалыптастыру, достыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу.<br>Жүрейік, жүрейік,<br>Қолды көкке сермейік,<br>Күнге сәлем берейік,<br>Шапалақтап, күлейік. | дыбыстап, аспанға көтеріліп ұшады, ал содан соң өз алаңына қайтады.<br>- Мен "Ұшақтар, ұшыңдар!" десем, сендер ұшақтарды жүргізіп, аспанға ұшып жүресіңдер.<br>- "Ұшақтар, алаңға!" десем, менің жаныма жиналасыңдар, жерге шоқайып отырасыңдар.<br>Келістік пе?<br>Бастайық!<br>Қане, ұшақтар, ұшыңдар!<br>Қолдарымызды жан-жаққа жаямыз, "у-у-у"!<br>Біраздан кейін педагог балаларды алаңға шақырады, жүгірудегі қауіпсіздікті қадағалайды.<br>Ойын екі рет |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Сөздерді менің соңымнан қайталауға болады. Мен "бидай шаш" сөздерін айтқанда, сендер маған карай қолдарынды былай жайып, барлығың жүгіресіңдер. Педагог каздардың кимылдарын балаларға біраз кайталатады. Балалар бір жакка ауысып кеткенде педагог алшақ қарама-карсы жерге барып, ойынды тағы бір рет жүргізеді. Балалардың бір-біріне соғылмауын ескеру керек. С. Бегалин "Қазым". Қазым, казым, қалкылда, Көлде жүзіп салқында. Жем шашайын - | | | жүргізіледі. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | жейсің бе,<br>Кәмпит берші дейсің бе?<br>- Жоқ, жоқ,<br>Кәмпит, тәтті болмайды ас,<br>Арпа менен бидай шаш. | | | | |
| **Серуеннен оралу** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуға, өз киімін өздігімен шешуге, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. **(дербес қимыл әрекеті)** | | | | | |
| **Түскі ас** | Балаларды өздігінен тамақтануға ынталандыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)**<br>- Дәмді тағам дайын, пай, пай ...<br>Шақырады шебер аспаз апай (ағай):<br>- Қасықтарыңды дайындаңдар!<br>Асықпаңдар, асықпаңдар ... | | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды қолайлы жағдай жасау. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары** | **"Ұйқыашар" жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>- Балалар, ояныңдар, керіліп-созылыңдар! Менің сендермен ойнағым келеді.<br>**Төсекте жатып жасайтын жаттығулар: "Мысықтар".**<br>Мысықтар оң жаққа қарап ұйықтап жатыр, ұйқысырап, мияулап жатыр, көздерін жұмып "мияу-мияу-мияу" деп жатыр.<br>Көзін ашып, аяқ-қолын керіп жатыр.<br>Төрт аяқтап тұрып мойынымызды жоғары созып мияулаймыз "мияу-мияу-мияу."<br>Отырып башпайларымызды уқалаймыз, аяғымызды сипаймыз.<br>Майтабанның алдын алу.<br>Мысық шеңбер бойымен аяқтың ұшымен жүру, екі аяқпен секіру, жүру орнымызға қарай жүгіру.<br>Орындықта отырып оң аяғын сол аяғына қойып табандағы нүктелерге массаж жасау, аяқтарын ауыстырып, табандағы нүктелерге массаж жасау, ( 3- 4 рет) | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Бесін ас** | Балаларды өздігінен тамактануға ынталандыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)**<br>- Дәмді тағам дайын, пай, пай ...<br>Шақырады шебер аспаз апай (ағай):<br>- Қасықтарыңды дайындаңдар!<br>Асықпаңдар, асықпаңдар ... | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **"Не, қалай дыбыстайды?" дидактикалық ойыны.**<br>**Мақсат-міндеттері. Балаларды көліктердің дыбыстарына еліктеп айтуға ынталандыру; көліктерді ажыратуды үйрету; жағымды эмоцияларға бөлену қабілеттерін дамыту.**<br>**Педагог балаларға мәшине, паровоз дыбыстарын тыңдатады, олардың дыбыстарына еліктеу сөздерін** | **Қоршаған ортамен таныстырудан ойын-жаттығу**<br>"Дана қайда барды?"<br>Мақсат-міндеттері. Жанды және жансыз табиғат туралы алғашқы түсініктерді қалыптастыру. Сөйлеуді, ойлауды, қиялын, үй жануарлары мен құстарға қызығушылығын дамыту, оларға қамқорлықты, халық ертегілеріне сүйіспеншілікті тәрбиелеу.<br>**«Сиқырлы кітап» дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері: | **Мүсіндеуден ойын-жаттығу**<br>"Қонжыққа арналған үстел"<br>Мақсат-міндеттері. Ертегіні білуді қалыптастыру; бөлшектерден жиһаз мүсіндеуді үйрену, мүсіндеу тәсілдерін: екі алақанмен түзулеуді бекіту. Қолдың ұсақ моторикасын дамыту, мүсіндеуге ынталандыру.<br>**"Құлып" саусақ гимнастикасы.**<br>Есікте құлып тұр (саусақтарымызды бір-бірден біріктіріп, қолымызды құлыпқа қоямыз) | **Саусақ жаттығуы "Сәлем"**<br>**Мақсат-міндеттері. Қолдың ұсақ моторикасын, зейінін, есте сақтау қабілетін дамыту.**<br>**Сәлемдесем әрдайым (екі қолдарын айқастырып кеуделеріне қояды)**<br>**Үйде және көшеде (екі қолдарын алға жаяды)**<br>**Тіпті «сәлем» - деймін мен («қанаттарын» екі қолдарын сәл көтеріп, қайта түсіріп қағып тұрады)**<br>**Тауыққа көрші** | **"Ғажайып дорба" дидактикалық ойыны.**<br>**Мақсат-міндеттері. Балаларды түрлі ойыншықтар мен заттарды атауға жаттықтыру, олардың жарылатынын түсіндіру, сипап көру арқылы ұғымдарын қалыптастыру.**<br>**Құралдар: дорба, дорбаға салынған әртүрлі ойыншықтар мен заттар.**<br><br>**"Ойыншықты тап" дидактикалық ойыны.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **айтқызады. Содан соң аудиожазбаны тыңдағанда балалар тырналарды паровозды "ту-ту-ту", мәшинені "бип-бип" деп дыбыстайды.** | суреттердің арасында екіге бөлініп, жыртылып қалған суреттерді біріктіру. **(сөйлеуді дамыту)** | Кім оны аша алады екен? Ашып көреміз, (құлыпты айналдырамыз, қолымыздағы құлыпты шешеміз) Созамыз, (саусақтарымызды ажыратпай, алақандарымызды ашып-жабамыз) Тоқылдатамыз, (саусақтарымызды ажыратпай, алақанымызбен шапалақ соғамыз) Ашылды! (саусақтарымызды ашамыз) | **үйдегі (бір қолдың сыртын екінші қолдың алақанына беттестіре саусақтарды жан-жаққа аша «күю» жасайды)** **Музыка** Музыка жетекшісінің жоспары бойынша | **Мақсат-міндеттері: кеңістікті бағдарлай білуге бейімдеу; бақылағыштыққа тәрбиелеу. Көрнекілік: топтағы ойыншық. Ойынның мазмұны. Тәрбиеші ойыншықты тығып қойып, бір баланы тақтаға шақырады. Тәрбиешінің нұсқауымен, мысалы: 1 адым алға, оңға бұрылу, 2 адым алға жүруді айту. Ойыншыққа дейінгі жолды айтып отырады. Бала айтылған нұсқаумен дұрыс жүріп отырса, тығылған ойыншықты табады.** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **С. Әлімқұлов "Әлди, әлди!"** | **«Қуаласпақ» ойыны.** | **"Кәмпиттер".** Мақсат-міндеттері. | **Саусақ жаттығуы «Моншақ тізу»** | **"Сылдырмақ" тақпағын мәнерлеп** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Әлди, әлди!<br>Әлди, әлди, бөпешім,<br>Ән сап берем, келе ғой.<br>Жыламашы, көкешім,<br>Жұбатқанға көне ғой.<br><br>Ұйқың келсе, бөлейін,<br>Тербетейін есікке,<br>Қаз-қаз басшы, көрейін,<br>Барып келші есікке. | Жабдық: орташа қуыршақ.<br>Педагог қуыршақ қуаласпақ ойнағысы келетінін айтады. Балаларды қуыршақтан қашуға шақырады. Қуыршақ «қуып жетеді», оларды «құшақтап» тапқанына қуанады және «міне, менің достарым» дейді. Бұл ойын екі-үш баламен ойналады. | Ермексазбен көлемі ұсақ кесектерді үзіп, шарларды илеу амалын игерту. | Қызыл сары, көк моншақ.<br>Мен жасаймын көп моншақ<br>Ойын шарты: балаға әртүрлі диаметрлі моншақтар беріледі. Мұнда қатар екі қолдың бас бармағымен сұқ саусақтарының ұшын түйістіре отырып, моншақ тәрізді бейнелейді, әрі оларды тізбектеп жасау балалар үшін өте қызықты әрекет, әрі қол бұлшық етін дамытуға үлкен көмегін тигізеді. «Көз-қол» бағдарлауын жетілдіреді. Бұл ойында тек қол ептілігі ғана емес, сенсорлық (түс, көлем, пішін) қабілетті дамиды. | оқу.<br>Сылдырмақты соқтық,<br>Қолға алдық "тоқ-тақ".<br>Жаңа жылды күттік,<br>Тоқылдаттық "тұқ-тұқ".<br>(Д. Ахметова) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Кешкі ас** | Балаларды өздігінен тамақтануға ынталандыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)**<br>- Дәмді тағам дайын, пай, пай ...<br>Шақырады шебер аспаз апай (ағай):<br>- Қасықтарыңды дайындаңдар!<br>Асықпаңдар, асықпаңдар ... | | | | |
| **Серуенге дайындық** | Мақсат-міндеттері: киімдерін танып, көрсетуге бейімдеу, түймелерді түймелеу дағдысын қалыптастыру.<br>Шұлықты дұрыс киюді үйрету, шұлықты аяқтың басынан бастап киюді дағдыландыру.<br>Көмек сұрауды сыпайы түрде білдіруді үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Серуен** | **"Күн қояны" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды сигнал бойынша қимылдауды үйрету; ересек айтқан сөздерге зейін салып, қимылдарға еліктеуге бейімдеу.<br>Тәрбиеші өзінің қасына бір топ балаларды жинап, айнаның көмегімен күн шұғыласын қабырғаға түсіреді де:<br>Қабырғаға елбеңдеп, Ойнайды сәуле қуылып. | **"Күн мен жаңбыр" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері:<br>балаларды сигнал бойынша қимылдауға баулу; жан-жаққа тарап жүгіруге ынталандыру; жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Балалардың алаңнан біраз алшақтау жерге қойылған орындықтардың артында тізерлеп отырады да "терезеге" (орындықтың | **Дидактикалық ойын. "Түсін таңдау".**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Түстерді ажырата білуді және атауларын дұрыс айтуды үйрету. | **"Тышқан мен мысық" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды сигнал бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге баулу;<br>кейіпкерлердің әрекетіне қарап, жағымды көңіл күйге бөленуге тәрбиелеу. | **"Балапандар" ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Педагогтің нұсқауы, сигнал бойынша бір бағытта жүруге ынталандыру;<br>кеңістікті бағдарлауға машықтандыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Ымдасаң болды «кел» деп, Жетеді демде жүгіріп. Сәл үзіліс жасайды да: «Сәулені ұстаңдар» деген белгі береді. Балалар қабырғаға жүгіріп, қолға тұрмай жалтаңдап тұрған күн сәулесін ұстауға тырысады. | арқасындағы тесікке) қарайды. Тәрбиеші: "Аспан ашық, күн шығып тұр! Серуенге шығуға болады," - дейді. Балалар алаңда жүгіріп жүр. "Жаңбыр! Тез үйге жүріңдер!" деген белгіні естіп, бәрі өз орындарына қарай жүгіріп келіп, орындықтардың артына отырады. Тәрбиеші қайтадан: "Күн шықты! Барыңдар, серуендеңдер!" - дейді, ойын қайта басталады. | | | |

| | |
|---|---|
| **Серуеннен оралу** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуға, өз киімін өздігімен шешуге, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. **(дербес қимыл әрекеті)** |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. Көліктер түрлерінің суреттерін көрсетіп, сипаттауға үйрету. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>**"Пирамида жинау" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға пирамида жинауға, пирамида сақиналарының түс атауларын есте сақтауға үйретуді жалғастыру. |

| | |
|---|---|
| тағы басқа әрекеттер) | Пирамида кішкентай, 3 сақинадан тұруы қажет. **(сенсорика)**<br>**"Қимыл ойлап табу" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың еліктеуге деген ынтасын дамыту; жағымды эмоцияны ояту.<br>Балалар шеңберде тұрады. Тәрбиеші ойыншылардың біреуін ойын бастаушы етіп белгілейді. Ол шеңбердің ортасында тұрады. Балалар тәрбиешінің көрсетуі бойынша мына мәтін сөзін айтып, оңға немесе солға жүреді.<br>Әдемі шеңберде,<br>Билейік кең жерде.<br>Қолдармен ұстасып,<br>Бәріміз жұптасып.<br>Бірігіп достасып,<br>Бір орында ұстасып,<br>Осылай етіп істейік.<br>Мәтінді айтып бітер кезде балалар қолсозым жерде тұрады. Ойын бастаушы қандай болмасын бір қимылды көрсетеді, шеңбер жасап тұрғандардың бәрі оны қайталайды. Тәрбиеші ойын бастаушыны ауыстырады немесе ойын бастаушы өзінің орнына біреуді таңдайды және ойынды жалғастыра береді. **(дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Қолдың ұсақ моторикасын, ойлау, зейін қабілеттерін дамыту.<br>Музыкалық аспаптармен (сылдырмақтармен) ойындар: (1/2 мөлшері) әуеннің ырғағына сай сылдырлатуға бейімдеу. Күз әніне байланысты әнді жаттау. **(музыка)**<br>Көліктерді тізіп ойнату. **(сенсорика)**<br>Еркін ойындар. |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Әңгімелесу: "Саусақ жаттығулары және баланың сөйлеу тілін дамыту", "Баланың жағымды эмоцияларын дамытудың маңызы", "Үйде ғажайып сәттерін ұйымдастыру жолдары". |

Тексерілді әдіскер : Сабитова З.А. 21.11.22ж
Тәрбиешілер : Байнолаева Б.Т.
Әмирбекова А.С.

**ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ**

**Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы) «Балауса-Балғын» бөбекжайы» КМҚК**

**Топ/сынып : «Шуақ» ерте жас тобы**

**Балалардың жасы** 1 **жасар балалар**

**Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету) 28.11 - 02.12.2022 ж.**

| Апта күндері | *Дүйсенбі* | *Сейсенбі* | *Сәрсенбі* | *Бейсенбі* | *Жұма* |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Әңгімелесу: "Қыстың негізгі құбылыстарын байқатудың маңызы", "Балаға сұрақтар қою және сөйлеуді дамыту", "Жыл мезгілдері туралы әңгімелеу". | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | "Ойын бұрышы" Мақсат-міндеттері. Ойын бұрыштарында тұрған ойыншықтардың біреуімен ойнауға деген қалауын айтуды, көрсетуді, атауды үйрету, ойыннан кейін өз орнына жинауға ынталандыру, мақтау. | "Табиғат бұрышы" Мақсат-міндеттері. Табиғат бұрышындағы балықтарға жем беруге шақыру (денсаулықтарына рұқсатты ескеру); балықтардың су астындағы тіршілігін бақылауға ынталандыру; қамқорлыққа тәбиелеу. | "Табиғат бұрышы" Мақсат-міндеттері. Табиғат бұрышындағы өсімдіктердің сарғайып қалған жапырақтарын үзіп алып тастау және суару үлгісін көрсету. | "Жуыну әдебі" Мақсат-міндеттері. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебінің үлгісін көрсету; қолдарын сабындауға көмектесу, су ағымы астына өздігінен ұстауды қадағалау; қолды сүлгімен сүртуді көрсету; тазалықты сақтау қажеттілігі туралы түсіндіру; орамалды | "Үстел-үсті ойыны" Мақсат-міндеттері. Үстел ойындары бұрышында сөренің шаңын сүрту және ойыннан кейін заттарды орнына салудың үлгісін көрсету; ойыншықтармен ойнағанда тазалық сақтау туралы түсіндіру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | ілетін орынды немесе суретін көрсету. | |
| | **Саусақ жаттығуы. "Алақай! Алақай!" (сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды педагогтің соңынан қыс туралы суретке (ауладағы қардың жауғанына) қарап, көркем сөзді айтып, жаттығуларды жасауды үйрету; тілін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; жағымды әсер алу дағдыларына машықтау.<br>Алақай! Алақай! (шапалақтау)<br>Келді суық қыс, міне (алақанды уқалау),<br>Біз далаға шығамыз (саусақтарды қимылдату),<br>Жаттығу жасаймыз | **"Аулаға қыс келді" тақпағын мәнерлеп оқу, қимыл жаттығуы. (сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың қыс мезгілі туралы ұғымдарын қалыптастыру, қардың жауғанына қарап, педагогтің соңынан ілесіп, қыс туралы тақпақты мәнерлеп айтуға ынталандыру.<br>Аулаға қыс келді,<br>Қыс келді,<br>Қыс келді.<br>Қар шатырға түседі,<br>Қар ағашқа түседі,<br>Қар жерге қарай, төмен,<br>Бұлттан баяу түседі. | **"Қолғап" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру, көркем сөз)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға педагогтің соңынан көркем сөз жолдарының ырғағына, мазмұнына сай қимылдарды жасап, жағымды көңіл күйге бөленуді үйрету; қолдың ұсақ моторикасын, есте сақтау қабілетін дамыту.<br>- Балалар, қазір қолғаптарымызбен әдемі жаттығулар жасап көрейік.<br>Қане, қолғапты киеміз, (алақандарды өзара уқалау)<br>Бір қолды салып | **"Қарды ұшырайық" тыныс алу жаттығуы (мақтаны қолдану). (дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың тыныс алу жүйесін дамыту; қардың қасиеті жөнінде алғашқы ұғымдарды қалыптастыру; жасалып жатқан жаттығудан жағымды әсер алуға баулу.<br>Алғашында педагог балаларға жаттығуды жасау үлгісін көрсетеді: мақта мамығын ашылған алақанға салып, үздіксіз үрлейді.<br>- Балалар, мамық | **"Отырған мынау ақ қоян..." ойыны. (дене шынықтыру, көркем сөз)**<br>Аланның бір жағында қояндардың орны белгіленді. Әр бала өз орнына тұрады. Тәрбиешінің "Қоршауға жүгіріңдер"деген сигналы бойынша барлық балалар дөңгеленіп тұрады, ал қоянның біреуі ортаға шығады. Балалар тәрбиешімен бірге тақпақ оқиды да тексттің мазмұнына қарай қимыл жасайды.<br>Отыр аппақ, бір қоян.<br>Саққұлақ қой бұл қоян.<br>Құлақтары едендеп, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | (шапалақтау),<br>Бір-екі! Бір-екі!<br>(жұдырықты қысып, ашу)<br>Қарды қағып, бір-екі (алақан қағу), | Қарлар - жеңіл нүктелер,<br>Көрінбейді бұлт пен жер.<br>Түсіп жатыр,<br>Түсіп жатыр,<br>Аппақ көрпе жауып жатыр.<br>(Д. Ахметова) | көреміз, (бір қолмен екіншіні сипау)<br>Екінші жұп қолғапты (екінші қолымен бірінші қолды сипау)<br>Киіп алсақ – жарап тұр. (алақандармен ары-бері бұрандау) | қарды ұшырайықшы.<br>Мен алақанымды ашып, оған үздіксіз үрлеймін.<br>- Қарға не болды?<br>- Иә, қар ұшып кетті.<br>Қ. Мырза Әли "Қар"<br><br>Ұзақ уақыт қалықтар,<br>Жау, жау енді,<br>Мамық қар!<br>Педагог баланың әрқайсына мақта кесегін (мамығын), алақанына салатындай көлемде береді. Жаттығуды жылдам орындау керек. | Әр дыбысқа елеңдеп. Балалар дөңгеленіп тұрады. "Құлақтары едіреңдеп" деген сөз тіркесінен бастап ойын аяғына дейін балалар қолдарын жоғары көтеріп, қол білезіктерінен бастап қимылдатады. Қоян сияқты секіреді. |
| **Таңертеңгі жаттығу** | Тыныс алу, тыныштандыру, артикуляциялық жаттығулар элементтерін қолдана отырып таңғы жаттығу кешенін орындау. **(дене шынықтыру)**<br>**«Сылдырмақпен».**<br>Бастапқы қалып: аяқ арасы алшақ, сылдырмақ төменде.<br>1-2 сылдырмақты жоғары көтеріп сылдырлату.<br>3-4 бастапқы қалып (4 рет).<br>Тура солай.<br>1-2 сылдырмақты алға созу. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 3-4 артқа тығу;<br>Бастапкы калып тура солай<br>1-4 отырып сылдырмакты тізеге соғу.<br>5-6 бастапкы калыпка келу (3рет).<br>Сылдырмакпен жүгіру (10сек). | | | | |
| **Таңғы ас** | Балалардың тәбетін ашу, өздігінен тамактануға ынталандыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)**<br>Дастарканның әдемісін-ай,<br>Тағамның (ботканың, көженің, сорпаның, куырдактың) дәмдісін-ай.<br>Тамакты тауыскан балакай<br>Ен күшті болады. Пай, пай! | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балалардың жағымды көңіл күйлерін қалыптастыру. Ұйымдастырылған іс-әрекетіне жағымды эмоциялык ахуалда ауысу үшін бәсеңдеу дыбыста салмакты әуенжазбасын косу. **(сөйлеуді дамыту)**<br>Қыс келді!<br>Ду кол шапалак!<br>Қыстың тоны аппақ!<br>Аппақ аула,<br>Қуанады бала.<br>Қыс келді!<br>Ду кол шапалак!<br>(Д. Ахметова) | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **"Үлпілдек ак қар" (сенсорикадан ойын-жаттығу)**<br>Максат-міндеттері.<br>Сезім мен кабылдауды жетілдіру аркылы сенсорлык | **Дене шынықтыру**<br>"Қысқы орманға саяхат"<br>Максат-міндеттері.<br>Гимнастикалык орындыкта тұракты тепе-теңдікті сактап жүруге жаттыктыру; | **Дене шынықтыру**<br>"Қыскы жолдармен жүруді үйренейік"<br>Максат-міндеттері.<br>Гимнастикалык орындыкта жүруге үйретуді жалғастыру; төрттағандап | **Музыка**<br>"Аппақ қыска сәлем берейік"<br>Мақсат-міндеттері.<br>Баяу сипаттағы әуенге жай екпінде жүруін жаттаттыру.<br>Әнді басынан аяғына | **Дене шынықтыру**<br>"Қазакстаным, алға!"<br>Максат-міндеттері.<br>Балаларды тепе-теңдікті сактай отырып, гимнастикалык орындыкта жүруге |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | (мұздатылған қолдарды бейнелейді) ысқылап, жылытамыз. (қолдарын ысқылайды) | бағытта алға секіру қабілетін жетілдіру. | сызылады немесе еденге гимнастикалық шеңбер қойылады. Шеңберге 10 сәбізді немесе басқа заттарды қоямыз. Шеңбер «көгөніс бақшасы» болып табылады. Қояндарды аулайтын бақша "қарақшысы" (пугало) таңдалады. Көшбасшының белгісі бойынша қояндар шеңберге түсіп, сәбізді жинай алады. "Қарақшы" қоянды ұстап алады. Ұсталған қоян ойыннан шығарылады. "Қарақшыға" шеңбердің ішіне кірген "қояндарды" ғана ұстауға рұқсат етіледі. | | |
| **2- таңғы ас** | Балалардың тәбетін ашу, өздігінен тамақтануға ынталандыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тәжірибені қалыптастыру; қоршаған әлем туралы білімдерін кеңейту және байыту (қар туралы); балалардың қардың түсі мен формасы туралы білімдерін бекіту; ұсақ моториканы дамыту; басқаларға деген жақсы сезімдерді тәрбиелеу.<br>**«Аққала» саусақ ойыны. (сөйлеуді дамыту)**<br>Біз аулаға барамыз. (ортаңғы және сұқ саусақпен үстел үстінде "жүреді")<br>Бірге аққала жасаймыз. (мүсіндеу қимылдарын көрсетеді)<br>Қолдарымыз тоңғанда | доғаның астына өтіп және түзу тұру қабілетін бекіту; балалардың қозғалу тәжірибесін байыту және күшейту. Қолдары мен аяқтарының ұсақ моторикасын, зейінін дамыту; кеңістікті бағдарлау, қимылдарды үйлестіру және ырғақтылық, психофизикалық қасиеттер: шапшаңдық, ептілік дағдылары.<br>**Қимылды ойын. "Ұзын құлақ сұр қоян" (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды педагог көрсеткен қимылдар үлгісі бойынша қимылдауға талпындыру; бір | еңбектеу, доғаның астымен өтіп жаттығу; олардың қимылдарын басқа балалардың қимылдарымен үйлестіре отырып, жаттығуларды орындау қабілетін бекіту; дене шынықтыру жаттығулары мен қимылды ойындарға тұрақты қызығушылықты ояту, сол арқылы балалардың денсаулығын жақсартуға ықпал ету.<br>**Қимылды ойын. "Сәбіз" (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Сәбіз жинау. Ептілікке баулу. Жерге диаметрі 8-10 метр шеңбер | дейін жаттап айту. Музыкалық-ырғақтық қызметіне баланың денесі дамуына ықпал ету. Әртүрлі өнерге деген қызығушылықтарын, бала өнерін дамуына ықпал ету.<br>**"Көлеңке" қимылды ойыны. (дене шынықтыру, көркем сөз)**<br>Көлбең, көлбең көлеңке,<br>Көлбеңдеген көленке.<br>Қане, катар тұрайық,<br>Үлкен шеңбер құрайық! | үйрету; дұрыс үйлестіру қабілеттерін, ептілігі мен жылдамдығын; зейінді, естуді, көруді, кеңістікті бағдарлауды, қимылдарды үйлестіруді, жүру және жүгіру арқылы тепе-теңдікті сақтау және дамыту; отанға сүйіспеншілікті тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын. «Күн мен жаңбыр».**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға бір-біріне соқтығыспай, шашыраңқы жүруге және жүгіруге, педагогтің белгісі бойынша әрекет етуді үйрету. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Дастарқанның әдемісін-ай,<br>Тағамның (ботқаның, көженің, сорпаның, қуырдақтың) дәмдісін-ай.<br>Тамақты тауысқан балақай<br>Ең күшті болады. Пай, пай! | | | | |
| **Серуенге дайындық** | Серуенге жиналу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**<br>Мақсат-міндеттері: өз-өзіне қызмет көрсетуге дағдыландыру: шкафтан сыртқы аяқ киімді алу, шұлықтарды дұрыс кию және бас киім туралы ұмытпау.<br>Серуен кезіндегі ережелері туралы еске саламыз: серуенде қалпақты немесе орамалды шешпейміз;<br>- күн ыстықта көлеңкеде ойнаймыз (верандада, ағаштың астында). | | | | |
| **Серуен** | **Қарды бақылау (қар жауған алқап). (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды қыс мезгіліндегі табиғи құбылыс - қарды бақылауға деген қызығушылығын ояту; қардың қайда жатқанына көңіл аударып, оны айтуға ынталандыру.<br>- Балалар, бәрекелді!<br>- Қарандаршы, балалар, айналада не | **Қарды бақылау (қардың жерге түсуі). (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға қардың жоғарыдан төмен ақырын түскеніне көңіл аудару, қардың ақшақарлардан болатынын, жеңіл мамықтай ұшқанын байқату; зейінін, түйсігін, ой-қиялын дамыту.<br>Ш. | **Бұлтты аспанды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға бұлтты күн райы туралы ұғымдар беру, аспанның түсі сұр екенін байқату, бұлттар сұр болса, қар жаууы ықтималдығын байқату.<br>- Балалар, аспанға қараңдаршы.<br>- Аспанның түсі | **Қарды бақылау (қардың жерге түсуі). (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға қардың жоғарыдан төмен ақырын түскеніне көңіл аудару, қардың ақшақарлардан болатынын, жеңіл, мамықтай ұшқанын байқату; зейінін, түйсігін, ой-қиялын дамыту.<br>Ш. Әлдибекұлы | **Қысқы күн райын бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға қыс мезгілі жөнінде жалпы ұғымдар беру, қысқы күн райы бұлтты және ашық, суық болуына көңіл аудару, адамдардың жылы киінгенін байқату; зейінді, ойлау қабілетін дамыту.<br>- Балалар, айналаға |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жатыр?<br>- Иә, бұл кар<br>- Кар кайда жатыр?<br>Т. Шопаев "Кар".<br>Жауды, міне, кар аппак,<br>Айналаның бәрі аппак.<br>Жасырыпты жолдарды.<br>Тегістепті орларды.<br><br>**"Біз көңілді баламыз" кимылды жаттыгуы. (дене шынықтыру, көркем сөз, сөйлеуді дамыту)**<br>Максат-міндеттері.<br>Балаларды белгілі жаттығуларға еліктей білуге машықтандыру, сапта марш ырғағына сай жүруге машықтандыру, жаттығулардан жағымды әсер алуға | Әлдибекұлы "Кар".<br>Ак мактадай үлпа кар<br>Жамылыпты кыркалар.<br>Калың-калың тон киіп,<br>Маужырайды шыршалар.<br>Педагог:<br>- Балалар, байкалыңдар ма?<br>Дала кандай тыныш!<br>**"Кім тыныш?" кимылды ойыны. (дене шынықтыру, көркем сөз, сөйлеуді дамыту)**<br>Максат-міндеттері.<br>Балаларды бір бағытта тыныш жүру әдебіне үйрету, аяктың табанын толық басып және аяк ұшымен жүріп кимылдау дағдыларын қалыптастыру; сигналға сай | көгілдір ме?<br>- Аспанның түсі сұр<br>- Аспан сұр болса, кар жауады<br>Көк аспанды жаулайды<br>Калың-калың сұр бұлттар.<br>Бір жауса токтамайды<br>Аппак жауын, аппак кар.<br>(Д. Ахметова)<br>**"Алакай!" кимылды жаттығуы. (дене шынықтыру, көркем сөз, сөйлеуді дамыту)**<br>Максат-міндеттері.<br>Балаларды педагогтің көрсетуімен және такпак сөздерінің ырғағына сай кимылдар жасауға талпындыру, кыстың қызықты құбылыстарын | **"Кар"**<br>Ак мактадай үлпа кар<br>Жамылыпты кыркалар.<br>Калың-калың тон киіп,<br>Маужырайды шыршалар<br>- Балалар, байкалыңдар ма?<br>- Дала кандай тыныш!<br>**"Кім тыныш?" кимылды ойыны. (дене шынықтыру, көркем сөз, сөйлеуді дамыту)**<br>Максат-міндеттері.<br>Балаларды бір бағытта тыныш жүру әдебіне үйрету, аяктың табанын толық басып және аяк ұшымен жүріп кимылдау дағдыларын қалыптастыру; сигналға сай | карандаршы.<br>- Иә, айналада кар жатыр.<br>- Аспанымыз сұр (көгілдір).<br>- Бірак кыста күн суық.<br>- Адамдарға караңдаршы, олар жылы киінді.<br>- Біз нені кидік?<br>Балалар жауап бермей жатса, үстінен көрсете де алады.<br>Қыс мезгілі. Суыкта<br>Кар жауады калыңтап.<br>Кар жауады калыптап,<br>Аппак кабыкпен каптап.<br>Қыс мезгілі. Аппак кала.<br>Ак көшелер. Ак сала.<br>Ак көшелер. Ак сала.<br>Аулада тұр аккала.<br>(Д. Ахметова.) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ынталандыру. Педагог балаларды еркін тұрғызып қоюына болады, қимылдарды көрсетеді. Біз көңілді балалармыз, Қатар-қатармен тұрамыз, Көтереміз иықты, Бақылаймыз жан-жақты. Жүріп-жүріп асықпай. Балалар сапқа жиналып, ашық жолмен жүреді. Жаттығу екі рет қайталанады. | қозғалуға ынталандыру. - Балалар, аяқтарымызды нық басып, менің соңымнан сайға қарай жүрейік. Сайға қарай адымдаймыз, Түрлі дыбысты тыңдаймыз. Көрейік. Бұл қай бұрыш? Тыңдайық. Тыныш ... Тыныш ... - Қанекей, аяқтың ұшымен тыныш жүрейік ... - Бұл жақта не бар екен? - Тамаша! Педагог белгілі объектіні тапқандарын айтады, балаларды мақтайды. Жаттығу бірнеше рет өткізіледі, жүру бағыттары ауысады. | жағымды көңіл күймен қарсы ала білу қабілеттерін дамыту. - Балалар, қыс мезгілі келді. - Қысты көтеріңкі көңіл күймен қарсы алайықшы. - Алақай! Алақай! (шапалақтау) Келді суық қыс міне (алақанды уқалау), Біз далаға шығамыз (саусақтарды қимылдату), Жаттығу жасаймыз (шапалақтау), Бір, екі! Бір, екі! (жұдырықты қысып, ашу) Қарды қағып, бір, екі (алақан қағу). | қозғалуға ынталандыру. - Балалар, аяқтарымызды нық басып, менің соңымнан сайға қарай жүрейік. Сайға қарай адымдаймыз, Түрлі дыбысты тыңдаймыз. Көрейік. Бұл қай бұрыш? Тыңдайық. Тыныш ... Тыныш ... - Қанекей, аяқтың ұшымен тыныш жүрейік ... - Бұл жақта не бар екен? - Тамаша! Педагог белгілі объектіні тапқандарын айтады, балаларды мақтайды. Жаттығу бірнеше рет өткізіледі, жүру бағыттары ауысады. | - Иә, аққала да жылы киінді. - Балалар, қоян да жылы ақ тонын киіп алды. **"Бері шыға ғой, қоян!" қимылды ойыны. (дене шынықтыру, көркем сөз, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттері. Балаларға шеңбер бойымен жүріп, барлығымен топтасып, "Бері шыға ғой, қоян!" сөздерін айтып, көрсетілген қимылдарға еліктеу қабілеттерін жетілдіру. Педагог балалардың бірін "Қоян" атап, барлығымен бірге оны шақырады. Шақырылған қоян ортаға шығып, қимылдарды |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | жасайды (педагог үлгіні көрсете алады), балалар қайталайды.<br>Бері шыға ғой, қоян!<br>Ақ құлақтармен ойна!<br>Былай көрсет,<br>Былай көрсет,<br>Ақ құлақтармен ойна! |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | | |
| **Түскі ас** | Балалардың тәбетін ашу, өздігінен тамақтануға ынталандыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)**<br>Дастарқанның әдемісін-ай,<br>Тағамның (ботқаның, көженің, сорпаның, қуырдақтың) дәмдісін-ай.<br>Тамақты тауысқан балақай<br>Ең күшті болады. Пай, пай! | | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары** | **Ұйқышар жаттығулары. (дене шынықтыру)**<br>Керует жанындағы жаттығулар.<br>"Құстар"<br>1. "Құстар оянды". Бастапқы қалып: аяқты сәл алшақ қою. Қолдарды жан-жаққа созу, былғау – «құстар қанат қағып жатыр».<br>2. "Құстар достарын шақырып жатыр". Бастапқы қалып: тұру, қол белде, аяқ сәл алшақ. Оң жаққа, сол жаққа бұрылу, «Шиық-шиық» деп айту.<br>3. "Құстар жем шұқып жатыр". Бастапқы қалып: тұру, аяқ сәл алшақ, қол төменде. Отыру, саусақпен еденді соғу, бастапқы қалыпқа келу. | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 4. "Құстар көңілденіп жатыр". Бастапқы калып: тұру, аяқ сәл алшақ, кол түсірілген. Жүріспен кезектесіп, бір орында секіру. | | | | |
| **Бесін ас** | Балалардың тәбетін ашу, өздігінен тамақтануға ынталандыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)**<br>Дастарқанның әдемісін-ай,<br>Тағамның (ботқаның, көженің, сорпаның, қуырдақтың) дәмдісін-ай.<br>Тамақты тауысқан балақай<br>Ең күшті болады. Пай, пай! | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар карау және тағы баска әрекеттер) | **"Пішіндер алқасы" дамытушы ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды көрсетілген үлгіге қарап, геометриялық пішіндерден өздеріне де сондай тізбекті құрастыруға ынталандыру; геометриялық пішіндер туралы ұғымдарды тиянақтау, есте сақтау қабілетін, көзбен қабылдау қабілеттерін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; өзі жасаған нәтижені көріп, қуануға үйрету. | **«Сиқырлы алақандар» музыкалық-ырғақты жаттығуы**<br>Бала, бала, балапан,<br>Қане, қайсы, алақан.<br>Саусақтарың әйбат,<br>Былай-былай ойнат.<br>Бала, бала, балапан,<br>Қане, қайсы, алақан.<br>Саусақтарың әйбәт,<br>Былай-былай ойнат.<br>Орнымыздан тұрамыз,<br>Алақанды ұрамыз.<br>Бір отырып, бір тұрып,<br>Тез шынығып шығамыз.<br>**(музыка, сөйлеуді дамыту)** | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу**<br>**"Қар жауды"**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға қыс туралы ұғым беру; жаңа сөздермен таныстыру, таныскан сөздердің атауларын дұрыс, анық айтуға үйрету; балалардың ойын, зейінін, ынтасын, еске сақтау қабілеттерін, сөздік қорын дамыту; адамгершілікке, табиғатқа деген сүйіспеншіліктерін тәрбиелеу. | **Музыкадан ойын-жаттығу**<br>"Аппақ қысқа сәлем берейік"<br>Мақсат-міндеттер. Баяу сипаттағы әуенге жай екпінде жүруін жаттаттыру. Әнді басынан аяғына дейін жаттап айту. Музыкалық-ырғақтық қызметіне баланың денесі дамуына ықпал ету. Әртүрлі өнерге деген қызығушылықтарын, бала өнерін дамуына ықпал ету.<br>**Музыка**<br>Музыка жетекшісінің тех картасы бойынша | **"Күн райы" атты мультфильмін көру.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды күн райының негізгі құбылыстарын байқауды, ажыратуды, атауды ынталандыру; ойлау қабілеттерін дамыту. **(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, музыка)**<br><br>**"Қар жауды" (мүсіндеу)**<br>Мақсат-міндеттері. Ермексаздан ұсақ кесектерді үзіп, шарларды илеу |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | - Балалар, қазір сендер мына тізбекте пішіндер қалай орналасқанына қарап, өз кілемдеріңе солай саласыңдар. Педагог әрбір балаға бөлек пішіндер тізбегін ұсынады. "қызыл үшбұрыш" + "көк үшбұрыш" + "сары үшбұрыш" + "жасыл үшбұрыш" "қызыл домалақ" + "көк домалақ" + "сары домалақ" + "жасыл домалақ" "қызыл шаршы" + "көк шаршы" + "сары шаршы" + "жасыл шаршы" Педагог әр баланың орындау тәртібін бақылайды. **(сенсорика, сөйлеуді дамыту)** | | | | амалдарын игерту. |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Саусақ жаттығуы «Қыс» (сөйлеуді** | **Жаттығу (дене шынықтыру,** | **Қоян (дене шынықтыру,** | **Жаттығу (дене шынықтыру,** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | дамыту)<br>Максат-міндеттері.<br>Балаларды мәтінді педагогтен кейін айта отырып, жаттығулар жасауды үйрету;<br>мәнерлеп сөйлеуді, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>Шыннан сырғып түсті де,<br>Келді бізге қыс, міне,<br>Ак карлар, ақ көбелек,<br>Қонды үйлердің үстіне. | көркем сөз, сөйлеуді дамыту)<br>Максат-міндеттері.<br>Балаларды мәтінді педагогтен кейін айта отырып, жаттығулар жасауға үйрету.<br>Торғай боп ұшамыз, ұшамыз (екі қолымен қанат жасап ұшады)<br>Түлкі болып қашамыз, қашамыз (бір орындарында тұрып жүгіреді)<br>Торғайдай тапқыр боп, тапқыр боп,<br>Орнымызға қонамыз (бәрі орындарына отырады).<br>Орманның біз емшісіміз,<br>Тоқ, тоқ, тоқ (жерді үш рет ұрады)<br>Құрт біткенді жоқ етеміз<br>Жоқ, жоқ, жоқ, (қимыл көрсетеді)<br>Тоқ, тоқ, тоқ, жоқ, | көркем сөз, сөйлеуді дамыту)<br>Максат-міндеттері.<br>Балаларды мәтінді педагогтен кейін айта отырып, жаттығулар жасауды үйрету.<br>Ерінбе қояным,<br>Ертеңмен оянған.<br>Секеңде сен енді<br>Шынықтыр денеңді | көркем сөз, сөйлеуді дамыту)<br>Максат-міндеттері.<br>Балаларды мәтінді педагогтен кейін айта отырып, жаттығулар жасауды үйрету.<br>Балалар шықты далаға,<br>Ойнап, күліп жүр енді.<br>Шаналармен озады,<br>Аққаланы жасайды.<br>Қыста қармен ойнаймыз,<br>Қызыққа біз тоймаймыз.<br>Таудан төмен сырғанап,<br>Шаңғы, шана тебеміз. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | жоқ, жоқ. | | | |
| **Кешкі ас** | Балалардың тәбетін ашу, өздігінен тамақтануға ынталандыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)**<br>Дастарқанның әдемісін-ай,<br>Тағамның (ботқаның, көженің, сорпаның, қуырдақтың) дәмдісін-ай.<br>Тамақты тауысқан балақай<br>Ең күшті болады. Пай, пай! | | | | |
| **Серуенге дайындық** | Серуенге жиналу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері. Серуенге шығу ережелерімен таныстыру, серуен барысын пысықтау.<br>Қауіпсіздік бойынша жеке және топпен әңгіме жүргізу: серуендеуге барамыз, досымызды қолымыздан аламыз, алаңға жұппен бірге барамыз. Бір-бірімізді итермейміз. | | | | |
| **Серуен** | **"Балапандар" ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Педагогтің нұсқауы немесе сигнал бойынша бір бағытта жүруге ынталандыру; кеңістікті бағдарлауға машықтандыру. | **"Ұядағы құстар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды сигнал бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге баулу, құстарды қимылдарына еліктеуге машықтандыру. | **"Батады, батпайды" ойыны. (қоршаған ортамен таныстыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Суда әртүрлі заттардың бататынын және батпайтынын анықтауға жағдай жасау; зеректікке тәрбиелеу.<br>Әртүрлі заттарды жинау. Бұл пластик қақпақтар, көбік резеңкелер, тастар, түймелер, моншақтар болуы мүмкін. Балаларға осы | **"Балапандар" ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Педагогтің нұсқауы немесе сигнал бойынша бір бағытта жүруге ынталандыру; кеңістікті бағдарлауға машықтандыру. | **Сурет кітаптарын қарау. (сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері. Кітаптардағы суреттерді бірлесіп қарауға бейімдеу; зейінділікке, ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>Не бейнеленгенін сұрау. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | аталған заттарды суға лақтырады, қайсы суға батты, қайсы судың бетіне қалқып шықты, соны бақылайды. | | |
| **Серуеннен оралу** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуға, өз киімін өздігінен шешуге, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. **(дербес қимыл әрекеті)** | | | | |
| | | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. Көлік түрлерінің суреттерін көрсетіп, сипаттауға үйрету. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Қиылған суреттерді бір тұтасқа жинау ойындары (2-4 бөлік). **(сенсорика)**<br>Ұяшықтарға пішіндерді салу ойындары. **(сенсорика)**<br>Бауды байлау ойыншықтармен ойындар. **(сенсорика)**<br>Мақсат-міндеттері. Қолдың ұсақ моторикасын, ойлау, зейін қабілеттерін дамыту.<br>Музыкалық аспаптармен (сылдырмақтармен) ойындар: (1/2 мөлшері) әуеннің ырғағына сай сылдырлатуды бейімдеу. Қыс мезгіліне байланысты әнді жаттау. **(музыка)**<br>**"Пішіндер алқасы" дамытушы ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды көрсетілген үлгіге қарап, геометриялық пішіндерден өздеріне де сондай тізбекті құрастыруға ынталандыру; геометриялық пішіндер туралы ұғымдарды тиянақтау, есте сақтау қабілетін, көзбен қабылдау қабілеттерін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; өзі жасаған нәтижені көріп қуануды үйрету.<br>- Балалар, қазір сендер мына тізбекте пішіндер қалай орналасқанына қарап, өз кілемдеріне солай саласыңдар.<br>Педагог әрбір балаға бөлек пішіндер тізбегін ұсынады.<br>"қызыл үшбұрыш" + "көк үшбұрыш" + "сары үшбұрыш" + "жасыл үшбұрыш"<br>"қызыл домалақ" + "көк домалақ" + "сары домалақ" + "жасыл домалақ"<br>"қызыл шаршы" + "көк шаршы" + "сары шаршы" + "жасыл шаршы"<br>Педагог әр баланың тапсырманы орындау тәртібін бақылайды. **(сенсорика)** | | | | |

| | |
|---|---|
| | Еркін ойындар. |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Әңгіме. «Зиянды әдеттер», «Тұмаудың алдын алу», «Демалыс күндері күн режимін қалай сақтау керек?» |

Тексерілді әдіскер : Сабитова З.А. 28.11.22ж

Тәрбиешілер : Байноллаева Б.Т.

Әмирбекова А.С.

## ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

**Білім беру ұйымы (балабакша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы) «Балауса-Балғын» бөбекжайы» КМҚК**
**Топ/сынып: «Шуақ» ерте жас тобы**
**Балалардың жасы:1 жасар балалар**
**Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету) 05.12 - 09.12.2022 ж.**

| Апта күндері | *Дүйсенбі* | *Сейсенбі* | *Сәрсенбі* | *Бейсенбі* | *Жұма* |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күйімен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Әңгімелесу: "Қоршаған құбылыстар жөнінде әңгімелесудің маңыздылығы", "Бала заттардың қасиеттерін қалай зерттей алады?". | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | | | | | |
| | **«Көліктермен саяхат» дидактикалық ойыны**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға заттарды өлшемі бойынша салыстыруға үйретуді жалғастыру: үлкен машинада үлкен аңдар, кішкентай машинада кішкентай аңдар. | **«Қоян»**<br>Мақсат-міндеттер. Тілдерін дамыту, табиғатты сүюді тәрбиелеу.<br>Ұзын құлақ, сұр қоян,<br>Естіп қалып сыбдырды,<br>Ойлы-қырлы жерлерден,<br>Ытқып-ытқып секірді. | **«Қысқы би» жаттығуы**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың белсенділігін, тіл байлығын дамыту.<br>Қандай қызық қыс деген,<br>Бәрін шебер істеген.<br>Бау-бақшаны тауды да,<br>Бояған ақ түспенен.<br>Ішік, пима, қолғап | **"Аққаланы құрастыр" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды аққаланың денесін үстел бетіне салып құрастыруға ынталандыру; көлемі әртүрлі дөңгелектерді ажыратуға | **«Аққала» саусақ жаттығуы**<br>**Мақсат-міндеттер.**<br>**Қане, қане балақай, (шапалақ)**<br>**Тұрғызамыз аққала! (қармен қалай жасайтындарын қолдарымен көрсету)**<br>**Аққаланы айналып, (шеңбер** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Қоянның құйрығы қысқа, түлкінің ұзын құйрығы бар.<br>Құралдар: әртүрлі мөлшердегі машиналар мен ойыншықтар.<br>**(сенсорика, қоршаған ортамен танысу)** | Қарап еді артына,<br>Қиығын сап көзінің.<br>Келе жатқан томпаңдап,<br>Көжегі екен өзінің.<br>**(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** | бар,<br>Арада жоқ тоңғақтар.<br>Баста қалың малақай,<br>Біз тоңбаймыз алақай.<br>Біз аязбен доспыз,<br>Айналамыз, айналамыз!<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | жаттықтыру;<br>жасалған жұмыстың нәтижесіне қуана білу қабілетін дамыту.<br>Педагог әрбір балаға көлемі үш түрлі, ақ түсті дөңгелектерді, көздер, сәбізден мұрын, шелек пішіндерін жинақтап табақшаға салып ұсынады.<br>Жұмыс жасалғаннан кейін балалар педагогке ілесіп, көркем сөзді айтып, қимылдар жасайды.<br>- Аққала денесі доп-дөңгелек, (қос қолдың сұқ саусақтарымен ауада үлкен шеңберлер сызу)<br>Дөңгелек басына киген көк шелек,<br>(алақандармен | **болып айналады)**<br>**Ойнаймыз біз шаттана. (шапалақ)**<br>**Аққала, аққала**<br>**Сені жасап бәріміз,**<br>**Айналамыз қуана!**<br>**(шеңбер болып айналады))**<br>**Г.Жетписова**<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | бастың төбесін жабу).<br>Басады қос аяқтарын маймаңдап, (алақан ұштарымен үстел басын кезекпен соққылау)<br>Іздері де содан оның дөңгелек. (қос қолдың сұқ саусақтарымен ауада кішкентай шеңберлер сызу).<br>**(сенсорика, сөйлеуді дамыту)** | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Гигиеналық дағдылар**<br>1. Бастапқы қалып аяқтың арасын алшақ қойып, жалау ұстаған қолдарды алда ұстау;<br>1.1. Жалауларды жоғары көтеріп, оңға және солға желпу (6–8 рет қайталау);<br>1.2. Бастапқы қалыпқа келу.<br>2. Бастапқы қалып тік тұру, жалауларды екі қолмен ұстау;<br>2–1 жерге отырып, жалауларды иық тұсына қою; тұрып, жалауларды алға қою (4-5 рет қайталау);<br>2–2 бастапқы қалыпқа келу;<br>3. Екі жалауды бір қолға ұстап, бір орында 20-30 сек. секіру.<br>**(мәдени-гигиналық дағдылар, дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңғы ас** | Балалардың тәбетін ашу, өздігінен тамақтануға ынталандыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)**<br>Дастарқанның әдемісін-ай,<br>Тағамның (ботқаның, көженің, сорпаның, қуырдақтың) дәмдісін-ай. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Тамакты тауыскан балакай<br>Ең күшті болады. Пай, пай! | | | | |
| **Ұйымдастырылган іс-әрекетке дайындык** | **Саусакка арналган жаттыгу: "Сәлем".**<br>Максат-міндеттер: балалардың ұсақ кол моторикасын, жагымды эмоцияларды дамыту, ересекке деген сенімділікті арттыру.<br>Сәлемдесем әрдайым (Екі колдарын айкастырып кеуделеріне кояды)<br>Үйде және бакшада. (Екі колдарын алга жаяды)<br>Тіпті «сәлем» - деймін мен ("Қанаттарын" екі қолдарын сәл көтеріп, кайта түсіріп кагып тұрады)<br>Қасымдағы көршіме.(Бір қолдың сыртын екінші колдың алаканына беттестіре саусактарды жан-жакка аша "күн" жасайды)<br>**(сенсорика, сойлеуді дамыту)** | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылган іс-әрекет** | **Мүсіндеуден ойын-жаттыгу**<br>"Әжейге арналган табак"<br>Максат-міндеттер. Ермексаздың кесегінен есу, үзіп алу, түзулеу мүсіндеу тәсілдерін калыптастыру; алаканның айналма козғалысымен есу, кесектен бөлшекті үзіп алу аркылы ұсақ кол маторикасын дамыту. Үлкендерге құрмет көрсетуге | **Дене шыныктыру**<br>"Отанымыздың жауынгерлері"<br>Максат-міндеттері. Тізені жоғары көтеріп жүру кабілетін дамыту; тізені жоғары көтеріп жүруге жаттыктыру; балалардың жылдамдық кабілеттерін дамыту; эмоционалды көңіл-күйді көтеру; балаларда жоғары жылдамдықты кабілеттерді тез | **Дене шыныктыру**<br>"Қазакстанның спортшылары!"<br>Максат-міндеттер. Балаларды доппен жаттыгулар жасауга жаттыктыру: домалату, кашыктыкка лактыру, екі қолмен төменнен көлденең нысанага ; ұйымшылдык кабілетін дамыту, дене тәрбиесі оку іс-әректі кезінде құрдастарымен | **Музыка**<br>"Көңілді мереке"<br>Максат-міндеттер. "Әлди-әлди" әуеніне баланың эмоциалды, жагымды әсер алатынын калыптастыру. Дауысты бір келкі, әндетіп шыгаруга үйрету, сөздің екпінді буындарын созып айтуга үйрету. Қимылдардың накты көрсету шеберлігін дамыту. Ересек адаммен еркін | **Дене шыныктыру**<br>"Аккала"<br>Максат-міндеттер. Жүру және жүгіру дагдыларын жетілдіру; лактыра білуге, секіруге жаттыктыру; балалардың жыл мезгілдерінің таулары, оларды аныктай білу білімдерін бекіту; зейінін дамыту, балаларга куаныш сезімін беру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тәрбиелеу. | игеру қабілеттерін тәрбиелеу. | достық қарым-қатынасты сақтау; балалардың денсаулығын нығайту шаралары, түзету жаттығуларын қолдану арқылы нығайту (массаж доптарымен жалпы дамыту жаттығулары, тыныс алу жаттығулары, қимылды ойындар); достық қатынастарды, өзара көмекке, спортқа қызығушылықтарын арттыру. | қарымқатынасу жолдарын дамыту. | |
| **Серуенге дайындық** | **Серуенге жиналу.** Мақсат-міндеттер: балаларды серуендеуге жиналу кезіндегі реттілікті орындауға үйрету: алдымен не киеміз, содан кейін не. Серуенге жағымды көңіл-күймен шығуға бейімдеу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Серуен** | **Қарды бақылау (қардың жауған алқабы). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Мақсат-міндеттер. | **Аула сыпырушының қыста жұмысын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | **Қайыңды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Мақсат-міндеттер. Ағаш туралы | **Қысқы ауа райын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Мақсат-міндеттер. Балаларға қыс мезгілі | **Қысқы шыршаны бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Мақсат-міндеттер. Балалардың шырша |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Балалардың қыс мезгіліне тән табиғи құбылыс карды бақылауға деген қызығушылығын ояту; кардың қайда жатқанына көңіл аударып, айтуға ынталандыру.<br>- Балалар, бәрекелді!<br>- Қарандаршы, айналада не жатыр?<br>- Иә, бұл кар.<br>- Қар қайда жатыр?<br>- Айналаның бәрі аппак.<br>- Не болған мына далаға?<br>Ағаштар аппақ тонда,<br>Бұталар аппак болған,<br>Ак жолдар ізге толған.<br>**"Қарлы жолдарды басайық" кимылды жаттығуы. (дене шынықтыру, көркем әдебиет)** | Мақсат-міндеттер. Үлкендердің еңбегі туралы білімдерінт кеңейту, олардың еңбегін бағалай білуге тәрбиелеу.<br>Күрекшені аламыз,<br>Жолды кардан тазалаймыз.<br>Біз көңілді баламыз,<br>Шаршамаймыз)<br>-Қыста аула сыпырушыға қандай құралдар қажет? (Сыпырғыш, күрек, қырғыш, шелек.)<br>-Қыста сыпырушы қандай жұмыс жасайды? (Топтарға кіре берістегі жолдарды тазартады, қоқыстарды жинайды).<br>-Сыпырушының жұмысы не үшін керек? (Балабақша аумағын таза ұстау үшін). | түсініктерін кеңейту; кайыңның баска ағаштардан ерекшеленетін ерекшеліктері туралы білімді калыптастыру; табиғатты қорғауға және қорғауға деген ұмтылысты тәрбиелеу.<br>Балаларды кайың ағашына апару. Оның дініне назар аударту. (Ак, кара жолақтары - сарафанға ұқсайды.) Қыста қайың өте суық болғандықтан, тынығып. Балаларға аязды күндері ағаштар мен бұталардың бұтақтары өте нәзік, тез сынатындығын, сондықтан оларды қорғауға, сындырмау керектігін түсіндіру. Қысында да | жөнінде жалпы ұғымдар беру, қыстың ауа райы бұлтты және ашық, суық болуына көңіл аудару, адамдардың жылы киінгенін байкату; зейінді, ойлау қабілетін дамыту.<br>- Балалар, айналаға қарандаршы.<br>- Иә, айналада қар жатыр.<br>- Аспанымыз сұр (көгілдір).<br>- Бірак қыста күн суық.<br>- Адамдарға қарандаршы, жылы киінді.<br>- Біз нені кидік?<br>Балалар жауап бермей жатса да, үстіне көрсете де алады.<br>- Қыс мезгілі. Суықта Қар жауады | ағашы туралы ұғымдарын қалыптастыру, оның ақ кар астында жасыл болып тұрғанын байкату; шыршаның үшкір қылқандарын ұстатып, жапырақтарға ұксамайтыны, түсіп калмайтынына назар аудару; шыршаны қабылдаудан жағымды әсер алуға тәрбиелеу.<br>Педагог балаларды жасыл шырша алдына алып келеді. Аулада шырша өспеген болса, педагог жасанды пластиктен шыршаны уақытша учаскіге шығарып қоя алады.<br>- Балалар, мынау не?<br>- Жарайсыңдар, бұл шырша. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың сапта түзу бағытпен жүріп, екі аяқпен секіріп, жүгіріп, алға жылжу қабілеттерін жетілдіру, тепе-теңдікті сақтау қабілеттерін дамыту, бұлшық еттерін шымыр ету.<br>Педагог балаларды көркем сөзбен қимылдарға ынталандырады.<br>- Алдымызда ұзынша<br>Жайылып тұр жолақша.<br>Топ-топ етіп басайық,<br>Қадам басып барайық.<br>Секіреміз оп-оп!<br>Біз жүреміз топ боп.<br><br>Ал енді біз жүгірейік,<br>Саптан қалмай, үлгерейік. | **Қимылды ойын «Ақ қоян» (дене шынықтыру, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды мәтінді тыңдауға және мәтінге сәйкес қимылдар жасауға үйрету, секіруді, қол шапалақтауға, мәтіннің соңғы сөзін естігеннен кейін қашуға үйрету, балаларға қуаныш сыйлау.<br>Ойын шарты:Балалар дөңгеленіп қол ұстасып тұрады, ортада бір бала қоян болады. Балалар барлығы бірлесе қоянды оятуға тырысады.<br>-Қояным,қояным<br>ұйқыңнан тұршы<br>Бет-қолыңды жушы,<br>Айнаға қарашы, | шырайлы,<br>Жасыл шырша ұнайды.<br>Түні бойы жауды қар,<br>Салбырады сәнді тал.<br>Сырғалы қайың, ақ қайың,<br>Баптайын, күтіп, сақтайын.<br>**«Көпіршік» қимылды ойыны. (дене шынықтыру, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды шеңбер құруға, оны кеңірек, тар етіп жасауға, қимылдарды айтылған сөздермен үйлестіруге үйрету.<br>Балалар бір-біріне жақын тұрып, қолдарын біріктіріп шеңбер құрады.<br>Тәрбиеші:<br>Көпіршікті үрлейміз!<br>Үлкен ғып үрлейміз!- | қалыңдап.<br>Қар жауады қалыңдап,<br>Аппақ қабықпен қаптап.<br>Қыс мезгілі. Аппақ қала.<br>Ақ көшелер. Ақ сала.<br>Ақ көшелер. Ақ сала.<br>Аулада тұр аққала.<br>Д. Ахметова.<br>**"Машиналар жүреді" қимылды ойыны. (дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды қызыл, жасыл не сары түсті таңбалауыштардың біріне сәйкес қимылдарды жасауға үйрету; топтасып, бір-біріне соғылмай жүре білу дағдыларын қалыптастыру; жағымды әсерлерге | - Қараңдаршы, шырша ағашы бізге қуанып тұрған сияқты.<br>"Шырша".<br>Қызық-думан күн келді,<br>Жасыл шырша түрленді.<br>Аяз сүйіп, терленді,<br>Үйге кірді төрледі.<br>Ә. Табылдиев<br>**"Шыршаны айнала билейік" қимылды жаттығу. (дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды шыршаға қарап, қызықты қимылдарды жасап, көтеріңкі көңіл-күйге бөленуге баулу.<br>Педагог балаларға алдын-ала безендірілген шыршаны көрсетеді.<br>– Шыршаға |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Жүгір, жүгір, балақай!<br>Саптан қалма, балақай!<br><br>Жүгіріп болдық, жүрейік.<br>Тыныс алып, үлгерейік.<br>Тыныс алып болайық,<br>Қадам басып, тоқтайық ...<br>Д. Ахметова | Шашыңды тарашы,<br>Мәсіңді киші,<br>Көлегіңді киші. | лейді.<br>Осылай тұрамыз, бірақ жарылып кетпейміз.<br>Балалар шеңберді кеңейтіп, тәрбиеші «Көпіршік жарылды» дегенше, қол ұстасып тұрады. Балалар еңкейіп: «шапалақ, ш-ш-ш» деп айтады. Тәрбиеші көпіршіктің жарылып, одан ауа шығатынын түсіндіреді. Содан кейін балалар қайтадан **көпіршікті үрлейді.** | бөленуге тәрбиелеу.<br>Педагог балаларға кезегімен қызыл, сары және жасыл таңбалауыштарды көрсетіп жатып, белгілі таңбалауышқа сай қимылдарды жасауды ұсынады:<br>- жасыл таңбалауыш - қолға рульді ұстаған ұқсап, ары-бері, жан-жаққа бағыттап жүгіру;<br>- сары таңбалауыш - орнында тоқтап, шапалақтау,<br>- жасыл таңбалауыш - жерге шоқайып отыру.<br>- Бағдаршамда жасыл шам -<br>Жол ашық, машиналар.<br>Бағдаршамда сары шам -<br>Шапалақта, балалар.<br>Бағдаршамда қызыл | қараңдар,<br>Таңқалып қалмаңдар.<br>Бұтақтағы ойыншықпыз,<br>Шеңбердегі аюмыз.<br>Енді, біз түлкіміз,<br>Түлкі болып жүрміз.<br>Қоянмен біргеміз,<br>Бірге секіреміз.<br>Балалар педагогтің көрсетуіне еліктеп, жабайы аңдарға тән қимылдарды орындайды.<br>Балықтай жүземіз,<br>Үндемей күлеміз. |

<table>
<tr><td></td><td></td><td></td><td></td><td>шам -<br>Токтасын<br>машиналар.<br>Ойын екі рет<br>өткізіледі.</td><td></td></tr>
<tr><td>Серуеннен оралу</td><td colspan="5">Балаларды жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, колдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар)</td></tr>
<tr><td>Түскі ас</td><td colspan="5">Балалардың тәбетін ашу, өздігінен тамақтануға ынталандыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)<br>Дастарканның әдемісін-ай,<br>Тағамның (ботканың, көженің, сорпаның, куырдақтың) дәмдісін-ай.<br>Тамакты тауыскан балақай<br>Ең күшті болады. Пай, пай!</td></tr>
<tr><td>Күндізгі ұйқы</td><td colspan="5">Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. (мәдени-гигиеналық дағдылар)</td></tr>
<tr><td>Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары</td><td colspan="5">Гигиеналық дағдылар<br>"Оянайык бәріміз".<br>Тәрбиешінің айтканын орындайды.<br>Көздерінді ашыңдар,<br>Кірпіктерінді көтеріңдер.<br>Беттерінді жеңіл кимылмен сипаңдар,<br>Бір-біріне жымиыңдар,<br>Бастарынды оңға, солға бұрылыңдар,<br>Ауаны жұтыңдар, содан соң жіберіңдер,<br>Іштерінді тартыңдар,<br>Көңіл күй көтерілді,<br>Кеуделерінді алақанмен сипаңдар,<br>Жұдырыкты кысыңдар,<br>Енді біраз ашыңдар,<br>Керіліңдер, созылыңдар,</td></tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Енді оянындар, төсектен тұрындар.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру)** | | | | |
| **Бесін ас** | Алдына қойған асқа назар аудару; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **"Суретті құрастыр" үстел ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларға екі бөліктен тұратын суреттен бір тұтас суретті құрастыруды үйрету; қабылдау, ойлау қабілеттерін дамыту.<br>Жануарлар бейнеленген бірнеше суреттер екіге бөлініп, балаға ұсынылады.<br>Суреттен қандай жануар құрастырғанын бала айтуы керек.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу**<br>""Қазақстан жалауы" Ө. Ақыпбекұлының өлеңін оқу"<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды Ө. Ақыпбекұлының "Қазақстан жалауы" өлеңімен таныстыру.<br>Отан туралы білімдерін нақтылай түсу, өлеңді мәнерлеп айтуға үйрету; сөздік қорларын кеңейту, есте сақтау қабілеттерін дамыту; Отансүйгіштікке тәрбиелеу. | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу**<br>"Отанымыз - Қазақстан"<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың туған жер туралы түсініктерін қалыптастыру, тірі және жансыз табиғат құбылыстары туралы. Қазақстан Республикасының рәміздерімен (ту, гимн, елтаңба) таныстыру. Туған жердің құндылығы мен әсемдігі туралы түсініктерін кеңейту.<br>Қолдың ұсақ моторикасын, есте сақтау қабілетін, зейінін, | **«Қолғаптардың бөліктерді тап» дидактикалық ойыны.**<br>**Мақсат-міндеттер.**<br>**Балаларға «тозған» қолғаптар (қалың түсті картоннан жасалған) ұсынылады (әр қолғапта әртүрлі геометриялық фигуралар түрінде «тесіктер» кесілген).**<br>**Қолғаптарды қалпына келтіру қажет - бұл үшін түсі, өлшемі мен пішініне сәйкес келетін геометриялық пішіндерді орнына салу керек.**<br>**(сенсорика)** | **«Ұлпақар» тыныс алу гимнастикасы (мақта)**<br>**Қатты боран басылды (жаймен тырсылдатады)**<br>**Күн жарқырай ашылды (қолдарымен күн жасайды)**<br>**Көктен төмен әдемі ұлпақарлар шашылды.**<br>**Тәулік бойы тынбайтын, Болайықшы ұлпақар.**<br>**1, 2, 3, 4, 5**<br>**Ұлпақарлар ұш!**<br>**(алақандарындағы ұлпақарлаға үрлейді)**<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | қызығушылығы мен байқауын дамыту. Өз Отанына деген патриоттық сезімдерін көтеру. | **Музыка**<br>Музыка жетекшісінің жоспары бойынша | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Саусақ жаттығуы «Қысқы көңіл көтеру»**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды мәтінге сәйкес саусақ қимылдарын жасай отырып, жеке сөздерді қайталауға шақыру; жаттығу нәтижесінде жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Қыста біз не істегенді жақсы көреміз?<br>Ақ шанамыз зырлайды,<br>Ақ қар оны шыңдайды.<br>Біреу шаңғы тебеді,<br>Біреу мұзда сырғанайды, | **«Суық - жылы» ойыны**<br>Мақсат-міндеттер. Балалар кілемге малдас құрып отырады.<br>Тәрбиеші: «Балалар, суық жел соқты»- дейді.<br>Балалар қолдарын кеудесіне айқастыра, қорыққан кейіп көрсетеді.<br>Тәрбиеші: «Бірақ күн шықты. Күн жып-жылы болды» - дегенде, балалар демалады, жүгіріп ойнайды.<br>Тәрбиеші әрекеттерді орындайды, ал балалар оған еліктейді. | **"Артығын тап" дидактикалық ойын.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларға артық затты табуға үйрету; ойлау қабілетін, зейінін дамыту.<br>Тәрбиеші балаларға бірқатар суреттерді ұсынады: мысалы, қар, шана, доп (доп артық, өйткені қыс мезгіліне қатысты емес)<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | **Қысқыштармен ойналатын ойын. Саусақтарға арналған жаттығу.**<br>Мақсат-міндеттер: қолдың ұсақ моторикасын дамыту; тақпақтағы сөздердің ырғақтарына, педагогтің үлгісіне еріп, сөздерді қайталауға ынталандыру; жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Ойын шарты. Жануарлардың құйрығын тауып қыстырғышпен қыстырып біріктіреді. Ол | **"Қоянды үйретейік" (артикуляциялық жаттығу).**<br>Мақсат-міндеттер: көркем сөзге деген қызығушылықты тудыру; ырғақты, дыбыстың сипатын сезіну қабілеттерін қалыптастыру.<br>Балаларға қоянға көмектесуді ұсыну.<br>Ол үшін тәрбиеші көрсеткен қимылдарды бірлесіп жасау:<br>А) ауызды ашу:<br>- Қоян, аузыңды аш! Міне осылай! Міне осылай!<br>Б) тістерді көрсету:<br>- Қоян, тістеріңді |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Ал біреу қардан аққала соғады. **(сөйлеуді дамыту)** | **(дене шынықтыру, қоршаған ортамен танысу)** | | баланың ұсақ қол моторикасын дамытады, ақыл-ойының, тілінің дамуына зор ықпал етеді. **(сенсорика, қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** | көрсетші! Міне осылай! Міне осылай!<br>В) тілді көрсету:<br>- Қоян, тіліңді көрсетші! Міне осылай! Міне осылай!<br>Г) Сәбізді тістеу:<br>- - Мен сәбізді тістедім! Әй! Әй! Әй!<br>Д) еріндерді жалау:<br>- Қоян барлық сәбізді жеді. Оған дәмді сәбіз ұнады. Ол ерінін жалады. Міне осылай! Міне осылай! Ал балалар ернін майлықпен сүртеді.<br>- Рахмет! - деді қоян орманға қашып кетті. Әр жаттығуды 3 рет балалармен қайталау. **(сөйлеуді дамыту)** |
| **Кешкі ас** | Балалардың тәбетін ашу, өздігінен тамақтануға ынталандыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)**<br>Дастарқанның әдемісін-ай,<br>Тағамның (ботқаның, көженің, сорпаның, қуырдақтың) дәмдісін-ай. | | | | |

| | |
|---|---|
| | Тамақты тауысқан балақай<br>Ең күшті болады. Пай, пай! |
| **Серуенге дайындық** | **Серуенге жиналу.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды серуендеуге қызығушылығын арттыру.<br>Серуендеуге арналған ойын құралдарын таңдау, балалармен жеке әңгімелесу; шалбардың, бас киімнің және бәтеңкенің дұрыс киюлерін бақылау. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** |
| **Серуен** | Түскі уақыттағы серуендегі бақылауды жалғастыру. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** |
| **Серуеннен оралу** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуға, өз киімін өздігінен шешуге, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. **(дербес қимыл әрекеті)** |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(коммуникативті дағдылар, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет)**<br>Музыкалық аспаптармен ойындар. Аппақ қыс тақырыбына байланысты әндер. **(музыка)**<br>Өнер бұрышында жаңа жыл ойыншықтарын, аққала мүсіндеу жұмыстарын жасау. **(шығармашылық дағдылар, жапсыру, мүсіндеу, сурет салу)**<br>Қолдың ұсақ моторикасын дамыту. **(сенсорика)**<br>Еркін рөлдік ойындар. |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Әңгімелесу: "Қоршаған құбылыстар жөнінде әңгімелесудің маңыздылығы", "Бала заттардың қасиеттерін қалай зерттей алады?". |

Тексерілді әдіскер : Сабитова З.А. 05.12.22
Тәрбиешілер : Байноллаева Б.Т.
Әмирбекова А.С.

**ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ**

**Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы) «Балауса-Балғын» бөбекжайы» КМҚК**

**Топ/сынып: «Шуақ» ерте жас тобы**

**Балалардың жасы:1 жастағы балалар**

**Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету) 19.12 - 23.12.2022 ж.**

| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Әңгімелесу. "Үлгілі отбасы" атты тақырыпта ата-аналармен әңгіме жүргізу. "Балалардың демалысын дұрыс ұйымдастыру" тақырыбында ата-ана кеңесі. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **"Табиғат бұрышы"** Мақсат-міндеттер. Табиғат бұрышындағы өсімдіктердің жапырақтарындағы шаңды көрсету, күтім жасау қажеттілігін түсіндіру; өсімдіктерді күтуде суарудың маңызын іс-тәжірибеде | **"Үстел-үсті ойыны"** Мақсат-міндеттер. Үстел ойындары бұрышында сөренің шаңын сүрту және ойыннан кейін, барлық бөлшектерді орнына салудың үлгісін көрсету; бөлшектерін жинауға шақыру, қатыстыру; ойыншықтармен | **"Жуыну әдебі"** Мақсат-міндеттер. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебінің үлгісін көрсету; қолдарын сабындауға көмектесу, су ағымы астына өздері қоюын қадағалау; қолды сүлгімен сүртуді көрсету; тазалықты сақтау қажеттілігі | **"Конструкторды қорапқа жинау"** Мақсат-міндеттер. Балалардың назарын конструктордың қорапқа жиналып тұратындығына аударту. Егер олар шашылып жатса, оларды жинау керектігін түсіндіру. Еңбек тапсырмасы: | **"Ойыннан кейін топтың ішін жинау"** Мақсат-міндеттер. Балалардың тазалыққа деген ұмтылысын, ойыннан кейін ойыншықтар жинау әдетін қалыптастыру, жұмыс жоспарын құру қабілетін жетілдіру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | көрсету. | ойнағанда тазалық сақтау туралы түсіндіру. | туралы түсіндіру; орамалдың ілетін орнын, суретін көрсету. | конструктордың бөлшектерін қорапқа жинау. | |
| | **"Қарлы кесек» ойыны.** Мақсат-міндеттер. Балаларға мұрынмен демалуды үйрету, күрделірек демалу жаттығуларын жасату. Құрал-жабдықтар: «қарлы кесек» мақтадан, текшелер. Мақта талшықтарынан допты домалату-ол «қарлы кесек». Текшелерден-қақпа жасау. Тәрбиеші балаға «қарлы кесекті» үрлетіп, қақпаға кіргізуді ұсынады. **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | **Саусақтарға арналған жаттығу.** Мақсат-міндеттер: балалардың ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту, ересекке деген сенімділікті арттыру. Бала, бала, балақан, Қане, қайсы алақан. Саусақтарың әйбат, Былай, былай ойнап. (Саусақтарын ары-бері айналдырады) **(сөйлеуді дамыту)** | **"Шыршаны безендір" дамытушы жаттығуы.** Мақсат-міндеттер. Балаларды түсі жасыл қатпа қағаздан қиылған шырша кескінін түрлі түсті дөңгелек ойыншықтармен безендіруге ынталандыру; жасалған жұмысына қарап, көркем сөз айтып, қуана білу қабілетін дамыту. Құралдар: педагог балалардың әрқайсына түсі жасыл қатпа қағаздан қиылған шырша кескінін және түрлі- | **Баулармен ойнатылатын ойындар** Мақсат-міндеттер: балалардың жағымды көңіл-күйге бөленуіне жағдай жасау; бау тағып үйрету; ойлау қабілетін, ұсақ саусақ моторикасын дамыту. Құрал-жабдықтар: түрлі түсті баулар<br><br>Бауларды қолға аламыз, Әдемілеп тағамыз. Бауларды қолға алайық, Жаңа ойынды бастайық! **(сөйлеуді дамыту,** | **"Аққаланы құрастыр" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер. Балаларды аққаланың денесін үстел бетіне салып құрастыруға ынталандыру; көлемі әртүрлі дөңгелектерді ажыратуға жаттықтыру; жасалған жұмыстың нәтижесіне қуана білу қабілетін дамыту. Педагог әрбір балаға көлемі үш түрлі, ақ түсті дөңгелектерді, көздер, сәбізден мұрын, шелек |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | түсті дөңгелек ойыншықтар жинақтамасын табақшаға салып қояды.<br>Шарты: өз түйсігіне сүйеніп, шырша кескінін ойыншықтармен безендіру.<br>- Шырша. Ә. Табылдиев (жалғасы)<br>Сылдырайды моншағы,<br>Шыршамыздың мол шамы,<br>Бізбен бірге жайдары<br>Жарқырады, жайнады.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, сенсорика)** | **сенсорика)** | пішіндерін жинақтап табақшаға салып ұсынады.<br>Жұмыс жасалғаннан кейін балалар педагогке ілесіп, көркем сөзді айтып, қимылдар жасайды.<br>- Аққала денесі доп-дөңгелек, (қос қолдың сұқ саусақтарымен ауада үлкен шеңберлер сызу)<br>Дөңгелек басына киген көк шелек, (алақандармен бастың төбесін жабу).<br>Басады қос аяқтарын майманлап, (алақан ұштарымен үстел басын кезекпен соққылау)<br>Іздері де содан оның дөңгелек. (қос қолдың сұқ |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | саусактарымен ауада кішкентай шеңберлер сызу). **(сенсорика, сөйлеуді дамыту)** |
| **Таңертеңгі жаттығу** | Таңғы жаттығу кешені.<br>1. "Күн" ойыны:<br>Б.к.: аяқтың арасы сәл ашық, қол екі жанында,бос, түсірулі.<br>Орындалуы: қолды жоғары көтеру, тартылу, қолды түсіру.<br>Қайталануы: 4 рет.<br>2. "Тук-тук" ойыны:<br>Б.к.: аяқ иық деңгейінен алшақ, қол төменде.<br>Орындалуы: алға иілу, алақандарымен тізелерін соғу.<br>Қайталануы: 4-5 рет.<br>3. "Жасырынбақ" ойыны:<br>Б.к.: аяқтың арасы сәл ашық, қол төменде<br>Орындалуы: жүрелеп отыру – "балалар тығылды", алақандарды тізеге қою.<br>Қайталануы: 4-5 рет.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңғы ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды беті мен қолын жууға ынталандыру; таңғы асқа отырғызуда назарын үстел бетіне, ыдыс-аяққа, тағамға аудару; жағымды көңіл-күй тудыру; тамақтану мәдениетімен таныстыру; қасықты дұрыс ұстауға машықтандыру; тамақтанғаннан кейін бет пен қолды жуу қажетін түсіндіру.<br>Тамақтың алды-артында,<br>Қолыңды бала жуып жүр.<br>Кір қолмен бастауға,<br>Болмайтынын біліп жүр. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **(мадени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **Ұсақ саусақ моторикасын дамытуға арналған жаттығулар**<br>Мақсат-міндеттер: қолдың ұсақ моторикасын дамыту; тақпақтағы сөздердің ырғақтарына, педагогтың үлгісіне еріп, сөздерді қайталауға ынталандыру; жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Кел, санайық санамақ<br>Саусақтарды даралап<br>Бас бармағым алғашқы,<br>Балаң үйрек жалғасы.<br>Ортаң терек атасы,<br>Шылдыр шүмек анасы.<br>Шынашағым балапан<br>Бәріне ортақ алақан.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Мүсіндеуден ойын-жаттығу**<br>"Шыршаға арналған ойыншықтар"<br>Мақсат-міндеттер. Сары, қызыл, көк түстерді ажырата білу, заттардың пішінін білу, кесек ермексаздан бөлшекті үзіп алу тәсілін білуді бекіту, мүсіндеу мен мейрамдарға деген қызығушылығын | **Дене шынықтыру**<br>"Сыйлықтарды Аяз атаның қабына жинайық"<br>Мақсат-міндеттер. Залдың барлық аймағын пайдаланып, жүру және жүгіру жаттығуларын жасауға жаттықтыру; доғаның астында төрт аяқтап өту; қол мен аяқтың қозғалысын, лақтыруды дұрыс | **Дене шынықтыру**<br>"Менің жаңа жылғы сыйлығым"<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды көлбеу тақтайда жүруге үйрету, кеуде бойынан қашықтыққа лақтыруға жаттығу жасау, балаларды өз қимылдарын басқа балалардың қимылдарымен үйлестіруге, сигнал | **Музыка**<br>"Балалар мен сыйлықтар"<br>Мақсат-міндеттер. "Жасыл шырша" әуеніне балаланың эмоциалды, жағымды әсер алатынын қалыптастыру. Дауысты бір келкі, әндетіп шығаруға үйрету, сөздің екпінді буындарын созып айтуға үйрету. Қимылдардың нақты | **Дене шынықтыру**<br>"Қармен ойнайық"<br>Мақсат-міндеттер. Бір-бірден жүру және жүгіру жаттығуларын жасау, допты қашықтыққа оң және сол қолдармен лақтыру, сигналға тез әрекет ету, балаларды жүруге жаттықтыру, тепе-теңдікті жоғалтпау қабілеттерін бекіту; |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тудыру. | үйлестіру қабілетін бекіту; орындықта жүру кезінде тепе-теңдікті сақтап жүре білуге жаттықтыру; алға қарай екі аяқпен секіру.Балаларда жүру, жүгіру, жаттығу жасау кезінде және ойын кезінде арқаларын дұрыс ұстау қабілеттерін қалыптастыру. | бойынша әрекет етуге үйрету. | көрсету шеберлігін дамыту. Ересек адаммен еркін қарымқатынасу жолдарын дамыту. | балалардың ептілік, шапшаңдық, тапқырлық қабілеттерін дамыту; дене шынықтыруға деген қызығушылықтарын, спортпен шұғылдануды қалауға тәрбиелеу. |
| **Серуенге дайындық** | **Серуенге жиналу.**<br>Мақсат-міндеттер: серуенге шығар алдында киіну мен шешіну дағдыларын қалыптастыру. Түймесі бар киімді киіп-шешуге, киімдерде кездесетін жабысқақ заттарды шешуге үйрету. Қолдарын дағдыландыру; киініп-шешінуге ынталандыру; шешінетін бөлмедегі тәртіпті сақтауға үйрету.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуен** | **Шетенді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері. Қыс мезгілінде шетенді бақылауды жалғастыру, оны қатты аяздан қалай құтқаруға болатындығын айту.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Қар ұлпалары мен жел", "Ақшақарды тап". (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Педагогтің белгісі бойынша шеңбер бойымен жүруге үйрету, әртүрлі бағытта қозғалу.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері: "Шанамен жарыс". (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Аяғымен итере | **Шыршаларды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері. Шыршаның құрылымы туралы түсінік қалыптастыру.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Жағалаудан жағалауға". (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Шашырап, жан-жаққа жүгіру, секіру техникаларын дамыту.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері: "Туға дейін секіру, "Қақпада". (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Алға жылжыта отырып, екі аяқпен секіруге, жорғалауға | **Қардың жауғанын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері. Маусымдық құбылыс - қардың жаууы туралы білімдерін бекіту.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Аяз ата", "Қар айналады". (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Өзіне тән қимыл-қозғалыстарды жасай білуге баулу; өз әрекеттерін ойынға қатысушылардың әрекеттерімен байланыстыруды үйретуді жалғастыру.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері: "Нысанаға тигіз". (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. | **Қардың тереңдігін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Жұмбақ.<br>Көктен түсіп көбейді,<br>Үксайды өзі шекерге,<br>Бірақ ешкім жемейді,<br>Жерде жатыр бекерге.<br>Ол не? (Қар).<br>Бақылау: балалардың көңілін ауланың қай жерлерінде қалың қар жатқанына аудару, қардың қаншалықты терең екенін білуді ұсыну. Балаларға метрді көрсету және қардың әр жердегі қалыңдығын өлшеу; қалың қарды күрекпен қазып, қардың қалыңдығына назар аудару.<br>**Қимылды ойын. «Ақшақарды ізде».** | **Терезедегі қырауды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)**<br>Жұмбақ.<br>Өнері жоқ, қолы жоқ,<br>Сурет салуды біледі.<br>(терезедегі қырау).<br>Ырым. Егер терезелердің екі әйнегі де буланса, аяз күшейе түседі.<br>Бақылау: шыныдағы өрнектердің пайда болуы туралы түсінік беру. Жылы, сулы булар салқын терезелер шынысына буланып бір-бірімен біріктіріледі, мұзды кристалға айналады да керемет гүлдері бар мұзды бау-бақша пайда болады.<br>Табиғаттың қысқы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **отырып, қар үйіндісіне белгі бойынша шанамен жылжу.** | **жаттығу.** | Дәлдікті дамыту, **нысанаға затты дәлдеп лақтыруға үйрету.** | **(дене шынықтыру)** Ептілікті, шапшандықты дамытатын, кеңістікті бағдарлауды қажет ететін, қимыл түрлерін өзгертіп отыратын ойындарға қызықтыру. **Өз бетімен ойындар:** өз құрдастарымен 2-3 рөлден тұратын ойын ойнағанда бірлесуге талаптандыру, рөлді бөлу, ойын тәртібін орындау, жалпы ойын шартына сәйкес әрекет ету. (дене шынықтыру) | құбылыстарын байқауға және құбылыстарды атауға әрі қарай үйрету. **Қимылды ойын: «Қасқұлақ» (Волк) (қазақ халқының ойыны). (дене шынықтыру)** «Қасқұлақтан» тығылып алаңда бағдарлай білуді бекіту. Ойын ережесін сақтау («қасқұлақ» сөзді атаса сол адам өз орнында қалу керек), «күзетші» тобынан «қасқұлақты» қуу міндетті. Ойынды өзінің және басқа ойыншының әрекетімен келістіре білуін дамыту. **Өз бетімен ойындар:** ойында өз әрекетін жолдастарының |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | әрекетімен келістіре білуге ынталандыру. |

| | |
|---|---|
| **Серуеннен оралу** | **Серуеннен кейін беті-қолымызды сумен тазалап жууға дағдыландыру.**<br>Сылдырлайды мөлдір су, |

| | |
|---|---|
| | Мөлдір суға қолыңды жу.<br>Жуынсаң сен әрдайым,<br>Таза бетің, маңдайың.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** |
| **Түскі ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды беті мен қолын жууға ынталандыру; таңғы асқа отырғызуда назарын үстел бетіне, ыдыс-аяққа, тағамға аудару; жағымды көңіл-күй тудыру; тамақтану мәдениетімен таныстыру; қасықты дұрыс ұстауға машықтандыру; тамақтанғаннан кейін бет пен қолды жуу қажетін түсіндіру.<br>Тамақтың алды-артында,<br>Қолыңды бала жуып жүр.<br>Кір қолмен бастауға,<br>Болмайтынын біліп жүр.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** |
| **Күндізгі ұйқы** | Мақсат-міндеттер: дәретханаға бару, жуыну, киімдерін бүктеу, тыныш ұйықтау сияқты белгілі бір рәсімдерді сақтай отырып, ұйқыға өзін-өзі дайындау дағдыларын қалыптастыру. Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау. Ұйықтар алдында шешінгенде, орындықтың арқалығына көйлек немесе жейделерін ілгізіп, ал орындықтың өзіне шалбарын, етектерін бүктеп қойғызу.<br>**"Әлди - әлди" әні.**<br>Көзімнің ағы-қарасы,<br>Жүрегімнің парасы,<br>Уайым-қайғы ойлатпас,<br>Көңілімнің сапасы.<br>Айналайын, шырағым!<br>Көлге біткен құрағым!<br>Маңдайдағы құндызым,<br>Аспандағы жұлдызым.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** |
| **Біртe-біртe тұрғызу,** | Бойымызды жазайық |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **сауықтыру шаралары** | Қолымызды созайық<br>Жаттығулар жасайық<br>Ұйқымызды ашайық!<br>Ұйқыдан біртіндеп ояту. Дене мүшелеріне, қолдарына, табандарына уқалау арқылы әртүрлі жаттығулар жасату.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру, көркем сөз)** | | | | |
| **Бесін ас** | **"Қолды дұрыс жуу" жаттығуы.**<br>Балаларға сабынды дұрыс ұстауға, сабынды дұрыс пайдалануға дағдыландыру. және түсіндіру. Балаларға қолды не үшін жуу керектігін түсіндіру. Тәрбиеші балаларға қол жуу тәртібін көрсету. Қолды жуып болғаннан кейін, қолды орамалмен сүртуді көрсету.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу**<br>"Қадыр Мырза Әлидің "Жапалақ қар" өленін оқу"<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды қойылған сұрақтарға 2 - 4 сөзден құралған сөйлемдермен жауап беруге үйретуді, қарапайым жұмбақтарды мұқият тыңдап, шеше білуге үйретуді жалғастыру; Зат есімдер мен сын есімдерді қолдануға итермелеу; негізгі | **"Үлкен - кішкентай" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларға заттарды көлемі бойынша ажырата білуге үйрету.<br>Ойыншықтар үлкен қорапқа салынған.<br>Тапсырма: жаңа жылдық ойыншықтарды "үлкен", "кішкентай" бойынша жіктеу.<br>**(сенсорика, сөйлеуді дамыту)** | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу**<br>"Аяз Атаның қабында не бар?"<br>Мақсат-міндеттер. Мерекеге деген танымдық қызығушылықты қалыптастыру, қоршаған ортадағы және суреттегі заттарды тануға үйрету. табиғат құбылыстарын бақылау, оларды атау білу. Балалардың зейінін, қиялын, есте | **"Тауып алда, ата" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: тәрбиешінің сөздік нұсқау бойынша заттарды тауып атау біліктіліктерін дамыту; олардың түсін, пішінін, көлемін атауға бейімдеу.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)**<br>**Музыка** жетекшісінің жоспары бойынша | **"Қуырмаш"саусаққа арналған жаттығу.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қимылдарды жаттығу мәтінінің ырғағына сай орындауға дағдыландыру; қолдың ұсақ моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Қуыр-қуыр қуырмаш,<br>Балаларға бидай шаш.<br>Бас бармақ, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | түстермен: қызыл, көк, сары, жасыл таныстыру; Сөйлеудің мағынасын түсіне білу, ересек адамдарға еліктеу дағдыларын дамыту, тілдік белсенділігін арттыру. | | сақтауын, сөйлеу қабілетін дамыту. Өзгелерге деген сүйіспеншілікті тәрбиелеу. Қуанышты көңіл-күй қалыптастыру. | | Балан үйрек, Ортан терек, Шылдыр шүмек, Кішкене бөбек. Сен тұр – қошақанға бар! Сен тұр – құлыншаққа бар! Сен тұр – лаққа бар! Сен тұр – бұзауқанға бар! Сен тұр – ботаңа бар! Ал сен алаңдамай, Қазан түбін жалап, үйде жат! **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **"Менің соңымнан қайтала" қимылды жаттығуы.** Мақсаты: балалардың әуен ырғағына сай педагог көрсеткен қимылдарға еліктеуге машықтандыру; зейінді, вестибуляр ақпаратын дамыту. | **"Дұрыс орналастыр" ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды жылдам қимылдауды қалыптастыру. Үлкен қорапқа текшелер мен шарларды салу. Шарларды бір | **"Қораптың қақпағын табу" ойыны.** Мақсат-міндеттер: заттарды үлгі бойынша таңдауға дағдыландыру. Әртүрлі пішіндегі қораптар (дөңгелек, төртбұрышты, тікбұрышты, | **"Паровоз әні" дыбыстық жаттығуы.** Мақсаты: артикуляцияны қалыптастыру, "у-у-у" әнін қайталап айтуға деген қызығушылық тудыру. **(сөйлеуді дамыту)** | **Саусаққа арналған жаттығу.** Мақсат-міндеттер: балалардың ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту, ересекке деген сенімділікті арттыру. Бас бармақ –атам, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **(музыка, дене шынықтыру)** | қорапқа, ал екінші қорапқа текшелерді салу керек.<br>**(сенсорика, сөйлеуді дамыту)** | үшбұрышты) және соларға сәйкес қақпақтар.<br>Тәрбиеші баланың қолын ұстап тұрып, қораптың ашылуына қажетті пішіні бар қақпақты көрсетеді.<br>Балалар қақпаққа сәйкес келетін қорапты табулары керек.<br>**(сенсорика)** | | Балан үйрек - әжем,<br>Ортан терек - әкем,<br>Шылдыр шүмек – анам,<br>Кішкентай бөбек – мен,<br>Міне, менің барлық отбасым.<br>Балалармен бірлесіп саусақ жаттығуын жасау.<br>**(сөйлеуді дамыту)** |
| **Кешкі ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды беті мен қолын жууға ынталандыру; таңғы асқа отырғызуда назарын үстел бетіне, ыдыс-аяққа, тағамға аудару; жағымды көңіл-күй тудыру; тамақтану мәдениетімен таныстыру; қасықты дұрыс ұстауға машықтандыру; тамақтанғаннан кейін бет пен қолды жуу қажетін түсіндіру.<br>Тамақтың алды-артында,<br>Қолыңды бала жуып жүр.<br>Кір қолмен бастауға,<br>Болмайтынын біліп жүр.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Серуенге дайындық** | **Серуенге жиналу.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды серуендеуге қызығушылығын арттыру.<br>Серуендеуге арналған ойын құралдарын таңдау, балалармен жеке әңгімелесу; шалбардың, бас киімнің және бәтеңкенің дұрыс киюлерін бақылау. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Серуен** | Түскі уақыттағы серуендегі бақылауды жалғастыру. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | | | | |

| | |
|---|---|
| **Серуеннен оралу** | **Серуеннен кейін беті-қолымызды сумен тазалап жууға дағдыландыру.**<br>Сылдырлайды мөлдір су,<br>Мөлдір суға қолыңды жу.<br>Жуынсаң сен әрдайым,<br>Таза бетің, маңдайың.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(коммуникативті дағдылар, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет)**<br>Музыкалық аспаптармен ойындар. Жаңа жыл тақырыбына байланысты әндер. **(музыка)**<br>Өнер бұрышында жаңа жыл ойыншықтарын мүсіндеу жұмыстарын жасау. **(шығармашылық дағдылар, жапсыру, мүсіндеу, сурет салу)**<br>Қолдың ұсақ моторикасын дамыту. **(сенсорика)**<br>Еркін рөлдік ойындар. |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Әңгімелесу. "Үлгілі отбасы" атты тақырыпта ата-аналармен әңгіме жүргізу. "Балалардың демалысын дұрыс ұйымдастыру" тақырыбында ата-ана кеңесі. |

Тексерілді әдіскер : Сабитова З.А. 19.12.24

Тәрбиешілер : Байноллаева Б.Т.
Әмирбекова А.С.

**ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ**

**Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы) «Балауса-Балғын»бөбекжайы»**

**Топ/сынып: «Шуақ» ерте жас тобы**

**Балалардың жасы:1 жастағы балалар**

**Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету) 12.12 - 16.12.2022 ж.**

| Апта күндері | *Дүйсенбі* | *Сейсенбі* | *Сәрсенбі* | *Бейсенбі* | *Жұма* |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Әңгімелесу: "Баланың түсінігінде "Қазақстанның біздің Отанымыз" ұғымын қалыптастыру", "Отан, туған өлке ұғымына не жатады?", "Баланың денсаулығын нығайту жөнінде". | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | | | | | |
| | **"Сиқырлы сандықша" ойыны.** Мақсат-міндеттер: заттарды дұрыс атауға үйрету. Тәрбиеші балаларға сандықшаны көрсетіп, былай дейді: Мына сандықшаның ішінде әртүрлі суреттер бар. Қазір бір-бірлеп келіп, | **Түрлі-түсті қыстырғыштармен ойын.** Мақсат-міндеттер: **балалардың ұсақ қол моторикасын дамыту; оларды қысқыштармен жұмыс жасауға икемдеу. Балалардың ұсақ моторикасын дамыту. Саусақ** | **"Менің Отаным" тақпағын мәнерлеп оқу, қимыл жаттығуы.** Мақсат-міндеттер. Балаларды Е. Өтетілеудің "Отан туралы" тақпағын мұқият тыңдап, педагогтің соңынан еліктеп айтуға ынталандыру; Отан туралы алғашқы | **"Машиналар жүреді" саусақ жаттығуы.** Мақсат-міндеттер. Балаларды тақпақтың ырғағына және мазмұнына сай саусақ жаттығуын жасауға ынталандыру; қолдың ұсақ моторикасын, жағымды әсер алу | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | сандықшадан суреттер аласыздар. Қандай сурет бейнелегенін маған айтасыңдар. Балалар суретті алады, онда не бейнеленгенін атайды. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | күштерін жетілдіру. Әр жыл мезгіліне қатысты заттарды қыстырғышпен қыстыру. **(сенсорика)** | жалпы ұғымдарды қалыптастыра бастау. Құралдар: балалардың санына сай Қазақстанның кәдесый жалаулары. Педагог балаларға тақпақты мәнерлеп оқып береді. Педагог жалаулар үлестіреді. Балалар қолдарына жалауларды ұстап, педагогке қосылады. "Менің Отаным". Отан деген – атамекен, Отан деген – туған жер. Отан – ана, Отан үлкен, Қазақстан – туған ел! **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | қабілетін қалыптастыру. Құралдар: көліктердің суреттері немесе ойыншық машиналар. Педагог алғашында балалардан балабақшаға автомашина немесе автобуспен жеткенін сұрап жатады, машинаның (көліктің) суретін көрсетеді. Жаттығу саусақтарды үстел бетіне жүргізіп, жұдырықтарды қысып, содан соң қолдарымен бұлғау арқылы орындалады. - Машиналар жүреді ары-бері, Алға және кері. Жүкті тасымалдайды, Жақын жерге, алысқа | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | бағыттайды.<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Гигиеналық дағдылар**<br>1. Бастапқы қалып аяқтың арасын алшақ қойып, жалау ұстаған қолдарды алда ұстау;<br>1.1. Жалауларды жоғары көтеріп, оңға және солға желпу (6–8 рет қайталау);<br>1.2. Бастапқы қалыпқа келу.<br>2. Бастапқы қалып тік тұру, жалауларды екі қолмен ұстау;<br>2–1 жерге отырып, жалауларды иық тұсына қою; тұрып, жалауларды алға қою (4-5 рет қайталау);<br>2–2 бастапқы қалыпқа келу;<br>3. Екі жалауды бір қолға ұстап, бір орында 20-30 сек. секіру.<br>**(мәдени-гигиналық дағдылар, дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңғы ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Тамақтану кезінде балада жағымды көңіл-күй тудыру. Балалардың беті мен қолын жуу, түскі асқа отырғызу. Тамақтану мәдениетімен таныстыру. Қасықты дұрыс ұстауға үйрету. Тамақтанғаннан кейін-бет пен қолды жуу.<br>Тамақтың алды-артында,<br>Қолыңды бала жуып жүр.<br>Кір қолмен бастауға,<br>Болмайтынын біліп жүр. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Музыкалық аспаптардың көмегімен ойналатын көңілді ойындар.<br>Мақсат-міндеттер: көңілді күй орнату, аспаптардың түрі және дыбыстарын ажырата білуге үйрету. **(музыка)** | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған** | **Мысық ойыншығымен ойнату.**<br>Мақсат-міндеттері. | **Дене шынықтыру**<br>"Кел, допты домалатайық"<br>Мақсат-міндеттер. | **Дене шынықтыру**<br>"Аққаламен футбол ойнайық"<br>Мақсат-міндеттер. | **Музыка**<br>"Қоңырауым сыңғырлайды"<br>Мақсат-міндеттер. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **іс-әрекет** | Көркем сөз арқылы мысықтың сыртқы сипаты мен қылықтары жөніндегі ұғымдарды қалыптастыру; мәнерлеп қайталауға, жағымды эмоцияларға бөленуге ынталандыру. "Біздің Мияу" (орыс тілінен аударма). Біздің мияу, Тоны қандай тамаша! таң қаласың, Талдап мұртын тараса. Көзі шақпақ, Тісі аппақ. Х. Ерғалиев, М. Әлімбаев **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, көркем сөз)** | Балаларды әр түрлі заттардың (қақпалардың) астымен 1-1,5 м қашықтықтан берілген бағытта еденде отырып допты домалатуға үйрету; допты бір-біріне алға бағытта домалату, оны қатты итеріп жіберу қабілетін бекіту; қолмен үйлестіруді дамыту; кеңістікті бағдарлай білу, көздің қадағалау қызметін белсендіру мүмкіндігі. | Кедергілерден аттап өтіп, алға жылжыта отырып, екі аяғымен секіру, серуендеу, бір қолмен көлденең нысанаға лақтыруға үйрету, сигнал бойынша әрекет ету қабілетін дамыту, достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу, «қыс» белгілерімен таныстыруды жалғастыру. | Музыкалық шығармаларында контрастты музыканы ажырата білу және қимыл өзгертуге үйрету. Музыкалық-ырғақтық шеберліктерін арттыру: әртүрлі сипаттағы музыка әуеніне сәйкес қимылдау (баяу, жылдам). Ойын қызметін дамыту. | |
| **Серуенге дайындық** | **"Әдепті түймелер мен баулар".** Мақсат-міндеттер: өзіне-өзі қызмет көрсетуді қалыптастыру, бауларды байлауды және түймелерді түймелеуді қалыптастыру. **(мәдени-гигеналық дағдылар)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуен** | **Қыста құстарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Қыста құстар тіршілігі туралы білімдерін тереңдету; оларға көмектесу қабілеті мен тілегін дамыту.<br>Торғай, торғай, тоңдыңба,<br>Тұра алмайсың орныңда?<br>Бір қонасың бір ұшып,<br>Отырасың бүрісіп.<br>Қарап қойып жай ғана,<br>Жем іздейсің айнала.<br>Үйге кірші , торғайым,<br>Мен аяздан қорғайын.<br>Үйшік жасап берейін,<br>Алдыңа жем төгейін. | **Қыс мезгілінде өсімдіктерді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Қыста өсімдіктердің тіршілігі туралы білімдерін қалыптастыру; табиғатты құрметтеуге тәрбиелеу.<br>Қар жауғаннан кейін күзде отырғызылған ағаштар мен бұталарды айналып өту. Олардың қаншалықты мұқият отырғызылғанын, олардың жұқа және кішкентай екенін еске түсіру.<br>Балаларға оларды жылы қармен жабуға бола ма деп сұрау, өйткені тіпті шөптер | **Өткен адамдардың киімдерін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың назарын қыстың келгеніне аудару үшін суық болды, адамдар: жылы бас киімдер, пальто, етік киді.<br>Мұндай киімде адамдарға жылы болады. Балаларды өз киімдері мен киіп отырған киімдері туралы әңгімелесу.<br>Боран соғады оң жақтан,<br>Боран соғады сол жақтан.<br>Жауған қарды ұстасақ,<br>Су өтеді қолғаптан.<br>**Қимылды ойын «Топ, топ, топ -** | **Көліктерді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларға көліктер жайлы ұғымдар қалыптастыру, көліктердің ары-бері бағытта жүретінін байқату; көліктердің дөңгелектері айналатыны туралы айтуға ынталандыру; зейінін, ойлау қабілетін дамыту.<br>Машиналар жүреді ары-бері,<br>Алға және кері.<br>Жүкті тасымалдайды,<br>Жақын жерге, алысқа бағыттайды.<br>**"Торғай мен автомобильдер" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | - Құстарға көмектесу керек пе? Неліктен?<br>- Біз оларды немен тамақтандырамыз?<br>- Жемшашардан қандай қызықтар байқауға болады?<br>**Қимылды ойын «Торғайлар мен автомобиль» (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды жылдамдыққа, шапшаңдыққа үйрету.<br>Бір бала автомобиль, қалған балалар торғайлар болып орындықтарда отырады. Педагог торғайларға жем шашып шақырады. Торғайлар жем тере бастаған кезде зырылдап автомобиль келеді. Торғайлар | де қардың астында қатып қалмайды.<br>Мұны қалай жасау керектігін көрсету.<br>Тоңса біздің қолымыз,<br>Қолғап киіп аламыз.<br>Сарт - сарт - сарт,<br>Шапалақ соғамыз.<br>Етік киіп аламыз,<br>Топ - топ - топ.<br>Топылдатып билейміз,<br>Тоңса біздің денеміз.<br>Тоңды киіп аламыз,<br>**Қимылды ойын «Күн мен түн» (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Бір-біріне қарсы жүгірмеуін қадағалау.<br>Тәрбиешінің белгісін мұқият тыңдауға үйрету. Тізе бүгіп, қозғалыссыз отыру.<br>Педагог «күн» дегенде - балалар | **тоқта!». (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Жүгіруді жетілдіру, ойын мәтінімен әрекеттерді үйлестіруге үйрету, төзімділікті дамыту, бұлшық еттердің қимылдары мен күштерін үйлестіру.<br>Аяқпенен топ, топ,топ,<br>Алақанмен соқ, соқ, соқ.<br>Айналамыз, айналамыз,<br>Бір орында тұрамыз. | Балаларда сигнал бойынша жан-жаққа шашырап жүгіре білу дағдыларын қалыптастыру, жылдамдыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу; ойын сюжетіне ілесіп, торғайлардың қимылдарын сомдауға ынталандыру.<br>Педагог балаларға торғайлар салынған қалташаларды үлестіреді.<br>- Балалар торғайлар қалай қимылдайды? Көрсетіңдерші.<br>Педагог балаларға торғайлардың қанатына ұқсатып, қолдарын жан-жаққа жайып, бұлғауды көрсетеді.<br>- Жарайсыңдар!<br>- Балалар торғайлар | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | автомобильден кашып орындыктарына отыра калады. | козғалады, жүгіре алады, шапалақтайды. «Түн» - барлығы тоқтап, қозғалмауға тырысады. | | жолға отырып, жемді шокиды. - Қалай шоқитынын көрсетейікші. Педагог балаларға торғайлардың жем шоқығанын, шоқайып отырып, саусақтарымен тізесіне соққылауды көрсетеді. - Жарайсыңдар! Педагог балалардың қимылдарын көркем сөзбен сүйемелдейді, жылжу бағытын реттеп, қадағалап жүреді. - Торғайлар, торғайлар, Ұшыңдар, ұшыңдар! Жолға отырып қоныңдар, Жемді шоқыңдар! Педагог рульді ұстап, автобильді сомдайды, алаңда шоқайып отырған | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | балаларға карай жылжиды.<br>- Автомобиль келе жатыр!<br>Абайландар!<br>Ұшындар жан-жакка:<br>Қыш! Қыш!<br>Ойын екі рет ойнатылады. | |
| **Серуеннен оралу** | Балалардың киімдерін реттілікпен шешуі, гигиеналық шараларды ұйымдастыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Түскі ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Тамақтану кезінде балада жағымды көңіл-күй тудыру. Балалардың беті мен қолын жуу, түскі асқа отырғызу. Тамақтану мәдениетімен таныстыру. Қасықты дұрыс ұстауға үйрету. Тамақтанғаннан кейін-бет пен қолды жуу.<br>Тамақтың алды-артында,<br>Қолыңды бала жуып жүр.<br>Кір қолмен бастауға,<br>Болмайтынын біліп жүр. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары** | Балалардың ұйқы ашар жаттығуларын жасауға қызығушылығын арттыру. Жағымды эмоционалды көңіл-күй ортасын жасау, ұйқыдан оянғанда сергек болып үнемі қуанып, күліп жүруіне жағдай жасау.<br>Ояндық па бәріміз?<br>Бір-бірімізге қараймыз.<br>Күлімдейміз бәріміз.<br>Керіліп созылып,<br>Ақырын кане тұрамыз.<br>Орнымызда жүреміз, | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Енді доп болып секіреміз.<br>Адымдап жүреміз.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру)** | | | | |
| **Бесін ас** | **"Қолды дұрыс жуу" жаттығуы.**<br>Балаларға сабынды дұрыс ұстауға, сабынды дұрыс пайдалануға дағдыландыру. және түсіндіру. Балаларға қолды не үшін жуу керектігін түсіндіру. Тәрбиеші балаларға қол жуу тәртібін көрсету. Қолды жуып болғаннан кейін, қолды орамалмен сүртуді көрсету.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу**<br>"Жаңа жыл"<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға қыс мезгілінде болатын Жаңа жыл мерекесімен таныстыру, ересектердің сөздерін тыңдай білуге, сұрақтарға жауап беруге, жеңіл тапсырмаларды орындай білуге үйрету; тыңдау мәдениетін қалыптастыру, сөздік қорды, тіл | **"Саусақ жаттығуы «Қыс»**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды мәтінді педагогтан кейін айта отырып, жаттығулар жасауға үйрету; келісімді сөйлеуді, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>Шыңнан сырғып түсті де,<br>Келді бізге қыс міне,<br>Ақ қарлар, ақ көбелек,<br>Қонды үйлердің үстіне. | **Сенсорикадан ойын-жаттығу**<br>"Жаңа жылдық ойыншықтар"<br>Мақсат-міндеттер. Біртектес заттарды белгілерінің біріне сәйкес тануға және топтауға үйрету: пішіні бойынша; доптың қайсысы үлкен немесе кіші екенін түртіп отырып болжау; заттардың көлемін және кеңістіктегі орналасуын қабылдауды дамыту; ойынға деген жағымды қатынасты, | **"Қолдарымыз қайда?" ойыны (шағын топпен ойнау)**<br>Мақсат-міндеттер: тәрбиешінің сөзін тыңдауға, ойын мәтініне сәйкес әрекеттерді орындауға үйрету. Балалар қолдарын артына жасырады. Тәрбиеші: "Қолдарың қайда? Қолдар жоқ!". Бір уақытта балалар қолдарын алдына созады, ал тәрбиеші таңданып, қуанады: "Міне, олар!". Балалар ойынды | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | мәдениетін, зейіндерін дамыту, оқу қызметіне, мерекеге қызығушылықтарын тәрбиелеу. | | достықты тәрбиелеу. | бастайды, ойын жалғаса береді. | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **"Баулармен ойнау" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>Тәрбиеші балаларға баулармен жұмыс істеу үлгісін көрсетеді. Балалар қарандаршы, мұнда шеттерінде тесіктер бар. Сол тесіктерге бауларды кіргізу керек. Мен бір жағынан, екінші жағынан, әр тесікке бауды кіргізіп, саламын. Қандай тегіс жол пайда болғанын қараңыз. Ал енді, сендер | **"Көңілді саусақтар" саусаққа арналған жаттығу.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту, ересекке деген сенімділікті арттыру.<br>Оң қолымда бес саусақ (Оң қолының саусақтарын көрсету)<br>Сол қолымда бес саусақ (Сол қолдың саусақтарын көрсету)<br>Бәрін қоссақ – он саусақ (Екі қолының саусақтарын қосу)<br>Оң аяқпен секіремін (Екі аяқпен кезек | **"Түстерін тап" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: түстерді анықтауға баулу, қабылдау, зейін, ойлау қабілетін дамыту.<br>Бір үлкен қорапта жаңа жылдық шарлар орналастырылған. Жаңа жылдық ойыншықтардың түсін атау.<br>**(сенсорика, сөйлеуді дамыту)** | **"Дұрыс орналастыр" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды жылдам қимылдауды қалыптастыру.<br>Үлкен қорапқа текшелер мен шарларды салу. Шарларды бір қорапқа, ал екінші қорапқа текшелерді салу керек.<br>**(сенсорика, сөйлеуді дамыту)** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жасап көріңдер.<br>Балалар өздері бауларымен әртүрлі оюлар жасап көреді.<br>**(сенсорика)** | секіру)<br>Сол аяқпен секіремін<br>(Орында жүру)<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | | | |
| **Кешкі ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Тамақтану кезінде балада жағымды көңіл-күй тудыру. Балалардың беті мен қолын жуу, түскі асқа отырғызу. Тамақтану мәдениетімен таныстыру. Қасықты дұрыс ұстауға үйрету. Тамақтанғаннан кейін-бет пен қолды жуу.<br>Тамақтың алды-артында,<br>Қолыңды бала жуып жүр.<br>Кір қолмен бастауға,<br>Болмайтынын біліп жүр. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Серуенге дайындық** | **Серуенге жиналу.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды серуендеуге қызығушылығын арттыру.<br>Серуендеуге арналған ойын құралдарын таңдау, балалармен жеке әңгімелесу; шалбардың, бас киімнің және бәтеңкенің дұрыс киюлерін бақылау. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Серуен** | Түскі уақыттағы серуендегі бақылауды жалғастыру. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | | | | |
| **Серуеннен оралу** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуға, өз киімін өздігінен шешуге, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. **(дербес қимыл әрекеті)** | | | | |
| | | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(коммуникативті дағдылар, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет)**<br>Музыкалық аспаптармен ойындар. Жайнай бер, Қазақстаным тақырыбына байланысты әндер. **(музыка)**<br>Өнер бұрышында жалауларды мүсіндеу жұмыстарын жасау. **(шығармашылық дағдылар, жапсыру, мүсіндеу, сурет салу)** | | | | |

| | |
|---|---|
| тағы басқа әрекеттер) | Қолдың ұсақ моторикасын дамыту. **(сенсорика)**<br>Еркін рөлдік ойындар. |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Әңгімелесу. «Баланың денсаулығын нығайту», «Баланың сөйлеуіне қалай көмектесуге болады?», «Жас балалардың сенсорлық дамуына арналған ойындар» |

Тексерілді әдіскер : Сабитова З.А. 12.12.22ж

Тәрбиешілер : Байноллаева Б.Т.

Әмирбекова А.С.

**ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ**

**Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы) «Балауса-Балгын» бөбекжайы» КМҚК**

**Топ/сынып : «Шуақ»ерте жас тобы**

**Балалардың жасы:1 жастағы балалар**

**Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету) 26.12 - 30.12.2022 ж.**

| Апта күндері | *Дүйсенбі* | *Сейсенбі* | *Сәрсенбі* | *Бейсенбі* | *Жұма* |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Әңгімелесу: "1-2 жасар баланың коммуникациялық қабілеттерінің ерекшеліктері", "Жыл мезгілдері туралы әңгімелеу". | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **"Ойыншықтарды жинау".** Мақсат-міндеттер:балаларға ойыншықтарды таза және ұқыпты ұстауға, ойыннан кейін орнына қоюға үйрету. Еңбексүйгіштікті дамыту, өз еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. | **"Топтың ішін ретке келтір"** Мақсат-міндеттер: Балаларды ересектерге көмектесуге үйрету, шкафтарды, ойыншықтарды тазалау. Еңбек дағдыларын, ұқыптылықты қалыптастыру. | **"Кітап бұрышын тәртіпке келтір"** Мақсат-міндеттер: балалардың тазалыққа, тәртіпке деген ұмтылыстарын құптау, кітапты ұқыпты ұстауға қалыптастыру. | **"Біз орындықтарды орындарына қоямыз".** Мақсат-міндеттер: еңбек дағдыларын дамытуды жалғастыру, тапсырманы жылдам, мұқият орындау. | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебінің үлгісін көрсету; қолдарын сабындауға көмектесу, су ағымы астына өздері қоюын қадағалау; қолды сүлгімен сүртуді көрсету; тазалықты сақтау қажеттілігі |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | туралы түсіндіру; орамалдың ілетін орнын, суретін көрсету. |
| | **"Сылдырмақ" тақпағын мәнерлеп оқу, қимыл жаттығуы.** Мақсат-міндеттер. Балалардың ырғақты есту, дыбыстық тіл мәдениетін дамыту; көркем сөзді айта тұрып, ойыншықпен қимылдау, қуанышқа бөлену қабілетін қалыптастыру. Педагог балаларға сылдырмақтарды таратып, еркін қимылдауға мүмкіндік береді. Педагог жолдардың ырғағына сай сылдырмақ туралы тақпақты мәнерлеп | **Саусақ жаттығуы. "Шырша ойыншықтары".** Мақсат-міндеттер. Баланы педагогтің соңынан, әуен ырғағына сай орындауға ынталандыру; эмоциялық қабілеттерді дамыту. Көркем сөз жолдары және жаттығуларды орындау тәртібі, оқу қызметінен тыс уақытта өткізіліп, балалар үшін таныс болуы тиіс. Шыршада өседі ойыншықтар, (саусақтарды бас бармақ ұшына | **"Қолғап" қимылды жаттығуы.** Мақсат-міндеттер. Балаларды педагогтің соңынан көркем сөз жолдарының ырғағына, мазмұнына сай қимылдарды жасап, жағымды көңіл-күйге бөленуді үйрету; қолдың моторикасын, есте сақтау қабілетін дамыту. - Балалар, ал қазір қолғаптарымызбен әдемі жаттығулар жасап, ойнап көрейік. - Қане, қолғапты | **"Қолғап" қимылды жаттығуы.** Мақсат-міндеттер. Балаларды педагогтің соңынан көркем сөз жолдарының ырғағына, мазмұнына сай қимылдарды жасап, жағымды көңіл-күйге бөленуді үйрету; қолдың моторикасын, есте сақтау қабілетін дамыту. - Балалар, ал қазір қолғаптарымызбен әдемі жаттығулар жасап, ойнап көрейік. - Қане, қолғапты | **"Сыяды-сыймайды" дамытушы ойыны.** Мақсат-міндеттер. Балалардың заттардың үлкен және кішкентай болуы туралы ұғымдарын қалыптастыру; үлкен және кішкентай ойыншықтарды, заттардың көлемдеріне сай үлкен және кішкентай қорапшаларға жинауға жаттықтыру; дұрыс орындалған тапсырма нәтижесінен жағымды әсер алу қабілетін дамыту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | оқиды, балаларды бірге қосылуға тартады.<br>- Сылдырмақты соқпақ,<br>Қолға алдық "тоқ-тақ".<br>Жаңа жылды күттік,<br>Тоқылдаттық "тук-тук".<br>**(сөйлеуді дамыту, музыка)** | кезекпен тигізу)<br>Қояндар өседі, қонжықтар.<br>Шыршада, шыршада өседі алтын алма,<br>Алтын алманы жұлып алма.<br><br>Шыршаның, шыршаның инесін ұстама, (сұқ саусақпен бұлғау)<br>Саусаққа тиеді, байқа!<br>Шырша, шырша сыйлықты бермейді,<br>"Тақпақты оқып беріңдер!" – дейді.<br>(шапалақтау)<br>**(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | киеміз,<br>(алақандарды өзара уқалау)<br>Бір қолды салып көреміз, (бір қолмен екіншіні сипау)<br>Екінші жұп қолғапты (екінші қолымен бірінші қолды сипау)<br>Киіп алсақ – жарап тұр. (алақандармен ары-бері бұраңдау)<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | киеміз,<br>(алақандарды өзара уқалау)<br>Бір қолды салып көреміз, (бір қолмен екіншіні сипау)<br>Екінші жұп қолғапты (екінші қолымен бірінші қолды сипау)<br>Киіп алсақ – жарап тұр. (алақандармен ары-бері бұраңдау)<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | Педагог алдымен балаларға үлкен және кішкентай қорапшаларды көрсетеді.<br>Балалардың бір-бірінен соң шығып, бір ойыншықтан алып, көлеміне қарай екі қорапқа салады.<br>Балалар өз әрекеттерін "сыяды" және "сыймайды" сөздерімен сүйемелдейді.<br>**(сенсорика)** |
| **Танертеңгі жаттығу** | Таңғы жаттығу кешені.<br>1. "Күн" ойыны:<br>Б.к.: аяқтың арасы сәл ашық, қол екі жанында,бос, түсірулі.<br>Орындалуы: қолды жоғары көтеру, тартылу, қолды түсіру.<br>Қайталануы: 4 рет. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 2. "Тук-тук" ойыны:<br>Б.қ.: аяқ иық деңгейінен алшақ, қол төменде.<br>Орындалуы: алға иілу, алақандарымен тізелерін соғу.<br>Қайталануы: 4-5 рет.<br>3. "Жасырынбақ" ойыны:<br>Б.қ.: аяқтың арасы сәл ашық, қол төменде<br>Орындалуы: жүрелеп отыру – "балалар тығылды", алақандарды тізеге қою.<br>Қайталануы: 4-5 рет.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңғы ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды беті мен қолын жууға, таңғы асқа отыруға бейімдеу; тамақтану мәдениетіне машықтандыру, қасықты қолда дұрыс ұстауды көрсету; тамақтанғаннан кейін бет пен қолды жууға дағдыландыру.<br>Алақай! Ботқа піскті!<br>Дәмін көрсе, тәп-тәтті.<br>Қанекей, қасықпен асаймыз,<br>Ботқаны тауысамыз.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **Таңғы сәлемдесу.**<br>Жарқырап күн де ашылды,<br>Айналаға гүл шашылды.<br>Қайырлы күн! Біз еңбекқор баламыз!<br>Қайырлы күн! Біз көңілді баламыз!<br>Мақсат-міндеттер: сәлемдесу рәсіміне дағдыландыру; дағымды эмоцияларды дамыту.<br>**Дербес ойын әрекеті.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ойыншықтармен бөлісіп, тату ойнауды үйрету.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Білім беру** | **Сенсорикадан ойын-** | **Дене шынықтыру** | **Дене шынықтыру** | **Музыка** | **Дене шынықтыру** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **жаттығу**<br>"Аққала"<br>Мақсат-міндеттер.<br>Бір уақытта екі қасиетін ажырата білу: түсін және шамасын, ересек адамның көмегімен құрастыра білу, ұсақ моториканы дамыту, айналадағы ортаға жақсылық көрсетуге тәрбиелеу, бір жұмысты аяғына дейін орындауды үйрету. | "Пингвиндер ұқсап секірейік"<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың екі аяқпен алға секіруді үйретуді жалғастыру. Белгілі бір бағытта көлденең нысанаға лақтыруды үйрету. Педагог сигналына әрекет ету қабілетін жетілдіру. | "Қарға секірейік"<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды гимнастикалық орындықта еңбектеп, одан секіріп түсуге үйрету, допты нысанаға домалату, бір-біріне соғылмай жүру және жүгіру жаттығулары; педагог сигналына әрекет ету қабілетін жетілдіру; төзімділікке, батылдыққа, тепе-теңдік пен көзбен мөлшерлей білу сезімдерін дамытуға үлес қосу. | "Аккала "<br>Мақсат-міндеттер.<br>Ширақ және сабырлы сипатын қимыл арқылы көрсету, төмен және жоғары дыбыстарды есту, сезінуге тәрбиелеу. Балаларды шашыраңқы түрде оңай жүгіруге үйрету, қолдарымен әр түрлі қимылдар жасау. Жаңа әнмен таныстыру, мазмұны, мінезі туралы әңгімелеу. Балаларды қимылдарды музыкамен байланыстыра орындауды үйрету. Балалардың тембрлік естуін жақсарту үшін: сылдырмақ, барабан, дабыл дауысын ажырату. | "Қысқы жолдармен жүрейік"<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды гимнастикалық орындықта еңбектеп, одан секіріп түсуге үйрету, допты нысанаға домалату, бір-біріне соғылмай жүру және жүгіру жаттығулары; педагог сигналына әрекет ету қабілетін жетілдіру; төзімділікке, батылдыққа, тепе-теңдік пен көзбен мөлшерлей білу сезімдерін дамытуға үлес қосу. |
| **Серуенге дайындық** | **"Киіну-шешіну".**<br>Мақсат-міндеттер: балаларға киіну мен шешіну тәртібін үйрету және дағдыландыру, киіну және шешіну | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | барысында ересектердің көмегіне жүгінуге үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Серуен** | **Қардың жауғанын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттері. Маусымдық құбылыс - қардың жауы туралы білімдерін бекіту. **Қимыл-қозғалыс ойындары: "Аяз ата", "Қар айналады". (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттері. Өзіне тән қимыл-қозғалыстарды жасай білуге баулу; өз әрекеттерін ойынға қатысушылардың әрекеттерімен байланыстыруды үйретуді жалғастыру. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері: "Нысанаға тигіз". (дене шынықтыру)** | **Қоян ойыншығын бақылау (ақ қоян). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер. Балалардың көңілін қоян ойыншығына аудару; қоянның тоны ақ, ұзын құлағы, қимылдары туралы ұғымдарды қабылдауға ынталандыру, жасалған жаттығудан жағымды әсер ала білу қабілетін қалыптастыру. Педагог ақ қоян ойыншығын көрсетіп, оның сыртқы сипатын байқатады. - Балалар, біздің қонағымызды таныдыңдар ма? Бұл | **Жалауларды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Мақсат-міндеттері. Балалардың көңілдерін учаскенің мерекелік тақырыпқа безендірілгеніне көңіл аудару, түрлі түсті жалаушалардың желде желпілдегенін байқату. - Қараңдар, Таң қалмаңдар. Мерекеге дайындалдық, Жіпке жалаулар ілдік. Желге желбіреп олар Бізге көзайым болар. - Балалар, бұлар не? - Жалаулардың түстері қандай? - Жалаулар не | **Қардың тереңдігін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Жұмбақ. Көктен түсіп көбейді, Ұқсайды өзі шекерге, Бірақ ешкім жемейді, Жерде жатыр бекерге. Ол не? (Қар). Бақылау: балалардың көңілін ауланың қай жерлерінде қалың қар жатқанына аудару, қардың қаншалықты терең екенін білуді ұсыну. Балаларға метрді көрсету және қардың әр жердегі қалыңдығын өлшеу; қалың қарды күрекпен қазып, қардың қалыңдығына назар аудару. **Қимылды ойын.** | **Терезедегі қырауды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)** Жұмбақ. Өнері жоқ, қолы жоқ, Сурет салуды біледі. (терезедегі қырау). Ырым. Егер терезелердің екі әйнегі де буланса, аяз күшейе түседі. Бақылау: шыныдағы өрнектердің пайда болуы туралы түсінік беру. Жылы, сулы булар салқын терезелер шынысына буланып бір-бірімен біріктіріледі, мұзды кристалға айналады да керемет гүлдері бар мұзды бау-бақша пайда болады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Мақсат-міндеттері. Дәлдікті дамыту, нысанаға затты дәлдеп лақтыруға үйрету. | не?<br>- Жарайсыңдар, бұл қоян.<br>- Қоянның терісі сұр ма?<br>- Қоянның терісі ақ. Жарайсыңдар!<br>- Қоянның қандай дене бөлшектері бар?<br>- Иә, Әлижан, ұзын құлақтары бар.<br>- Қоян құлықтарымен қалай қимылдайды?<br>- Барлығымыз көрсетейікші. Жарайсыңдар!<br>- Қараңдаршы, ақ қоян жылы ақ тонын киіп алды. Қоян қуанып қалды. Сендерді бірге ойнауға шақырады.<br>- Қоян қорқақ,<br>Ұзын құлақ,<br>Бұта түбінде, | істейді?<br>- Жалаулар желпілдейді.<br>Қанекей, қолдарымызбен көрсетейік.<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды жерге түскен ұсақ бұтақтарды жинауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге, баулу; жағымды эмоцияларды дамыту.<br>**Жалаушалармен ойын.**<br>Мақсат-міндеттер. | **«Ақшақарды ізде». (дене шынықтыру)**<br>Ептілікті, шапшаңдықты дамытатын, кеңістікті бағдарлауды қажет ететін, қимыл түрлерін өзгертіп отыратын ойындарға қызықтыру.<br>Қарды тоқтату жөніндегі пікірді қалыптастыру (қарды тоқтатады, жел соққанда), қардан кедергілер жасау, тәрбиешіге көмектесу.<br>Тапсырманы орындау, бірлесіп атқарудың кішігірім тәсілдерін қалыптастыру.<br>**Өз бетімен ойындар:** өз құрдастарымен 2-3 рөлден тұратын ойын | Табиғаттың қысқы құбылыстарын байқауға және құбылыстарды атауға әрі қарай үйрету.<br>**Қимылды ойын: «Қасқұлақ» (Волк) (қазақ халқының ойыны). (дене шынықтыру)**<br>«Қасқұлақтан» тығылып аланда бағдарлай білуді бекіту. Ойын ережесін сақтау («қасқұлақ» сөзді атаса сол адам өз орнында қалу керек), «күзетші» тобынан «қасқұлақты» қуу міндетті. Ойынды өзінің және басқа ойыншының әрекетімен келістіре білуін дамыту.<br>**Өз бетімен ойындар:** ойында өз әрекетін |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Қасқырға көрінбей,<br>Ақ қарда жатыр,<br>Тыныш қана,<br>үндемей.<br>Д. Ахметова<br>**"Бері шыға ғой, қоян!" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларға шеңбер бойымен жүріп, барлығымен топтасып, "Бері шыға ғой, қоян!" сөздерін айтып, көрсетілген қимылдарға еліктеу қабілеттерін жетілдіру.<br>Педагог балалардың бірін "Қоян" атап, барлығымен бірге оны шақырады.<br>Шақырылған қоян ортаға шығып, қимылдарды | Балаларды көркем сөзді тыңдап, ырғағына сай жалаушаларды ұстап қимылдауға үйрету, соңғы "жалауша" сөздерін сигнал ұқсап қабылдап, қосылып айтып, қолдарды көтеріп, жоғарыға бұлғауға ынталандыру.<br>*"Жалауша"*.<br>- Не деген тамаша!<br>Қолымда таяқша,<br>Көк, жібектей, мата,<br>Желбіреген жалауша!<br>Д. Ахметова<br>**"Ирелеңдеген жолдармен" ойын жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер:<br>асфальт бетіне салынған (жерде жатқан арқан бойымен) | ойнағанда бірлесуге талаптандыру, рөлді болу, ойын тәртібін орындау, жалпы ойын шартына сәйкес әрекет ету. (дене шынықтыру) | жолдастарының әрекетімен келістіре білуге ынталандыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | жасайды (педагог үлгіні көрсете алады), балалар қайталайды.<br>- Бері шыға ғой, қоян!<br>Ақ құлақтармен ойна!<br>Былай көрсет,<br>Былай көрсет,<br>Ақ құлақтармен ойна!<br>**"Тегіс жолмен жүреміз" ойын жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: алға қарай жылжи отырып, қос аяқпен секіруге жаттықтыру. | ирелеңдеген сызықтардың бойымен жүруге жаттықтыру;<br>арақашықты сақтауға баулу. | | |
| **Серуеннен оралу** | **Серуеннен кейін беті-қолымызды сумен тазалап жууға дағдыландыру.**<br>Сылдырлайды мөлдір су,<br>Мөлдір суға қолыңды жу.<br>Жуынсаң сен әрдайым,<br>Таза бетің, маңдайың.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Түскі ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды беті мен қолын жууға, тағы асқа отыруға бейімдеу; тамақтану мәдениетіне машықтандыру; қасықты қолда дұрыс ұстауды көрсету; тамақтанғаннан кейін бет пен қолды жууға | | | | |

| | |
|---|---|
| | дағдыландыру.<br>Алақай! Ботқа пісіпті!<br>Дәмін көрсе, тәп-тәтті.<br>Қанекей, қасықпен асаймыз,<br>Ботқаны таусамыз.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** |
| **Күндізгі ұйқы** | Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары** | **Тақпақ-оптпақ: "Қанаттарымызды күнге жылытайық".**<br>Балалар шалқасынан жатады, қолдары жандарында; қолдарын жоғары көтеріп, "жылынайық" деп айтады да, қайта түсіреді.<br>**"Аяқтарыңды жасыр" жаттығуы.**<br>Балалар шалқасынан жатады, аяқтарын жоғары көтеріп, "аяқтарыңды жасыр" деп, аяқтарын қайтадан кереуетке жайлап түсіреді.<br>**Кереуеттерінің жандарынан жүру.**<br>Алтын айдарлы әтеш,<br>Адымдап келе жатыр.<br>Балапандарын қуып,<br>Қораға қамап жатыр.<br>Қос аяқпен бір орында және алға қарай жылжып секіру. Қолдар еркін.<br>**Шынықтыру іс-шаралары.**<br>Дымқыл шүберекпен сүртіну, ысқылау.<br>Дәстүрден тыс әр түрлі кедергілері бар денсаулық жолдарымен жүру.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру)** |
| **Бесін ас** | **"Қолды дұрыс жуу" жаттығуы.**<br>Балаларға сабынды дұрыс ұстауға, сабынды дұрыс пайдалануға дағдыландыру. және түсіндіру. Балаларға қолды не үшін жуу керектігін түсіндіру. Тәрбиеші балаларға қол жуу тәртібін көрсету. Қолды жуып болғаннан кейін, қолды орамалмен сүртуді көрсету.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу** "Шамамен сыр ашайық" Мақсат-міндеттер Балаларға қыс туралы ұғымдарын жалғастыра отырып, қыс қызықтарымен таныстыру, жаңа сөздермен таныстыруын үйрету, тыңдау мәдениетін қалыптастыру, тілдің грамматикалық құрылымына, сөзді дыбыстау мәдениетіне және байланыстырып сөйлеуге үйрету, байқағыштық, зейіндерін, ой - өрістерін, еске сақтау қабілеттерін дамыту, оқу қызметіне, достыққа, адамгершілікке | **"Көңіл-күй" атты мультфильмін көру.** Мақсат-міндеттер. Балаларды негізгі көңіл-күйлерді ажыратуға, оларды атауға ынталандыру; эмоцияларды жетілдіру. **(сөйлеуді дамыту, музыка)** | **"Нені киесің?" дамытушы жаттығуы. Мақсат-міндеттер. Балаларды киіну тәртібіне баулу; киім үлгілерін атап, қайда киетінін айтып беруге ынталандыру; өз-өзіне қызмет ету дағдыларын қалыптастыру; зейінін, тілін, ақыл-ойын дамыту. Құралдар: қуыршақтың киімдері (киім үлгілерінің жеке суреттері немесе жаңа киімдердің үлгілері). Педагог балалардың алдарына әртүрлі киімдер мен аяқ киімдер, бас** | **"Салғыш ойыншықтармен" ойындар.** Мақсат-міндеттер: салғыш ойыншықтағы ойықтардың пішіндеріне сай ұсақ бөлшектерді салуға дағдыландыру; ойын, зейінін, қабылдауын, ұсақ қол моторикасын дамыту. Әр ойыққа кескін бойынша сәйкес суреттерін тауып салу. Балалардың жағымды көңіл-күйге бөленуіне мүмкіндік жасау; ойлау қабілетін, зейінін, қол моторикасын дамыту. Не боп қалды? Не боп қалды? | **Өнер бұрышындағы бірлескен әрекет. Жеке жұмыс (мүсіндеу).** Мақсат-міндеттер: қолдың ұсақ моторикасын жетілдіру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тәрбиелеу. | | **киімдер үлгілерін жайып қояды. Балалар қандай киімді қайда киетіндері туралы айтып жатады. (сөйлеуді дамыту)** | Пішіндер шашылып қалды! Қане, жылдам достарым, Орнына орналастыр! **(сенсорика) Музыка** Музыка жетекшісінің жоспары бойынша | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Өнер бұрышындағы бірлескен әрекет. Жеке жұмыс (мүсіндеу).** Мақсат-міндеттер: қолдың ұсақ моторикасын жетілдіру. | **"Сипау арқылы тап" ойыны.** Мақсат-міндеттер: заттарды сипап-сезу арқылы тану және атауға баулу. Құрал-жабдықтар: Тәрбиеші жаңа жылдық сыйлықтар туралы толық мәлімет береді. Аяз ата жаңа жылдық сыйлықтарды қапқа салып кетіпті, сендер оларды қаптан шығармай, сипау арқылы табу және атауларын атау. **(сөйлеуді дамыту,** | **"Көңілді саусақтар" саусаққа арналған жаттығу.** Мақсат-міндеттер: балалардың ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту, ересекке деген сенімділікті арттыру. Оң қолымда бес саусақ (Оң қолының саусақтарын көрсету) Сол қолымда бес саусақ (Сол қолдың саусақтарын көрсету) Бәрін қоссақ – он саусақ (Екі қолының | **«Түрлі түсті шарларды домалату» ойыны** Мақсат-міндеттері. Баланы бір ойыншықпен 3-5 минут ішінде ойнауға, қимылдар жасауға, «домалақ», «доп» немесе «сал», «себет» сөздерін түсінуге үйрету. Балаға 6-8 қызыл және көк доптар беріп (шарларды екі түстің басқа үйлесімінде беру: сары және көк, қызыл және жасыл | **"Қояндар сияқты секіреміз" жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: баланы алға қарай қозғалып, секіруге машықтандыру. **(дене шынықтыру)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **сенсорика)** | саусақтарын қосу)<br>Оң аяқпен секіремін<br>(Екі аяқпен кезек секіру)<br>Сол аяқпен секіремін<br>(Орында жүру)<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | және тағы басқа.<br>Балаға доппен қалағанынша ойнауға мүмкіндік беру. Біраз уақыттан кейін үстелге немесе еденге аласа ұяшық қойыңыз да, одан шарларды кезекпен айналдыру: «Доп осылай домалайды!». Содан кейін балаға ұсыныңыз: «Допты айналдыр! Тағы бір айналдыр».<br>**(сенсорика, сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | |
| **Кешкі ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды беті мен қолын жууға, таңғы асқа отыруға бейімдеу; тамақтану мәдениетіме машықтандыру; қасықты қолда дұрыс ұстауды көрсету; тамақтанғаннан кейін бет пен қолды жууға дағдыландыру.<br>Алақай! Ботқа пісіпті!<br>Дәмін көрсе, тәп-тәтті.<br>Қанекей, қасықпен асаймыз,<br>Ботқаны таусамыз.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Серуенге дайындық** | **Серуенге жиналу.** | | | | |

| | |
|---|---|
| | Мақсат-міндеттер: балаларды серуендеуге қызығушылығын арттыру.<br>Серуендеуге арналған ойын құралдарын таңдау, балалармен жеке әңгімелесу; шалбардың, бас киімнің және бәтеңкенің дұрыс киюлерін бақылау. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** |
| **Серуен** | Түскі уақыттағы серуендегі бақылауды жалғастыру. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** |
| **Серуеннен оралу** | **Серуеннен кейін беті-қолымызды сумен тазалап жууға дағдыландыру.**<br>Сылдырлайды мөлдір су,<br>Мөлдір суға қолыңды жу.<br>Жуынсаң сен әрдайым,<br>Таза бетің, маңдайың.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(коммуникативті дағдылар, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет)**<br>Музыкалық аспаптармен ойындар. Жаңа жыл тақырыбына байланысты әндер. **(музыка)**<br>Өнер бұрышында жаңа жыл ойыншықтарын, аққала мүсіндеу және жапсыру жұмыстарын жасау. **(шығармашылық дағдылар, жапсыру, мүсіндеу, сурет салу)**<br>Қолдың ұсақ моторикасын дамыту. **(сенсорика)**<br>Еркін рөлдік ойындар. |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Әңгімелесу: "1-2 жасар баланың коммуникациялық қабілеттерінің ерекшеліктері", "Жыл мезгілдері туралы әңгімелеу". |

Тексерілді әдіскер : Сабитова З.А. 26.12.22ж
Тәрбиешілер : Байноллаева Б.Т.
Әмирбекова А.С.

## ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

**Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы) «Балауса-Балғын» бөбекжайы» КМҚК**

**Топ/сынып: «Шуақ» ерте жас тобы**

**Балалардың жасы:1 жастағы балалар**

**Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету) 02.01 - 06.01.2023 ж.**

| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Әңгімелесу: "1-2 жасар баланың ойын іс-әрекеті", "1-2 жасар бала қандай ойындарды ойнауды ұнатады?" | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | | | **"Жуыну әдебі"** Мақсат-міндеттер. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебін игерту: қолдарын өздігінен сабындауға көмектесу, су ағымы астына өздігінен қоюды қадағалау; қолды сүлгімен сүртуді көрсету; орамалдың ілетін орнын тапқызу, мақтау. | **"Үстел үсті ойыны"** Мақсат-міндеттер. Үстел ойындары бұрышында сөренің шаңын сүрту және ойыннан кейін, бөлшектерді орнына салудың үлгісін көрсету; бөлшектерін жинауға шақыру, қатыстыру; ойыншықтармен ойнағанда тазалық сақтау туралы түсіндіру. | **"Өсімдіктерге күтім"** Мақсат-міндеттер. Терезенің әйнегінде қырау оюлары бар болса, балаларға байқату; өрнектердің бұралған гүлдерге, жапырақтарға, құстарға ұқсайтынына көңіл аудару. |
| | | | **«Қолғаптардың бөліктерді тап» дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер. | **"Жалпы атауын ата" үстел үсті ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды бірнеше затты бір | **«Секірейік, секірейік!» жаттығуы** Мақсат-міндеттер. Балалардың сөйлеу, есте сақтау қабілетін дамыту, жағымды эмоцияларды ояту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | Балаларға «тозған» қолғаптар (қалың түсті картоннан жасалған) ұсынылады (әр қолғапта әртүрлі геометриялық фигуралар түрінде «тесіктер» кесілген). Қолғаптарды «жөндеу» қажет - бұл үшін түсі, өлшемі мен пішініне сәйкес келетін геометриялық пішіндерді орнына салу керек. **(сенсорика)** | жалпы атаумен біріктіруге бейімдеу; зейінін, ойлау қабілетін дамыту.<br>Балаларға лото карточкалары беріледі. Балалар карточкаларды топтастырып жалпы атауын атаулары тиіс (жануарлар, құстар, үй құстары, үй жануарлары, қыздардың және ұлдардың қысқы киімдері).<br>**(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br><br>**«Аққала» саусақ жаттығуы**<br>Қане, қане балақай, (шапалақ)<br>Тұрғызамыз аққала! (қармен қалай жасайтындарын қолдарымен көрсету)<br>Аққаланы айналып, (шеңбер болып айналады)<br>Ойнаймыз біз шаттана. (шапалақ)<br>Аққала, аққала<br>Сені жасап бәріміз, | Бір екі үш төрт бес!<br>Секірейік, секірейік! - (орнында секіру).<br>Оң жақка бүгілейік. - (денені солға және оңға еңкейту)<br>Бір екі үш.<br>Сол жаққа бүгілейік.<br>Бір екі үш.<br>Енді қолдарымызды көтерейік - (қолдарын жоғары көтереді.)<br>Созылайық, созылайық, (қолдарын созады))<br>Ал енді демалайық.<br>Аяқтарымызбен ойнайық,<br>Оң аяқты бүгейік, - (тізеңізді бүгіңіз).<br>Бір екі үш!<br>Сол аяқты бүгейік,<br>Бір екі үш.<br>Жоғары көтерейік - (жоғары көтереді.)<br>Айналамыз, айналамыз, (айналады)<br>Орнымызға тұрамыз! (орындарында тұрады!<br>Г.Жетпісова<br>**(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | Айналамыз қуана! (шенбер болып айналады))<br>Г.Жетписова<br>**(сөйлеуді дамыту)** | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **"Жалпы дамыту жаттығулары (қапшықтармен).**<br>1.б .қ: Отырып, аяғымзды созамыз, екі қолыда қапшықты тізеге қойыңдар. Қолымызды алға көтереміз, қапшықты маған көрсетіңдер, қолымызды төмен түсіреміз (4-6 рет).<br>2. б.қ.: тұрып қапшық төменде. Отырыңыз, қапшықты еденге қою, тұрып, қолымызды жоғары көтеру, содан кейін пдагогтың нұсқауы бойынша отыру, қапшықты алып, түзу тұру (4-6 рет).<br>3.б.қ.: Отырып,аяғымызды созыңдар, қапшық аяқтың арасына еденде, қолымызды артта еденге тірейміз. Аяғымызды алшақ қойып , оларды біріктіреміз, тізені бүкпеуге тырысамыз (3-4 рет).<br>4. Педагогтің артынан шашырап жүгіру. Жүру."<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру)** | | | | | |
| **Таңғы ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың назарын тағамға аудару, мәдениетті тамақтануға баулу; әдеп ережесін қалыптастыру.<br>Ас ішерде күнде біз<br>Сөйлемейміз күлмейміз<br>Астан басқа өзгені<br>Елемейміз, білмейміз.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балалардың жағымды көңіл-күйлерін қалыптастыру. Ұйымдастырылған іс-әрекетіне бірізділікте жағымды эмоциялық ахуалда ауысу үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу.<br>Біз көңілді баламыз,<br>Ақылды боламыз.<br>Қыс мезгілі тамаша қандай, балақай!<br>Қанекей, қызықтаймыз, алақай!<br>**(сөйлеуді дамыту)** | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | | | **Қысқы демалыстар.**<br><br>«Аққала» саусақ жаттығуы<br>Қане, қане балакай,<br>(шапалақ)<br>Тұрғызамыз аққала!<br>(қармен қалай жасайтындарын қолдарымен көрсету)<br>Аққаланы айналып,<br>(шеңбер болып айналады)<br>Ойнаймыз біз шаттана.<br>(шапалақ)<br>Аққала, аққала<br>Сені жасап бәріміз,<br>Айналамыз қуана!<br>(шеңбер болып айналады))<br>Г.Жетписова<br>(сөйлеуді дамыту)<br><br>"Шыршаларды құрастырайық" үстел ойыны.<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды үшбұрыштар арқылы шыршаларды | **Қысқы демалыстар.**<br><br>«Кім не жейді?» дидактикалық ойыны<br>"Табиғат бұрышы"<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың үй жануарлары туралы білімдерін нығайту (олар не жейді), ойлау қабілетін, зейінін, есте сақтау қабілетін дамытып, үй жануарларына қамқорлық жасауға деген талпынысты тәрбиелеу.<br>Материал: үй жануарлары бейнеленген заттық суреттер және оларға арналған тамақ.<br>Педагог балаларды әжесінің ауласындағы жануарларды «тамақтандыруға» шақырады. Педагог балаларды екі-екіден шақырады. Бір бала жануардың атын атап, оны көрсетеді, ал екіншісі оған тамақ іздейді, жануардың жанына сурет қояды.<br>(қоршаған ортамен танысу, | **Қысқы демалыстар.**<br><br>«Қысқы би» жаттығуы<br>"Табиғат бұрышы"<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың белсенділігін, тіл байлығын дамыту.<br>Қандай қызық қыс деген,<br>Бәрін шебер істеген.<br>Бау-бақшаны тауды да,<br>Бояған ақ түспенен.<br>Ішік, пима, қолғап бар,<br>Арада жоқ тоңғақтар.<br>Баста қалың малақай,<br>Біз тоңбаймыз алақай.<br>Біз аязбен доспыз,<br>Айналамыз, айналамыз!<br>(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)<br><br>"Түрлі-түсті жіптер" дидактикалық ойыны (шағын топпен ойын)<br>Мақсат-міндеттер: түстерді ажырата білуге үйрету, түстерді атауға ынталандыру.<br>Себетке түрлі-түсті жіптер салынған, балаларға бір жіпті алу ұсынылады. Балалармен бірге тәрбиеші жіптерді тексереді: жіптер дөңгелек, жіптер домаланады, содан кейін тәрбиеші |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | құрастыруға ынталандыру; қолдың ұсақ моторикасын, жазықтықты бағдарлау және ойлау қабілеттерін дамыту.<br>Құралдар: үшбұрыштардың ұсақ модельдері (пластик немесе қатпа қағаз).<br>Педагог балаларға шыршаның суретін көрсетіп, оның сұлбасын үшбұрыштардан құрастыруға мүмкіндік береді. Балалар шыршаларды құрастырып болғаннан кейін, педагог үлгіні балалардың жұмыстарымен салыстырады.<br>- Ақ мақтадай ұлпа қар<br>Жамылыпты қырқалар.<br>Қалың-қалың тон киіп,<br>Маужырайды шыршалар.<br>Ш. Әлдибекұлы<br>(сенсорика) | сөйлеуді дамыту)<br><br>"Пирамида жинау" ойыны (шағын топпен ойын)<br>Мақсат-міндеттер: балаларды пирамида жинауға үйрету, пирамида сақиналарының түс атауларын есте сақтауға ынталандыру.<br>Пирамида кішкентай, 3 сақинадан тұратын алынады.<br>(сенсорика) | жіптердің түстерін атайды.<br>(сенсорика) |
| **Серуенге дайындық** | **"Киіну-шешіну".** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Мақсат-міндеттер**: балаларға киіну мен шешіну тәртібін үйрету және дағдыландыру, киіну және шешіну барысында ересектердің көмегіне жүгінуге үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Серуен** | | | **Қарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>"Табиғат бұрышы"<br>Мақсат-міндеттер. Табиғи құбылыс - қармен танысуды жалғастыру. Балаларды үнсіз қарда жүруге және оның қалай сықырлағанын тыңдауға шақыру. Мүмкін ол біздің үстімізден жүретінімізге, оны таптайтынымызға «ашуланған» шығар? Мүмкін ол бірдеңе туралы сөйлесіп тұрған шығар? Қар не айта алады? Балалардың жауаптары.<br>О, алақай қыс келді,<br>Бізге қуаныш әкелді.<br>Дала қарға оранды,<br>Бала біткен қуанды.<br>Елемейді ешкімде,<br>Суық пенен боранды.<br>Күні бойы тынбайды, | **Қардың қасиеттерін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>"Табиғат бұрышы"<br>Мақсат-міндеттер. Қардың қасиеттерімен таныстыруды жалғастыру (суық, ақ, қытырлақ). Балаларды қарды өз қолдарымен алуға ұсыну, суық деп қорытынды жасату, сондықтан қолғап кию керек. Суық мезгілде қардан мүсіндеу мүмкін емес, өйткені ол құлап қалады. Балаларды қармен жүруге және жүрген кезде не естігендерін сұрау.. Қардың аяқ астына жиналатынын ескеру.<br>Қарға, қарға, қарғалар,<br>Қар-қар-қар!<br>Қар үстінде жорғалар.<br>Қар-қар-қар!<br>Боран сокса қар болар,<br>Қар-қар-қар! | **Жаңа түскен қарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>"Табиғат бұрышы"<br>Мақсат-міндеттер. Қыс туралы түсінік қалыптастыру; қысқы табиғат сұлулығынан, серуендеу қуанышынан эстетикалық тәжірибе тудыру.<br>Қыс келді, қыс келді,<br>Ақтарды ақ карды.<br>Ақ карды шимайлап,<br>Шаңғымен сызалық.<br>**Қимылды ойын «Көңілді қояндар» (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды жүгіруге, секіруге жаттықтыру, ептілікті дамыту.. Ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынастан қуаныш сезімін қалыптастыру<br>Ойнаушылар біреуі қоян болады. Барлық қалған балалар дөңгеленіп тұрады. Қоян дөңгелектің ортасынан орын алады. Балалар тәрбиешімен бірге мынадай өлең айтады:<br>Бармақ боп тойға сұр көжек,<br>Жуынып жатыр бүгжеңдеп: |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | Суығына тоңбайды.<br>**«Алақанға секір» жаттығуы (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Ептілікті, қозғалыс жылдамдығын дамыту, дұрыс қалыпты қалыптастыру.<br>Тәрбиеші қолын созып, алақанына қолмен жетуге, содан кейін жоғары секіруге шақырады.<br>Тәрбиеші қолын балалардың басынан кішкене қашықтықта ұстайды. | Бұтаға қонар қарғалар.<br>Қар-қар-қар! | Тұмсығын жуды,<br>Құйрығын жуды,<br>Құлағын жуды – түртінді,<br>Құп-құрғақ боп сүртінді.<br>Қоян текстке байланысты қимылдардың бәрін жасайды – тұмсығын, құйрығын, құлағын жуады, бәрін сүртеді. Бұдан кейін ол қос аяқтап секіреді, дөңгеленіп тұрғандардың біреуіне жақындай береді (қонаққа келе жатыр). Ол баланың орнын басады, ойын қайталанады.<br>5-6 қоян ауысқаннан кейін ойын аяқталады. |
| **Серуеннен оралу** | **Серуеннен кейін беті-қолымызды сумен тазалап жууға дағдыландыру.**<br>Сылдырлайды мөлдір су,<br>Мөлдір суға қолыңды жу.<br>Жуынсаң сен әрдайым,<br>Таза бетің, маңдайың.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Түскі ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың назарын тағамға аудару, мәдениетті тамақтануға баулу; әдеп ережесін қалыптастыру.<br>Ас ішерде күнде біз<br>Сөйлемейміз күлмейміз | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Астан баска өзгені<br>Елемейміз, білмейміз.<br>**(мәдени-гигиеналык дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай жасау. | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары** | Ояндык па бәріміз?<br>Бір-бірімізге караймыз.<br>Күлімдейміз бәріміз.<br>Керіліп созылып,<br>Акырын кане тұрамыз.<br>Орнымызда жүреміз,<br>Енді доп болып секіреміз.<br>Адымдап жүреміз.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Бесін ас** | Алдына қойған асқа назар аударту; дастаркан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналык дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес** әрекеті (баяу кимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар карау және тағы баска әрекеттер) | | | **"Қарды ұшырайық" тыныс алу жаттығуы (мактаны қолдану).**<br>"Табиғат бұрышы"<br>Максат-міндеттер.<br>Балалардың тыныс алу жүйесін дамыту; кардың қасиеті жөнінде алғашкы ұғымдарды калыптастыру; жасалып жаткан жаттығудан жағымды әсер алуға баулу. | **«Қайда болу керек?» мультфильмін карау.<br>"Табиғат бұрышы"<br>Максат-міндеттер.<br>Балалардың зейінін дамыту; заттардың орналаскан жерін байкауға, бір сөзбен коңырау шалуға немесе саусакпен көрсетуге, «бар», «мұнда» сияқты сөздерді колдануға шақыру; кеңістікті бағдарлаудың** | **«Күн сәулесі» ойыны.<br>Жабдык: кішкентай айна.<br>Тәрбиеші күн сәулесін айнамен кабырғаға түсіреді де, оны саусактарымен ұстауды ұсынады.<br>Тәрбиешінің белгісі бойынша, балалар оны ұстап алуға тырысады.<br>(дене шынықтыру)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | Алғашында педагог балаларға жаттығуды жасау үлгісін көрсетеді: мақта мамығын ашылған алақанға салып, үздіксіз үрлейді.<br>- Балалар, мамық қарды ұшырайықшы. Мен алақанымды ашып, оған үздіксіз үрлеймін.<br>- Қарға не бюлды?<br>- Иә, қар ұшып кетті.<br>- Ұзақ уақыт қалықтар,<br>Жау, жау енді,<br>Мамық қар!<br>Қ. Мырзалиев<br>Педагог баланың әрқайсына мақта кесегін (мамығын), алақанына салатындай көлемде береді. Жаттығуды ұзаққа созу қажет емес.<br>**(дене шынықтыру)** | **негізін қалау.**<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныcу)** | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | | | **"Қарлы кесек» ойыны.**<br>"Табиғат бұрышы"<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға мұрынмен демалуды үйрету, | **«Қолғаптардың бөліктерді тап» дидактикалық ойыны.**<br>"Табиғат бұрышы"<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға | **"Шаңғының жолы".**<br>Мақсат-міндеттер. Ермексаздан кесекті екіге бөлу, екі бағанды есу, жалпақтау амалдарын игерту.<br>**(мүсіндеу)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | күрделірек демалу жаттығуларын жасату.<br>Құрал-жабдықтар: «карлы кесек» мақтадан, текшелер.<br>Мақта талшықтарынан допты домалату-ол «қарлы кесек».<br>Текшелерден-қақпа жасау.<br>Тәрбиеші балаға «қарлы кесекті» үрлетіп, қақпаға кіргізуді ұсынады.<br>**(дене шынықтыру)** | «тозған» қолғаптар (қалың түсті картоннан жасалған) ұсынылады (әр қолғапта әртүрлі геометриялық фигуралар түрінде «тесіктер» кесілген).<br>Қолғаптарды «жөндеу» қажет - бұл үшін түсі, өлшемі мен пішініне сәйкес келетін геометриялық пішіндерді орнына салу керек.<br>**(сенсорика)** | |
| **Кешкі ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың назарын тағамға аудару, мәдениетті тамақтануға баулу; әдеп ережесін қалыптастыру.<br>Ас ішерде күнде біз<br>Сөйлемейміз күлмейміз<br>Астан басқа өзгені<br>Елемейміз, білмейміз.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Серуенге дайындық** | **Серуенге жиналу.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды серуендеуге қызығушылығын арттыру.<br>Серуендеуге арналған ойын құралдарын таңдау, балалармен жеке әңгімелесу; шалбардың, бас киімнің және бәтеңкенің дұрыс киюлерін бақылау. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Серуен** | Түскі уақыттаға серуендегі бақылауды жалғастыру. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | | | | |
| **Серуеннен оралу** | **Серуеннен кейін беті-қолымызды сумен тазалап жууға дағдыландыру.**<br>Сылдырлайды мөлдір су,<br>Мөлдір суға қолыңды жу. | | | | |

| | |
|---|---|
| | Жуынсаң сен әрдайым,<br>Таза бетің, маңдайың.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(коммуникативті дағдылар, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет)**<br>Музыкалық аспаптармен ойындар. Қыс қызығы тақырыбына байланысты әндер. **(музыка)**<br>Өнер бұрышында қарды, аққаланы мүсіндеу жұмыстарын жасау. **(шығармашылық дағдылар, жапсыру, мүсіндеу, сурет салу)**<br>Қолдың ұсақ моторикасын дамыту. **(сенсорика)**<br>Еркін рөлдік ойындар. |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Әңгімелесу. «Ерте жастағы баланың ойын әрекеті», «Балалардың денсаулығын нығайтудағы дәрумендердің рөлі». |

Тексерілді әдіскер : Сабитова З.А. 02.01.2024
Тәрбиешілер : Байноллаева Б.Т.
Әмирбекова А.С.

**ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ**

**Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы) «Балауса-Балғын» бөбекжайы» КМҚК**

**Топ/сынып: Шуақ» ерте жас тобы**

**Балалардың жасы**:1 **жастағы балалар**

**Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету) 09.01 - 13.01.2023 ж.**

| Апта күндері | *Дүйсенбі* | *Сейсенбі* | *Сәрсенбі* | *Бейсенбі* | *Жұма* |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күйімен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Әңгімелесу: "1-2 жасар баланың зейін ерекшеліктері", "Баланы қандай түстермен таныстыру керек?", "Қоршаған заттардың түстері және баланың денсаулығы". | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **"Қырауларды бақылау".** Мақсат-міндеттер. Терезенің әйнегінде қырау оюлары бар болса, байқату; өрнектердің бұралған гүлдерге, жапырақтарға, құстарға ұқсайтынына көңіл аудару. | **"Табиғат бұрышы"** Мақсат-міндеттер. Табиғат бұрышындағы балықтарға жем беруге шақыру (денсаулықтарына рұқсатты ескеру); балықтардың су астындағы тіршілігін бақылауға ынталандыру; қамқорлыққа тәрбиелеу. | **"Жуыну әдебі"** Мақсат-міндеттер. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебін игерту: қолдарын өздігінен сабындауға көмектесу, су ағымы астына өздігінен қоюды қадағалау; қолды сүлгімен сүртуді көрсету; орамалдың ілетін орнын тапқызу, мақтау. | **"Үстел-үсті ойыны"** Мақсат-міндеттер. Үстел ойындары бұрышында сөренің шаңын сүрту және ойыннан кейін бөлшектерді өздігінен орнына салуды ұсыну, қадағалау, мақтау; ойыншықтармен ойнағанда тазалық сақтау туралы түсіндіру. | **"Табиғат бұрышы"** Мақсат-міндеттер. Табиғат бұрышындағы өсімдіктерге көңіл аудару, топырақтың құрғақ болғанына көңіл аудару, фикусті, аспидистраны су құйғыш арқылы суаруды көрсету. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **"Қар" саусақ жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды саусақпен көркем сөз жолдарындағы ырғаққа сай қимылдар жасап, жеке сөздерді қайталауға ынталандыру; жаттығу нәтижесінде жағымды әсер алуға баулу.<br>Педагог балаларға қардың жауғаны туралы суретті немесе бейнежазбаны көрсете алады.<br><br>Ақ мақтадай ұлпа қар (саусақтарды жыбырлату)<br>Жамылыпты қырқалар. (қолдарды төмен бұлғау)<br>Қалың-қалың тон | **«Ұлпақар» тыныс алу гимнастикасы (мақта)**<br>Қатты боран басылды (жаймен тырсылдатады)<br>Күн жарқырай ашылды (қолдарымен күн жасайды)<br>Көктен төмен әдемі ұлпақарлар шашылды.<br>Тәулік бойы тынбайтын,<br>Болайықшы ұлпақар.<br>1, 2, 3, 4, 5<br>Ұлпақарлар ұш!<br>(алақандарындағы ұлпақарлаға үрлейді)<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | **"Қар" (Қ. Мырзалиев) тақпағын мәнерлеп оқу, қимыл жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды қар туралы тақпақты, педагогтің үлгісіне ілесіп, мәнерлеп айтуға, қимылдауға ынталандыру; қыс мезгілі, қар туралы ұғымдарды тиянақтау.<br>Педагог құлаққа жағымды әуенді немесе қардың түскені туралы бейнежазбаны көрсетеді.<br>"Қар".<br>Жапалақ қар,<br>Армысың?<br>Дүниеде бармысың?<br>Қысқы дала тәуелді,<br>Жау, жау енді! | **"Қарды ұшырайық" тыныс алу жаттығуы (мақтаны қолдану).**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың тыныс алу жүйесін дамыту; қардың қасиеті жөнінде алғашқы ұғымдарды қалыптастыру; жасалып жатқан жаттығудан жағымды әсер алуға баулу.<br>Алғашында педагог балаларға жаттығуды жасау үлгісін көрсетеді: мақта мамығын ашылған алақанға салып, үздіксіз үрлейді.<br>- Балалар, мамық қарды ұшырайықшы. Мен алақанымды ашып, оған үздіксіз үрлеймін.<br>- Қарға не болды?<br>- Иә, қар ұшып кетті.<br>- Ұзақ уақыт қалықтар,<br>Жау, жау енді,<br>Мамық қар! | **«Қысқы би» жаттығуы**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың белсенділігін, тіл байлығын дамыту.<br>Қандай қызық қыс деген,<br>Бәрін шебер істеген.<br>Бау-бақшаны тауды да,<br>Бояған ақ түспенен.<br>Ішік, пима, қолғап бар,<br>Арада жоқ тоңғақтар.<br>Баста қалың малақай,<br>Біз тоңбаймыз алақай.<br>Біз аязбен доспыз,<br>Айналамыз, айналамыз!<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| кипц (**алақандарды бір-біріне уқалау**)<br>Маужырайды шырвалар<br>(**қолдарды қосу, ұйықтап қалғанды көрсету**)<br>Ш. Әлдибекұлы<br>(**сөйлеуді дамыту**) | | **Ұзақ уақыт қалықтар,**<br>Жау, **жау** енді,<br>**Мамық** қар!<br>Қ. **Мырзалиев**<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | Қ. **Мырзалиев**<br>Педагог баланың әрқайсына мақта кесегін (**мамығын**), алақанына салатындай көлемде береді. Жаттығуды ұзаққа созу қажет емес.<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | |

**"Жалпы дамыту жаттығулары (қапшықтармен).**

1 б. қ: Отырып, аяғымызды созамыз, екі қолыда қапшықты **тізеге қойыңдар**. Қолымызды алға көтереміз, **қапшықты маған көрсетіңдер**, қолымызды **төмен түсіреміз (4-6 рет)**.

2. [illegible]

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | жаттығуларға деген қызығушылықты арттыру. | | |
| **Серуенге дайындық** | **"Киіну-шешіну".**<br>Мақсат-міндеттер: балаларға киіну мен шешіну тәртібін үйрету және дағдыландыру, киіну және шешіну барысында ересектердің көмегіне жүгінуге үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Серуен** | **Қыскы шыршаны бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың шырша ағашы туралы ұғымдарын қалыптастыру, оның ақ қар астында жасыл болып тұрғанын байқату; шыршаның үшкір қылқандарын ұстатып, жапырақтарға ұқсамайтыны, түсіп қалмайтынына назар аудару; шыршаны қабылдаудан жағымды әсер алуға тәрбиелеу. | **Қысқы ауа райын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға қыс мезгілі жөнінде жалпы ұғымдар беру, қыстың ауы райы бұлтты және ашық, суық болуына көңіл аудару, адамдардың жылы киінгенін байқату; зейінді, ойлау қабілетін дамыту.<br>- Балалар, айналаға қарандаршы.<br>- Иә, айналада қар жатыр.<br>- Аспанымыз сұр | **Шымшықты бақылау (сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер. Құстардың атауын, сыртқы түріне тән белгілерді бекіту; құстарға қамқорлық жасауға деген құштарлықты қалыптастыру. Балалардың назарын басында қара қалпақ, ақ жағы, кеудесі сары құсқа аудару - бұл шымшық. Оның тұқымдарды қалай шоқитынын бақылау. Балаларға қыста жем алу қиын екенін, оларды тамақтандыру керек | **Мұзды бақылау (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды судың қасиеттерімен таныстыруды жалғастыру, мұз тайғақ, тайғанап құлап қалуға болады деген ойды қалыптастырыру, байқағыштыққа, есте сақтауға, сөйлеуді дамыту мен қызығушылыққа тәрбиелеу.<br>Суықта су қатып қалады. Суды қалыпта мұздатуға болады. Егер бөлмеге мұз кіргізсе, ол | **Мұзды бақылау (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды судың қасиеттерімен таныстыруды жалғастыру, мұз тайғақ,тағанап құлап қалуға болады деген ойдв қалыптастырыру, байқағыштықты, есте сақтауды, сөйлеуді дамыту, қызығушылыққа тәрбиелеу<br>Суықта су қатып қалады. Суды қалыпта мұздатуға болады. Егер бөлмеге мұз кіргізсе, ол ериді. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Педагог балаларды жасыл шырша алдына алып келеді. Аулада шырша өспеген болса, педагог жасанды пластиктен шыршаны уақытша учаскіге шығарып қоя алады.<br>- Балалар, мынау не?<br>- Жарайсыңдар, бұл шырша.<br>- Қараңдаршы, шырша ағашы бізге қуанып тұрған сияқты.<br>"Шырша".<br>Қызық-думан күн келді,<br>Жасыл шырша түрленді.<br>Аяз сүйіп, терленді,<br>Үйге кірді төрледі.<br>Ә. Табылдиев<br>**"Шыршаны айнала билейік" кимылды жаттығу. (дене** | (көгілдір).<br>- Бірак кыста күн суык.<br>- Адамдарға караңдаршы, жылы киінді.<br>- Біз нені кидік?<br>Балалар жауап бермей жатса, үстінен көрсете де алады.<br>Кыс мезгілі. Суыкта<br>Кар жауады калыктап.<br>Кар жауады калыптап,<br>Аппак кабыкпен каптап.<br>Кыс мезгілі. Аппак кала.<br>Ак көшелер. Ақ сала.<br>Ак көшелер. Ак сала.<br>Аулада тұр аккала.<br>Д. Ахметова.<br>- Иә, аккала да жылы киінді.<br>- Балалар, коян да жылы ак тонын киіп | екенін ескертіу.<br>Сары бауыр шымшыктар,<br>Кыстан аман шығыңдар.<br>Жазды көріп жайнаңдар,<br>Куанғаннан сайраңдар.<br>**Қимылды ойын «Қарды кім алыска лактырады?» (дене шыныктыру)**<br>Максат-міндеттер: балаларды кашыктыкка лактыруға үйрету. | ериді.<br>Мұз мөлдір.<br>Далада кар борайды,<br>Ак мамыкка орайды.<br>Мұз болады, катады,<br>Жып жылтыр боп жатады.<br>Қозғалыстағы ойын<br>**«Қармен ойнау білу» (дене шыныктыру)**<br>Максат-міндеттер.<br>Балаларды кардан айналудан, (ортада) шектелген аланнан қозғала білуге үйрету.Нысанаға карды ата білуге бейімдеу.<br>Ойын ережесін айкын орындауға үйрету. | Мұз мөлдір.<br>Далада кар борайды,<br>Ак мамыкка орайды.<br>Мұз болады, катады,<br>Жып жылтыр боп жатады.<br>Қозғалыстағы ойын<br>**«Қармен ойнау білу» (дене шыныктыру)**<br>Максат-міндеттер.<br>Балаларды кардан айналудан,(ортада) шектелген аланнан козғала білуге үйрету.<br>Нысанаға карды ата білуге бейімдеу. Ойын ережесін айкын орындауға үйрету. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды шыршаға қарап, қызықты қимылдарды жасап, көтеріңкі көңіл-күйге бөленуге баулу.<br>Педагог балаларға алдын-ала безендірілген шыршаны көрсетеді.<br>– Шыршаға қараңдар,<br>Таңқалып қалмаңдар.<br>Бұтақтағы ойыншықпыз,<br>Шеңбердегі аюмыз.<br>Енді, біз түлкіміз,<br>Түлкі болып жүрміз.<br>Қоянмен біргеміз,<br>Бірге секіреміз.<br>Балалар педагогтің көрсетуіне еліктеп, жабайы аңдарға тән қимылдарды орындайды.<br>Балықтай жүземіз,<br>Үндемей күлеміз. | алды.<br>**"Бері шыға ғой, қоян!" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларға шеңбер бойымен жүріп, барлығымен топтасып, "Бері шыға ғой, қоян!" сөздерін айтып, көрсетілген қимылдарға еліктеу қабілеттерін жетілдіру.<br>Педагог балалардың бірін "Қоян" атап, барлығымен бірге оны шақырады.<br>Шақырылған қоян ортаға шығып, қимылдарды жасайды (педагог үлгіні көрсете алады), балалар қайталайды.<br>Бері шыға ғой, қоян!<br>Ақ құлақтармен | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | ойна!<br>Былай көрсет,<br>Былай көрсет,<br>Ақ құлақтармен<br>ойна! | | | |
| **Серуеннен оралу** | **Серуеннен кейін беті-қолымызды сумен тазалап жууға дағдыландыру.**<br>Сылдырлайды мөлдір су,<br>Мөлдір суға қолыңды жу.<br>Жуынсаң сен әрдайым,<br>Таза бетің, маңдайың.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Түскі ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Балаларды тамақтану рәсіміне баулу.<br>- Біз қонаққа барамыз (сап түзеп жүру),<br>Қолды сумен жуамыз (алақандарды тік ұстап, бүгу),<br>Сабын салып, жу, жу (алақандарды бір-біріне тигізіп, ысқылау).<br>Алақан су, су (саусақтарды қозғау),<br>Сүлгі алып, сүртеміз (алақандарды үйкелеу),<br>Тазалықты сақтаймыз (шапалақтау).<br>Д. Ахметова<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай жасау. | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары** | **Керуеттегі жаттығулар**<br>Көзімізді ашайық<br>Аунап, қунап алайық ,<br>Ұйқымызды ашайық<br>"Самал жел" - іште жатып, қолдары дене бойында. Бастарын сәл көтеріп, жел соққанын келістіру: "Ф-ф-ф".<br>"Желдің желпуі" - іште жатып, қолдары дене бойында, қолдарын екі жаққа созу. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | "Жел бұлттарды айдайды" - тізені құшактап жату. Аякты құшактап денемен алдына-артына тербелу.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Бесін ас** | Алдына койган аска назар аударту, дастаркан басында отыру мәдениеті, тамактану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу кимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар карау **және** тағы баска әрекеттер) | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу**<br>"Аппак кар"<br>Максат-міндеттер.<br>Кыстың негізгі белгілері туралы ойларын кеңейту және бекіту, табиғат құбылыстарын бакылау, оларды атау; байкауға, корытынды жасауға, логикалык ойлауды, сөйлеуді, зейінді дамытуға үйрету. | **"Қар" саусақ жаттығуы.**<br>Максат-міндеттер.<br>Балаларды саусакпен көркем сөз жолдарындағы ырғакка сай кимылдар жасап, жеке сөздерді кайталауға ынталандыру; жаттығу нәтижесінде жағымды әсер алуға баулу.<br>Педагог балаларға кардың жауғаны туралы суретті немесе бейнежазбаны көрсете алады.<br><br>Ак мактадай үлпа кар (саусактарды жыбырлату)<br>Жамылыпты | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу**<br>"Қар туралы жаңылтпаштар жаттау"<br>Максат-міндеттер.<br>Балалардың өлең мәтінін кұлакпен кабылдау, жеке сөздер мен сөз тіркестерін есте сактау кабілетін калыптастыруды жалғастыру. Қыс мезгілі туралы білімдерін бекіту.<br>Есту жадын, зейінін, ойлау кабілетін дамыту. Сөйлеу кезінде етістіктер мен зат есімдерді колдануын белсендіру. Өлең айтуға деген | **Өткен адамдардың киімдерін бакылау.**<br>Максат-міндеттер.<br>Балалардың назарын кыстың келгеніне аудару үшін суык болды, адамдар: жылы бас киімдер, пальто, етік киді. Мұндай киімде адамдарға жылы болады. Балаларды өз киімдері мен киіп отырған киімдері туралы әңгімелесу.<br>Боран соғады оң жактан,<br>Боран соғады сол жактан.<br>Жауған карды ұстасақ,<br>Су өтеді колғаптан.<br>**(коршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>**Қимылды ойын «Топ,** | **«Түрлі-түсті таякшалар» дидактикалык ойыны**<br>Максат-міндеттер.<br>Ойыншыктардың түс касиеттеріне балалардың назарын аудару, біртектес объектілердің бірегейлігі мен түстерінің айырмашылыктарын орнатудың карапайым әдістерін калыптастыру.<br>Құрал-жабдыктар: кызыл, сары, жасыл, көк түстер.<br>Алдымен тәрбиші таякшаларды өзі таратады, содан кейін балалардың бірін кез келген таякшаны алуға, бірдей түсті таякшалардың кай жерде екенін көруге және |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | кыркалар. (колдарды төмен бүлгау)<br>Қалың-калың тоң киіп, (алакандарды бір-біріне укалау)<br>Маужырайды шыршалар.<br>(колдарды косу, ұйыктап калғанды көрсету)<br>Ш. Әлдибекұлы.<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | құлшынысын, көркем шығармаларға деген кызығушылығын арттыру. | **топ, топ - токта!».**<br>Максат-міндеттер.<br>Жүгіруді жетілдіру, ойын мәтінімен әрекеттерді үйлестіруге үйрету, төзімділікті дамыту, бұлшық еттердің кимылдары мен күштерін үйлестіру.<br>Аякпенен топ, топ,топ,<br>Алақанмен сок, сок, сок.<br>Айналамыз, айналамыз,<br>Бір орында тұрамыз.<br>**(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)**<br>**Музыка**<br>**Музыка жтекшісінің жоспары бойынша** | оларды біріктіруге шақырады, содан кейін оны баска түсті таякшамен жасайды.<br>**(сенсорика)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **"Қарды ұшырайык" тыныс алу жаттығуы (мактаны колдану).**<br>"Табиғат бұрышы"<br>Максат-міндеттер.<br>Балалардың тыныс алу жүйесін дамыту; кардың касиеті | Өздері сүйіп көретін ультфильмінің үзіндісін карау.<br>Басты кейіпкерлердің аттарын жаттау, әннің сөздерін кайталау; жағымды эмоцияларды дамыту. **(сөйлеуді** | **Саусақ жаттығуы. "Қолғап".**<br>Қане, колғапты киеміз,<br>Бір колды салып көреміз,<br>Екінші жұп колғапты<br>Киіп алсақ – жарап тұр. | Ермексаздан ұсақ кесектерді үзіп, шарларды илеу амалдарын игерту. "Қар жауды".<br>**(мүсіндеу)** | **Саусақ жаттығуы «Қысқы көңіл көтеру»**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды мәтінге сәйкес саусақ кимылдарын жасай отырып, жеке сөздерді қайталауға шақыру; жаттығу нәтижесінде |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жөнінде алғашқы ұғымдарды қалыптастыру; жасалып жатқан жаттығудан жағымды әсер алуға баулу.<br>Алғашында педагог балаларға жаттығуды жасау үлгісін көрсетеді: мақта мамығын ашылған алақанға салып, үздіксіз үрлейді.<br>- Балалар, мамық карды ұшырайықшы. Мен алақанымды ашып, оған үздіксіз үрлеймін.<br>- Қарға не біолды?<br>- Иә, кар ұшып кетті.<br>- Ұзақ уақыт калыктар,<br>Жау, жау енді,<br>Мамық кар!<br>К. Мырзалиев<br>Педагог баланың әрқайсына мақта | **дамыту, музыка)** | Д. Ахметова<br>**(сөйлеуді дамыту)** | | жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Қыста біз не істегенді жақсы көреміз?<br>Ақ шанамыз зырлайды,<br>Ақ кар оны шыңдайды.<br>Біреу шаңғы тебеді,<br>Біреу мұзда сырғанайды,<br>Ал біреу кардан аққала соғады.<br>**(сөйлеуді дамыту)** |

| |
|---|
| |
| Кешкі ас |
| Серуенге дайындық |
| Серуен |
| Серуеннен оралу |

| | |
|---|---|
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(коммуникативті дағдылар, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет)**<br>Музыкалық аспаптармен ойындар. Қыс қызығы тақырыбына байланысты әндер. **(музыка)**<br>Өнер бұрышында қарды, аққаланы мүсіндеу жұмыстарын жасау. **(шығармашылық дағдылар, жапсыру, мүсіндеу, сурет салу)**<br>Қолдың ұсақ моторикасын дамыту. **(сенсорика)**<br>Еркін рөлдік ойындар. |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Әңгімелесу. «Ерте жастағы баланың зейінін дамытудың ерекшеліктері», «Баланы қандай түстермен таныстыру керек?», «Айналасындағы заттардың түстері және баланың денсаулығы». |

Тексерілді әдіскер : Сабитова З.А. 09.01.23ж
Тәрбиешілер : Байноллаева Б.Т.
Әмирбекова А.С.

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Б.к. - аяқтың табан ені бойынша аяқтар, колдар төменде. Қолымызды жоғары көтеріп, төмен түсіріңдер. (4-5 рет).<br>2. «Біздің тастар тарсылдайды».<br>Б.к. - аяқтың табан ені бойынша аяқтар, колдар төменде. Қолымызды екі жаққа созамыз.Тастарды алға карай созып, оларды бір-біріне ұрып, жан-жаққа апару, б.қ оралу. (5 рет).<br>3. «Тасты жасыр». Б.к. табан ені бойынша аяқтар, артқы жағында тас. Отырып, еденге тасты коямыз, тұрып, колымызды артқа қоямыз. Отырыңыз, қиыршық тас алыңыз, түзеліңіз, б.қ. оралу.<br>(4 рет).<br>4. «Секіру»<br>Б.қ - аяқтар сәл алшақ, тастар еденде . Тастардың қасында екі аяқпен секіру, секір арасында кішкене кідіріс жасау.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңғы ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Макста-міндеттер. Үстел басындағы мәдениеттің карапайым дағдыларын калыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, тамақ ішкенде сөйлемеу, үстел басында дұрыс отыру.<br>*Көркем сөз*<br>Қасықтарымыз біздің,<br>Таңқалдырар барлығын!<br>Қасықтарым сиқырлы,<br>Тауысады тағамды.<br>Міне тағам, міне ас,<br>Қасық түк те қалдырмас!<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балалардың жағымды көңіл-күйлерін қамтамасыз ету үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу.<br>- Сәлеметсіңдер ме, балалар!<br>Сәлеметсіңдер ме, ағаштар!<br>Сәлеметсіңдер ме, үйлер!<br>Сәлеметсіңдер ме, гүлдер!<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша** | **Сенсорикадан ойын-жаттығу**<br>"Көктемгі орманда | Дене шынықтыру<br>"Көктемгі орманда серуен " | Дене шынықтыру<br>"Көктемгі жолды басып жүгіреміз" | **Музыка**<br>"Жаңбыр жауды себелеп" | **Дене шынықтыру**<br>"Бақалар секіргенді ұнатады" |

Сканировано с CamScanner